барғандардың 94,4 пайызын, 1999 жылы 91,3 пайызын Қазақстаннан шыққан эмигранттар құрағанын айтады. «Қазақстан тұрғындары Израилге, Грецияға, АҚШ-қа, Канадаға және тағы да басқа елдерге кетуде. Алыс шетелдермен көші - қондық теріс сальдо бүгінге дейін 506,1 мың адамды қамтиды. Алыс шетелге кетушілердің үлес салмағы: немістер 65,5 пайыз, орыстар 22,3 пайыз, украиндар 4,3 пайыз, қазақтар 1пайыз, белорустар 0,8 пайыз, кәрістер 0,2 пайыз, басқа ұлт өкілдері 5,9 пайыз болды [7,746].

Бұдан біздің байқап отырғанымыздай, алыс шетелдерге кеткендердің басым бөлігі өз тарихи отанына, немесе (1991-2003 жж.) елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуындағы шиеленісті жағдай мен демократиялық қоғам құру кезіндегі реформалық өзгерістер салдары болмақ. Көші-қон құбылысына ерекше әсер етіп республика халқы күрт кемісе, сол жылдардағы халықтың әлеуметтік-экономикалық әл - аухаты төмендігі табиғи өсімнің толастамауын көрсетті. Қазақстандағы бұл көрсеткіш, яғни орташа туу көрсеткіші төмендегідей болды:

Кесте 2


Қазақстандағы туудың жиынтық көрсеткіші [3,676].

ж.	1990	1991	1999	2003	2004	2005	2006	2007	2008
%	1,7	1,5	1,8	2,03	2,21	2,28	2,5	2,47	2,68

4 - кестеден көретініміз, 1990 жылдардың басында туудың жиынтық көрсеткіші 1,5 - 1,7 деңгейінде болса, 1999 жылы 1,8 адамға түсіп кеткен. Бұған себеп болған негізгі фактор көші-қон негізіндегі халық санындағы кері айырыммен бірге, нақ осы кездегі табиғи қозғалыста да кему үрдісі үстем болды. Елдегі туудың ортақ жиынтығы 1990 жылдары күрт төмендеген. Қазақстан бұл шамадан 2004 жылы ғана асты. Оның басты себебі елдегі саяси тұрақтылық пен әлеуметтік - экономикалық дамудағы жетістіктерге негізделген демографиялық саясаттағы тууды көтермелеу шарасы болды.

Диаграмма 2

Қазақстандағы ішкі көші-қон қозғалысына түскен адамдар динамикасы (1989-2008 жж.) [6,1276.]




Еліміз егемендігін алып, өзінің даму жолында көші - қон процесінің ішкі көші - қон деңгейі де бірде жоғарылап, бірде төмендеп отырды. 2004 жылдан бастап, Қазақстан халқы көші - қон қозғалысындағы оң айырым мен табиғи өсімдегі өсу үрдісіне орай нығайып отыр. Бұған дәлел 2009 жылғы халық санағының қазақтардың көрсеткіші 63,1 пайыз болуы демекпіз.

1989-2008 жж. Қазақстандағы ішкі көші - қонға түскен адамдардың мөлшерін графикалық сызық бойынша көрсетсек, жоғарыдағы суреттен көрінеді. Республика көлемінде ішкі көші - қон деңгейі 1992 ж. бастап төмен құлдылап, төменгі шегі 1997 ж. келеді де, 1998 ж. бастап жоғары көтеріледі. Бұл диаграммадан байқап отырғанымыз. Егемендік алған мерзімдік шеңберінде ішкі көші - қонның ең жоғары шеңбері 1991 жылы 431 мың 262 адам қозғалысқа түскенін, ал ең төменгі шегі 1997 жылы болғанын көреміз. (3-диаграмманы қараңыз). Қорыта аясақ бұл диаграммада жалпы көші - қон үрдісіне ішкі көші -

қонның өзіндік ықпалы болғанын көреміз. Біздің зертеп отырған көші – қон үрдісінің мерзімдік шеңбері 1991 - 2009 жылдарды қамтиды. Сол себепті осы жылдар аясына екі халық санағы кіреді. Бұл жылдарда Қазақстандағы көші - қонның сипаты мүлде өзгерді.

Диаграмма 3

1999 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының ұлттық құрамы [2, 23 б.].




Еліміз егемендік алғаннан кейінгі ең алғашқы санақ 1999 жылы болғаны бәрімізге мәлім. 1999 жылы болған санақ мәліметі бойынша жалпы халық саны 14981,9 миллион екені бізге мәлім.

Бұл диаграммадан байқап тұрғанымыз. Оның 53,4 пайызын немесе 8011,5 қазақтар құрайды. Орыс халқы 1999 жылғы санақ көрсеткіші бойынша, жалпы халық санының 30 пайызын немесе 4481,1 адамды құрағанын көрсетеді. Ал, басқа украин, өзбек, татар, ұйғыр, неміс, корей ұлттары 16,6 пайызын құрағанын көреміз.

Бұл диаграммадан байқағанымыздай 1999 жылы қазақ халқы екінші рет басым көпшілік халыққа айналуы. Бұлай дейтін себебіміз: алғаш рет тарихтан бізге мәлім 1913 жылғы Бүкілодақтық санақ қорытындысы 6 миллион делінген. Ал, 1924 жылы орта есеппен 4 миллион делінген [8,306]. Ал, 2009 жылғы халық санағының қорытындыларына үңілсек бұл жағдайдан да, қуантарлық басым көрсеткішке куә боламыз.

Диаграмма 4

2009 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының ұлттық құрамы [9,346].



Ал, 2009 жылғы болған санақ мәліметі бойынша жалпы халық саны 16196,8 болғаны, оның 10098,6 қазақ ұлты немесе 63,1 пайызын көрсетеді. Өз кезегінде 1999 – 2009 жылдар аралығында жоғарылағанын яғни, біз қазақтар басым көрсеткіштеміз. Демек бұл жақсы көрсеткіш.

Орыстар - 23,7 пайызды, өзбектер – 2,8 пайызды, украиндар – 2,1 пайызды, ұйғырлар – 1,4 пайызды, татарлар – 1,3 пайызды, немістер – 1,1 пайызды басқа этностар – 4,2 пайызды құрады.

Санақ аралық кезең ішінде республика халқының саны 1022,9 мың адамға өсті, өткен 1999 жылғы ақпандағы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 6,8

пайызды құрады. Қала халқының саны 8939,1 мың адамды, ауыл халқы – 7365,7 мың адамды құрады. Сонымен бірге, қала халқының саны 195,1 мың адамға немесе 2,3 пайызға, ал ауыл халқы 827,8 мың адамға немесе 12,7 пайызға Елдегі қала халқының үлесі 54 пайыз, ауыл халқы – 46 пайыз құрады, 1999 жылы олардың ара - қатынасы тиісінше 56,4 пайыз және 46,6 пайыз құраған еді. Ең шаһарланған өңірлер Қарағанды (мұнда 77 пайыздан астамы қала халқын құрайды), Павлодар (67,9 пайыз) және Ақтөбе (61,1 пайыз) облыстары болып табылады. Ауыл халқы негізінен Алматы (барлық халықтың 76 пайызы), Солтүстік Қазақстан (61,5 пайыз), Қызылорда (60,8 пайыз) және Жамбыл (60,5 пайыз) облыстарында шоғырланған.

Ерлер саны 7222,8 мың адамды, әйелдер 8282,0 мың адамды құрады. Өткен санақпен салыстырғанда ерлер саны 507,1 мың адамға немесе 7 пайызға, ал әйелдер саны – 515,8 мың адамға немесе 6,6 пайызға өсті. Ерлер мен әйелдер санының ара – қатнасы әйел халқы үлесінің ерлерден артуымен қалыптасты (тиісінше 51,7 пайыз және 48,3 пайыз). Ерлер 1999 жылғы халық санағы бойынша әрбір 1 мың әйелге 929 ер адамнан келсе, 2009 жылғы санақ бойынша - 932.

Қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,1% –ға өсті және 10098,6 мың адамды құрады.

Өзбектер саны 23,3 %–ға өсіп, 457,2 мың адамды,

Ұйғырлар – 6 –ға өсіп, 223,1 мың адамды құрады.

Орыстар саны 15,3% –ға азайып, 3797,0 мың адамды құрады,

Немістер – 49,6 %–ға азайып, 178,2 мың адамды,

Украиндар – 39,1% –ға азайып, 333,2 мың адамды,

Татарлар – 18,4% –ға азайып, 203,3 мың адамды,

Басқа этностар - 5,8 %–ға азайып, 714,2 мың адамды құрады [1,746.].

Халық саны мәселесінің Қазақстан үшін айрықша маңызы бар. Халық санының тығыздығы республика бойынша тұтастай алғанда бір шаршы километрге 5,5 адамды құрайды. Мысалы, Қытайда бұл көрсеткіш бір шаршы километрге 140 адамды құрайды. Жер көлемі бойынша әлемде 7 - шы орында тұрған Қазақстан үшін халық санын көбейту өзекті болып отыр. Мемлекетіміз 2020 жылға дейін 50 дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу және халқының санын 20 миллионға жеткізу міндеттерін алдына қойып отырғанын ескеруіміз қажет. Осындай болашағымызға деген мемлекеттік мүдделілік артуда. Ұлтымыздың жанашыры белгілі демограф - ғалым Мақаш Тәтімөвтің «Дербестігіміз - демографияда» - деуі тегін емес. Бұл Қазақстанды демографиялық жағынан керегесін керіп, босағасын бекітіп, уығын шаншып, шаңырағын биік орнықтыру деп түсінеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Демографический ежегодник Казахстана. –Алматы: Информцентр, 1994. -228 с.(Сс. 220, 221); Миграция населения. Итоги переписи населения 1999 г.–Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2000. -130 с.; 2007 жылғы Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны. – Серия 15. Демография.–Алматы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2008. -389 б.; 2008 жылғы Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны. – Серия 15. Демография. – Астана: Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі, 2009. – 38 б.

2. Статистический ежегодник. 1999. –Алматы: Агентство РК по статистике, 1999. – 392 с. С. 24; Статистический ежегодник Казахстана 2000. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2000. – 466 с.

3. Статистический ежегодник Казахстана. 2000. –Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2000.- 466 с. (С.-23).; 2007 жылғы Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны. – Серия 15. Демография.–Алматы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2008. -389 б.; 2008 жылғы Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны. – Серия 15. –Алматы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2009. – 38 б. (Автордың есептеуі.)

4. Аспантаудың қос қапталы – қатар қоныстанған халықтардың құт мекені. // Егемен Қазақстан. 2004 ж. 24 тамыз, 1, 4 - б.

5. Қазақстан Республикасы көші - қон саясатының 2007 – 2015 жылдарға арналған Тұжырымдамасы. Алматы, 2007ж.7б.

6. Сборник документов, касающихся беженцев и лиц, находящихся в ситуации, сходной с ситуацией беженцев в Республике Казахстан с анализом и сравнительным исследованием по странам Центральной Азии и СНГ. / Под ред. Л. Дрюке и др. – Алматы: INTEL Service, 1998.138с.

7. Найманбаев Б.Р. Қазақстандағы 1970 – 1999 жылдар аралығындағы көші –қон процестерінің тарихы т.ғ.к. дисс. – Алматы, 2004 ж.

8. Қозыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма – Ата, 1992. – 35с.

9. Национальный состав населения Республики Казахстан. Т-4, Алматы: 2004.; 2006 жылғы Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны. Серия 15. Демография. -Алматы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2007. – 118 б. (78-81 бб.); Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. Статистикалық жинақ. –Астана: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2008 - 754 б. (673-676 бб.); Миграция населения Республики Казахстан в разрезе областей и городов республиканского значения за 1989-2006 гг. Материалы для служебного пользования Агентства статистики Республики Казахстан. - Астана: Агентство РК по статистике, 2009. -500 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ

Бегімбетова Г. М.

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қаратау қ.

Қазақстан Республикасы егеменді мемлекетінің халқы өзінің этникалық аумағын және демографиялық құрамын құру процесінде күрделі, ауыр тарихи жолдан өтті.

XV ғ. ортасында жинастыру кезеңінде Қазақ хандығындағы тұрғындардың санын 200 мыңдай адам құрды. Келесі 70 жыл бойы қазақ халқын және оның аумағын жинау арқылы тұрғындардың үдемелі өсуі жүрді. XVI ғ. басында Қасым хан құзырындағы азаматтар саны 1 млн. адамды құрды.

Қазақстан халқы көп ұлтты құрамының құрылу басына орыс үкіметінің қудалауынан қашқан орыс, украин, татарлар және басқа ұлт өкілдері казак еркіндігіне біріккен кездегі XVI ғ.-на жатады. 1890-шы жж. Ресей және Украинадан шыққан шаруа отарлауы күшейеді. Ресейдің әскери және көші-қон экспансиясы барысында құрылған, бекініс негізінде орыс, украин және татар басымдылығы бойынша орналасқан алғашқы колониалдық қалалар пайда болды. 1881-1883 жж. Синьцзяннан (Қытай) 50 мыңға жуық ұйғырлар мен дүнгендер көшіп келді, олардың көбі Қазақстан аумағында орналасты.

Қазақ халқының Ресейге бағынғаннан бергі этнодемографиялық тарихи жолын негізінде ірі-ірі үш дәуірге бөлуге болады. Бірінші дәуір – отарлық дәуір, XVIII ғ. 30-жылдарынан бері 1917 ж. дейін; бұл Қазақстанның Ресейдің отары, қазақтардың этнодемографиялық дамуы отарлық-миграциялық (соның ішінде қоныстандыру) саясатының ықпалында болған дәуір. Сырттан келген көші-қонның стихиялық, әскери, ұйымдасқан, өз бетінше және басқа түрлері іске асқан, әсіресе Столыпиннің аграрлық саясаты кезінде өрістеген дәуір, сонымен бірге қазақтардың арасында табиғи өсім төмен, әртүрлі эпидемиялар, жұқпалы аурулар, жұттар көп дәуір. Осының бәрінің нәтижесінде қазақтардың саны түрлі өзгерістерге ұшырап, Қазан революциясына дейін, бұрын өз елінде үлесі едәуір (90%) болғанымен, XX ғ. екінші онжылдығы соңында, аймақтардың тұрғындарының әлі де жартысынан көбі (58,7%) болған дәуір. Оңтүстік, Батыс және Орталық аймақтарда қазақтардың басымдығы сақталған, Солтүстік және Шығыс аймақтарда славян, басқа этностар өкілдерінің көпшілікке айнала бастаған дәуір. Дегенмен Қазақстандағы этнодемографиялық даму көрсеткіштерін қазақ ұлтының өзі (этногендік негізде) анықтаған дәуір.

Екінші дәуір – 1917-1991 жж., яғни Кеңес заманы. Бұл қазақтардың екі орыс революциясын, азамат соғысын, талай ашаршылықты (1918, 1921 және 1931-1933 жж.), қуғын-сүргінді, зорлық-зомбылықты көрген, ұлттық дәстүрлер мен тілге нұқсан келген,

әліппенің үш рет өзгерген, сырттан көші-қонның ірі-ірі толқындары елдегі демографиялық ахуалды күрт өзгерткен және т.б. келеңсіз жағдайлардың салдарынан қазақ ұлтының өзі ата қонысында азшылыққа айналған дәуір. Бұл дәуірді екі үлкен кезеңге бөлуге болады: 1-кезең 1917-1959 жж. – қазақтардың өз елінде 58,7%-дан, 28,9%-ға түскен кезеңі; 2-кезең – 1959-1991 жж. қазақтардың біртіндеп үлесі өскенімен (40%). Соның нәтижесінде қазақтар өз еліндегі этнодемографиялық көрсеткіштерін анықтап, белгілеуден айырылып қалған еді.

Үшінші дәуір – Тәуелсіздік дәуірі – 1991-2015 жж. қазақтардың өз елінде біртіндеп, көпшілікке айналған дәуір, бұл дәуірді екі кезеңге бөлуге болады: 1-кезең – 1991-1999 жж. – қазақтардың үлесі Республика халқының жартысынан асқан кезең (40%-дан 53,4%-ға жеткен кезең); 2-кезең – 1999-2011 жж. – қазақтардың өз Республикасында басым көпшілікке айнала бастаған кезеңі 53,4%-дан 67,7%-ға дейін өскен кезең). Бұл кезең енді ғана басталды, әрі қарай жалғаса береді.

1897 ж. Ресей империясы халқының есеп-санағы деректері бойынша Қазақстан аумағында үш аса ірі этникалық топтар ерекшеленді: халықтың 81,7% құрған қазақтар, орыстар — 10,9 және украиндықтар — 1,9%. Бірақ 1914 ж. қазақтардың салыстырмалы салмағы 65,1-ге дейін төмендеді, ал шығыс славяндар (орыс, украин, белорустар) саны 29,6%² өсті. Демек, 1897-1914 жж. қазақтардың салыстырмалы салмағы 16,6 пунктіне төмендеді, ал славян халқының саны 16,8 пунктіне дейін өсті.

Орыс және украин халқы көші-қонның оң айырмасы байырғы халықтар салыстырмалы салмағы төмендеуінің басты себебі және оның басқа этникалық топтарымен қатынасы болып табылды. XIX ғ. соңғы он жылдығында – XX ғ. басында столыпин аграрлық реформаға байланысты Қазақстанның шаруалық отарлауы ерекше күшейді. 46 жыл ішінде (1871-1917 жж.) өңірде 1,6 млн. астам адам мекендеді, олардың басым көпшілігі 1907-1916 жж. келді. Осының нәтижесінде XIX ғ. соңында – XX ғ. басында Қазақстан халқының көп ұлттық құрамының құрылу процесі жылдамдатылды. XX ғ. басында өңірде 60-қа жуық ұлттардың өкілдері өмір сүрді, олардың арасында түркі тілдес халықтан басқа (өзбек, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт және т.б.), немістер, поляктар, мордавалар, дүнгендер, тәжіктер, еврейлер және т.б. болды.

1926 ж. санағы бойынша Қазақстанның қазіргі шекарасында 6198,4 мыңнан астам адам өмір сүрді, олардың ішінде қазақтар - 58,5%, орыстар – 20,6, украиндықтар – 13,9, өзбектер – 2,1, татарлар – 1,3, ұйғырлар – 1,0, немістер – 0,8 және т.б. Егер 1897 ж. Бүкілресейлік санақтың деректерімен салыстыратын болсақ, осы 29-30 жыл ішінде республиканың тұрғындары шамамен 1,5-ке өсті, соның ішінде орыстар – 2,8-ге, басқа ұлт өкілдері – 4,3-ке, қазақтар тек – 234,8 мың адамға өсті, яғни 7%. Қазақтардың салыстырмалы салмағы 23,2 пунктіне төмендеді, орыстар -9,6 пунктіне, басқалары – 13,7 пайыз пунктіне дейін өсті.

1939 ж. санағы бойынша республикада 6094 мың адам өмір сүрді, яғни 1926 ж. салыстырғанда, республика тұрғындарының саны 105 мыңға немесе 1,7%-ға қысқарды. Үлкен шығын қазақтарға келді, олардың саны енді 2 314 мың адамды құрды, 1926 ж. салыстырғанда, 1 314 мыңға немесе 63,8%-ға төмендеді. Таза украиндықтар саны 203 мыңға, өзбектер – 26 мыңға, ұйғырлар – 28 мыңға аз болды. Бірақ 1926-1939 жж. кезеңінде басқа этностар санының көбеюі болды, әсіресе орыс – 1174 мың адамға, яғни 92%, татар – 27 мыңға - 34%, белорустар – 6 мыңға - 22% көбейді.

Сөйтіп, 1939 ж. Қазақстанда этностардың жаңа арақатынасы қалыптасты. Көші-қон экспансиясы қарқынды түрде жүрді. 1926 ж. теңеуі бойынша қазақтардың салыстырмалы салмағы 20,5 пунктіне төмендеді және 38% тең болды, украиндықтар үлесі 13,9-дан 10,8%-ға қысқарды, өзбектер – 2,1-ден 1,7 %-ға дейін, ұйғырлар – 1,0-ден 0,6%-ға дейін. Орыстар Қазақстанның ең үлкен этникалық тобын өкілдік етті, олардың салыстырмалы салмағы 20 пунктіне дейін өсті және 40,2%-ға жетті. Немістер 1,5%, көрейліктер – 1,6, белорустар – 0,5% және т.б. құрады.

Этно-демографиялық дамудың осы және басқа тенденциялары, әсіресе Қазақстанның көпұлтты тұрғындарының күшею процесі қазаннан кейінгі кезеңде, Кеңес өкіметі жылдарында көркейе түсті, бұл әлеуметтік индустриаландыру, ұжымдастыруды жүзеге

асырумен, басқа әлеуметтік-экономикалық өзгертумен, Ұлы Отан соғысының салдарларымен байланысты болды.

Қазақстан көші-қон экспансиясының келешектегі күшеюі Ұлы Отан соғысы кезеңінде және одан кейін де республиканың ежелгі тұрғындар мүддесінің зарарына және мигранттардың салыстырмалы салмақтардың күшеюімен жалғасты.

1944 ж. ақпанда Орта Азия және Қазақстанға шешендер мен ингуштар, наурызда – балқарлар, қарашада – түрік-месхетиндер, сонымен қатар қрым татарлары, қарашайлар және т.б. халықтар күшпен көшірілді.

1957 ж. шешен және ингуш халықтары автономиясын қалпына келтіргеннен кейін олардың Солтүстік Кавказға оралуы басталды. Қарашай, балқарлар, калмықтардың қайтарылуы қарқынды түрде жүрді. Бұрынғы өмір сүрген орындарына гректер, түрік-месхетиндер, қрым татарлары, поляктар, корейліктер, Волга өңіріндегі немістердің бір бөлігі қайтты. Алайда олардың орташа салмағы Орта Азия және Қазақстанда қалды. Кеңес Прибалтика республикасына латыштар, эстондықтар, литвалықтар қарқынды түрде қайтты.

Соғыстан кейін 50-шы жж. ортасына дейін Қазақстанға ұйымдастырылған қоныс аударылуы әлсіз жүрді. Республикаға аса ірі көші-қон ағыны тың және тыңайған жерлерді игеруіне байланысты өтті, ол уақыт бойынша ірі өнеркәсіптік құрылыстарына сәйкес келді. Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін 1954-1962 жж. Қазақстанға 2 млн.-ға жуық адам, негізінен елдің еуропалық бөлігінен келді. Республикааралық ұйымдастырылған жұмыс күшін жинау бойынша өнеркәсіп, құрылыс және көлік үшін 1954-1965 жж. 0,5 млн. шамасында адам келді, бұл республиканың ұйымдасқан жинағы бойынша 80% құрады. 1959 ж. республиканың тұрғындары 9294741 адамды құрды, яғни соғысқа дейінгі санын 1,5 есеге асырды.

1970 ж. 40%-ға көбейіп, Қазақстан халқын 13 млн. адам құрды, оларда қазақтар саны 4234 мың (32,6%), орыстар – 5522 мың (42,5), украиндықтар – 933 мың (7,2), немістер — 858 мың (6,6), татарлар — 288 мың (2,2), өзбектер — 216 мың (1,7), белорусстар — 198 мың (1,5), ұйғырлар — 121 мың (0,9), корейліктер — 81 мың (0,6), әзербайжандар — 58 мың (0,4), басқа ұлттар — 498 мың болды.

1939, 1959, 1970 жж. санақтары арасында Қазақстанның көптеген этностары болып, орыстар қала бергені айқын. Орыстар, украиндықтар, белорусстар 1939-1970 жж. абсолюттік көпшілікті құрды.

Дегенмен, 1959-1970 жж. қазақ халқының демографиялық дамуында бетбұрыс пайда болды. Оған көптеген факторлар қатары әсер етті: салыстырмалы жоғары табиғи өсуі, көші-қон экспансиясы тиімділігінің төмендеуі, теріс көші-қон айырмасы. Нәтижесінде қазақтардың жалпы санының ғана емес, сонымен қатар республика тұрғындары құрамындағы салыстырмалы салмағының бұлжымайтын өсу тенденциясы көзделді.

Қазақстан тарихшы-демографтары еліміз халқының тәуелсіздік жағдайындағы әлеуметтік демографиялық дамуы мен көші-қон ерекшеліктері мен нәтижелерін зерттеуге көбірек көңіл бөлді. Сол зерттеулердің тарихи демография саласындағы басты-басты нәтижелеріне тоқтала кетейік:

а) Тәуелсіздік жылдары Республика халқының саны күрт азайды, ал ұлттық құрамында күрделі өзгерістер болды. Тек соңғы жылдары ғана 1989 ж. деңгейіне жақындай түсті. 1991-2003 жж. арасында ел халқы 1,5 млн.-нан аса адамға кеміп кетті, 2010ж. елде 16,038,1 мың адам болды, ал 1991 ж.-16,358,1 мың адам бар еді.

б) Халық санының күрт кемуі себептері:

1) Қазақстаннан сыртқа бағытталған шығыс славян өкілдері мен неміс, татар және басқалардың өз тарихи отандарына қайтқан ірі-ірі толқынды көші-қон (теріс айырылымы – сальдо) нәтижелері;

2) өлім-жітім көбейіп, туу азайғаны арқасында табиғи өсімнің, (әсіресе шығыс славян өкілдері арасында) төмендеп кетуі болды.

г) Халықтың ұлттық құрамында күрделі өзгерістер болды, әсіресе қазақтардың саны көбейе түсуде, табиғи өсім мен Отанына қайтқан қандастарымыз (шамамен 1 млн.)

арқасында қазақтар 2009 ж. санақта 10 млн асып түсті, яғни 20 жыл ішінде олардың саны 3,564 мыңнан аса көбейіп, үлесі 39,7% дан 63,1%, яғни 23,4%-ға көтерілді. Орыстардың үлесі 39,7%-дан 23,7% -ға түсіп, 16,0% төмендеді, ал саны 2,430,5 мыңға кеміді. Немістер 726 мыңға, украиндар 653 мыңға қысқарып, үлестері 1,4% және 2,7%-ға түсті. Бұған керісінше өзбектер, ұйғырлар әзербайжандар, түріктер, тәжіктер және басқа түркі-мұсылман этностары өкілдері саны өсе түсуде. Бұл өзгерістер еліміздің ұлттық құрамын түбірлі түрде басқаша қалыптастырып үлгерді.

д) Халықтың жыныстық құрамында әйелдердің еркектерден көбірек болуы сақталып келе жатса, жастық құрамда қартаю көрсеткіштері көрініс табуда, бұл жағдай негізінде шығыс славян өкілдерінің көбі қартай түскенінен болып отыр. Қазақтар негізінен жас ұлттар қатарына жатады.

е) Қазақстан Республикасында негізгі этностардың аймақтарда орналасу ерекшеліктері өзінің дәстүрлік қасиетін нақтылай түсуде. Оңтүстік пен Батыста Қазақтарының басымдығы күшейе түсуде, ал Солтүстікте, Шығыста және Орталықта қазақтардың үлесі едәуір көтерілгенімен шығыс славян өкілдері әлі де басымдықтарын сақтап қалуда.

ж) Қазақстан Республикасы халқының ұрбандану (қалалану) процесінің бір-қатар ерекшеліктері пайда болды: 1) «қазақ қалаға бет бұрды», олардың саны да, үлесі де қала тұрғындары арасында көбейе түсуде; 2) Қала тұрғындары саны негізінде екі астанада (Астана мен Алматы), ірі облыс орталықтарында ғана өсуде; көп қалалар да (Түркістаннан басқа) тұрғындар саны кеміп кетті ал 1990-жж. тоқырауға (депрессияға) ұшыраған қалалар пайда болды.

з) Республика халқының, әсіресе қазақтардың білім деңгейі өсіп келеді. Дегенмен қазақтар білім жөніндегі көптеген көрсеткіштер бойынша европалық ұлт өкілдерінен едәуір артта қалып келеді.

и) Тәуелсіздік жағдайында, Қазақстан Республикасында жаңа саяси және экономикалық құрылым пайда болып, қалыптасты. Сонымен бірге жаңа әлеуметтік құрылым да қалыптасып үлгерді. Бұрынғы Кеңес дәуіріндегі бірыңғай, жұмысшы, ұжымшар шаруасы мен интеллигенциядан тұратын әлеуметтік құрылым орнына экономикалық тұрғыдан белсенді халық (жұмыс күш) төмендегіше әртүрлі әлеуметтік топтарға (таптарға десе де болар): Жұмыспен қамтылғандар: Жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлер, жұмыс берушілер (жеке меншік иелері), өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, өндірістік кооператив мүшелері, отбасылық ақы төленбейтін қызметкерлер, әскерилер, дін қызметкерлері және т.б. жұмыссыздар болып бөлінді. Қазіргі Қазақстан қоғамында мүлктік жіктелу күшеюде, байлар мен кедейлер арасы алшақтай түсуде, әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылымның негізі салатын орта тап қалыптасу үстінде, бірақ әлі әлсіз 2,6 млн-нан асатын өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлердің әлеуметтік қорғанысы еңбекпен қамтылғандар ішінде өте төмен. Жұмыссыздық проблемасы, ауыл халқының басым көпшілігі болып отырған қазақтардың, әсіресе олардың жастарының жағдайы мемлекеттік күрделі шараларды іске асыруды қажет етеді, жаңа инновациялық-индустриялық даму мақсаты ұлттық кәсіби техникалық мамандар кадрларын даярлап, тәрбиелеп өсіруді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
2. Құдайбергенова Ж.А. Влияние миграционных процессов на изменения историко-демографической ситуации в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX вв). – Алматы, 2010
3. Аймбетов С. 1926-1939 жылдар арлығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер. Алматы, 1998.

ДЕМОГРАФИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ӘЛЕУМЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Берикболова У.Д.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ магистрі, Қызылорда қ.

Халықты көптеген қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары зерттейді. Осылардың ішінде демография ерекше орын алады. Демография бұл әлеуметтік, экономикалық сонымен қатар биологиялық және географиялық факторлар, себептер мен әртүрлі жағдайлар негізінде халықтың орналасу құрылымындағы, орналасуындағы, динамикасындағы болып жататын құбылыстар мен процестердің заңдылығын зерттейтін қоғамдық ғылым.

Демография гректің «demos» - халық, «grapho» - жазамын, сипаттаймын деген ұғым береді, яғни халықтың халық болып қалыптасып, өмір сүріп тіршілік етуіне байланысты ғылыми тұжырымдар жүйесінің жиынтығын бейнелейтін ғылым саласы болып табылады. «Демография» термині тұңғыш рет француз ғалымы А.Гийярдың 1855 жылы шыққан «Элементы статистики человека или сравнительная демография» атты кітабында қолданылды [1,бб.]. Халық кең мағынасында (немесе ел, жұрт) адамдардың жиынтығын білдіреді, сондай-ақ қоғамдық дамудың әртүрлі сатыларындағы таптық және топтық құрамы, тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік үлкен топтардың бірлігі. Ол белгілі бір территорияда өмір сүреді, іс-әрекет, қызмет жасайды. Демография халықтың құрамын, санын және оның өсуін, өнуін, көбеюін, азаюын зерттейді. Бұл процесте адамның жынысы, жасы, атқаратын қызметі, жұмысы, т.б. жақтары негізге алынады, сөйтіп жалпы халықтың әр түрлі қозғалыс өзгерістерін (мысалы, некелесу, туу, миграция, өндіріске әсерін, т.б.) зерттейді. Әр қоғам халқының өзінің өсу, өнудегі ерекше даму заңдылықтары болады. Ал, мұның өзі қоғамның нақтылы әлеуметтік- экономикалық жағдайына байланысты Халықтың санын, құрылымын оның қозғалысын, дамуын, өзгеруін демография ғылымы, дәлірегі, оның демографиялық статистика зерттейді. Кейінгінің негізін ғылыми экономикалық теориялар, тұжырымдар құрайды. Туылу, өлім, некелесу, ажырасу, миграция демографияның негізгі анықтаушы көрсеткіштері болып есептеледі.

Ғаламдық тұрғыда демографиялық проблема маңызды орын алады. Себебі, планетадағы халықтың өсуі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық жағдайлармен анықталады. Сондықтан да демографиялық проблема барлық уақытта күн тәртібіндегі көкейтесті ғаламдық проблема болып саналады. Адамзаттың демографиялық тарихында шартты түрде демографиялық проблеманың бір-біріне қарама-қарсы екі бағыт бар:

1. бірінші бағыт – бірқатар дамыған елдерде халықтың ұдайы өсуінің бұзылуына, оның қартаюуына және санының азаюуына әкеліп соғып отырған – демографиялық дағдарыс. Мұндай процесті демографтар халық санының азаюуы немесе депопуляция деп атаған;

2. екінші бағыт- Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің көпшілігінде халық санының тез өсуі байқалады. Оның үстіне, бұл елдерде жастардың үлес салмағы өте жоғары. Оларда халықтың табиғи өсу қарқыны кемиді деп күту қиын.

Қазіргі таңда еліміз бәсекелестік басымдыққа қол жеткізуде, экономикалық өсудің сапалық көрсеткіштерін қамтамасыз етуде еңбек ресурстары маңызды рөл атқарады. Экономиканың болашақта дамуы нақты осы ресурстарға байланысты болатыны сөзсіз. Сондықтан, ел экономикасының еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін, олардың қалыптасу көздерін қарастыру өзекті мәселе. Еңбек ресурстарының негізгі көзі – халық. Еңбек ресурстары еңбекке жарамды жастан төмен тұлғалар есебінен толығып отырады. Демографиялық саясат деп - мемлекеттік тұрғыдан қоғамның ең өміршең және бастапқы қажет тіршілігін, оның ішінде - халықтың өсіп-өнуі мен сақталып дамуын, өлім-жітімі мен көші-қонын және мекен-жайға дұрыс орналасуын қамтамасыз ететін шаралар мен іс-әрекеттердің біртұтас жүйесі. Демографиялық саясаттың негізгі мақсаты - мемлекеттік дамуды, қоғамдық ахуалды және ұлттық мүддені қамтамасыз етуге арналған өзіне ғана тән, қажетінше тиісті, әрі тікелей тиімді жолдармен жетуді нысана етіп алады. Демографиялық

саясатымызды тиімді, әрі белсенді мемлекеттік саясат ретінде толыққанды етіп қалыптастыру үшін, осы бағытта бар өткенімізді жақсы шолып, жоғалтқанымызды іздеп тауып, болашақты болжай алатындай, зерттеушілік жұмыстар жасау қажет. Демографиялық саясат дегеніміз - есеп-қисап түгендеу, күрделі үрдістер мен құбылыстардың бүгінгі жүрісін үзбей бағалау, соңында барлығының қорытындысы ретінде, ғылыми айқындалған болжамдар негізінде, пәрменді саяси шаралар белгілеу болып табылады.

Кез-келген мемлекеттің даму деңгейін анықтауда сол мемлекеттің табиғи байлықтары, жер асты ресурстары, ауыл шаруашылығына жарамды жер алқабының көлемі сияқты негізгі экономикалық көрсеткіштерімен қатар, халық саны мен өндірістік қабілеті, білім деңгейі мен денсаулығы да есепке алынады. Германия, Жапония, Корея сияқты дамыған мемлекеттерде қарағанда адам ресурстарының табиғат ресурстарынан маңыздырақ екені аңғарылады. Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы тұрақты экономикалық даму қарқыны көңілді көншіткенімен, халықтың саны мен денсаулығы, туу мөлшері, табиғи өсуі мен өлім мөлшері, әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерінің қамсыздандырылу деңгейі сияқты көрсеткіштері әлде де нашар деңгейде. Аталған проблемалардың негізінде әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, биологиялық себептердің болғаны белгілі.

Қазақстанның халық саны 42 мың адамға өсіп, 2013 жылдың 1 наурызына 16 млн. 953 мың адамға жетті. Осы жылдың алғашқы екі айында 66,4 мың сәби дүниеге келді. Бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 0,8 пайызға артық. Өлім көрсеткіші 2012 жылдың алғашқы екі айымен салыстырғанда 2,3 пайызға кеміп, 25 мың адам болды. Біздің елге келгендер – 3209 адам, елден кеткендер – 2650 адам, осылайша миграциялық сальдо 559 адамды құрады [2].

Жалпы, демографиялық мәселе біздің ел үшін қазіргі таңдағы маңыздылардың бірі. Кеңес Одағы орнаған тұста қазақ халқының демографиялық потенциалы өте жоғары болатын. Сол кезеңде қазақтар Орталық Азияда басқа этностардың арасында саны жағынан ең көбі болды. Қазіргі күнді алатын болсақ, көршілес Өзбекстанның халық саны 30 миллионға жетіп отыр, ал Қазақстанда 17 миллионға жуықтап қалды (оның ішінде 11 млн. қазақ) [2].

Кейбір тарихи оқиғалар қазақ халқының демографиясына үлкен соққы тигізді. Оның ішінде қазақ даласында орын алған ашаршылықтың зардабы ауыр болды. Белгілі демограф Мақаш Тәтімовтың айтуынша, аштық әсерінен қазақтар халық санының жартысына жуығынан айырылған. Сонымен қатар, екінші дүниежүзілік соғыста 2 миллионнан аса қазақтың 350 мыңы соғыста қайтыс болды. Демографтың ойынша, егер осы оқиғалар болмағанда, қазақтардың саны осы күні 32-35 миллионға жетуі мүмкін еді.

Мемлекетіміздің қазіргі демографиялық бейнесіне толығырақ тоқталайық. Территориясының көлемі бойынша тоғызыншы орын алатын Қазақстанда бір шаршы шақырымға не бары 6,2 адамнан ғана келеді екен. Халық тығыздығы бойынша мемлекетіміз әлем елдері арасында 184-орында тұр. Тәуелсіздік алғаннан кейін Кеңес Одағының көптеген бұрынғы мемлекеттеріндегідей Қазақстанда да демографиялық дағдарыс басталды. Экономикалық жағдайдың нашарлауы бала туу көрсеткішінің күрт төмендеуіне алып келген болатын. Бірақ соңғы жылдары әлеуметтік жағдайдың жақсаруы бала туудың үздіксіз өсуіне септігін тигізді. Төмендегі кестеде бала туу көрсеткіші бойынша ақпараттар берілген.

Кесте 1

Қазақстан Республикасындағы бала туу көрсеткіштері, мың адам

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Қазақстан Республикасы	247946	273028	278977	301756	321963	356575	357552	367752	372544
1000 адамға шаққанда									
Қазақстан Республикасы	16,63	18,19	18,42	19,71	20,79	22,75	22,00	22,53	22,50
Дерек көзі: Қазақстан Республикасының статистика агенттігі									

Кестедегі сандарға сараптама жасайтын болсақ, 2003 жылмен салыстырғанда 2011 жылы туылған балалардың саны 1,5 есеге (124598 адам) өскен. 1000 адамға шаққандағы туу көрсеткіші 22,50 болып отыр. Бұл дегеніміз 2011 жылы халық санының 2,25%-на тең сәби дүниеге келді. Біріккен Ұлттар Ұйымы, АҚШ Орталық барлау басқармасы, Дүниежүзілік банк секілді құрылымдардың деректеріне сүйенсек, 1000 адамға шаққандағы туу көрсеткіші бойынша біз бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттері арасында Тәжікстан мен Қырғызстаннан кейінгі үшінші орында тұрмыз [3].

Жалпы, демография мен мемлекет дамуының арасындағы байланысты байқауға болады. Демографиялық жағдай елге оң немесе кері әсерін тигізе алады.

Қазіргі таңда біздің шығыс көршіміз Қытай экономика көлемі бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынға жайғасты. Көптеген мамандардың пайымдауынша, оның қарқынды дамуына әсер еткен факторлардың бірі – халық саны. Соңғы деректерге сүйенсек, ҚХР халқы 1,3 млрд. болып отыр [3].

Батыстағы және Азиядағы дамыған елдердегі жұмыс күшінің қымбаттауы ондағы ірі компаниялардың арзан және сапалы еңбек ресурстарын іздеуге мәжбүрледі. Осы орайда, халық саны бойынша бірінші орын алатын Қытай мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, инвестициялардың келуіне тиімді жағдайлар жасады. Әлемнің әйгілі компаниялары өзінің зауыттарын аспан асты елінде сала бастады. Осылайша олар «әлемнің фабрикасына» айналды. Бұл ҚХР-дың дамуына үлкен бір серпіліс берді. Қазіргі таңда Қытай экспорт көлемі жөнінен әлем бойынша бірінші орында.

Еліміздің болашағы, ішкі және сыртқы қауіпсіздігіміз, экономикалық динамикаларымыздың артуы тікелей халықтың санының өсуіне байланысты. Бүгінгі күні Қазақстан мемлекетінің алдында тұрған ең маңызды проблеманың демографиялық проблема екенін ерекше атап айтқымыз келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Гийяр «Элементы статистики человека или сравнительная демография», 1855
2. Современная демографическая политика: Казахстан и зарубежный опыт (информационно-аналитическая записка) <http://www.ipd.kz/index.php>
3. <http://www.stat.kz>
4. <http://www.sarap.kz/>Қазақстандағы демографиялық ахуал, 22 мамыр 2013

ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ, ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЖӘНЕ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕЛЕРІ (КӨПЭТНОСТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Есенбекова Ұ.

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университетінің доценті, Астана қ.*

Көпэтносты қоғамдарда мәдениет, салт-дәстүр сабақтастығы этностар арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Әр халықтың мәдениеті өзіне тән ерекшеліктерімен дараланып, көзге шалынады. Алайда, басқа халықтардың әсерінсіз таза, дара ұлттық мәдениет тіпті де кездеспейді. «Ұлттар халықтардың материалдық және рухани байланысы, қарым-қатынасы арқылы бірін бірі мәдени байлығы жағынан толықтырады», – дейді С.Н.Артановский.

Өртүрлі ұлт пен халықтарда кездеспейтін, қайталанбайтын таза ұлттық салт-дәстүр ешбір елде болмақ емес. Бір ұлтта бар салт дәстүрлер, ою-өрнек әшекейінде, әр ұлтқа тән ерекше белгілері байқалады. Ұлттық болмыс бітімі адам мінезінен, іс әрекетінен ерекшелене көрінетін тұрақты құбылыс. Ұлттық мінез-құлық сол ұлтқа тән қызуқандылық, жан-күй рухани сапамен ерекшеленіп, өзіне тән менталитетімен көзге түседі.

Кез-келген ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден көзіміз түседі. Бұл туралы белгілі философ Гердер: «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы», – деген салмақты пікір айтса, ғалым-зерттеуші Ғ.Ақпанбет: «Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі – мәдениет өзегін құрастырады», – дейді. Әсіресе, жазу-сызуы болмаған халық ерте заманда мәдени ырымдар мен сәуегейлікке, сенім-нанымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан. Олар терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесінің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі. Бірақ мәдениет деген терминнің тек Батыс Еуропада ғана 250-ден астам анықтамасы бар екендігін естен шығармауымыз керек. Бұл оның жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық аядағы мәні мен болмысы туралы пікірлердің әртүрлі болатындығын білдіреді. Осыған орай әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесі әртектес, даму деңгейлері әртүрлі елдердің мәдениет туралы ұғымдарына ден қойған ЮНЕСКО мәдениеттанушылары мынадай нәрсені анықтаған.

Жапондардың ұғымынша, мәдениеттің шарықтау шыңы шәй беру рәсімінен көрінсе, поляктар мәдениеттілікті бауырсақ пісіру арқылы да танытуға болады деп есептеген. Ал, танзаниялықтардың ұғымынша мәдениеттің ең жарқын үлгісі – жақсы жасалған татуировка. Сөз жоқ, мұндай жауаптар мәдениеттің тек қана ұлттық қасиеттер аясында көрініс табатынын пайымдатады. Олар Қазақстан телеарналарында хабар, сюжет, репортаж түрінде беріліп, насихатталуда.

2002 жылдың қазанында құрылған «Достық» шығармашылық бірлестігі дайындаған мазмұнды хабарлар ұлттық-мәдени бірлестіктердің өмірі жайлы, Қазақстанда тұратын аз ұлт өкілдерінің тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтауға бағытталған. Осы секілді «Хабар» агенттігінде «Біздің көшенің тұрғындары» деп аталатын түрлі этностың мәдениеті мен өнерін көрсететін бағдарламалар да көрермен көңілінен шығып жүр.

Осындай топтасу мен достықтың тағы бір жақсы нышаны Қазақстан халықтарының достығы күні болып жарияланған еліміздің ұлттық мерекесі – 1-мамыр. 1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні.

Бұл мереке 1995 жылдан бері мемлекеттік мәртебеге ие болып, баршамыздың ынтымағымыз бен бауырмалдығымызды жарқыратып көрсететін күн болды. Осы мерекеде өткізілетін іс-шаралардың негізгі өзегі – халықтар достығы мен бірлігі. Оған дәлел Астана алаңдарында жылда өтетін Қазақстан халықтары бірлігі мерекесі. Бірлік сөзі немісше – «айнихкайт», корейше – «тхонил», ингуштар – «бар», татарша – «бердамлек», еврейше – «бэяхад». Әртүрлі айтылғанымен бұл сөздердің бір ғана мағынасы бар. Ол – достық пен ынтымақ.

Бүгінде татулығы жарасқан Қазақ шаңырағының астында 130-дан астам этнос өкілдері өмір сүруде. Республикада 350-ден аса этно-мәдени бірлестіктер жұмыс істейді. Барлық этностардың өкілдері тең дәрежеде бейбіт өмір сүріп отыр. Татар-башқұрт, неміс, орыс, кәріс, шешен-ингуш, украин халықтарының өнері мен дәстүрлерін этно-мәдени бірлестіктер көрсетеді. Олар өздеріне тән әуендермен ән салып, ұлттық билерін билейді. Осындай шаралар арқылы достығымыз нығайып, бірлігіміз күшеюде.

Бұның сыртында көркемөнер мәдениеті, экономикалық мәдениет, экологиялық мәдениет, ғылым мәдениеті, әлеуметтік мәдениет, оқу мәдениеті, бұқаралық ақпарат құралдарының мәдениеті, тағы басқалар деп мәдениетті біртұтас әлеуметтік-экономикалық қоғам аясында жіліктеп қарауды ұсынатындар да бар. Тарихи қалыптасқан сондай ерекшеліктердің негізгілеріне тоқтала кетейік. Біріншіден, қазақтардың көшпелі сипаты, ұдайы мал бағып, оның соңында көшіп-қонып жүруі. Ол үшін көбінесе ең дала, жазық жайлаулардың, тіпті шөлді жерлердің қажеттілігі де бар еді.

Екіншіден, көшпелі халықтың бүкіл өмір сүру тәсілі, әдет-ғұрпының сол көшпелі тұрмысқа бейімделуі, көшпелі мал өсіруші елдің бүкіл тұрмысы, тұрған үйі, киген киімі, ішкен тамағы, бәрі-бәрі де сол жағдайға сәйкестендірілген.

Үшіншіден, көшпелілердің бір жерге шоғырланбай мал бағу жағдайына сәйкес ауыл-ауыл болып, бірінен-бірі алшақ тұруы. Осыдан келіп, отырықшы ел уәкілі, айталық, қала тұрғыны, далалы жерге барып, өзімен-өзі болуды аңсайтын болса, көшпелі ел адамдары басқа адамдармен кездесуді, сөйлесуді аңсайды. Сол аңсау мен армандау сарынын кешегі, бүгінгі теледидар бағдарламаларының әрбірінен бағамдап-байқап, талғампаздықпен танып, көреміз.

Сан алуан дәуірмен, қилы кезеңдерді басынан өткізсе де, қазақ халқы өздерінің көшпелі тұрмысында қалыптасқан әдет-салтын рухани азық ете білді. Халық өмірдің бел қайыстырар қиыншылығына да, жарқ еткен қуанышына да төзе отырып, осы әдет-ғұрыптарын, толғау жырлары мен әсем әндерін, толғау күйлерін – көңілашар қуанышы, қайғы-шерін тарқатар алданышы етіп, ауыр күндерде ой тербететін жұбанышы етіп отырды.

Ұлттың жай-күйі мен ұлттық мәдениет арасында тығыз байланыс бар. Ұлттық мінез-құлық ерекшелігі ұлт мәдениетінің түрлерінен көрініс береді. Ол жөнінде атақты композитор Н.А.Римский-Корсаков: «Музыка ұлттан тысқары өмір сүрмейді. Қандай да болмасын музыка мәдениетінің мазмұны жалпы адамзаттық болып келгенімен, оның түрі ұлттық болып қала береді. Ұлы композиторлардың шығарған ән-күй, музыкасы бүкіл адамзат мәдениетінің қорына қосылған, идеясы барлық ұлтқа ортақ мұра болғанымен, оның ұлттық жай-күйінің өзгешелігі сақталады», – дейді.

Әр ұлттың өзіне тән мінез-құлқы, қызуқандылық ерекшелігі сол елдің музыка мәдениетінен қалай сезілсе, би өнері мен қол өнерінен де сондай айқын сезіліп, көрініп тұрады.

Рас, музыканың құдіретіне шек жоқ. Өйткені сонау «Елім-ай» әні адамды жылатса, бүгінгі ырғақты, ойнақы, эстрадалық шығармалар жігерлендіреді, патриоттық рухтағы ұлттық туындылар, күйлер қайрат, жігер береді. Кезінде домбыра күмбірінің адам өлімін естірткені де бізге аңыз-әфсаналардан жақсы мәлім. Ал, кинофильмдердегі музыка ше? Кейде актердің шеберлігі онша жетіспей, оқиғаның шиеленісу деңгейі режиссер ойлағандай ширекпей тұрғанда, көмекке әсерлі музыка келіп, бәрінің тігісін жатқызып кетпейтін бе еді? «Гауһартас» фильмінде Салтанат айтқандай: «Тыңдай білген адамға даланың, табиғаттың өзі де ән салып тұрады». Музыка – өзіндік ерекшеліктері бар айрықша дін іспеттес. Ол адамның ықыласы мен дүниетанымын бір бағыттан екінші бағытқа өзгертіп жіберуге де қабілетті.

Кешегі кеңестік империя кезеңінде 1985-1990 жылдар аралығы Қайта құру дәуірі болғаны бәрімізге де жақсы таныс. Ол дәуірді бәріміз де көзбен көріп, басымыздан өткердік. Әрине, өктемдіктің оты өршіп тұрған заманда ұраншылдықтың туы желбіреп, өмірді қасқағым сәтте өзгертіп, гүлдендіріп жіберетіндей науқаншылдықтың берекесіздікпен белең алғандығына кеңінен куә болғанымыз бар. Бірақ, қанша айғай-аттан болғанымен алға жылжыған ауқымды жұмыстарды көре алмағанымыз анық. Сол кезеңде де ұлттық Қазақ теледидарымыздың хабарларының тынысы тарылып, еркіндікпен еңсесін тіктеп көтере алмады. Қырағылықтың қыспағы қазақша хабарларға әдеттегісіндей берік тосқауылдар қойып отырды. Соған қарамастан қайта құру жылдарында Қазақ теледидары ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, бірнеше тележобаларды дүниеге әкелді. Бұл хабарлардан көрермен ұмытылып бара жатқан ұлттық рухани болмысын танып, жаңаша қабылдап жатты.

Қазақ халқының мәдениеті – ұлттың тарих сахнасында қалыптасқан мәдени мұрасы, халық білімі, сенімі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі. Бүгінгі таңдағы ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де ел-жұрттың білім өрісі мен сауатын да, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өндіріс ауқымын да, ойдың орамдығы мен тілдің құнарын да материалдық және рухани қажеттіктердің деңгей дәрежесін де, ең арғысы талғамның татымына дейін мәдениеттің аясына сыйғызады. Мәдениеттің өзі – адамзат баласының ақыл-ойы мен мандай тері тудырған жетістіктердің бәрін қамтиды емес пе?!

Қазақ мәдениеті, ең алдымен, халықтың барлық қиындықтарын еңсеріп, осы заманғы дүниеде дербес мәдени құбылыс ретінде сақталып қалуына мүмкіндік берген ғасырлар бойы жинақталған дәстүрлердің жиынтығы.

Қазақ елінің дархан көңілінің арқасында елдегі жүздеген этнос өкілдері Қазақ жерін сыйлап, ұлтымызға ризалышығын білдіруде. Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарған ауқымды істерін, 20-жылдағы жүріп өткен жолын мерейлі деп бағалауда. Ал, Қазақ елінің жаңа ғасырдағы өсуі мен ұлттың сақталуы – қазақтың рухани майдандағы жеңісіне тікелей тәуелді екені уақыт дәлелдеген шындық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. М., 2002. – 512 б.
2. Грачев М.Н. Политическая коммуникация: теоретические концепции, модели, векторы развития. М.: Прометей, 2004.
3. Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. Л., 1990 – 251 б.
4. Евразийство и Казахстан. Труды Евразийского научного форума «Гумилевские чтения». – Астана: ЕНУ, 2003. – т.1-2.
5. Ершова Г.Г. Антропосистема: коммуникативные модели и регулируемая интеграция // Исторический журнал: научные исследования. – 2012.
6. Жарников А.Е. Теория этногенеза Льва Николаевича Гумилева (опыт системного изложения). М., 2002. – 128 б.
7. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии. Наш современник.–1992 жылы, № 10.
8. Гумилев Л.Н. Этногенез және жер биосферасы. – М., 1994 жыл.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НЕМЕЦКОЙ ДИАСПОРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Кабульдинов З.

д.и.н., профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Бейсекеев А.

старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

В XVIII-XIX веках немцы весьма активно переселяются в различные страны Америки и Европы. Часть из них оказывается и на территории Российской империи. Их охотно приглашает царское правительство.

Здесь они появляются в разное время. К примеру, к середине XVII века в Москве была Немецкая слобода, где жили немцы, а также голландцы, фламандцы и другие. Приток в Россию немецкого населения усилился при Петре I и его преемниках. Это были в основном представители нужных и востребованных профессии: ремесленники, врачи, учёные, купцы и военные. К середине XVIII века в России уже жило около 100 тысяч немцев, которые преимущественно населяли прибалтийские губернии. Позднее некоторая их часть стала активно заселять малолюдные - Самарскую и Саратовскую губерний. Здесь они создавали свои кантоны.

Им были объявлены значительные льготы и привелегий. Но к середине 70-х годов XIX века начались некоторые ограничения и притеснения немецкого населения. Особенно уродливые формы они приобрели в годы I мировой войны.

После Февральской революции 1917 года российские немцы создали «Временный комитет». 19 декабря 1918 года они объявили создание немецкой автономии (Трудовая коммуна Немцев Поволжья), преобразованная в 1924 году в Автономную республику Немцев Поволжья. Центр немецкой автономии находился в городе Энгельс. Около 67 % населения республики составляли немцы, 21 %- русские, 9 %- украинцы, 3 % - малочисленные народы. В небольшом количестве на временной основе были и казахи-арендаторы. Немцы Поволжья поддерживали торговые связи с Германией.

Что касается появления немцев в Казахстане, то первые их группы появляются уже в XVIII веке в составе военных соединений. Значительная их часть были выходцами из немецкой Прибалтики.

К примеру, из 13 лиц, занимавших должности командиров Сибирских линий большинство были генералами из числа немцев: *Х.Т. Киндерман, И. Крафт, Д. Риддер, К.Ф. Фраундорф, Г.Г. Вейрман, И. Шпрингер, И. Клапье де Колонг, Г.Э. Штрэндман* и **Г.И. Глазенап**. Генерал-губернатором Туркестанского края был *К.П. фон Кауфман*, военным губернатором Тургайской области – *Л.Ф. Баллюзек*, генерал-губернатором Степного края – *М.А. фон Таубе*.

Немцы были инициаторами исследования истории, географии и этнографии местного населения. Немало было их и среди врачей, учителей, горных инженеров. В основном, они проживали в таких приграничных крепостях как Омская, Петропавловская, Семипалатинская, Усть-Каменогорская, Ямышевская и другие. К концу XVIII столетия их численность достигала до 400 человек. Увеличение численности немцев наблюдалось на рубеже XIX-XX веков. Первые поселения немцев на юге Казахстана появляются в конце XIX века на территории Аулиеатинского уезда Сырдарьинской области. С разрешения в **1882** году Туркестанского генерал-губернатора К.П. Кауфмана образуется 4 селения. После этого начинается постоянные переселения немцев.

К концу 19 века их было в крае чуть более 2, 5 тысячи человек. В основном немецкие переселенцы занимались земледелием, работали в обрабатывающей промышленности.

К **1914** году территории Казахстана насчитывалось 93 немецких предпринимательских структур. Они преобладали в сферах сбыта продукции машиностроения, торговли металлами и фармацевтическими товарами. Немцы проявляли активность в освоении нефтяных месторождений, разработке золота, меди и руд.

Они имели свои молитвенные дома и школы. Среди них были сильны традиции самоуправления. Немецкие поселения отличались зажиточностью, аккуратностью и трудолюбием населения. Они старались сохранять национальные язык и религию, обычаи и обряды. Немецкое население расселялось компактно. Часто жители того или иного немецкого поселка являлись в подавляющем большинстве своем и выходцами из одной местности. Большинство из них были образованными людьми (55 %). В социальном плане в 1897 году 85 % немцев были крестьянами.

Большинство немцев проживали в Акмолинской области: недалеко от города Омска и на территории Акмолинской области в поселках *Преображенский, Романовский, Канкринский* и другие. Значительная группа была их и в Сырдарьинской области. Во время Столыпинской аграрной реформы приток немцев усиливается из колоний на Волге, Вольни и Причерноморья. Также немцы начали переселяться в степной край напрямую из Германии и Австрии.

В 1941 году с началом Великой Отечественной Войны немцы европейской части СССР были насильственно переселены в восточные регионы Советского Союза, а в частности в Казахстан. Автономная республика немцев Поволжья прекратила своё существование. Численность депортированных немцев составило около 800 тыс. человек. Из них 420 тысяч немцев были переселены в Казахстан. Расселяли их в практически во всех областях республики, кроме прифронтовых Гурьевской и Западно-Казахстанской областях. Наибольшее количество переселенцев отправили в Кустанайскую, Акмолинскую и Северо-Казахстанскую области. Мужчин отправляли в трудовую армию.

На фронтах Великой Отечественной войны находилось небольшое число немцев. Многие из них меняли фамилии и записывались русскими. Эта была вынужденная мера, так как немцев-фронтовиков отзывали с театра военных действий и отправляли в трудовую армию.

В **1959** году в Казахстане проживало 659751 человек. Расселены они были во всех регионах страны. Основная часть проживала в северных областях. Так, в Кустанайской области 79836 человек, Акмолинской - 96 562, в Северо-Казахстанской - 35 246.

На территории Казахстана они занимались земледелием, выращивали скот. В значительной степени от направленности хозяйства зависела пищевая система немцев. На

севере преобладает картофель и различные блюда из него, ржаной хлеб, на юге - мучные изделия и пшеничный хлеб. А молочные и мясные блюда больше распространены на юге.

Как известно, язык, на котором разговаривают немцы, относится к западногерманской группе индоевропейских языков. Разделяется на два диалекта: верхненемецкий и нижненемецкий. Письменность существовала на основе латинской графики.

Большинство немцев являются протестантами и католиками. Религиозные праздники занимают в немецком обществе важную роль. Частично сохранились некоторые календарные и семейные обряды.

Из Германии в XIX веке берет распространения обычай украшения ёлки на Новый год или Рождество. В зимнее время устраивают карнавалы. В устном народном творчестве преобладают короткие комические рассказы - шванки, саги, сказки. Пение является одним из способов в воспитании у подрастающего поколения любви к народным традициям.

В советское время на территории Казахстана немцы создавали образцовые колхозы.

Патша үкіметінің Қырым соғысында (1854-1856 жж.) жеңіліс табуы Ресейдің белсенді сыртқы саясатын біршама тежеді. Бірақ, мемлекеттің әлеуеті өсе түскен өнеркәсібі мен саудасына жаңа нарықтар қажеттігі туындай бастады [7, 368 б.]. Сонымен қатар, Британ империясының Оңтүстік Азия мен Орта Шығыстағы белсенді саясаты патша үкіметінің күнтәртібіне Орталық Азия аймағын игеруді өткір қойды. Отарлау екі тәсілмен жүргізілді. Біріншіден, оңтүстік аймақтарға әскери, әскери – барлау және жазалау экспедициялары жіберілсе, екіншіден, стратегиялық қолайлы орындарға бекініс шептерін салу жүзеге асырылды. Орталық Азияға жол ашатындықтан, аймақты басып алуға дайындық жұмыстары Орынбор және Сібір шептері арқылы да қызу жүргізілді. Сібір шебінен бастап, Ақтау (1835 ж.), Ұлытау (1835 ж.), Қапал (1846 ж.), Сергиополь (Аягөз, 1831 ж.) және өзге де Ресейлік бекініс пунктері салынды [7, 370 б.].

Қазақстанның оңтүстік аймақтары негізінен қоқан хандығының қоластында болғандықтан, Ресейдің аймаққа ішкерілей енуі орыс – қоқан соғысына ұласты. 1860 жылдың 26 тамызында Токмақ, 4 қыркүйегінде Пішпек (Бішкек), 1864 жылдың 4 маусымында Мерке бекінісі, 6 маусымда Әулиеата (Тараз), 12 маусымда Түркістан, 21 қыркүйекте Шымкент алынды [7, 371 -379 б.]. 1865 жылдың 17 маусымында тіке шабуыл барысында Ташкенттің алынуымен Қазақстанның оңтүстік аймағы толықтай патша үкіметінің қарамағына енгізілді. 1867 жылдан бастап құрамына Сырдария облысы және Жетісу облыстары енген Түркістан генерал - губернаторлығы құрылды. Жаңадан енгізілген аумақтарда кадр тапшылығы өткір тұрғандықтан, негізінен, орта немесе жоғары білімі болған түрлі мамандықтағы ұлты поляк саяси тұтқындар да қызметке кеңінен алына бастады.

1863 жылдың 22 қаңтарында Польшада Уақытша ұлттық үкімет жарияланып, поляк халқы мекендеген аумақтарда (Польша, Литва мен Белоруссияның, Украинаның жекелеген аймақтарында) кезекті ұлт – азаттық күрес басталды. Бірақ, бір жылдан астам уақытқа созылған көтеріліс жеңіліске ұшырады. Ондаған мың адам опат болып, мыңдағаны империяның шалғай аумақтарына, басым түрде Сібірге күштеп жер аударылды [3, 191 -194 бб.]. Жер аударылғандар қазақ халқы мекендеген Астрахань, Орынбор губерниялары мен Батыс Сібір аумақтарына, Алтайға, соңынан, Сыр бойы мен Жетісуға да көптеп жіберілді. Аталған саяси оқиғалар барысында оңтүстік аймағындағы поляк саяси тұтқындарының саны ұдайы өсу үстінде болды. Бірақ, саяси айдауда болғандармен қатар, өз еркімен қоныстанушылар да аз емес еді.

1897 жылы жүргізілген алғашқы халық санағының мәліметтеріне сәйкес, сол кезеңдегі Орта Азияны (қазір Орталық Азия) 11 576 поляктар мекендеген. Олардың – 10

361, яғни басым көпшілігі қалаларда шоғырланған. Қалалық поляктардың жыныстық құрамы: 9421 ер азаматтардан және 940 әйел азаматтардан құралған [8]. Мәліметтерді сараптау арқылы поляктардың негізінен жергілікті билік пен әскерилер орналасқан қалаларды (ол кезеңде қалалар шағын) мекендегендігін, сонымен қатар, көпшілігінің саяси тұтқындар мен әскери, әкімшілік қызметтегілерден құралғандықтан, қатарында ер азаматтардың саны бір жақты басым болғандығына көз жеткіземіз (10 ер азаматқа бір әйелден келеді). Поляк ұлты арасында қалыптасқан демографиялық, жыныстық диспропорция жағдайында халықтың тілдік, мәдени тұрғыдан жақын орыс халқы тарапынан жоғарғы деңгейде ассимиляцияға ұшырағандығы күмәнсіз. Аймақтағы поляктардың ең үлкен бөлігі – 2 206 адам Ташкент қаласын (орналасуы бойынша Сырдария облысының құрамында) мекендеген болса [9, 179 б.], тұтас алғанда Сырдария облысында – 2825 [9, 18 б.] поляктар тұрған. Жетісу облысында – 185, оның ішінде Верныйды (Алматы) – 78 [10, 52 б.] поляк мекен еткен.

Саяси себеппен айдауда болған поляк ұлты өкілдерінің арасында сауатты азаматтардың саны көптеп саналатын. Және олардың бірқатары қазақ арасында түрлі қызметтер атқарғандықтан, жергілікті ұлтпен тығыз қарым – қатынаста болды, қоян – қолтық араласты. Нәтижесінде, жекелеген поляк зиялылары қазақ халқының тұрмыс салты, рухани дүниесі, дәстүрі, өнері хақында танымал әрі құнды еңбектерді жазып қалдырды. Олардың қатарына Адольф Янушкевичтің «Қазақ даласына саяхаттың күнделіктері мен хаттары», Бронислав Залескийдің «Қазақ сахарасына саяхат», Северин Гросстың «Қырғыздардың (қазақтардың) заң жөніндегі әдет – ғұрпын үйренуге арналған материалдар» және т.б еңбектерді жатқызуға болады. Аталған еңбектер бүгінгі күні де ғылыми тұрғыда өз маңызын жоймай келеді.

Бүгінде аталғандай халық арасында кең танымал болған, тұлғалардан басқа, Қазақстанның оңтүстік аймағына қатысы бар, елеулі еңбек атқарған өзге де поляк ұлтының өкілдері аз емес. Қазақ жерінде геологиялық зерттеулер жүргізген алғашқы экспедициялардың бірі Алексей Бутаковтың экспедициясы болатын. Экспедиция патша үкіметінің құрамына жаңа қосылып жатқан Арал теңізі мен оның жағалауын геологиялық тұрғыда зерттеу үшін арнайы жіберілгенді. Нәтижесінде, алғаш рет сол аймақтың топографиялық суреттері де жасалды. Көмір кеніштерін барлайтын геологтардың тобын алдымен Орынборда әскери қызметін өтеп жатқан, жер аударылған поляк, Варшава гимназиясының түлегі Томаш Вернер басқарды. 1848 жылдың тамыз айында теңіздің жағалауынан жарты шақырымдай жерден көмір кеніштерін тікелей сол ашады [12, 68 б.]. Вернерден кейін Бутаков геологтарын кенші және геолог, 1846 жылғы Краков көтерілісіне қатыспақ әрекеті үшін Орынборға жер аударылған Людвиг Турно басқарды. Оның қызметкерлері Польша корольдігінің Тау –кен басқармасының бұрынғы мамандары еді, топ құрамында: Александр Храбчинский, Роберт Копроковский, Станислав Круликевич, Хиколит Плашевский, Северин Пшелокский, Хиполит Завадский және Рудольф Жуковский болды [12, 69 б.].

Қазақ жеріне еңбегі елеулі еңбегі сіңген поляктардың бірі – Ян Козелл – Поклевский. Аталған тұлға 1837 жылы дүниеге келген. 1858 жылы Николай инженерлік академиясын бітірген. Мамандығы бойынша инженер –құрылысшы. 1863 жылғы поляк ұлт –азаттық көтерілісіне қатысады. 1863 жылдың сәуірінен Ұлттық үкімет, Әскери бөлімінің референті, шілдеден Варшава қаласының коменданты болады. Көтеріліс жеңілгеннен кейін эмиграцияға кетеді. Бірақ, 1872 жылы қайта оралып, үкіметке өз еркімен беріледі. Нәтижесінде, Орталық Азияға, атап айтқанда, Верный қаласына жер аударылады. Верныйда инженер Ян Козелл – Поклевскийдің тікелей қатысуымен үлкен ауқымдағы жұмыстар атқарылады. Атап айтқанда, Түркістан епархиясы епископының үйі мен ауласы, Қонақ үйі, Бас арық салынып, Кіші Алматы өзені бойында диірмендер негізделеді. Қаскелең шатқалында мәрмәр өндіретін зауыт салынады. Ол алғашқы болып, Шығыс Түркістан мен араны жалғайтын, Іле өзеніндегі кемешілік кәсібін зерттеді [13, 408 - 409 бб.]. 1883 жылы амнистияға ілігеді.

Қазақстанның оңтүстік аймағының табиғаты, жануарлар дүниесі, этнографиясы, геодезиясы, геологиялық қыртыстары туралы сөз болғанда соңынан қомақты зерттеу жұмыстарын қалдырған, ұлты поляк зерттеушілер: Петр Залевский, Стефан Козловский, Рышард Закшевский, ағайынды Юзеф және Станислав Жилиньскийлер, танымал инженер, географ Бронислав Громбчевский, Леон Барщевский, Кароль Богданович, Мечислав Пташицкийді, Владислав Массальскийді, Антони Кульчицкийді [12, 71 -76 бб.] атап өтпеу мүмкін емес. Бұл өз алдына бір іргелі зерттеуді қажет ететін тақырып.

XX ғасыр Антанта мен Үштік Одақ блоктарының қарым – қатынасының күрт шиеленісінен басталды. Саны көп, әлеуеті үлкен поляк халқының сеніміне ие болу мақсатында империялар (Австро – Венгрия, Германия, Ресей) соғыстан кейінгі «саяси жеңілдіктерін» жариялап, поляктарды әскер қатарына ала бастады. Нәтижесінде, поляктар үш империя әскерлерінің сапында, жекелеген жағдайларда біріне –бірі қарсы соғысты.

1918 жылы 11 қарашада батыс майданында бейбіт бітімге қол жеткізіліп, әскери қимылдар тоқтады. Ұзаққа созылған әрі күрделі Версаль конференциясының барысында тәуелсіз Польша мемлекеті құрылды [3, 224 -225 бб.]. Бірақ, әскери тұтқындар мәселесі ашық күйінде қалып қойды. Ресми ақпаратқа сай, тек Австро – Венгрия, Германия мемлекеттерінің өзінен 100 мыңнан астам ұлты поляк жауынгерлер Ресейдің тұтқынына түскен [14, 19 б.]. Жекелегендері Қазақстан аумағында болған әскери тұтқындардың бір бөлігіне елдеріне қайту мүмкіндігі берілсе, екіншілері кеңес азаматтығын қабылдап, қалып қойды.

Ұзақ жылдар Ресей империясының бодандығында болып, тек әкімшілік – аумақтық бірліктерден тұрған Қазақстан 1920 жылы автономды, ал 1936 жылы КСРО құрамындағы одақтық республика ретінде қайта құрылды. 1926 жылғы халық санағына сәйкес Қазақстандағы поляктардың саны – 3 762 адамды құраған [15] және олар басым түрде саяси жер аударылғандардың, Ресей империясында түрлі әскери және өзге қызметтерде болғандардың ұрпақтары еді.

Тәуелсіз Польша мен Кеңес мемлекетінің (КСРО) қарым – қатынасы алғашқы жылдардан өзара сенімсіздік жағдайында дамыды. Польша батыс мемлекеттерінің жақын саяси одақтасы ретінде қарастырылса, КСРО мемлекетке қауіп төндіруші ел ретінде бағаланды. Оған поляктардың ұзақ жылдар Ресейден көрген озбырлығы, 1920-21 жж. кеңес – поляк соғысы да теріс ықпалын тигізсе керек. Кеңес – поляк қарым – қатынастарындағы қиындықтар, елдің (КСРО) ұлты поляк азаматтарына да өз салқынын тигізді.

1936 жылы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Украинадан қоныс аударушылар» бойынша қаулысы қабылданып, «саяси сенімсіз элементтер» ретінде бағаланған жергілікті поляктар басым түрде Қазақстанға күштеп жер аударылды. Депортацияланғандар негізінен поляк және неміс ұлтынан құралып, Украинаның Житомир, Киев, Винница және Кировоград облыстарынан көшірілді [16, 6 б.]. 1936 жылдың 20 мамыры мен 5 маусымы аралығындағы алғашқы депортация барысында Қазақстанға – 5570 отбасы алып келінген. Украина мұрағаттарынан табылған деректерге сәйкес 1936 жылы Украинадан Қазақстанға жалпы саны 14,9 мың отбасы депортацияланып, шамамен, 60 мың поляктар мен 10 мың шамасындағы немістер қоныстандырылған [17].

1939 жылдың 23 тамызында Германия мен КСРО арасында «Өзара шабуыл жасаспау туралы» шарт (Риббентроп – Молотов шарты) жасалып, шартқа құпия қосымша хаттама енгізілді. Хаттамаға негізінде, Германия мен КСРО өзара ықпал ету аймақтарын бекітіп, соның ішінде Польша аумағы да ықпал ету аймақтарына бөлінді. 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германия Польша аумағына батыстан шабуыл жасап, II Дүниежүзілік соғысы басталды, ал 17 қыркүйегінде кеңес әскерлері құпия хаттамаға сәйкес Шығыс Польша аумағына енеді [18,270-271 бб.]. Барысында, кеңес үкіметі енген аумақтардағы «саяси сенімсіз» халықтың өкілдері Сібір, Орталық Азия мен Қазақстан аумақтарына депортацияланады. Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Талдықорған, Алматы және

Жамбыл облыстарының аумақтарына көшірілгендер көтерілісші ұйымдар қатысушыларының қуғындалған отбасы мүшелері, бұрынғы Поляк армиясының офицерлері, поляк мемлекетінің полицейлері, түрмедегілері, помещиктері мен шенеуніктері еді. Ресми мәліметтерге сәйкес, 1941 жылы Орталық Азияға шамамен 150 мыңдай поляк мемлекетінің азаматтары депортацияланып, олардың 100 мыңдайы Қазақстан аумағына алып келінді. Бірақ, олардың ұлттық құрамы тек поляк халқы өкілдерінен тұрған жоқ [18, 89 б.]. Мұндай адамдар тобының қоныстандырылуы мемлекеттің (ҚазКСР) ұлттық құрамына елеулі өзгерістер енгізді.

1941 жылдың 22 маусымы күні Германияның КСРО – ға шабуыл жасауы мемлекеттің өзгертіп ұстанымын, 30 шілдеде Лондон қаласында КСРО –нҰлыбританиядағы елшісі И. Майский мен поляк премьері В. Сикорский (эмиграциядағы Поляк үкіметі) екі мемлекет арасындағы дипломатиялық байланыстарды қайта орнату және Германияға қарсы соғыста өзара көмек көрсету туралы келісім жасасты [19, 177 б.]. Келісімге сәйкес, КСРО аумағында поляк әскери бөлімдерін құруға уағдаластық жасалды. Келісімге қосымша бекітілген хаттамада: «Кеңес үкіметі, осы уақытта, кеңес аумағында қамауда ұстаудағы немесе әскери тұтқындағы, және өзге де жетімді негіздердегі поляк азаматтарына дипломатиялық байланыстар орнаған сәттен амнистия жариялайды» делінген болатын. Келісімнің орындалу барысы көп күттірмеді. ҚазКСР –н ХКК –н 1942 жылғы 23 қаңтардағы қаулысына сәйкес ел аумағындағы поляк әскери бөлімдерін Отар, Луговая станцияларында, Мерке ауданында, Оңтүстік Қазақстан облысының Шақпақ пунктінде орналастыру көрсетілді [20, 177 б.].

Келісім негізінде Қазақстандағы II Речпосполита азаматтарының көпшілігі Андерс армиясы қатарында (генерал Владислав Андерс) КСРО аумағынан шығарылды [18,89-90 бб.]. 1942 жылы 1 қыркүйекте Андерс армиясының эвакуациясы толықтай аяқталды. Екі эвакуация барысында КСРО аумағын 75 491 әскери қызметкер және 37 756 қатардағы азаматтар тастап шықты [21, 155 – 156 бб.]. Бұрынғы поляк мемлекеті азаматтарының қалған бөлігі 1945 жылғы 6 шілдедегі кеңес – поляк келісіміне сәйкес КСРО аумағынан өз отандарына қоныс аударды [18, 89 б.]. 1956 жылы Қазақстандағы поляк халқына орнатылған арнайы бақылау тоқталып, еліміздегі поляк ұлтының өкілдері (кеңестік поляктар үшін) КСРО аумағында еркін қозғалуға мүмкіндік алды .

Ал Қазақстан аумағындағылары империя кезеңінде қоныстанғандардың ұрпақтары мен Украинадан күштеп көшірілген поляктардан құралды. Халық санақтарына сәйкес, Қазақстандағы поляктардың саны 1959 жылы – 53 102 адамды құраса, 1979 жылы – 61 136, 1999 жылы – 47 297, ал соңғы 2009 жылғы санақ бойынша – 34 057 адамды [22, 21 б.] құраған. Бұл Республика халқының 0,2%. Бүгінде қазақстандық поляктардың үлкен бөлігі – Солтүстік Қазақстан облысын мекендейді. Облыстағы поляктар ең көп шоғырланған аумақ – Тайынша ауданы. Аудан халқының – 11 467 поляк халқының өкілдері [23, 27 б.].

Мақалаға арқау болған Қазақстанның оңтүстік аймағына келер болсақ, бүгінде аймақтағы тегі поляк халық саны – 2,5 мың адам шамасында. Алматы облысында – 1221 [24, 5 б.], Алматы қаласында – 807 [25, 5 б.], Жамбыл облысында – 155 [26, 5 б.] Оңтүстік Қазақстан облысында – 136 [27, 5 б.], Қызылорда облысында - 11 [28, 5 б.] ұлты поляк ұлтының өкілдері тұрып жатыр.

Қазақстандық поляктар негізінен христиан дінінің католик тармағын ұстанады. Орыс тілді ортаның ықпалымен үлкен ассимиляцияға ұшыраған және бұл көрсеткіш аймақтар бойынша әркелкі. Мысал ретінде, сұрау бойынша Солтүстік Қазақстан облысы поляктарының небәрі 4,9 % ғана поляк тілін ана тілі ретінде көрсеткен, қалған 95,1 % ана тілі ретінде өзге халықтың тілін көрсеткен [23, 35 б.]. Ал Алматы облысы поляктарының 27,9 % ана тілі ретінде поляк тілін көрсетсе, қалған 72, 1 % [24, 46 б.] ана тілі ретінде өзге тілді меңзеген. Және бұл тұрғыда қала және ауыл халқының арасында да өзгерістер байқалады. Мысалы, сөз болып отырған Алматы облысы поляктарының қалалық бөлігі 15,1 % ана тілі ретінде поляк тілін көрсеткен болса, қалған 84,9 % [24, 51 б.] ана тілі

ретінде өзге тілді көрсеткен. Ауыл тұрғындары бойынша бұл көрсеткіш тиісінше 31, 1% және 68,9 % [24, 57 б.] құраған. Алматы бойынша бұл көрсеткіш өзгеше. Алматы поляктарының 22,9 % ана тілі ретінде поляк тілін көрсетсе, қалған 77,1 % [25, 71 б.] ана тілі ретінде өзге тілді көрсеткен. Тілдік ассимиляция тұрғысындағы жағдайды сараптар болсақ, жалпы Алматы облысының ауылдық жері мен қаласындағы поляктар басым түрде II Речпосполита (1918 -1939 жж. Польша) азаматтарының ұрпақтары емес, шығу тегі Украиналық поляктардың ұрпақтары. Сондықтан, қалалы жерде тұрақтағандары орыс тілінің үлкен ықпалымен басым түрде орыс тілді азаматтар қалыптасқан. Ал ауылдық жердегілері тілі жақын украин ұлтымен бірге мекендегендіктен, салыстырмалы түрде орыс тілінің ықпалына азырақ ұшыраған.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап еліміздегі барша өзге ұл өкілдеріне тілі мен дәстүрін дамытуға қажетті жағдай жасалып келеді. Ел конституциясы *«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...»* [29, 3 б.] деген сөздерден басталады. *Алғашқы кезеңде тілдік ахуалға көңіл бөлініп, ұлттық мәдени орталықтар құрыла бастады. 1992 жылы Қазақстан халықтарының алғашқы форумында Президент Н. Назарбаев республикадағы барлық этностарды консолидациялаушы қоғамдық органды құру идеясын көтерген болатын. Нәтижесінде, Қазақстан Халқы Ассамблеясы негізделді [30, 14 -15 бб.]. Бүгінгі қазақстандық поляк халқының өкілдері мемлекет халқының ажырамас бір бөлігі. Қазақстандық поляктар республиканың дамуына өз үлестерін қоса отырып, Қазақстан мен Польша республикаларының арасында алтын көпір міндетін атқаруда.*

1992 жылы құрылған Қазақстан поляктарының одағы (ҚПО) бүгінде 14 облыстық және қалалық бірлестіктерден тұрады, мүшелер саны 1700 адамнан астам [20, 6 б.]. Мемлекет деңгейіндегі ұйымның жұмысы Республикалық үйлестіру кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің оңтүстік аймағында поляк ұлтының өкілдері басым түрде Алматы облысында, Алматы қаласы мен оның маңайында шоғырланған. Атап айтар болсақ, Алматыда – 807 [25, 5 б.], Еңбекшіқазақ ауданында - 418 [24, 21 б.], Талғар ауданында – 269 [24, 37 б.], Іле ауданында – 248 [24, 42 б.], Талдықорған қаласында - 72 [24, 10 б.], Ескелді ауданында - 64 [24, 38 б.], Қапшағай қаласында – 61 [24,13 б.], Қарасай ауданында – 43 [24, 30 б.] ұлты поляк азаматтар мекендейді. Өзге облыстарындағы көрсеткіш мынадай: Жамбыл облысында – 155 адам, оның – 115 Тараз қаласының тұрғындары [26, 5 б.]. Оңтүстік Қазақстан облысында – 136 адам, оның – 111 Шымкент қаласының тұрғындары [27, 11 б.]. Қызылорда облысында – 11 адам, олардың – 9 Қызылорда қаласының тұрғындары [28, 9 б.].

Қазақстан поляктары одағының, жергілікті этно – мәдени бірлестіктердің жұмысы ұлттық салт – дәстүрлерін, ана тілін оқып – үйренуге бағытталған. Алматыда 1992 жылдан «Вензь» (қазақша, байланыс) поляк мәдени орталығы жұмыс жасайды. Тараз қаласында «Полонез» этнобірлестігі, Шымкент қаласында «Ojczyzna» (қазақша, Отан) облыстық поляк мәдени орталығы жұмыс атқаруда. Аймақтық барлық этно –мәдени орталықтар жергілікті әкімдіктермен, облыстық және қалалық ассамблеялармен, өзге де этно –мәдени орталықтармен тығыз антымақтастықта жұмыс атқаруда.

Тәуелсіздік алған жылдары елімізде ондаған костелдер салынып, діни қызмет жүргізілуде. Қазақстан мен Польшаның құзырлы министрліктері арасында жасалған келісімге сәйкес қалалар мен селолардағы 16 мектепте поляк тілінде сыныптар жұмыс жасаса, балалар мен үлкендерге арналған 22 жексенбілік мектептер жұмыс атқарып, сабақты Польшадан шақыртылған мұғалімдер жүргізуде. Алматыдағы шетел тілдері университетінде «поляк тілі мен әдебиеті» бөлімі ашылған [30, 117 -118 бб.]. 2012 жылдың қараша айынан бастап Алматыдағы Поляк мәдени орталығы **«Almatynski Kurier Polonijny»** тоқсандық басылымын шығарып келеді [20, 7 б.].

Қазақстанның оңтүстік аймағында поляк тілін оқыту негізінен Алматы қаласында жақсы жолға қойылған. Қазір Алматы қаласындағы № 23 мектеп – гимназияда 8 - 11

сыныптарда оқушыларға ана тілі ретінде поляк тілін тереңдетіп оқытатын поляк сыныбы жұмыс жасайды. Сыныпта поляк тілінен өзге поляк мәдениеті мен тарихы да тереңдетіп оқытылады.

Бүгінгі күні Қазақстан мен Польшаның мемлекетаралық байланыстары өзара сенімділік пен ынтымақтастықта дамуда. Астана және Алматы қалаларындағы көшелерге поляк зиялысы Адольф Янушкевичтің аты берілген. Польша халқы да ХХ ғ. 30 – 40 жж. зобалаң уақытында қазақ халқының поляк ұлты өкілдеріне көрсеткен көмегін, мейірімін ұмытпайды. Алғыс ретінде ел астанасының тарихи әрі ең көрікті жерлерінің бірі – Вилянув ауданындағы көшелердің біріне «Қазақ көшесі» (полякша ulica Kazachska) атауы берілген [31]. Польшадағы Адам Мицкевич университетінде қазақ тілі оқытылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. -728 б.
2. Резонтова М.М. История заселения поляков на востоке Казахстана. Журнал «Новая Польша» 2011 г., № 2.
3. A.Dybowska, J. Zaryn, M. Zaryn. Polskie dzieje od czasow naidawniejszych do wspolczesnosci. Wyd. Naukowe PWN. Warszawa 1994. 372 s.
4. Historia Polski 1795 -1918. Andrzej Chwalba. Wyd. Literackie. Krakow 2000. 600 s.
5. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс – Қазақстан, 1998 – 428 с.
6. Отечественная война 1812 года. Источники. Памятники. Проблемы. Можайск, 2009.
7. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. – Алматы: «Атамұра», 2000. 768 с.
8. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. т. II. Общий свод по Империи результатов разработки данных Первой Всеобщей переписи населения, произведенной 28 января 1897 года. С.-Петербург, 1905. Таблица XIII. Распределение населения по родному языку.
9. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. LXXXVI. Сыр – Дарьинская область. С.-Петербург, 1904.
10. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. LXXXVII. Семиречинская область. С.-Петербург, 1905.
11. Бронислав Залесский. Жизнь казахских степей. А, 1991.
12. Рышард Бадовски. Польские певцы Казахстана. – Алматы, МКА, 2005.
13. Алма-Ата. Энциклопедия, — Алма-Ата, 1983.
14. Миловидов Б.П. Военнопленные поляки в Сибири в 1813 – 1814 гг. Отечественная война 1812 года. Источники. Памятники. Проблемы. Можайск, 2009. С. 325 - 359.
15. Всесоюзная перепись населения 1926 г. Т. VIII. М., 1928. С. 15–46.
16. Машимбаев С.М., Исова Л.Т. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936- 1946 гг.). Алматы, 2000.
17. «Прощай Украина!...». «Зеркало недели. Украина». № 36, 7 октября 2011.
18. Studia BAS. № 2 (34) 2013.
19. История Второй Мировой войны 1939-1945 (в 12 томах). Ред.колл., гл. ред. А.А. Гречко. том 4. М., Воениздат, 1975.
20. Almatynski Kurier Polonijny. № 1 2013.
21. Польское рабочее движение в годы войны и гитлеровской оккупации (сентябрь 1939 — январь 1945). М. Малиновский, Е. Павлович, В. Потеранский, А. Пшегонский, М. Вилюш. М., Политиздат, 1968.
22. Аналитический отчет. «Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года». Под ред. Смаилова А.А./ Астана, 2011 – С. 65.
23. Северо – Казахстанская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011 – 138 с.
24. Алматинская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011 – 163 с.
25. Город Алматы. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011 – 119 с.

26. Жамбылская область. Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011 – 133 с.
27. Южно – Казахстанская область. Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011 – 151 с.
28. Кызылординская область. Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011 – 107 с.
29. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Юрист, 2006.
30. Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк. Е.Л. Тугжанов, Г.В. Кан, В.С. Коробков, Н.У. Шаяхметов. – Алматы: Раритет, 2010.- 304 с.
31. Варшавадағы «қазақ» көшесі. Егемен Қазақстан, 2006, 7 шілде.

ҚАЗАҚСТАНҒА ЭТНОСТАРДЫҢ КЕЛУ ТАРИХЫ

Касабекова А.И.

Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қаласы

Қазақстан жеріне басқа этникалық топтардың алғаш келіп қоныстануы XVI ғасырдан бастау алды. Ал орыс - казактық отарлау Украинадан, Ресейдегі басыбайлылық қанаудан қашқан шаруалардың казак еркін жұртына қосылып, Жайық пен Ертіс өңіріне келуінен басталады. Казактар XVIII ғасырдан бастап Ресейдің геосаяси стратегиясын жүзеге асыруға белсене қатысады. Тарихтың қатал шындығы казактардың қаналған халықтың ұлт-азаттық қозғалыстарын аяусыз басып-жаншитын патшалықтың екпінді күшіне айналғандығын айғақтайды.

Қазақстан бір күнде көпұлтты мемлекет болып құрыла салған жоқ. Қазақстанның полиэтникалық қоғамға айналу процесі ұзақ тарихи кезендерді қамтиды. Қоныс аударуды үш кезеңге бөлуге болады.

1 - кезең 1861-1890 жылдар-Ресей шаруалары қазақ даласына еркін түрде көшіп келе бастады. Бұл кезең Ресей империясының Қазақстанды отарлауының басталуымен байланысты. Патша үкіметі славян ұлттарын қазақ жеріне қоныстандыру арқылы XX ғасырдың басында өз меншігіне айналдыруды көздеді. Олар қазақ жеріндегі пайдалы қазба көздерін уысында ұстауда республика көп ұлтты мекенге айналдырудың үлкен мәні барын және бұл өлке түрлі сынақ жүргізуге аса қолайлы екенін есепке алды. Осы кезеңде Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс өңірлеріне казактар көшіп келе бастады. Жайық казак әскерінің құрамында славяндардан басқа башқұрт, түркімен, татар, қалмық, қарақалпақтар да болды. Жүз мыңдаған орыс, украин, беларусь шаруаларының Сібір, Қазақстан және Орталық Азияға қоныс аударуы Ресейдің аграрлық саладағы саясатымен тығыз байланыста дамыды. 1861 жылғы реформадан кейін помещиктер өз пайдасына шаруалардың реформаға дейін өңдеп келген жерінен үлес алуға құқықты болды. 1891—1892 жылдардағы Ресейдегі аштыққа байланысты өз бетімен еркін қоныс аудару көлемінің өсуіне орай, патша үкіметі қоныс аударуды заңдастырып, өз ырықанда ұстауға тырысып бақты. Осы кездері «орыс тұрғындарын» көбейту керек болған жерлерде қоныс аударушыларға ерекше жағдай жасалды. Оларға ең алдымен империя құрамына біршама жақында енген Жетісу, Зайсан приставтары және т.б. жерлер жатқызылды. Мысалы, үкіметтік ұйымдар «...орыс адамдарын орналастыру біздің Қытаймен шекарамызды қорғау мақсатында Өскемен және Зайсан уездері үшін ерекше маңызды... бүкіл шекара өңірі... орыс поселкелері тұтас жабылар еді» деген тілек білдірді [1].

1868 жылы Жетісуға көшіп келген әрбір отбасы азаматтарына 30 десятина жер бөлінетін, шаруашылық жүргізу үшін қарыз берілетін және 15 жылға салықтардан босатылатын ереже қолданылды. 1868 – 1880 жылдар аралығында Жетісуда 36 шаруа селолары пайда болды. 80 – жылдардың орта шенінде мұнда егіс салуға жарамды жер жетіспейтін болғандықтан үлес мөлшері 10 десятинаға дейін азайтылды, ал жеңілдікті кезең 5-10 жылға дейін қысқартылды. Түркістан жеріне қоныстауға «селолық тоғышарлар

санатына жататын, христиан дінін ұстанатын орыс бодандарына ғана» рұқсат берілді деп жариялады. 1889 жылғы ереже Қазақстанды Ресейден қоныс аударушыларға іс жүзінде ашып берді, бірақ ол содан кейінгі барлық заң актілері сияқты, қоныс аударушылар қозғалысын тәртіпке келтіре алмады.

2-кезең - 1891-1905 жылдарда - қоныстандыруды «заңды» түрде жүргізуге тырысты. Қоныс аударудың бұл кезеңінде қазақ даласын жаппай отарлауға бағыт алынды. Шаруаларды қоныстандыру Ақмола, Жетісу, Семей, Орал, Торғай облыстарында 1865 жылдардан басталып, 1892 жылы Сібір темір жол комитеті құрылғанға дейін жалғасын тапты. Ақмола облысында 1870—1895 жылдары 87 шаруа қоныстары пайда болып, отырықшы халық саны шаруа қоныс аударушылар есебінен 2 есеге артты. XIX ғасырдың соңына қарай Еуропалық Ресей мен Украинадан қоныс аударушылардың келуі себебінен халықтың ұлттық құрамы өзгере бастады. Қазақ, қырғыздармен бірге орыс, украиндар, татарлар, тәжіктер, түрікмендер, башқұрттар, чуваштар, қараноғайлар, армяндар саны өсе түсті. 1881- 1884 жылдары 5-ші Жетісуға 45373 ұйғыр және 4682 дүнген қоныс аударған болатын. 1897 жылы Қазақстан тұрғындарының саны 4 млн 150 мың адамға толықты. Солардың ішінде қазақтар 3 млн 400 мың адамды құраса, қалған 750 мыңдай адам басқа ұлт өкілдері болды. 1897 жылы қазақтардың үлес салмағы 81,7 пайызға төмендеді.

3-кезең - 1906-1917 жылдарда қоныстандыру бұрын соңды болмаған деңгейде күшейді. Ресей экономикасындағы аграрлық дағдарыс патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатын күшейте түсті. Қазақстан аумағындағы артық жерлерді есепке алу мақсатында Ф.Щербина, В.Кузнецов, П.Румянцевтің экспедициялары қазақ тұрғындарына қатысты жер көлемін азайтып, болыстардың иелігіндегі «бос жерлерді» есепке алып отырды. Ресей орталығындағы аграрлық қайшылықтардан шығудың тағы бір жолы - П.А.Столыпиннің 1906 жылы 6 қарашадағы жарлығы бойынша шаруалар қауымын таратып, қауымдық жерлерді кулактардың басып алуына жағдай жасалды. Помещиктік жер иеленуді сақтауға тырысқан үкімет қоныс аударуға бостандық берді. Столыпиннің жарлығы негізінде шаруа өз үлесін сатып, еркін түрде басқа жаққа кетуге мүмкіндік алды. Қоныстандыруды реттеу мақсатында 1905 жылы қоныстандыру мекемелерінің Басқармасы құрылды. 1905—1917 жылдардағы мекеменің 12 жылғы қызметі нәтижесінде бір миллионға жуық қоныс аударушылар Қазақстан жеріне орналастырылды. 1908 жылы қоныс аударушылар легі ең жоғары деңгейді көрсетті. Жылына 665 мың қоныс аударушы келіп, есепке алынып отырды. Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты қазақтардың шаруашылығына көп нұқсан келтірді. Тек 1906—1915 жылдары Жетісу мен Сырдария облысындағы қазақтардан 2,5 млн. десятина жер тартып алынып, қоныс аударушыларға бөліп берілді. Қазақстанда тартып алынған жер XX ғасыр басында 17 млн. десятина, ал 1917 жылға қарай 45 млн. десятинаға жетті. Жүздеген жеке меншік хуторлар бой көтерді. Патша офицерлері, кулактар, көпестер көлемді жер телімдеріне ие болды. 1905—1907 жылдардағы Ресейдегі бірінші буржуазиялық-демократиялық революциядан кейін үкімет барлық шектеуді жойып, барлық шет аймақтарға қонысаударуға жол ашып берді. Осылайша XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан тұрғындарының көп ұлтты құрамының қалыптасуы қарқынды белең алды.

Қазақстанның көпұлтты елге айналу процесінің келесі кезеңі Қазақстанның КСРО құрамына енуімен байланысты. Кеңестік биліктің алғашқы жылдары мен бірінші дүниежүзлік соғыс және 1916 жылғы ұлт - азаттық көтеріліс кезеңдерінде Қазақстанның демографиялық жағдайында болған миграциялық қозғалыстар жалғасқан болатын. 1917 жылғы ақпан, қазан төңкерістері, Азамат соғысына ұласып, одан соң дағдарыс пен ашаршылыққа әкеп соқты. Осы кезеңдерде Қазақстандағы 307 өндіріс орындарының 250-і істеп шығып, Темір жолдардың жеткіліксіздігі мен жолдардың бұзылуы себебінен шаруашылық толыққанды жұмыс істеуге мүмкіндік болмады. Әсіресе, ауыл шаруашылығы күйреп, егіс көлемі 2 млн. десятинаға, ал өнім 3 есе кеміп, мал басы 10,8 млн. басқа азайды. Осының бәрі халықты күйзеліске ұшыратты.

Кеңестік алғашқы 1920 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының саны 5 млн. 400 адамды құрады. [2, 40-41бб]. 1921 жылы жазында Қазақстанда қуаңшылық болып, Орал,

Орынбор, Ақтөбе, Қостанай облыстарында егіннің барлығы дерлік күйіп кетті. Табиғат апатының кесірінен Республикада өлім – жетім көбейіп және апат жайылған аудандардан басқа елге көшу көбейгені байқалды. 2,5 млн. адам аштыққа ұшырады [3, 536 б.]. 1922 жылы халық саны 1914 жылмен салыстырғанда 1 млн. адамға азайды.

1926 жылғы екінші бүкілресейлік халық санағы бойынша Қазақстанның этникалық құрамында: қазақтар – 58,5, орыстар – 20,6, украиндар – 13,9, өзбектер – 2,1, татарлыр – 1,3, ұйғырлар -1, немістер – 0,8 пайызды көрсетті. Ал, сандық көрсеткіші бойынша қазақтар – 3627612 адам, орыстар – 1275056, украиндар – 860201, өзбектер – 129399, татарлыр – 79758, ұйғырлар - 63432, немістер – 51094, белорустар – 25584, өзге ұлт өкілдері – 88.453 адам болған.

Ал, 1930 жылы индустрияландыру, ұжымдастыру және күштеп депортациялау саясаты жүзеге асырылған уақытта Қазақстан халқының ұлттық құрамында біршама өзгерістер болды. Осы ұжымдастыру жылдарында Қазақстанға көшірілгендер саны 250 мың адамға жетті. Сталиндік зұлматтың барлық зардаптарын басынан өткерген қазақ қоғамы басқа халықтың тағдырына қатысты бұл қасіретті жақсы түсінді.

Қазақстан Кеңес кезінде жер аударуға жақсы мекен болды. Сондықтан кеңес үкіметі шекара маңындағы халықтарды ішке, яғни қазақ жеріне әкеліп орналастыра бастады. Қазақстанға қуғынға ұшыраған ұлттарды күшпен қоныстандыру 30-жылдың соңында қарай көбейе бастады.

Қазақстандағы орын алған голощекиндік «кіші қазан» науқаны кезінде орын алған аштықтың әсерінен қазақ халқының саны азайған еді. 1931 жылы Қарағанды мен Семей облысының 8 ауданына Ресейден жер аударылған 150 мың адам орналастырылды. Бұл кезеңдері республика аумағына басқа ұлт өкілдерінің келуі жалғаса берді [4, 42-43 бб.].

XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы шекара маңында мекендеп жатқан аз ұлттарды көшіру мәселесі үкіметтің саясатымен жүзеге асырылды. Ұлт мәселесіне қатысты ұстанып отырған үкімет саясатына қарсы шыққан, тіпті көшірудің жай не үшін екендігін білмек болғандар «халық жауы», «шпион», «фашизмнің жақтасы» деген айыптармен сотталып, кейбіреулері атылды, кейбірі ұзақ жылдарға түрмеге, лагерьге қамалды. Көшіріліп келген ұлттар ұзақ жылдар бойы үкімет қысымшылығын көрді. Тіпті ұлттық нышанынан да айырылып қалуға шақ қалды. Кеңестік жүйе олардың рухани, мәдени дамуына кедергі жасады.

Украина территориясында қоныстан поляктардың өкілдерін Қазақстанның Оңтүстік, Солтүстік облыстарына орналастырды. Соғыс қарсаңына қарай Қазақстанда 102 мың қоныс аударылған поляктар болған. 1939-1940 жылдары Гитлер армиясының Польшаға басып кіруіне байланысты Батыс Украина, Белоруссиядағы поляктар тағы да Қазақстанға көшірілді [5].

Күштеп қоныс аударылған корей ұлты негізінде Қиыр Шығысқа XIX ғасырдың 60-жылдары қоныстана бастаған. 1937 жылдың шілдесінде Жапонияның Қытайға басып кіруіне орай кеңес өкіметі елдің Қиыр Шығысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 1937 жылдың 21 тамызында «Корей халқын Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы» қаулысы шықты. Бұл негізінде корейлердің Жапон үкіметіне жасырын қызмет атқарулары мүмкін деген күдікпен туындаған еді. Қиыр Шығыстың 23 ауданынан көшірілген корейліктер Қазақстанның Оңтүстік өңіріне, Арал теңізі мен Балқаш көлі маңына орналастырыла бастады. [6].

Кеңестік үкімет Түркия мен Иран шекараларына жақын орналасқан күрд, ирандық, ассириялықтар мен түріктерді ішкі аймақтарға 1937-1938 жылдары көшірді. Түркіменстан, Әзірбайжан, Грузия мен Армян КСР-нен күрд, армян және түріктерді көшіру себебі олардың шетелдердегі туыстарынымен байланыс жасауынан қауіптенді.

1939 жылғы санақ бойынша КСРО-да 1 427222 немістер мекендеген Екінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде, гитлерлік әскерге көмектесуі мүмкін деген желеумен немістер Еділ бойынан қудаланып 1941 жылдың қыркүйегінде Қарағанды, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастыру шешілді .

Осы 1939 жылғы санақ бойынша Қазақ АСР – і халқының құрамы мынадай болды: қазақтар – 2307 мың, орыстар – 2427 мың, украиндар – 656 мың, өзбектер – 102 мың, кәрістер – 96 мың, ұйғырлар – 35 мың, немісер – 92 мың, татарлар – 107 мың, белорустар – 31 мың, әзірбайжандар – 12 мың, дүнгендер – 7 мың, басқа ұлттар – 190 мың.

Соғыс алдындағы жылдарда өнеркәсіп құрылысы үшін елдің барлық аймақтарынан, әсіресе еуропалық бөлігінен 1 миллион 200 мың адам келген болатын. Қазақстанға жыл сайын зорлықпен 800 мыңға таяу немістер, 18,5 мың корейлердің отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілдері көшірілді. Қазақстанға келген ұлт өкілдерінің көбі өз еркімен келмеген, олар қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да халықтардың өкілдері болатын. Осы күштеп көшірудің салдарынан республика халқы 1 миллион 500 мың адамға көбейді [7, 136 б.].

1943 жылдың 12-қазанында «Қарашай автономиялық облысын жою және оның территориясын әкімшілік төңірегін қайта құру» туралы қаулы қабылдады. Кеңес үкіметі бұдан кейін «Қарашай Республикасына басып кірген неміс басқыншылығына көптеген адамдарды сатқындықпен ұстап берген және неміс – фашистерінің құрған ұйымына кіріп, Кеңес үкіметіне қарсы соғысты» деп осы жылы 14 қазанда оларды жер аудару туралы астыртын қаулы шағарды. Олардың көбіне «Закавказье асуынан өтер кезде немістерге оларға жол көрсетті» деген айыппен тұтқынға алынып, түрмеге жабылды. 70 мыңдай тұрғыны бар Қарашай Автономиялық облысын аз кем уақытта жойып жіберді. Қарашай облысынан 45529 адам Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылды.

Қалмақтар 1943 жылдың 28 қазанында елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылған. Қысқа мерзім ішінде 99252 адам көшіріліп, оның 2268-і Қызылорда облысына орналастырылған [5, 27 б.]. Жалпы 1936-1951 жыл аралығында Сталиндік қуғын-сүргінге 17 халық, яғни 3 600000 адам іліккен. Осы жылдың 31 шілдесіндегі мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімімен месхеттік түріктерді көшіру мәселесі 1944 жылыдың қарашасынан 1945 жылға дейін жүргізілді. Жалпы Грузияның территориясындағы барлық мұсылмандарды ішкі аймаққа қарай қоныс аудару көзделінді. Грузиядан көшіріліп әкелінген 115, 5 мың адамның 27 883-і Қазақстанға орналастырылды.

1948 жылдың басында республикамызға шешен-ингуш, қарашай, балқар, неміс, қалмақ және т.б. ұлттардың 781 170 адамдық 216 802 отбасы қоныстанған. Ал, 50-жылдары Кеңестік өкімет қоныс аударылғандарды республикаға көшіру жұмыстарын жалғастырып, оларды орналастыру жайындағы жоғарғы өкіметтің нұсқауларын бұлжытпай орындады. XX ғасырдың 50-жылдары Кеңес Одағы басшылары бұрын ашықтай іске асырған, қол астындағы халықтарға қарсы күштеп қоныс аудару - қылмыс деп қарауды бастады.

Күштеп көшірілген ұлттар мен этностардың құқықтарының сақталмауының және ұлттық мемлекеттік автономияларының жойылуына негіз болып отырған, мемлекеттің Жоғарғы органдарының актілері күшін жойды, өзгертілді. Оларда қойылған еріктен тыс талаптар мен шектеулер алынып тасталды. Осы қаулы шыққаннан кейін республика бойынша шешендер мен ингуштердің көшу үрдісі байқалды. 1952 жылы сәуір айында Жамбыл облысына Солтүстік Кавказдан шешен, ингуш, қарашай, балқарды, Грузиядан келген әзірбайжандарды, немістерді, гректерді, ал Қырымнан татарлар көшіріп әкеліп жайғастыра бастады. 1955 жылы қоныс аударылған ұлттар мен этностардың құқықтық жағдайлары бірқалыпқа келтіріліп, кейбір шектеулерінің алынуы туралы қаулы шығып, осы ұлттар арасында бір облыстардан екінші облыстарға, туған - туыстарына жақынырақ, өз атамекендеріне көшу басталды.

Қазақстан лагерлерінде тек кеңес Одағының көптеген ұлттары мен ұлыстарының өкілдері ғана емес, сонымен бірге Еуропа және Азия елдерінің азаматтары да қамауда ұсталды. Мәселен, тек Қарағанды лагерінде ғана 1947 жылы КСРО – дағы 19 – дан аса ұлттардың өкілдері мен оның үстіне 12 – ден астам шет елдердің құзырындағы 887 азаматта лагерлерде азап шекті. Сталин қайтыс болғаннан кейін лагердегі тұтқындардың саны біртіндеп азая түсті. Еңбекпен түзеу лагерлері XX ғасырдың 60 – жылдарының бас кезіне дейін жұмыс істеді [8,129 б.].

Сол кездегі өзге ұлттардың елдеріне кетуі мен келу қарқыны қауырт жүргізілу нәтижесінде 20 жыл ішінде Қазақстан халқының саны бір жарым еседей өсіп, 9 294 741 адамға жетті.

Қазақстандағы тың игеруге байланысты 1954—1959 жылдары 1 млн 500 мың адам келді. Қазақстандағы тың эпопеясын жүзеге асыруға, орталық ұйғаруымен жоспарлы ұйымдастырған көші-қон ғаламат этнодемографиялық өзгерістерге әкелді. Нәтижесінде Қазақстанның ұлттық құрамы түбірлі өзгеріп, қазақтар өз жерінде азшылыққа айналды. Жалпы, 1953—1965 жылдары ауыл шаруашылығы тұрғындары Қазақстанда 2 млн-ға көбейді, демек, 1,5 есеге артты. Қазақстандағы халық санының көбеюі табиғи өсім есебінен емес, механикалық өсу жолымен жүрді. [9]. 1954 – 1958 жылдардың ішінде ғана 730 жаңа өнеркәсіп орындары салынды және пайдалануға берілді. Республикалық өнеркәсі, құрылыс және көлік саласына жұмыс күшін ұйымдасқан түрде тарту бойынша 0,5 млн – ға жуық адам келді[10, 164 б.].

1959 жылғы бүкілодақтық халық санағының деректері бойынша қазақ халқының саны 2 794 966 болса, яғни небәрі 474 мың адамға немесе 20 пайызға ғана көбейді, ал орыстардың үлесі – 62 пайызға, татарлар - 79 пайызға, өзбектер – 32 пайызға, белорустар – 3,4 пайызға, ұйғырлар – 69 пайызға, басқа ұлттардың саны 2,6 есеге көбейді. [10, 163 б.].

Тәуелсіз Қазақстанның 1999 жылы ең алғаш өткізілген санағы бойынша елдің демографиялық жағдайында үлкен өзгерістер бар екенін көрсетіп берді. Республикадағы халық саны 14 млн. 953 мың 246 адамды құрады. Соңғы екі халық санағы аралығында Қазақстан халқының саны 800 мың адамға азайды. Республикадағы халық санының азаюы, шығысславяндық халықтардың эмиграциясына байланысты болды. Бірақ сол кездері татарлардан басқа түркі халықтарының саны мен үлес салмағы арта түсті. 1998 жылдың басында Қазақстан халықтарының құрылымында қазақтардың үлес салмағы 5 пайызға және саны жағынан 1,6 млн. адамға өсті. Бұл негізінен өз Отанына оралған қазақтар есебінен артқан еді.

Эмиграция, әсіресе, 1992 – 1995 жылдары күшті көрініс беріп, барлық эмигранттардың 48 пайыз осы 4 жылда қоныс аударған еді. Миграцияның шарықтау шегі 1994 жылға сәйкес келеді. Осы жылдары республикадан тыс жерлерге 481 мың адам көшіп кеткен болатын.

Мемлекеттегі соңғы халық санына байланысты Қазақстан тарихында халық саны 17 млн. – межесін құрап отыр.

2013 жылы өткізілген халық санағының қорытындысы бойынша халықтың этноқұрамы келесідей болды: қазақтар - 65,2, орыстар - 21,8, өзбектер - 3, украиндар - 1,8, ұйғырлар - 1,4, татарлар - 1,2, немістер - 1,1, корейлер - 0,6, түріктер - 0,6 пайыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 2013 жылы сәуір айында өткен мерейтойлық XX - сессиясында «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» деп аталатын 2020 жылға дейінгі стратегиялық бағдарлама қабылданды. Бұлай аталудың астарында үлкен мән бар. Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Бүгінде олар тегі басқа болғанмен арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Ел иесі – қазақ халқы да ешкімге шетқакпайлық көрсеткен жоқ. Ұлтына, тілі мен діліне қарамай барша этнос өкілдерінің теңдігі Ата Заңда айқын жазылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ОММ 25-қ, 1-т, 472-іс, 6- арты 7.
2. Омарбеков Т. Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы, 2004. 225 б.
3. Дахшлейгер Г.Ф. Социально – экономические преобразование в ауле и деревне Казахстана. (1921-1929) А., Наука, 1965, 536-б.
4. ҚХА тарихи очерк. «Реаритет». 2010. 40-41 б.
5. Сон Ен Хун. Қазақстандағы аз ұлттардың қатынастары және әлеуметтік-саяси тарихы.: т.ғ.к автореф.: 07.00.02. Алматы, 2010.4 б.
6. Қазақстандағы кәрістердің тарихы. Мұрағат құжаттарының жинағы. Т.1. Алматы-Сеул. 1998. 166-б.

7. Воспроизводство населения СССР. М., 1983 134-135-б.
8. Асылбеков М.Х. Қазақстан тарихи демографиясының қалыптасуы. Көкшетау. 2010.
9. <http://kk.wikipedia.org/wiki>
10. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 г. Казахская ССР. М., ЦСУ СССР, 1962, 162-185-б.

ИСТОРИЯ ВОЗРОЖДЕНИЯ ТАНЦА «КАРА ЖОРГА»

Копбаев А.С.

*Магистрант группы МКТ-22. факультет социальных наук,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.*

Научный руководитель - Медеуова К.А. д.ф.н., профессор

В период с 2010-2012 года в Казахстане прошли массовые флешмобы с использованием танца «Кара Жорга». В средствах массовой информации разгорелись споры о том, что это за танец, какова его история, почему он считается национальным, если выросли целые поколения, которые впервые слышали об этом танце. Стремительная популярность танца, эффектность массовых исполнений привлекала все больше новых adeptов. Если во время флешмоба в сентябре 2010 года, организованного Казахским гуманитарным юридическим университетом в Астане, было задействовано 3000 студентов, то через месяц в октябре в городе Атырау участвовало уже 15000 человек. Танец в одночасье стал символическим инструментом, работающим на идею консолидации, на идеи возрождения, на идеи патриотического воспитания подрастающего поколения.

В этой статье я рассмотрю некоторые аспекты исследования истории танца «Кара Жорга».

Я считаю, что множество вопросов, которые возникают об этом танце, могут быть поводом для исследования не только истории, но и актуальных проблем танцевальной культуры в Казахстане. Например, вопрос о том, действительно ли этот танец является казахским национальным и вопрос о месте возникновения являются взаимодополняющими. Существующие точки различаются по степени принятия этого танца как элемента актуальной казахской культуры.

Первоначально я рассмотрю историю возникновения танца «Кара Жорга», затем рассмотрю особенности танца и его хореографию, проанализирую спорные аргументы о принадлежности танца казахской культуре.

Исследователь казахской танцевальной культуры А. Исмаилов считает, что народным танцам казахов присущи много разновидностей: танцы воинственные, охотничьи, имитационные танцы (наподобие танцев буркут-коян), танцы с чучелом («ортеке-би»), танцы баксы, сольные танцы, носящие индивидуальный почерк народного исполнителя, танцы с элементами танцев других народов («калмакша би») [1, с. 55].

Танец «Кара Жорга» появился в 12 веке н.э. Дословно «Кара Жорга» с казахского языка означает «черный иноходец». Конь играл важную роль в жизни казахского народа, поэтому исполнитель данного танца подражал грациозным движениям человека, сидящего в седле. Существует множество танцевальных разновидностей, элементы которых свойственны верховой езде, к примеру: («ормек би» или танец ткачей), охотничьи пляски («коян би» – охота с беркутом на зайца), («кусбеги-дауылпаз» – обучение охоте ловчей птицы), а еще танцы-соревнования («утыс би»), сатирические, шуточные, юмористические («насыбайши»), пародии на животных («ортеке» – архар-прыгун, «тепенкок», «аю би» – медвежья пляска).

Впервые танец «Кара Жорга» был поставлен в 1934 году на мотив кюя «Кара Жорга» в пьесе М. Ауезова «Айман Шолпан».

Танец «Кара Жорга», вновь возникший в Казахстане в 1997 году, когда более 1000 человек иммигрантов (этнических казахов) из Китая исполнили впервые этот танец в его современной интерпретации, очень быстро стал популярным среди населения. Сегодня танец

«Кара Жорга» танцуют все: от мала до велика. По некоторым сведениям главной причиной возрождения танца «Кара Жорга» как народного стало то, что данный вид танца был забыт представителями казахского народа, а предки эмигрировавших в Китай, сохранили данный вид танца. Но так ли это или нет: об этом, уже в течение 10 лет спорят историки, хореографы, да и все жители нашей республики. Но тем временем танец уже превратился в национальный бренд и представляет Казахстан за рубежом.

В целом, танцы казахского народа принято делить на обычные и маскарадные, на танцы в одиночку, вдвоем или групповые танцы

Я также поддерживаю эту точку зрения, но считаю что, такие простые классификации не раскрывают потенциала вопроса – какова же подлинная танцевальная культура казахов. Считаю, что казахский народный танец не раз претерпевал изменения, и поэтому многие авторы считают, что казахскую танцевальную культуру условно можно разделить на до и после прихода знаменитой Шары Жиенкуловой. Творчество самой знаменитой танцовщицы Казахстана является ключевым в понимании того, как происходила адаптация элементов традиционной казахской танцевальной культуры к особенностям сценического исполнения. Долгие годы Шара Жиенкулова была знаковой фигурой в популяризации казахского танца, была своеобразным символом новизны, изменения, творческого прочтения народного танца.

В советской хореографии был более известен танец «Камажай» но про танец «Кара Жорга» очень мало сведений. При этом хореография первого танца является более советским продуктом. Это достаточно типичная интерпретация национального танца, которая варьировалась от одной национальной республики к другой. Советская хореография отталкивалась от поэтизации элементов труда, элементов повседневной жизни и поэтому этот рисунок танца легко адаптировался к восприятию носителей традиционной культуры.

С возрождением танца "Кара Жорга", стали считать что танец «Камажай» является танцем девушек, а вот танец «Кара Жорга» - танцем девушки и джигита.

По словам Аубакира Исмаилова: «Кара-Жорга - танец, воплощающий в себе различные оттенки, приемы, в нем соединились воинственность и скоморошество, мягкая колыбельность и мобильность, быстрота и спокойная грациозность» [1, с. 56].

Кара-Жорга имеет в народе несколько названий: «жоргалау», «жорганы еликтеу», «шайтанкок». Возможно это связано с тем, что характер исполнения различается от региона к региону.

Многую были изучены различные стили исполнения этого танца в разных регионах Казахстана. Существуют следующие разновидности исполнения танца "Кара Жорга: «кос-жорга» и «еркек-жорга».

В Восточном Казахстане Кара-Жорга исполняют в стиле парного танца на манер «кызалу-кашу», когда девушка и парень исполняют сопровождающие па.

Кроме того, особая манера исполнения данного танца характерна для казахов из Китая, примечательно, что они также различают нюансы исполнения среди танцоров Алтайского округа (территория Восточно-Казахстанской области), танцоров из Сары-Сум и Тарбагатай.

Первые записи о танце «Кара-жорга» были сделаны Аубакиром Исмаиловым в 1928 году в ходе диалогов с Актаем Мамановым, руководителем художественной самодеятельности интерната Казкомуну в Петропавловске [1, с. 56]. Информация о данном виде танца практически отсутствует в специальной литературе советского периода, встречаются лишь разовые упоминания о том, что такой танец существовал, описаний, конкретизации особенностей исполнения не имеется. То есть о существовании этого танца практически умалчивали.

Есть одно важное обстоятельство, которое может объяснить почему происходило это замалчивание. Ответ может быть дан через раскрытие вопроса о происхождении танца Кара-Жорга. Наши респонденты считают, что этот танец исполняли в большинстве случаев во время проведения казахского обряда «шилдехан», обрядов связанных с рождением детей.

Исполнение танца «Кара Жорга» в самые важные минуты жизни для ребенка, возможно, имело несколько значений. Считалось, что танец, которому характерны

очистительные и защитные свойства может помочь избавиться от злых духов. И тогда понятно, что в случае замены традиционных ритуалов на советские, этот танец становился неугодным.

С другой стороны, А. Исмаилов пишет, что важность этого танца заключается в «знакомстве ребенка с миром номадов, т.е. миром кочевников: он приобщался к образу жизни кочевника, всегда находящегося в седле. Темп танца передавал главный настрой жизненной реальности кочевника, он создавал основное направление будущей жизни новорожденного – движение вперед, несмотря на препятствия, направление конструктива, оптимизма и мобильности» [1, с. 56].

В ходе интервью среди отечественных деятелей культуры, представителей государственных органов, молодых участников флеш-мобов, профессиональных танцоров, хореографов были выявлены две большие группы, которые различаются по отношению к танцу «Кара Жорга».

Первая группа представлена теми, кто полностью поддерживает этот танец, кто считает, что такой танец является исторически достоверным и необходимым для современных идеологических задач. В число данной группы входят те, кто уже имел опыт участия в проводимых мероприятиях по популяризации и пропаганде танца как исконно народного.

Одним из подтверждений того, что танец «Кара Жорга» является истинно народным танцем казахов, может служить картина «У Даулеткерей», на которой изображен мужчина, танцующий в юрте. Но так как данная картина была нарисована во времена советской власти, о ее истинной подлинности никто судить не берется.

Следующий аргумент о принадлежности танца Кара-Жорга связан с деятельностью Джанибекова Узбекали Джанибековича, который занимался тем, что возвращал утраченные национальные традиции казахского народа. Известны его версии казахских мужских танцев, о существовании которых не имели представления даже отечественные историки. Первый такой танец, «Буын би», во время которого молодые ребята, раздетые по пояс, показывают свою силу, был поставлен во время премьеры оперы «Кыз-Жибек» в ГАТОБе [2, с. 109].

Вторая группа представлена теми, кто высказывает сомнения в подлинности этого танца, его идентичности казахской культуре и сомнения в необходимости его популяризации.

Так историк, доктор наук, автор книг по истории казахских диаспор Гульнара Мендикулова считает, «что танец «Кара Жорга», который считается национальным танцем казахов, никогда таковым не являлся. Он был перенят у этнических казахов из Китая, а кроме того движение танца зомбируют людей. «К сожалению, танец «Кара Жорга» пытаются нам навязать. Как историк и как гражданин Казахстана я не могу согласиться с этим. Это другая философия. Она не традиционна для нашего народа» [3]. Мендикулова подчеркнула, «что на протяжении всей истории у казахского народа никогда не было мужского танца» [3]. Историк обеспокоен тем, что нехарактерные казахам вещи выдаются как народные, она подчеркнула: «Этого танца тут никогда не было, а нам сейчас говорят, что мы - казахи, ничего не знаем. Он появился в Китае. Я его впервые увидела в Стамбуле. Его исполняли проживающие в Турции этнические казахи из Китая» [3].

Я считаю такую позицию недостаточно аргументированной, если говорить о танце «Кара Жорга», как привнесенным переселенцами из Китая, нужно понимать то, что культура не стоит на месте, бывают трансформации, заимствования, - иногда удачные, а иногда - нет. Так и в истории казахов были разные периоды, действительно выросли поколения, которые даже и не допускают наличия таких культурных кодов. Называть этот танец «оралманским», считаю неэтичным, и проявлением, возможно, постколониальных синдромов.

Можно считать, что этот танец соответствует духу современного неотенгрианства. Танец «Кара Жорга» стал актуальным, несмотря на многие негативные реакции. Сегодня большое число казахов очень заинтересовано новым танцем, который на самом деле не новый, а возрожденный.

Список использованной литературы:

1. Абирова Д., Исмаилов А. Казахские народные танцы. Алматы. «Искусство», 1982.
2. Джанибеков У. Ата-баба мұрасы: Уақыт пен өмір талаптары тұрғысынан. Алматы, Рауан, 1996.
3. Танец Кара-Жорга зомбирует людей // <http://tengrinews.kz>

ФИННО-УГОРСКИЕ ЭТНИЧЕСКИЕ ГРУППЫ КАЗАХСТАНА: СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА

Кошман Т.В.

старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

По результатам национальной переписи 2009 года в Республике Казахстан численность населения составила 16 009 597 человек. За межпереписной период численность населения увеличилась на 1 028 316 человек (6,4 %). На территории Казахстана проживают представители 125 наций и народностей. Из них на долю 7 этносов (казахи, русские, узбеки, украинцы, уйгуры, татары и немцы) приходится 95, 6 % населения страны.

Объектом нашего исследования будут представители финно-угорских народов, проживающих на территории Казахстана. Финно-угры это группа народов, говорящих на языках финно-угорской языковой семьи. К финно-уграм относятся венгры, ханты, манси, коми, коми-пермяки, удмурты, марийцы, карелы, финны, эстонцы, вепсы, саамы, мордва, ижора и ливы. Общая численность в мире оценивается в 25 миллионов, из них около 14 миллионов венгров, 5 – финнов, около 1 миллиона – эстонцев, каждый из остальных народов имеет численность менее миллиона человек. Все финно-угорские народы являются коренными на своих территориях.

Появление и расселение представителей данных народов на территории Казахстана происходило путем миграции нескольких потоков одновременно с приходом сюда русских переселенцев. Наибольший миграционный поток был связан с государственной политикой 50-х гг по освоению целины и трудовыми миграциями.

Данные о численности финно-угорских этнических групп в Казахстане сегодня можно проанализировать по материалам статистических сборников «Итоги переписи населения Казахстана 2009 года», а так же в региональных сборниках, где даны характеристики данных по национальностям и родному языку. Общая численность данной группы составляет 21575 человек [1, с.14-15]:

Динамика численности финно-угорских групп в период с 1970 по 2009 гг.

	1970	1979	1989	1999	2009
Все население	13026274	14709508	16222324	14981281	16009597
Мордва	34315	31403	29157	16145	8013
Удмурты	15786	15460	15520	9095	5824
Марийцы	9089	10589	11912	6495	4416
Эстонцы	4083	3505	3329	1819	986
Коми-пермяки	1556	1777	1562	935	561
Карелы	688	639	742	411	518
Ханты	35	49	53	24	429
Финны	1259	1074	987	547	373
Венгры	832	595	674	440	357
Ливы	0	0	7	3	49
Манси	14	36	37	8	32
Коми	1538	1345	1237	387	15
Вепсы	27	33	44	30	1
Ижорцы	3	19	5	15	1
Саами	2	13	14	2	0
Итого	69227	66537	65280	36356	21575

По сравнению с последней Всесоюзной переписью населения 1989 года численность финно-угоров в Казахстане уменьшилась в 3 раза или на 47 705 человек. На снижение численности этнических групп повлиял как миграционный поток, так и общая тенденция сокращения рождаемости.

Среди них наиболее многочисленными являются мордва, удмурты, марийцы, на долю которых приходится 84,6 % от общего числа представителей финно-угорских народов.

Из общего числа финно-угоров, проживающих в Казахстане, наибольшая численность населения принадлежит мордве, по данным переписи населения 2009 года она составила 8013 человек (37, 14 %), удмуртов – 5824 (27 %), марийцев – 4416 (20,5 %). При этом численность мордвы уменьшилась с 1989 г. в 3,6 раз, удмуртов и марийцев – в 2,6 раза. В то же время увеличилась численность хантов (на 87,7 %) и ливов (на 87,5%).

Представители финно-угорских этнических групп представлены практически во всех областях Казахстана. Преобладающая доля представителей указанной группы проживает на территории Карагандинской (4422 чел.), Костанайской (4225 чел.) и Акмолинской (3429 чел.) областях. Это около 56% от всей численности группы. Можно так же отметить места наиболее компактного проживания представителей финно-угорских народов.

Мордва проживает преимущественно в Карагандинской области – 2235 чел (28%), Костанайской – 1511чел. (19%), Акмолинской – 954 (12%) областях.

Удмурты проживают в Костанайской -1559 (28%) и Акмолинской – 1162 чел (20%) областях.

Марийцы проживают в Акмолинской – 1001 чел (23 %) и Костанайской – 817 чел. (19 %) областях. В двух областях Магистауской и Атырауской численность группы насчитывает лишь 322 человека (1,5%).

Преобладающая численность финно-угорских народов в трех вышеназванных областях вызвана в первую очередь государственной политикой по освоению целинных земель, а в дальнейшем разнарядками трудовых миграций населения с союзных республик.

Преобладающая численность финно-угорских народов в трех вышеназванных областях вызвана в первую очередь государственной политикой по освоению целинных земель, а в дальнейшем разнарядками трудовых миграций населения с союзных республик.

По результатам переписи населения в качестве родного языка указали язык своей национальности 14965,6 тысяч человек (93,5%), язык другой национальности - 1044,0 тысячи человек (6,5%) [1, с.45-48]:

Степень владения языком представителей финно-угорских этнических групп Казахстана:

	Численность лиц данной национальности	Из них назвали родным языком язык своей национальности	
		человек	%
Все население	16009597	149656,6	93,5
из них			
Мордва	8013	1310	16,4
Удмурты	5824	1067	18,3
Марийцы	4416	1030	23,3
Эстонцы	986	179	18,2
Коми-пермяки	561	23	4,1
Карелы	518	88	17
Ханты	429	1	0,2
Финны	373	60	16,1
Венгры	357	103	28,9
Ливы	49	8	16,3
Манси	32	14	43,8
Коми	15	3	20
Вепсы	1	0	0
Ижорцы	1	0	0
Саами	0	0	0

Как видно из таблицы указали родным языком язык своей национальности 43,8 % манси, 28,9 % венгров, 23,3 % марийцев, 18,3 % удмуртов, 16,4 % мордвы, 16,3 % ливов. Сохранность родного языка как языка своей национальности вновь показали области компактного проживания представителей этносов Акмолинская, Карагандинская и Костанайская области.

Представленные данные Национальной переписи населения Республики Казахстан конечно не в полной мере дают картину расселения и сохранения этнической принадлежности ряда представителей этнических групп. Материала переписи позволят проследить места компактного проживания той или иной национальности и как это влияет на сохранение языка. Так среди удмуртов удмуртский язык назван родным языком в большей степени среди городского населения, хотя большая часть из них проживает в сельской местности. Что касается возрастных характеристик, то конечно, в большей степени, носителями языка являются представители старшего поколения.

Динамику численности можно проследить по численности удмуртов на основании данных переписей 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 гг. Результаты подсчетов выглядят следующим образом: по переписи 1939 — насчитывалось 1 576 удмуртов, 1959 — 3 891, 1970 — 15 764, 1979 - 15460, 1989- 15855 [2, с.532].

Приведенные данные показывают большой скачок численности данной этнической группы в период освоения целинных и залежных земель в Казахстане и периода политики переселений и организованных наборов молодежи на промышленные города-новостройки. В последующее время увеличились внутренние миграционные процессы, особенно из сельской местности в город.

Доказательством может служить подробное рассмотрение расселения удмуртов по областям. В 1939 году наибольшее количество удмуртов было зарегистрировано в Алма-Атинской области — 194, Чимкентской — 171, Целиноградской — 168, Карагандинской — 166. Южные области в начале XX века явились регионом правительственного заселения окраин империи, чем и объясняется появление там выходцев с Поволжья. Из 19 областей в пяти удмурты не были отмечены, это Джезказганская, Кокчетавская, Магыстауская, Талды-Курганская, Тургайская.

По данным переписи 1970 года удмурты зарегистрированы во всех областях Казахской ССР. 54 % всех удмуртов (8585) были учтены в 4 областях: Кустанайской — 2929, Целиноградской — 2286, Карагандинской — 1734, Павлодарской — 1636. Численность удмуртов в указанных областях есть так же последствия трудовых миграций и организованных наборов рабочих в 60-70 гг. XX века. Карагандинская область как центр развития промышленности вошел в список районом, в который осуществлялся оргнабор молодежи.

По данным переписи населения 1999 г. численность удмуртского этноса составляла 9090 человек. Это на 6640 человек (41%) меньше по сравнению с 1989 г. В связи с этим есть необходимость отметить, что общая численность населения республики в данное десятилетие уменьшилось. Снижения численности удмуртского этноса в целом связано с уменьшением численности населения республики. Распад СССР, переход Казахстана к суверенному существованию и рыночной экономики увеличили миграционную мобильность населения как за пределы страны так и внутри. 1990-е гг. были периодом массовой эмиграции, пик которой пришелся на 1994 год, когда из страны выехало 481 тыс. человек [3, с.139].

Расселение удмуртов по областям практически не изменилось, лидируют те же три области компактного расселения: Кустанайская - 2309(25,4%), Акмолинская (бывшая Целиноградская) - 1748 (19,2%), Карагандинская - 1252 (13,8%), это практически больше 58 % от общего числа удмуртов Казахстана. Всего по 35 человек удмуртской национальности отмечено согласно переписи в Кызылординской и Атырауской областях. Отдельно выделено проживание удмуртов в городах Алматы — 212 и Астане — 256 человек.

Статистические данные 2009 года свидетельствуют, что более 49 % всей численности удмуртов являются городскими жителями. Так в Магыстауской области удмурты все 100% проживают в городах, в Атырауской, Карагандинской, Восточно-Казахстанской в городах более 80%, Кызылординской, Павлодарской – более 70%, Актюбинской и Жамбылской – более 50%. В областях Акмолинской, Костанайской, Северо-Казахстанской, Западно-Казахстанской с достаточно высокой численностью удмуртов, они по-прежнему продолжают проживать в сельской местности в силу традиционной привязанности к земле. Этот факт можно объяснить тем, что в данные области были направлены посланцы Удмуртии в годы освоения целинных и залежных земель, которые по-прежнему компактно проживают в совхозах и поселках указанных областей. Павлодарская область, принявшая часть новоселов, позднее была изменена в своих границах и частично некоторые целинные районы вошли в состав Акмолинской области [1, с.189-191].

Этнические стереотипы и взгляды изучаемой группы людей во многом определяют стратегию развития этнической группы, в том числе и процесса этнической социализации.

Связь со своим этносом у опрошенных респондентов проявляется, прежде всего, через язык и культуру. Это неудивительно: именно в них наиболее ярко отражаются этнокультурные отличия практически любого народа. Значимость языка как основного этнического признака осознается почти каждым респондентом. Мотивировки были следующие: многие видят в этом способ сохранения языка и народа, другие – хотят развивать культуру, и небольшая доля справедливо считает, что таким образом легче познавать другие этнокультуры. В то же время большинство (56%) не смогли обосновать свой ответ. Подобное затруднение скорей всего можно объяснить тем, что для этой части респондентов знание родного языка является как само собой разумеющееся, не подлежащее обсуждению.

На вопрос «Что объединяет человека с людьми его национальности» в большинстве случаев (78 %) ведущую роль было отдано языку. Меньшее значение языку в ответах молодого поколения объясняется коммуникативной ролью русского языка, для некоторых это язык, который связывает не только представителей этнических групп и выходит за рамки этничности. Молодежь общается на русском языке и не утруждает себя изучением языка своего этноса.

На новом месте изменялся уклад жизни, привычки, происходила адаптация к новым условиям. Однако и собственные традиции не забывались. В семейном этикете удмуртов угощение и застолье играют важную роль, символизирующую достаток и благополучие. При этом преобладающая часть обрядов, связанных с гостеприимством, выполняет функцию приумножения имеющихся благ.

До настоящего времени сохраняется обычай у марийцев, согласно которому на второй день свадьбы молодая должна была печь блины. Ее кулинарные способности оценивали присутствующие гости.

Надо отметить, что пища – элемент материальной культуры, несущий в себе традиционные черты, и в то же время этот элемент быстрее других принимает заимствования, вариации и новации. Даже при утрате национальных особенностей в одежде, утвари, домашней обстановке, в народе живёт привязанность к пище предков, особенно к праздничным блюдам. В системе питания сохраняется преобладающая роль хлеба, без которого не мыслим прием любой пищи. Большая часть марийцев называли более пяти национальных блюд: подкоголь – вареники с творогом; шово – квас; салмамуно – яичница; тувыртыш – запеченное в дузовке молозиво; шергинде – пресные лепешки. Шонгарям – пшенная каша, цемант – пельмени, пачат – блины, сурон ям – пшеничные блины национальные блюда мордвы.

Одним из актуальных направлений по сохранению и развитию традиционной национальной культуры и народного творчества является поддержка традиционных праздников, фестивалей, ярмарок и других форм культурной деятельности. Сегодня в Казахстане нет национальных культурных центров, но традиционные костюмы мордвы и

луговых удмуртов можно посмотреть в Восточно-Казахстанском областном архитектурно-этнографическом природно-ландшафтном музее заповеднике. В 2013 году областной историко-краеведческий музей города Кокшетау в ходе краеведческой экспедиции пополнил свои коллекции традиционным удмуртским костюмом, приобретенным в Атбасарском районе Акмолинской области.

Стабильность и сохранение этнических традиций, безусловно, зависят от сохранности традиционных знаний в конкретных локальных группах. Важное значение имеет государственная политика в области межэтнических отношений и большая заслуга в этом принадлежит Ассамблее народа Казахстана, силами которой сегодня поддерживается интерес к национальным культурам и предоставляется возможность ярко представить историю и культуру той или иной этнической группы.

Список использованной литературы:

1. Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан. Статистический сборник/Под ред. А.Смаилова/ - Астана, 2010. - 297 с.

2. История Казахстана: народы и культуры. Алматы: Дайк-Пресс, 2001.- 600 с.

3. Алексеенко А.Н., Алексеенко В.Н., Козыбаев М.К., Романов Ю.Н. Этнос Казахстана. - Астана: Ел-орда, 2001. - 167 с.

КЕҢЕСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫ

Қабдөшев Б.Ж.

*Алматы энергетика және байланыс университетінің
т.ғ.к., доцент, Алматы қ.*

1930-40 жылдары КСРО саясатының құрбандығына ұшырап Қазақстанға арнайы қоныстандырылған негізінен азшылық болып есептелетін мұндай ұлттар, ұлт өкілдері республикамызда баршылық. Олардың қатарында немістер, поляктар, месхет түріктері, чешендер, ингуштер, қарашай, балқар ұлтының өкілдері бар. Егеменді еліміздің тең құқылы азаматтары болып есептеліп, республикамыздың экономикасының өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген ұлт өкілдерінің туған жерінен қоныс аударуының негізгі себебі-жалған интернационализмді бетперде қылып ұстанған КСРО саясатында жатыр. Қиыр Шығыстан алғаш құрбандыққа ұшырап жер аударылған корейлер болатын. Корейлер киген кепті арада аз уақыт өткеннен кейін поляктар, немістер, т.б. ұлт өкілдері киеді.

Қазіргі күнде Қазақстан жерінде 51 мыңдай поляктар тұрады. Егер 1989 жылғы санақ бойынша олардың республика көлеміндегі жалпы саны 60 мың адам шамасында болғанын ескерсек, славяндардың батыс тобына жататын осы ұлт өкілдерінің санының кеміп келе жатқанын бағамдау қиын емес. Таңданарлық жай, соғыс кезінде күштеп қоныс аударылған халықтардың қатарында бұлар жоқ. Сонда поляктар Қазақстанға қалай келіп жүр? Енді мына төмендегі құжатқа көз жүгіртіп көріңіз.

«КСРО ішкі істер халық комиссары, 1-ші дәрежелі мемлекеттік қауіпсіздік комиссары жолдас Л.П.Берияға (18 қазан 1940 жыл).

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 10 көкектегі № 497-178 санды қаулысы бойынша Батыс Украина мен Беларусь КСР-нен поляктардың әртүрлі қуғынға түскен топтары өкілдерінің: бұрынғы поляк армиясы офицерлерінің, полицейлерінің, түрмедегілерінің, жандармының, ірі жер-фабрика иелерінің, сондай-ақ бұрынғы поляк мемлекеттік аппаратындағы чиновниктер отбасы мүшелерінің 50667 адамы (кейбір деректерде 61092 адам) Қазақ КСР-іне қоныстандырылды.

Олар негізінен Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Семей облыстарына орналыстырылған. Қазақ КСР-інің халық шаруашылығындағы жұмыс

қолының орасан жетіспеушілігіне қарамастан арнайы қоныстандырылушыларды еңбекке тарту өте қанағаттанарлықсыз күйде. Павлодар облысында арнайы қоныстандырылушылардың тек 40 проценті ғана еңбекке пайдаланылуда.

КСРО НКВД ГЭУ-і 6-шы бөлімнің бастығы, мемлекеттік қауіпсіздік капитаны Безруков». [1]

Бұған дейін Қиыр Шығыстан корей ұлты өкілдерін 1937 жылы дәл осындай жолмен негізінен Қазақстанға күштеп қоныс аударған КСРО сыңды қатаң тәртібі бар үлкен ел үшін бұл жай, әрине, жаңалық емес. Бірақ мұның Ұлы Отан соғысы кезінде әдеттегі заңдылыққа айналғаны анық. Сонымен корей мен поляктар киген кепті кімдер киді. КСРО көлеміндегі олардың саны төмендегідей. (1948 жылғы санақ бойынша).

1. Немістер – 1 млн 24 мың 722 адам.
2. Чешен, ингуш, қарашай, балқарлар -608 мың 749 адам.
3. Қырым татарлары, армяндар, гректер – 228 мың 392 адам.
4. Түріктер, курдтар, хемшиндер – 94 мың 955 адам.
5. Қалмақтар – 91 мың 919 адам.
6. «Оуновшылар» - 100 мың 310 адам.
7. «Власовшылар» - 148 мың 079 адам.
8. Литвалықтар – 49 мың 331 адам.
9. «Жазалылар» - 16 мың 465 адам.
10. «Фолкдойче» ұйымдағылар – 5 мың 914 адам.
11. Бұрынғы кулактар – 962 мың 251 адам.

Барлығы 3 миллион 290 мың 367 адам.

Міне, осы халықтар, топтар өкілдерінің үштен бірі 1941 жылдан 1948 жылға дейін негізінен Орта Азия республикаларында, мұның ішінде Қазақстанға 774 мың 730 адам; Қырғызстанға 124 мың 282 адам; Өзбекстанға 167 мың 274 адам қоныстандырылады. Жоғарыдан көріп отырғандарыңыздай, қоныс аударылғандардың көпшілігі негізінен әртүрлі саяси айып тағылған ұйым, топ, сондай-ақ тап мүшелері екенін ескерсек, республика жеріне арнайы қоныстандырылғандар негізінен «қошқар қойдың сақасы» екенін бағамдау қиын емес. Осындай арнайы жүргізілген күштеп қоныстандыру шараларының саны 2 миллион адамға жуықтап, 1 миллион 976 мың 746 адамға жетеді. Ұлттық құрамына назар аударсақ, ол төмендегідей.

Еуропа өңірінен: немістер – 448626 адам; поляктар – 35960 адам; **Солтүстік Кавказдан:** чешендер – 244674 адам; ингуштер – 80844 адам; қарашайлар – 35735 адам; балқарлар – 16819 адам; басқа ұлт өкілдері – 1032 адам. **Қара теңіз жағалауынан:** гректер – 37619 адам, түріктер - 18 адам, армян дашнактары – 17 адам, басқа ұлт өкілдері – 69 адам. **Грузиядан:** (1951-1952 жылдары) «Оуновшылар» - 8011 адам; басқа ұлт өкілдері – 3574 адам. **Қырымнан:** татарлар – 2511 адам; кабардалықтар – 1717 адам; гректер – 1240 адам; ирандықтар – 4707 адам; армяндар – 575 адам; басқа ұлт өкілдері – 366 адам. **Краснодар өлкесі мен Ростов облысынан:** орыстар – 6057 адам (кулак). **Молдовиядан:** (1940-1941 жылдары) молдавандар – 3681 адам. **Волгоград маңайынан:** қалмақтар – 2472 адам. **Орта Азия Республикаларынан:** 2747 адам (басмашы). Сондай-ақ **Прибалтика республикаларынан:**– 12. Оның ішінде 4 литвалық, 4 латыш, 4 эстондық арнайы қоныстандырылады.

Әрине, бүкіл КСРО-ны шарпыған жалынан қазақтар да кенде қала қоймаған. Арнайы қоныстандыру қармағына ілініп құқай көрген олардың саны 2074. Қазақтар мұндай «ұлы» арнайы қоныстандырылу тізімінде өзбектерден кейін 25-ші орында тұр. Теперіш көруден алдыңғы орында тұратын халқымыздың бұл «игі» шарадан шет қалуының негізгі себебі 1930 жылдардағы аштықтың кесірінен қырылып және 1937-1938 жылдарда бас көтерерлерінен тұтастай айрылып қалғандығынан болса керек.

Сондай-ақ арнайы қоныстандырылушылардың республика көлемінде орналастырылуы төмендегідей (1952 жылғы 1 шілдедегі мәлімет, облыстар бойынша):

1. Ақмола – 117 183 адам.

2. Ақтөбе – 31618 адам.
3. Алматы – 55587 адам.
4. Шығыс Қазақстан – 45055 адам.
5. Жамбыл – 65581 адам.
6. Батыс Қазақстан – 1335 адам.
7. Қарағанды – 133 017 адам.
8. Қызылорда – 25225 адам.
9. Көкшетау – 98128 адам.
10. Қостанай – 81091 адам.
11. Павлодар – 66680 адам.
12. Солтүстік Қазақстан – 47343 адам.
13. Семей – 25517 адам.
14. Атырау – 8128 адам.
15. Талдықорған -38115 адам.

Барлығы 974 мың 469 адам (Бұл жерде арнайы қоныстандырылушылардың 17 жастан асып арнайы есепте тұрғандарының ғана саны алынып отыр).

Әрине, «қоныс аударушылардың» жағдайы көңілдегідей болды деп ешкім де айта алмайды. Мысалы, КСРО көлемінде жер аударылған 608 мың 749 қарашай, чешен, ингуш, балқар ұлты өкілдерінің 144 мың 704-і;

- 228 мың 392 қырым татарлары, армян, гректердің – 44 мың 125-і;
- 94 мың 955 курд, түріктердің – 14 мың 185-і;
- 91 мың 919 қалмақ ұлты өкілдерінің – 16 мың 017-і;
- 100 мың 310 «оуновшылардың» - 10 мың 384-нің жағдайының ауырлығынан, әртүрлі

аурудан өлгенін ескерсек, қоныстандырылушыларға жасалған жағдайдың «құдасының үйіне келгендегідей» емес екенін пайымдауға болатындай.

Үлкен елдің бір пұшпағы саналатын Қазақстанда да мұндай келеңсіз жай көпке дейін түзеле қоймаған.

Бұл тұрғыда 1949 жылғы 14 мамырда КСРО Ішкі істер министрі генерал-полковник С.Кругловқа жазған баяндамасында КСРО бойынша арнайы қоныстандыру бөлімінің бастығы полковник Шиян төмендегідей жайды мәлімдеуге мәжбүр болады.

«1948 жылғы астық өнімдерінің нашар шығуына байланысты Қазақстанның солтүстік және солтүстік шығыс аудандарындағы халықты, әсіресе арнайы қоныстандырылушыларды азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету өте қанағаттанарлықсыз жағдайда.

КСРО Ішкі істер министрлігіндегі арнайы қоныстандыру бөлімінен алынған толық емес мәліметтер бойынша Ақмола, Ақтөбе, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарында көшіп келушілердің 118 мың 259 адамы тамаққа өте мұқтаж екені анықталды. Бұлардың 2590-ы дистрофиямен ауырады, сондай-ақ тамақтың жеткіліксіздігінен 18 адамның қайтыс болғандығы тіркелді »...[2]

Сондай-ақ бұл баяндамада арнайы қоныстандырылушылардың Ақмола облысындағы 110 097 адамның – 28 405-і;

- Көкшетау облысындағы 91 634 адамның – 16 302-і;
- Солтүстік Қазақстан облысындағы 45 314 адамның – 5 355-і;
- Семей облысындағы 49 787 адамның – 9 142-і;
- Ақтөбе облысындағы 30 112 адамның – 6 442-і аштыққа ұшырағандығы көрсетіледі.

Сосын салдарынан кейбір аудандардағы «қоныстанушылардың» тышқан, мысық еттерін жеу оқиғалары кездескендігі айтылды. Әрине, бұл сол заманның шындығы.

Үкімет сол кезде Қазақстанға қоныстандырылушыларға жағдай жасауға, оларды құтқарып қалуға қолдан келгенді жұмылдырғанын архив құжаттары дәлелдейді. Ол кезде қысқа жіп күрмеуге келмей, республиканың байырғы тұрғындарының да шекесі шылқып тұрмағаны тағы белгілі. Соған қарамастан қазақ халқының тікелей өз тарапынан да, жергілікті үкімет тарапынан да қоныстандырылушыларға қал-қадірінше көмек көрсетіліп,

жағдай жасалғанына тарих куә. Қазақтардың қонақжай, қайырымдылығы арқасында көшіп келгендер зауалдан аман қалып, есіп жиып, еңсесін көтерді. Оған сол кездегі бала – қазіргі ақсақал, - аға толқын, немере-шөбере сүйіп, өсіп өркендеген ақ самайлы әжелер куә... «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпес» дегендей, көзі тірі қоныс аударушылар мұны ұмыта қойған жоқ. Оларға жасалған нақты қамқорлықты төмендегі архив құжаты да растай түседі.

**«Министру внутренних дел СССР
тов. Чернышову В.В**

...На территории Казахской ССР на 1.X.1946 г. из числа получивших скот имелось в республике 5123 семьи спецпереселенцев, в том числе 56 семей калмыков. Спецпереселенцев из Грузии в Казахскую ССР было вселено 6295 семей. На IX.1946 г. их имелось – 6573 семей. Последним было отпущено – 1332,3 тонн, что могло обеспечить из расчета 215 кг на семью 6192 семей.

Как видно, выделение скота оказалось недостаточным для обеспечения спецпереселенцев из Грузии, и по той причине 165 семей этого контингента получили скот, предназначенный для спецпереселенцев с Северного Кавказа.

Учитывая изложенное, Совет Министров Казахской ССР не имеет возможности удовлетворить Вашу просьбу.

**Д.Кунаев,
заместитель Председателя Совета
Министров Казахской ССР.
11 февраля 1947 год».[3]**

Сондай-ақ республика көлемінде қоныстанушыларды арнайы үй-жаймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, балаларын мектепке оқыту мәселесі де назардан тыс қалмаған. Мысалы, 1946 жылға дейін арнайы қоныстанушылардың жұмысқа жарамды 169 мың 881 адамның 160 мың 390-ы әртүрлі жұмысқа алынып, шаруашылықтың, өндірістің әр түрлі саласында жұмыс істесе, 1945-1946 жылдары 1000-ға жуық адам әртүрлі зәру мамандықтар бойынша арнайы мамандық алып шығады. Нақтырақ айтсақ, олар елімізге сол кезде өте қажет (трактористер – 189 адам, комбайыншылар – 74 адам, жүргізушілер – 159 адам, ұсталар – 114 адам, жөндеушілер – 432 адам) мамандық иелері-тұғын. Әрі сол жылы 92 мың отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, 60800 отбасы колхоз-совхоздарға әртүрлі артельдерге мүшелікке қабылданды.

Дегенмен Қазақстан көлеміндегі сол кездегі қалыптасқан қиын жағдай қоныстандырушылар балаларының мектепке оқуы тұрғысындағы мәселені көпке дейін күн тәртібінен түсірмейді. Әрі ол кезде қоныстандырушылар өздерінің тұрған жерінен тек НКВД органдарының арнайы рұқсат беруімен ғана шыға алатын еді. Осындай-ақ олардың балаларының мектепке не үшін «құлық» танытпағанын бағамдау қиын емес.

Осындай қиындықтардың әсерінен 1946-1947 оқу жылында қоныстанушылардың мектеп жасындағы 89102 балаларының тек 22000-ның ғана мектеп партасына отыру мүмкіндігі болады.

Сөз орайында айта кетейік, жағдайлары қиын болғандықтан «қоныстанушылар» арасында ұрпақ мәселесі, яғни туу, өсім жалғастыру мәселесі көңілдегідей болды деп айта алмаймыз. Мысалы, 1945 жылғы мәлімет бойынша қоныс аударушылар арасындағы туу мен өлімнің арасалмағы төмендегідей:

Реті	Қоныс аударғандар	Туу	Өлім
1	Солтүстік Кавказдан келгендер арасында		
2	Немістер	2230	44652
3	Бұрынғы кулактар	1914	6930
4	Грузиядан	1691	8194
5	Қырымнан	1691	6202
6	Қалмақтар	1099	15997
7	Неміс пособниктері	351	3735
8	Литвадан келгендер	6	118
9	Таза право	3	142
9	славиелік христандар	1	72

Барлығы	8039	89659
---------	------	-------

Көріп отырсыздар, туу өлімнен 11 еседен астам аз...

Әрине, кімге болсын туған жерінен күштеп қуылу оңай емес. Атамекенді, сондай-ақ бостандық аңсау сезімі қоныс аударылғандардың кейбіреуін ғана жүрек жұтқандарын, КСРО-ның темір тәртібіне мойынсұнбай қашып кетуге мәжбүр етеді. Мысалы, НКВД, басқа да құқық қорғау органдары осындай тәртіпке мойынсұнбаған қоныс аударушылардың 1947 жылға дейін 24 мың 524-не, 1947 жылы 10 мың 897-не, 1948 жылы 15 мың 424-не, 1949 жылы 11 мың 205-не іздеу салып қуғындаған. Соғыс жүріп жатқан кезде де тіпті сонан кейінгі уақытта да қашқындарды ұстау, жазалау жүйелі түрде жүргізіліп, 1948 жылдың соңына қарай ұсталып жазаланғандардың саны 30 мың 67 адамға жетеді. Егер бұл жылдардағы жалпы «қашқындар» санының жиынтық мөлшері 50 мың 805 адам болғанын ескерсек, темірдей тәртіп олардың 60 проценттен астамын, түрмеден бір-ақ шығарды. Бейбіт кезеңдей емес, сол аласапыран уақытта да қашқындарды ұстап жазалауға деген мұндай мұқияттылыққа таңданбау мүмкін еместей... Ал ұсталғандар туралы 1948 жылғы мәліметке көз жүгіртсек, олардың 6577-і неміс, 2208-і солтүстік Кавказдан, 2293-і қырымнан, 315-і курд-түрік, 227-і қалмақ ұлтының өкілдері болатын.

Жалпы халыққа сенімсіздік көрсетіліп отырғанда, қоныстандырушылардың құқық қорғау органдарында істейтін қызметкерлеріне де сенім көрсетілмегені белгілі. Бұл тұрғыда соғыс аяқталғанына төрт жылдай уақыт өтсе де КСРО Ішкі істер министірлігі тарапынан генерал-лейтенант Рясной қол қойған төмендегідей өкім қабылданады.

«КСРО Ішкі істер министірлігі бойынша ӨКІМ. Өлкелік және облыстық Ішкі істер басқармаларының бастықтарына!

Келіп түскен сұрау салуларға орай КСРО ІМ талап етеді.

Ұлы Отан соғысы кезінде тұрақты тұруға қоныс аударылған халықтардың (чешендердің, қарашайлардың, ингуштердің, балқарлардың, қалмақтардың, немістердің, қырым татарларының тағы басқаларының) бұрынғы НКВД – НКГБ, МВД (ІМ) – МГБ-дағы (МҚМ) қызметкерлері отбасы мүшелерімен бірге шұғыл түрде жергілікті жердегі арнайы қоныстандырылушылар қатарына есепке алынсын.

КСРО ХКК-нің 1945 жылғы 8 қаңтарда «Арнайы қоныстандырылушылардың құқықтық жағдайы туралы» №35 санды қаулысын және КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1948 жылғы 26 қарашадағы «Қоныстандырылушылардың ... уақытша және тұрақты тұрған жерден қашуына байланысты қылмыстық жауапкершілігі туралы» жарлығын басшылыққа ала отырып, КСРО НКВД-ның 8 мамырдағы №00246 және 1945 жылғы 7 желтоқсандағы жарлықтарына сәйкес (оларға) әкімшілік бақылау күшейтілсін. Орындау жайында мәлімделсін.

**Генерал-лейтенант Рясной,
КСРО Ішкі істер министрінің орынбасары.
12 наурыз 1949 жыл».[4]**

Міне, кезінде КСРО-ның Сталин тұсындағы аз ұлттарға жасаған «интернационалистік» саясатының көрінісі осындай. Халықтар көсемінің қайтыс болуына байланысты ұлттар тағдырына қарсы жасалған қастандықтың темір құрсауы сәл-пәл босаңсығанымен көпке дейін үзіліп кете қоймағаны да көпшілікке белгілі. Ал үзілу КСРО-ның ыдырауымен мүмкін болды.

Қазіргі күнде мақалаға арқау болған ұлт өкілдері егемен елдің тең құқылы азаматтары ретінде байтақ Қазақстанда, ынтымақты тірлікпен бейбіт күй кешіп жатыр.

«Бірлік болмай тірлік болмайды» дейді халқымыз. Сондай-ақ Ата Заңымыздың 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның қымбат қазынасы адам және адамның өмірі мен бостандықтары» деп жазылған. Сондай-ақ Конституциямыздың 10-бабында: «Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің

азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды» деп көрсетілген[5].

Мұндай жайдың Қазақстанды атамекен етіп отырған барлық халықтар мен ұлттардың өкілдеріне, сондай-ақ кешегі күні кеңес өкіметінің қатал саясатының салдарынан туған жерінен қол үзіп қазақ даласына келген, қазіргі күнде республикамыздың тең құқылы азаматтары болып отырғандарға да қатысты екеніне дау жоқ. Лайым солай болғай.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚРОМА, 30-қор, 10-тігін, 8-іс, 118-парақ.
2. Бұл да сонда, 1137- қ., 1-т., 15- іс, 1-п.
3. Бұл да сонда, 1137- қ., 1-т., 10-іс, 7-п.
4. Бұл да сонда, 1987-қ., 1-т., 19-іс, 27-п.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -Алматы, 1999.

БЕЛОРУС ХАЛҚЫНЫҢ ТЫҢ ИГЕРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТАРИХЫНАН ҚЫСҚАША ШОЛУ

Маслов Х.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы

Кеңестер Одағының тарихында ұмытылмас беттердің бірі болып саналатын, алайда бүгінгі көз қарастар тұрғысынан басқа да қисында сұрақтар туындатып отырған аса ірі эпопеялардың бірі – Тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесі. Аграрлық факторға қатысты болғандықтан, төмендегі мына бір тарихи ақиқаттарды да аттап өтпегеніміз лазым.

Столыпин аграрлық реформасынан кейінгі ірі көлемді қоныс аудару Тың және тыңайған жерлерді игеру болып табылады. Бұл аймақтарға негізінен Ертістің оңтүстік өңірлері, дәлірек айтқанда, оңтүстік Омбы, Алтай өлкесі мен Қазақ ССР – нің солтүстік аудандары енген болатын – ды. Ресей өлкелерінің де далалық аймақтары игеріліп жатқанына қарамастан, Қазақстанның солтүстік облыстары көбірек назарға ілінгендіктен, дәл осы жерлерге Украина мен Белоруссиядан қоныстанушылар легі көптеп келіп жетті.

1954 жылы «Тың жерлерді игеру» деген ұранға Бүкілкеңестік Одақтың, соның ішінде Белоруссияның комсомол жастары да үн қатқан болатын. Ал ең алғашқы болып ниет білдірген Т.Волкович атты азамат болатын. Осы жылы Солтүстік Қазақстан облысының колхоздарына жалпы саны – 7105 жанұя, ал келесі жылы, дәлірек айтсақ, 1955 ж. – 12969 жанұяны қоныстанандыру жоспарланды. 1954 жылы 25 – қазандағы облыс колхоздарының жағдайына қарай, Белоруссия мен Украинадан – 89 жанұя қоныстанып үлгереді [1,58].

1956 жылы Брест облысы, Баранавоцк ауданы, Чешевлянск ауылынан көшіп келген бес жанұя жаңа жерде жақсы бейімделе бастайды. Мұрағат құжаттарындағы мәліметтерге сүйене отырып әр бір қоныстанған отбасы туралы ақпаратты келтіруге болады. Мысалы: Близнюк Иван – ағаш ұстасы, Ткаченко Петр – тракторлық бригадаға есепші, Курова Александра – бұзау қамаушы, Толкач Иван – тракторшы болып жұмыс істеген. Бұған қоса, әр бір жанұя қосымша ақша мен нан өнімдерін де алды. Өздерінің жақсы өмірі туралы олар Серке ауылында тұратын өз жерлестеріне хабарлаған бойда, 1957 жылы наурыз айында Чешевлянск ауылынан тағы да бес жанұя көшіп келеді, олардың ішінде Шпаковка ауылынан қоныс тепкен Иван Николаевич Царюктің де жанұясы болды.

Билік назарына іліккен Хрущев атты колхоздың орталық үй – жайы негізінен – Ақмола облысынан 35 километр қашықтықта орналасқан Максимовка ауыл мекені еді. 1957 жылы колхозға Брест және Витебск облыстарынан тағы да 17 жанұя қоныстанады. Колхоздағы жақсы колхозшылардың қатарында Белоруссиядан келген жаңа қоныстанғандардың есімдері де аталады. Солардың бірі ретінде – Брест облысы, Сталин ауданы, Теревит ауылынан көшіп келген Прокопчук Денис Романовичтің отбасын айтуға болады. Шеберханада сегіз айдын

ішінде Денис Романович 540 еңбек күнін, жұбайы Юстиана Кузьминична – бұзау бағушы болып 432 жұмыс күнін істеді. Ал он жеті жасар ұлы Роман тіркемеші болып, 475 жұмыс күнін атқарған. Үш адамнан тұратын осындай жанұя өз еңбектері нәтижесінде 13 630 рубль табыс тапса, 2 726 килограмм бидай және басқа да өнімдерді жинап алған. Қазақстанға Тың игеруге келген белорустардың өмірлері турасында әр түрлі мағлұматтарды сол кездегі Кеңестік идеологиялық жүйеге орай, насихаттау тұрғысынан Белоруссия басылымдары, мәселен, төмендегідей газеттер мен журналдар айтарлықтай өз беттерін берді: «Знамя коммунизма». 24.02.1954 ж., №10 (Минск), «Витебский рабочий». 1954 ж. 2 наурыз №43 (9339) (Витебск), «За Радзиму». №92. 1954 ж. 9 мамыр (Могилевск), «Гомельская правда». №41. 1954 ж. (Гомель), «Путь победы». 1958 ж. (Гродно) [2].

Тың жерлерді игеруге келген белорус өкілдері туралы көптеген деректер мен құжаттар қазіргі уақытта Қазақстан республикасының мемлекеттік мұрағаттарында сақталған. Мысалы, Астана қаласының мемлекеттік мұрағатында сақталған мынадай мәліметтерге назар аударған жөн [3]:

Жылдар	1960 жыл		1961 жыл		1962 жыл	
	Жоспар бойынша	Нақты	Жоспар бойынша	Нақты	Жоспар бойынша	Нақты
Жанұя	620	643	700	725	638	665
Адам	2480	2470	2820	2618	2816	2720
Соның ішінде						
Жұмысшылар		381		539		501
Әскерилер		21		14		10
Шаруалар		118		78		79

1961 жылы Белорус КСР – нен Солтүстік Қазақстан облысы, Пресновск және Октябрьск аудандарына 644 жанұяның қоныстанғандығы, ал алғашқы жаңа қоныстанушылар санының 2 425 адамды құрағандығын көруге болады. Барлық еңбекке жарамдылар жұмысқа тез арада белсене кірісіп кеткен [4].

Қазақстан республикасының мемлекеттік мұрағаттарында құжаттардың бірінде тіпті Солтүстік Қазақстан облысы «Княгининский» савхозының сауыншы әйелі И.Маркинаның 1963 жылғы 23 – қаңтарда совхоз директорларының мәжілісінің алқа жиылысында сөйлеген сөздері де сақталған: «...мен сауыншы болып 1959 жылдан бері жұмыс істеймін, совхозға Белоруссиядан комсомол жолдамасы арқылы келдім. Айтайын дегенім, тын жерде жұмыс істеу және өмір сүру маған қатты ұнады! Өмір бойына осы жерде қаламын.....» [5].

Бұдан басқа, Ақмола облысының мемлекеттік мұрағаттарында да Белорус ССР – нен қоныс аударып, тын жерлерде жұмыс істеген көптеген жанұялар туралы қызықты мәліметтер сақталған. Мысалы: 1962 жылы 7 076 қоныстанушылардың арасынан 3 914 адам сол уақытта жұмыспен қамтылса, көптеген белорус өкілдері әр түрлі халықтардың арасынан өз адал еңбегімен үлкен құрметке бөленіп, жаңа жерлері игеруде беделге ие болғандағы көрсетілген [6].

Жергілікті комсомол комитеттері облыстарда совхоздар мен колхоздарда еңбек ететін комсомол жастарының санын көбейту мақсатымен еріктілерді барынша жұмысқа тартты. Сол уақытта Қазақстанда жоғары білікті аграрном және механиктер жетіспеушілігі айқын байқалған болатын.

1955–1958 жылдар аралығында Белоруссия ауылшаруашылық академиясының мыңға жуық студенті тың жерлерді игеру үшін Солтүстік Қазақстан облысына келген. Олар әр түрлі жұмыстарды атқарды, дәлірек айтқанда өнімдерді жинады, тұрғын үйлер мен жатақханалар құрылысына көмектесті. Бұл жайында Қостанай облысы, Камышин ауданы, Алтынсарин совхозының әкімшілігінің берген мінездемесінде де айтылады. Құрылыста еңбек еткен студент жастар бірнеше жатақхана тұрғызып, алты шахталық құдық қазды және малға

беретін азық өнімдерін дайындауда көмек көрсетті. Осылайша белорус студенттері қажырлы еңбек етіп, Тың жер тұрғындарының шексіз алғысына бөленді.

Нақ сол жылдардан бастап жыл сайын Белорус ауыл шаруашылық академиясының түлектерінің Тың жерлерді игеру үшін Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарының совхоздары мен колхоздарына бағытталып отыруы тұрақты түрде қолға алынса, соның дәлелі ретінде, айталық, 1958 жылы Белорус ауыл шаруашылық академиясынан тағы да 21 түлек өз еркімен Қазақстан топырағын басты. Осылайша, республиканың солтүстік өңірлері тиісті мамандармен қамтамасыз етілді.

Жылдар бойы тәрбие жинақтаған жас студенттердің де қызметтері жоғарылады. 1970 жылдары Қазақстандағы жерге орналастыру институты және оның әр түрлі облыстардағы бөлімшелерінің ашылуына кезінде 1957 – 1959 жылдары Белорус ауыл шаруашылық академиясы түлектерінің Қазақстанға келуі де елеулі роль атқарды. Мысалы: Орал облысы бөлімшесінің бас мекемесінде – Константин Протасов, Александр Шингирей, Семейдегі бөлімшесінің бас мекемесінде – Лев Подольский, Петропавлдағы бөлімшесінің бас мекемесінде – Виктор Баранов, ал Павлодардағы бөлімшесінің бас мекемесінде – Леонид Авдеенко басшылық етті. Бұл бөлімшелердің жобалық - өндіріс бас мекемесінің басшысы лауызымында Борис Коваль отырса, ал сол кездегі Целиноград облысында – Виктор Клебанов болатын. Олардың кейбіреулері тамаша жетістіктерге жетіп, келелі биіктіктерді ала білді. Төмендегі мына бір мысал осыны айғақтай түседі.

Павел Атрушкевич жай ғана инженер қызметінен Қазақ Ұлттық сәулет – құрылыс Академиясының ректоры лауызымына дейін көтерілді. Ал кейін Қазақстан Республикасының парламент сенатына сайланды. Қазіргі уақытта Павел Атрушкевич Қазақстан халқы Ассамблеясының белді мүшесі [7].

Тың жерлерді игеруге келіп, өз тағдырларын Қазақстанмен байланыстырған белорус ұлтының өкілдері: Евгений Иванов, Михаил Каледич, Николай Агеев, Анатолий Новиков, Анатолий Рубашин, Петр Самостроенко, Владимир Лычковский, Эдуард Никончуктер де ауыз толтырып айтарлықтай дәрежелер мен деңгейлерге көтерілді.

Тың жерлерді игеру нәтижелері жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізді. Нақтырақ айтқанда, 1956 жылы Қазақстан алғашқы бір миллиард пұт бидай өндірісе, 1958 жылы жалпы егістік ауданы 28,6 миллион гектарға жеткізілді, соның ішінде 23,2 миллион гектарына таза бидай өнімдері егілген болатын.

1956 жылы Қазақ КСР – і ең ірі бидай алқабы үшін Ленин орденімен марапатталды. Өздерінің қажырлы еңбектері үшін 40,5 мың адам ордендер мен медальдарға ие болды. Бұлардың ішінде «Социалистік Еңбек Ері» атағына ие болған қазақстандық белорус өкілдерінің есімдері де аталады. Мысалы, Белоруссиядағы Копыльск ауданы, Пузова ауылында туып өскен Александр Нахманович та бар еді. Ол Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Жамбылдағы қызылша өндіретін совхозда еңбек етіп, 1958 жылы Жамбыл ауданындағы «XXII партсъезд» атты колхоздың төрағасы болды. 1964 жылдан бастап Жамбыл облысы, Свердловск ауданы «Трудовой пахарь» колхозының төрағасы қызметін атқарды. Бір жылдан соң ауыл шаруашылығындағы үлкен жетістіктері үшін Александр Нахманович «Социалистік Еңбек Ері» атағына ие болып, 1967 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Мұндай үлкен құрметке Белоруссияның Гродно облысы, Щучинск ауданы, Войскол ауылының тұрғыны Геннадий Ткачук те бөленген еді. 1956 жылы Целиноград облысы, Державинск ауданы «Отрадный» совхозында тракторист – комбайнер болып жұмыс істеген ол 1961 жылы жаңа Тың жерлерді нығайту қажеттілігі туындаған кезде, үздік механизатор ретінде «Титов» атындағы жаңа совхозға қызмет етуге іс сапарға жіберілді. Алты жыл бойы СК-3 комбайнімен жұмыс істеп, 12 790 гектар алқапты өңдеп, 63 290 центнер бидай өнімін ұнтақтады. Геннадий Ткачуктің көмегімен тағы да он сегіз жұмысшы комбайн мамандығын игерді. Осы еңбегі үшін ол 1967 жылы «Еңбек Ері» жұлдызымен марапатталды [8].

Витебск облысы, Меховск ауданы, Марчанка ауылының тұрғыны – Алексей Амбросенко 1956 жылдың өзінде ең жоғары сапалы теміржолшы маман атанып, алғашқы

қызметін Алексей Талдықорған облысындағы Ақтоғай темір жолын салудан бастаған болатын. Еңбектегі ерен ерлігі үшін 1961 жылы Алексей Амбросенко да «Еңбек Ері» атағына ие болды.

Қазақстандық белорустар арасында сол жылдары жоғары еңбек наградаларымен марапатталғандар арасында - «Московский» совхозының директоры – Аркадий Гаурлик, «Буревестник» совхозының басшысы – Николай Козлов, Қостанай облысы, «Борковский» совхозының комбайнері – Иван Крупский, Торғай облысының Тың жерлердегі суармалы егін алқабының бригадирлері – Нина Куриленок мен Алексей Старостин, Жамбыл облысынан сауыншы – Елена Свинковская сынды азаматтар да бар еді. Олар турасында Белорус КСР-нің баспасөздері де жазып жатты [9,10].

Тың жерлерді игеру науқаны кезінде Қазақстанның демографиясында елеулі өзгерістер орын алды. 1970 жылы белорус өкілдерінің саны 200 мыңға дейін жеткен еді. Қазіргі уақытта да осы Тың игерушілердің ұрпақтары өздерінің екінші Отаны – Қазақстанда еңбек етіп келеді. Бұған мысалдарды көптеп келтіруге болады. 1955 жылы Минск облысы, Слуцк ауданынан Қостанай облысына Дмитрий Чепурко – тракторист болып келген еді. 1996 – 2001 жылдар аралығында «Молсервис» консорциумының бас директоры қызметін атқарды. Қазіргі кезде Дмитрий Чепурко ЖАҚ «Молсервис АЗФ» (Ақтөбелік ферроқорытпа заводы) басқарып келеді. Қазақстан Республикасының медальдарымен екі мәрте марапатталған.

Шығыс Қазақстан облысы, «Камышинское» деп аталатын жеке ауыл шаруашылығының басшысы Владимира Акуловтың да өмірі тың жерлерді игерумен тығыз байланысты. Оның ұжымы облыстағы мал шаруашылығының өнімдерін өндірудің көшбасшысы ретінде саналады. Акулов аумақтағы әлеуметтік саланы көтеруге де өз үлесін тигізуде. Бұл күндері жеке кәсіпкердің көмегімен ауылдық жерде екі емхана, екі мектеп, мәдениет үйі салынған. Сонымен қоса, көп балалы отбасылар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған жанұяларға және зейнеткерлерге дәйекті түрде көмек көрсетіліп тұрады [11,21].

Қазақстандық Тың жерлерді игерудің жаңа тарихы бүгінде жаңа көзқарастарды талап етуде. Бұл тарихшы мамандардың алдарындағы тұрған келелі мәселелер қатарынан ойып тұрып орын алады. Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны Қазақстан тарихының жаңа бір беттерін ашқанына ешбір күмән жоқ. Осы науқанға белсене қатысқан белорус халқы өкілдерінің сіңірген еңбектері мен атқарған қызметтері болашақтағы мейілінше объективті негізде жазылған Қазақстан тарихында өз орындарын алатындары тарихи ақиқат.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Астана қаласының Мемлекеттік мұрағаты (АҚММ). Қ.138, Т.12, Б.10, 58-59 бб.
2. АҚММ. Қ.137, Тізбе 9, Бума 8, 50-62 бб.
3. АҚММ. Қ.136, Тізбе 7, Бума 5, 3-10 бб.
4. АҚММ. Қ.136, Тізбе 7, Бума 6, 4 б.
5. АҚММ. Қ.138, Тізбе 12, Бума 4, 17 б.
6. АҚММ. Қ.137, Тізбе 9, Бума 5, 26 б.
7. Кабульдинов З.Е. Народы Казахстана: история и современность. Учебное пособие для 11 класса общеобразовательных школ. – Астана, 2007. Информационный бюллетень белорусских общественных организаций Казахстана №1. – Минск, 2006. – 36 б.;
8. Астана қаласының Мемлекеттік мұрағаты. Қ.138, Тізбе 12, Бума 4, 20 б.
9. Знамя коммунизма. – 24.03.1976, №11(Минск).
10. За Радзиму. №92. – 19 сәуір. – 1973 (Могилевск).
11. Информационный бюллетень белорусских общественных организаций Казахстана №1. – Минск, 2006. – 36 б

ҚАЗАҚСТАНДА ТАТАР ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Рахымбаева А.Б.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
тарих факультетінің 4 -курс студенті, Астана қаласы*

XX ғ. әкімшілдік-әміршілдік жүйе заманында Одақ құрамындағы жеке халықтардың тарихын объективті түрде баяндау «ұлтшылдықтың белгісі» болып саналатын. Қазіргі кезеңде этнодемография мәселесін тарихи тұрғысынан қарастыру Қазақстан Республикасында өзекті мәселелердің бірі. Елбасы «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында демографиялық саясаттың маңыздылығын және оның ұлттық қауіпсіздіктегі жетекші роль атқаратындығын көрсетті.

Көпұлтты Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан әрбір диаспораның тарихы мен өмір сүру салты ерекше, солардың ішінде татар диаспорасына тоқталғым келіп отыр. Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан татарлардың тарихи-демографиялық сипаттамасын зерттеу әлі де толық ғылыми тоқтамға келмеген деуге болады. Қазақ пен татар – қос халықты көп нәрсе біріктіреді. Олардың мәдениеті, тілі, дәстүрі, менталитеті өте ұқсас, бірақ айырмашылықтары да баршылық. Бұл айырмашылық – Қазақстан халқының сан алуандығының тағы бір көрінісі.

Қазақстандық татар диаспорасының қалыптасу тарихы бірнеше кезеңнен өтті. Қазан хандығы ыдырағаннан кейін татарлар өздерінің жерлерін тастап кете бастады. Татар диаспорасының алғашқы өкілдері Қазақстан территориясына алғаш рет XVI ғасырда келіп қоныстанған. XVII ғасырда татарларды күштеп шоқындыру салдарынан олар жаппай басқа аудандарға қоныс аудара бастады. Олардың бір бөлігі қазақ жерлеріне келіп қоныстанды.

XVIII ғасырда татарларға саудаға рұқсат берілгеннен кейін олардың Қазақстанға қоныстануы күшейе түсті. Қазақ даласы татарларды тек кең жазиралығымен ғана емес, тілі мен діні жағынан ұқсас келетін жергілікті қонақжай халқымен де қызықтырды. Татардың алыпсатар көпестері мен қабілетті кәсіпкерлері осы жерден сауда-саттықтың пайдалы көзін көрді [1, 226].

XVIII-XIX ғғ. татарлар қазақ тілін, әдет-ғұрып және салт-санасын жақсы білгендіктен сауда-саттық саласында делдалдық рөл атқарды. Татар көпестерінің қазақ даласындағы ықпалы мен беделі бірте-бірте күшейе түсті.

Татарлардың ауқымды бір тобын Қазақстан аумағына Еділ бойы губернияларының помещиктері жер аудартып жіберді. Татарлар өлкенің ірі Петропавл, Семей, Орал, Көкшетау, Верный, Ақмола, Павлодар, Зайсан және Өскемен қалаларында қоныстанды. Олардың неғұрлым жиі орналасқан жерлерінде татар слободқалары пайда болды. Қазақ хандары мен сұлтандарының басым көпшілігі өздерінің жеке хатшылары етіп Орынборға таяу жердегі Сейітов слободасынан шыққан сауатты татарларды ұстады [2, 486].

Бұл халықтың өкілдері қазақ даласында жаңа әдіспен оқытатын жәдиттік мектептер ашудың бастамашылары болды. Қазақтар татар зиялылары шығарып тұрған газеттер мен журналдарды зор ықыласпен оқыды. Қазақтың алғашқы газеттері мен журналдарын көбінесе татар көпестері қаржыландырып тұрды. Кейінірек патша үкіметі исламның қазақ даласында күшейіп бара жатқанынан қауіптеніп, сауатты және іскер татарлардың қызметінен бас тарта бастады. Мысалы, 1897 жылы Бүкіл Қазақстанда тұратын татарлардың жалпы саны 56 мыңға дейін жетті. Мұның өзі Қазақстандағы бүкіл халықтың 1,3 %-ын құрады. Татарлардың 38 %-ы мещандар, 28 %-ы шаруалар, 10 %-ы қазақтар, 2 %-ы көпестер болды [2, 856].

В современный период наблюдается то, что создающая государство казахская нация достигла роста удельного веса с 40% до 65,5%, тем самым вернула свое положение определять этнодемографические, социальные и миграционные характеристики всего населения страны. В условиях Независимости Республики Казахстан внешняя миграция принимает огромный размах в двух направлениях: 1) из Казахстана уезжают представители восточных славян, в первую очередь русские, а также немцы, татары и другие; 2) на свою историческую родину возвращаются казахи из России, Китая, Узбекистана, Афганистана, Ирана, Турции и др.

В 1991-1999 гг. казахи достигли более половины населения страны (53,4%). В 1999-2013 гг. казахи превратились в большинство населения своего государства (65,5%) [5, с. 230].

При этом 1991-2003 гг. - этап отрицательного сальдо, когда из Казахстана уезжали большое количество русских, украинцев, белорусов, немцев и других на свою историческую Родину. С 2004 по 2013 гг. миграции дают положительное сальдо, а в республику вернулись почти 1млн оралманов.

Таким образом, формирование этнической структуры Казахстана велось, главным образом, за счёт миграции из центральных областей России, Украины, депортированных народов и свободной миграции этносов и этнических групп. Этнодемографическая ситуация характеризовалась такими процессами как депортации, интернационализация, рост городов и городского населения Казахстана. Численная характеристика казахов в составе населения Казахстана характеризовалась сокращением, а ко времени обретения Независимости вернулась на свое положение в определении этнодемографических характеристик населения.

Список использованной литературы:

1. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Т.1. Алматы, 1996.
2. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв.Сб. документов и материалов. А-А. 1964.
3. Дахшлейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана. А-А., 1969.
4. Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. - Алматы, 2001.
5. История переписей населения и этнодемографические процессы в Казахстане. - А., 1998.

II СЕКЦИЯ.
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – БІРЕГЕЙ
ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА КАК УНИКАЛЬНЫЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ ИНСТИТУТ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Әбеу Б.М., Игембаев Р.К.
ЖББОМ, Қарағанды облысы

Қазақстан халқы Ассамблеясы-1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылды. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады.

Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінен негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибиедегі тың бағыт болып табылады.

Өз тарихында Ассамблея ҚР Президенті жанындағы консультативті-кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті.

2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты.

2008 жылғы 20 қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Оның қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды.

Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясаты әзірлеуге және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді. [1]

Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Ә. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институциялық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. [2]

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктерінің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық, 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық-өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. [3]

Қазақстандық үлгі Біріккен ұлттар ұйымында, ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдер, Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте өткен халықаралық форумдарда таныстырылып, оң бағаға ие болды.

БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун елімізге сапары барысында, Ассамблеяның қызметімен танысып, Ассамблея принципі БҰҰ-ның жұмыс принципімен толық сәйкес келетінін баяндады.

2008 жылы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейіне бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Заңға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы- заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме болып отыр. [4]

Қазақстан халқы Ассамблеясы-еліміздегі ауызбіршілік пен келісімнің түп негізі, тұрақтылық пен тыныштықтың құт дарыған шаңырағы. Қарапайым халықтың көкейінде жүрген маңызды мәселелер Ассамблея мінберінде талқыланып, шешімдерін тауып отырды. Ассамблея байсалды жолдан өтті, байыпты тәжірбие жинақтады. Ол еліміздегі этносаралық қарым қатынасты дамытудың іргелі институтына, ауызбіршілік пен сыйластықтың берекелі бекетіне айналды.

Ел Конституциясын сақтау, әрбір қазақстандық азаматқа тең мүмкіндіктер беру, олардың құқықтарын құрметтеуге негізделген Ассамблея идеясы- адамзат тарихында адами-рухани өлшем тұрғысынан асқақ идея. Оның жұмысы қазақ халқының бауырмалдылығы мен кеңпейілділік қасиетіне негізделі отырып, елімізде тұратын барлық ұлыс өкілінің ықыласын елдің дамуына, өркендеуіне бағытталған.

Жаңа замандағы Тәуелсіз Қазақстан уақыт-өзен толқынымен ілесіп, өркенді даму жолында нәтижелі қадамдар жасауда. Қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қауымдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды. Көп этносты және унитарлы Қазақстанда ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім Тәуелсіздік дәуірінің басты құндылығына, орнықты әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізудің негізіне айналды.

Мемлекеттік және азаматтық институттар жүйесінде Ассамблея қызметі нақты нормативтік құқықтық тұрғыдан толықтай реттелген. Ассамблея өз іс-қимылын «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң, Ассамблея туралы ереже аясында жүзеге асырып, ҚХА-ның парламенттік өкілдігі институты Ассамблея туралы заңнама арқылы қызмет етеді.

Елімізде Ассамблея арқылы қоғамдағы тұрақтылық пен ұлттық бірлікті нығайту жөніндегі бірегей мемлекеттік саясатты жүргізуге мүмкіндік беретін басқару жүйесі қалыптасты. Аталаған бағыттағы жұмысты Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі ретінде Ассамблея Хатшылығы іске асырады. Ассамблея Хатшылығының мемлекеттік басқару жүйесіндегі орныққан мәртебесі Ассамблея институтының тиімділігін Қамтамасыз етіп, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асырудың нақты тетіктерін ұсынады.

Қазақстан Үкіметінің маңызды құрылымдары – Мәдениет пен ақпарат, Білім және ғылым, Ішкі істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік Ассамблеямен бірлескен түрде іс-шаралар жосапрын, ынтымақтастық жөніндегі меморандумдар және нақты жобаларды іске асырып отыр.

Еліміздегі саяси жаңарудың жаңа кезеңінде Ассамблея қоғамдық-саяси алаңдағы өз жұмысын жаңа жолмен құрып, азаматтық қоғамның бейбітшілік және татулық мәселелері бойынша ұнқатысу алаңына айналды.

Кез келген қоғамда байқалатын саяси бәсекелестік, саяси күрес Тәуелсіздік, Ұлттық бірлік, Бейбітшілік пен келісім сияқты маңызды мәселелер бойынша жалпыұлттық консенсусты қажет етеді. Өйткені, аталған бағыттар қоғамдағы саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың негізі, өркениетті экономикалық, әлеуметтік және саяси үдерістердің айқын көрінісі болып табылады.

Елбасымыз Қазақстан халқының Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясында тіл саясатына тоқталып, Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында бірде-бір этностың өз тілін жоғалтпағанын айта келіп, десе де «бүгінде ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі- мемлекеттік тіл болып отыр» деді

Ұлт көшбасшысы- Ассамблея Төрағасы Н.Ә. Назарбаев бекіткен, елдегі татулықты нығайтуға ерекше үлес қосқан азаматтарға тапсырылаын Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалі ел тұрғындарының бейбітшілік пен келісімді сақтау, тұрақты қоғамда өмір сүру және болашаққа сеніммен қарау ұмтылысының айшықты көрінісі болып табылады. Болашаққа сеніммен көз тастай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы ұрпақтан-ұрапқа ауысып келе жатқан дәстүр мен сабақтастық арқылы қоғамдағы ауызбіршілік пен тұрақтылықты нығайту, елімізді өркендету жолындағы қызметін іске асыра береді.

Азаматтар мемлекетке болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады.

Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз.

Біз-бәріміз тең құқықты, тең мүмкіндіктерді иеленген қазақстандықтармыз. Жаңа қазақстандық патриотизм барлық қоғамды, барлық этностық әркелкіліктерді біріктіруге тиіс. Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп, өркен жаятын болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. www.akorda.kz
2. www.kaztag.kz
3. www.forbes.kz
4. www.diapazon.kz

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА – МОДЕЛЬ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Абузьярова Ж.Р.

АГУ им. Х. Досмухамедова, г. Атырау

Укрепление межэтнического и межконфессионального согласия с первых дней независимости Казахстана стало для руководства страны в качестве приоритетной задачи государственной политики.

В период распада Союза, в начале 90-х годов, **Казахстану** предрекали массовые межэтнические и межконфессиональные столкновения. К счастью, все эти прогнозы не оправдались. Республика Казахстан известна сейчас всему миру своим межэтническим и межконфессиональным согласием, благодаря тому, что смогла сохранить мир в общем доме, взаимопонимание и доверие в душах людей разных национальностей и вероисповеданий.

Казахстанское общество на сегодняшний день является уникальным примером межэтнического и межконфессионального плюрализма и толерантности, где проживают представители 140 этносов и 17 конфессий. Основными принципами национальной политики за годы независимости государства, выделяющие Казахстан в мировом сообществе являются - мир и спокойствие, гражданское согласие, религиозная терпимость, равноправное участие представителей различных культур в жизни общества.

Мир и спокойствие, гражданское согласие, религиозная терпимость, равноправное участие представителей различных культур в жизни общества - эти принципы легли в основу нашей национальной политики за годы независимости государства и обеспечили отличительную черту Казахстана в мировом сообществе.

Обеспечение межэтнического согласия является стержнем политики государства, так как политическая стабильность и дальнейшее развитие, нашей страны в основном зависит от межнационального мира. В Казахстане межэтническое согласие не только закреплено законодательно, но и реализовано на практике. **Этническое равноправие граждан страны реализуется во всех сферах общества.** В настоящее время казахстанцы могут гордиться тем, что, избежали национальной нетерпимости и вражды.

За долгие годы в Республике Казахстан накоплен уникальный опыт мирного проживания разных народов. Становлению и утверждению казахстанской модели полиэтнического общества во многом способствовала Ассамблея народа Казахстана (АНК) - уникальный институт, деятельность которого направлена на укрепление межэтнического и межконфессионального согласия.

Идея о создании Ассамблеи народа Казахстана, была выдвинута Президентом Казахстана Н.А.Назарбаевым на I этническом форуме страны в 1992 году, посвященном годовщине независимости республики и воплотилась в жизнь в марте 1995 года. Выступая, на форуме Глава государства подчеркнул: «Не одно поколение казахстанцев создавало наше главное достояние - дружбу народов. Многое, переосмысливая заново, казахстанцы не вправе растрчивать это богатство, забывать добрые традиции. Они сформировались не в последнее десятилетие и не коммунистическими директивами. Надо повседневно слышать голос каждого народа, любой национальности. Именно поэтому необходимо перевести форум на постоянную основу, создать новый общественный институт». [1]

Председателем Ассамблеи избран Президент Республики Казахстан **Н. А. Назарбаев**. В апреле 2002 года вышел Указ Главы государства № 856 «**О Стратегии Ассамблеи народа Казахстана и Положении об Ассамблее народа Казахстана**» [2]. В апреле 2005 года Указ № 1561 «**Об укреплении института Ассамблеи народов Казахстана**» [3].

На сегодняшний день Ассамблея народа Казахстана стала существенным элементом политической системы республики, скрепившим интересы всех этносов, обеспечившим

неукоснительное соблюдение прав и свобод всех граждан независимо от их национальной принадлежности.

Определяя свои приоритетные направления, АНК ставит перед собой определенные цели и задачи:

- равенство прав и свобод граждан республики, независимо от расы, национальности, языка, отношения к религии, принадлежности к социальным группам

- обеспечение эффективного взаимодействия государственных органов и институтов гражданского общества в сфере межэтнических отношений, создание благоприятных условий для дальнейшего укрепления межэтнического согласия и толерантности в обществе.

- укрепление единства народа, поддержка и развитие общественного консенсуса по основополагающим ценностям казахстанского общества;

- оказание содействия государственным органам в противодействии проявлениям экстремизма и радикализма в обществе и стремлениям, направленным на ущемление прав и свобод человека и гражданина;

- возрождение, сохранение и развитие национальных культур, языков и традиций народа Казахстана [4].

АНК создавался в Казахстане для решения вопросов по осуществлению конституционных прав представителей каждого народа, проживающего в Казахстане, на пользование родным языком и культурой и для выработки стратегических задач национальной политики в стране.

С годами возрос международный авторитет этой организации. На сегодня Ассамблея народа Казахстана авторитетный, международно признанный общественный форум, который гармонично объединяет народы нашей страны и позволяет сообща находить ответы на самые сложные вопросы современности.

Генеральный секретарь ООН Кофи Аннан, назвавший Казахстан «примером межнационального согласия, стабильного, устойчивого развития для других государств», считает, что «благодаря деятельности Ассамблеи народа Казахстана разнообразные этнические, культурные, религиозные группы, составляющие великую нацию, могут участвовать в процессе принятия важных решений, влияющих на их жизнь».

Конкретными акциями Ассамблеи по обеспечению условий для развития культур и языков, проживающих в Казахстане этносов, являются проведение фестивалей народов Казахстана, фестивалей языков, смотров-конкурсов учащихся воскресных школ на знание государственного и родных языков, международных и республиканских научно-практических конференций и семинаров по вопросам языковой политики, «круглых столов», посвященных актуальным проблемам этнокультурного развития.

Во многих областях и городах республики открыты этнографические музеи различных народов, проживающих на территории Казахстана, а такие народы как уйгуры, немцы, корейцы и узбеки имеют свои национальные театры. Почти в каждом национально-культурном объединении имеются свои, уже известные даже за рубежом, художественные этнографические коллективы.

Межнациональное согласие в Казахстане во многом определяется межконфессиональным миром. В республике представлены практически все основные мировые религии. Среди верующих имеются последователи почти всех мировых религий: ислама, христианства (православия, католицизма, протестантских течений), буддизма, а также иудаизма, индуизма, древних политеистических культов и современных новообразований. Все религиозные группы в Казахстане свободно существуют без каких-либо очевидных негативных, экстремистских или фундаменталистских последствий.

За годы независимости в республике не было ни одного столкновения на межконфессиональной и межэтнической почве. По казахской земле прошли все мировые религии, поэтому нам чужды нетерпимость или религиозный фанатизм. Эта духовная традиция – одна из важнейших основ межконфессионального согласия в Казахстане.

Мы известны миру своей толерантностью, межэтническим, межконфессиональным согласием и диалогом. Растущий миротворческий потенциал нашей страны должен и дальше бережно сохраняться и развиваться.

2015 год важный для казахстанцев год – это 20-летие Конституции и 20-летие Ассамблеи народа Казахстана, а также будет отмечаться 550-летие образования Казахского ханства.

Наш опыт межнационального и межконфессионального согласия получил признание на самом высоком международном уровне. Его отметили Генеральный секретарь ООН и Верховный комиссар по делам меньшинств ОБСЕ, Совета Европы, политические и духовные лидеры, общественные деятели многих стран мира.

Современный Казахстан несравним с тем, каким он был еще несколько лет назад. Независимый путь суверенного Казахстана прошел под знаком радикальных изменений во всех сферах жизни нашего общества. Сделав ставку на радикальную реформу экономики, в сжатые сроки сумели провести рыночные реформы, создали соответствующее законодательство. Сегодня Казахстан имеет реально работающую рыночную экономику. В республике активно поддерживается малый и средний бизнес. Экономические достижения Казахстана нами ощущаются в повседневной жизни.

Созданная в Республике Казахстане при непосредственном участии Ассамблеи народа Казахстана образовательная, культурная и языковая среда для всех этнических меньшинств, наличие информационно-культурных объектов, расширяющиеся международные связи вносят свой посильный вклад в общее дело общественно-политического и культурного развития Казахстана.

Модель межэтнического согласия рекомендована государствам планеты как воплощенная на практике формула гражданского мира в многонациональном обществе.

Сегодня Ассамблея - основной стержень уникальной модели межэтнического и межконфессионального согласия, где каждый гражданин, независимо от этнической или религиозной принадлежности, обладает, и пользуется всей полнотой гражданских прав и свобод, гарантируемых Конституцией, имея все возможности сохранять и развивать свою этническую самобытность. Каждый этнос в Казахстане – важная и гармоничная часть общества.

То, что в Казахстане на протяжении двух десятилетий не произошло ни одного массового столкновения на этнической или религиозной почве, то, что в Казахстане нет террористических актов, то, что выдающиеся деятели ислама, христианства, буддизма, иудаизма, индуизма считают Астану площадкой, на которой можно вести диалог всем религиям мира, говорит о многом. Это самое яркое выражение того, что национальная политика в стране позволила выработать некие уникальные, своеобразные рецепты, которые были бы интересны международному сообществу. И конечно, в этом отношении велика роль лидера.

Казахстан - это единая земля, единый народ, единое будущее. Межнациональное и межконфессиональное согласие, равноправие всех граждан - наши вечные ценности. Только соблюдая эти канонические истины, мы сможем говорить о вечном народе, вечной столице и вечном государстве. У меня есть убежденность, что XXI век будет лучшим веком в истории Казахстана. Веком, который войдет в нашу историю, как столетие мира и созидания [5].

Межнациональное согласие, единство народов Казахстана – основа национальной политики государства, необходимое условие стабильности общества. Идея создания Ассамблеи народа Казахстана еще более активизировало процесс возрождения духовности народов, их национальных культур. Она отразила основную суть казахстанского общества – взаимопонимание людей разных национальностей. Ассамблея народа Казахстана содействовала укреплению суверенитета государства, интеграции в мировое сообщество, укреплению имиджа Республики Казахстан на мировой арене.

Казахстан стал общим домом для всех проживающих в нем наций и народностей и проводит курс на построение государственности, равных условий для развития культур и

этносов. Каждому этносу предоставлены возможность развивать свою национальную культуру, язык, избираться и быть избранным в органы власти, пользоваться всеми правами и свободами, гарантированными Конституцией.

Список использованной литературы:

1. Выступление Президента Н.А.Назарбаева на I этническом форуме.
2. Указ Президента Республики Казахстан от 26 апреля 2002 года № 856 «О Стратегии Ассамблеи народа Казахстана и Положении об Ассамблее народа Казахстана» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.04.2008 г.).
3. Указ Президента Республики Казахстан от 23 апреля 2005 года № 1561 «**Об укреплении института Ассамблеи народов Казахстана**».
4. Закон Республики Казахстан от 20 октября 2008 года № 70-IV «**Об Ассамблее народа Казахстана**».
5. <http://inform.kz>

ТАТУЛЫҚ – ТАРТЫЛМАС БАЙЛЫҚ

Ахатаева К.Б.

п.ғ.к., доцент Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

Тоталитарлық тәртіп күшейіп, әміршіл-әкімшіл жүйе толысқан тұсында идеологиялық өктемдік жасау саясаты жүргізілгені белгілі. Саяси билікті нығайту мақсатын көздеп, кейбір ұлттарды Отанынан күштеп қоныс аударып, тағдыр тәлкегіне ұшыратқаны мәлім. Әр түрлі әлеуметтік жіктер мен аз ұлттарды, этникалық топтарды күштеп жер аударту үшін әміршіл-әкімшіл жүйе жүйе басшылары өз тұсында оларды «ішкі жау», «сенімсіз ұлттар» деп қаралап, өз тарихи Отандарынан қуғын-сүргінге ұшыратқаны шындық.

«Тоталитаризм» (латын «totatis» - барлығы тұтастай, жиынтық) зорлық-зомбылық пен қокан-лоқыны негізіне алған саяси үстемдік жүйесі. Ол бүкіл қоғамды, оның экономикасын әлеуметтік, мәдени идеологиясын, рухани өмірін, тіпті тұрмыс-тіршілігіне дейін өз уысында ұстап тұрады [1, 26 б].

Саяси-әкімшілік тәртіпке бағынбаған этникалық топтарды қудалау, күштеп қоныс аударту мәселелерінің ақиқаты 1990 жылдардың басында ғана ашыла бастады.

Ал 1956 жылы жеке басқа табынушылықты айыптауға байланысты саяси репрессия құрбандарын ақтау басталып, жаппай жер аударылған халықтар тағдырында өзгерістер болды. Қудаланған халықтар этникалық түр сипаты жағынан әлсірей түскенімен, олар Қазақстанда өздерінің екінші Отанын тапты. Қазақ халқының бауырмалдық, кеңпейілдік, қонақжайлық қасиеттері оларды тәнті етті. Соның арқасында дархан қазақ ортасында еш жатырқамастан өсіп-өнді. Еліміздің өркендеуіне өз үлестерін тигізіп келеді. Сол бір зобалаң жылдарда біріне-бірі сүйеу, пана болған тағдырлас халықтар бүгінде, осы заманғы өркениеттің әлемдік шоғырында терезесі тең, демократиялық, нағыз құқықтық мемлекет құрап жатқан Қазақстанның көп ұлтты, біртұтас қауымдастығына айналып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы жылын мерекелеу қарсаңында Қазақстан халықтарының форумын өткізу жөнінде ұсыныс жасады.

1992 жылы желтоқсанда Алматы қаласында өткен алқалы кеңесте әртүрлі этностық топтардың өздерін біртұтас Қазақстан халқы ретінде сезінетіндігі айқындалды. Осылайша жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтары Ассамблеясының негізі қолданды. «Ассамблея» - (француздың сөзі, жиналыс) ұғымын білдіреді [1, 28 б].

1935 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен №2066 бұйрығы негізінде 1-наурызда «Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы» құрылды [2, 54 б]. Ассамблея – бейүкіметтік, бейсаяси, еліміздің Президенті жанындағы кеңесші орган, ол өз қызметін Конституцияға, Ассамблея туралы Ережеге сәйкес

жүргізеді. Ассамблея туралы Ережеде оның мүшелерінің тең құқықтары, жариялылық, демократия сияқты идеялар көрініс тапқан.

1996 жылы сәуірде Алматыда Ассамблея төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қоғамдық келісім – Қазақстанның демократиялық дамуының негізі» деген баяндамасында мемлекетаралық ықпалдастықты тереңдету, егемендікті нығайту және Қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру туралы мәселелер көтерілді.

Қазақстан халқына үндеуінде былай делінген:

«Қазақстан халықтарының Ассамблеясы біздің мемлекетіміздің барлық саяси күштерін тоталитаризмді қалпына келтіруді армандайтын реакциялық күштерге қарсы тұруға, қоғамның сындарлы, әлеуетін халықтардың бірлігі, бейбітшілік пен әлеуметтік прогресс жолында топтасуға шақырамыз!» [3, 1 б].

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы азаматтық бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің сақталуындағы мемлекетте маңызды рөл атқаратын қоғамдық институтқа айналды. Ассамблея – мемлекет пен халық арасындағы алтын көпір болып табылады. Себебі Қазақстандағы 130-дан астам халықтың бейбіт өмір сүруінің, олардың мәдениетінің және әртүрлі діни сенімдерінің жүзеге асуының кепілі болатындығы сөзсіз.

Бұл ұйымның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық халықтардың өзекті дейтін мәселелерін дау-дамайсыз, жария түрде, әрі көп ұлтты мүдделерді есепке ала отырып шешуге бағытталған.

Сол сияқты еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына, экономиканың, ғылым мен мәдениеттің дамуына ықпал ететіндігі даусыз.

Ассамблея диаспоралармен жұмысты ұйымдастырудың орталығына айналды. Оның жұмыс органдарына мемлекеттік мәртебе берудің арқасында ұлттық – мәдени орталықтардың өзекті мәселелері шешілетін болды.

Ассамблея кеңесінің шешімімен оның республикалық қоры құрылды. Бұл қор ұлттық – мәдени орталықтарға қаржы және ұйымдық көмек көрсетуге арналған.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – бейбітшілік пен келісімнің қасиетті Отанымызда өмір сүріп жатқан барлық этностар достығының ең басты және берік іргетасы. Ол елдігіміздің қалыптасуы, Тәуелсіздігіміздің нығаю тарихында Қазақстан Республикасының Конституциясының жалпы халық болып қабылдауда, терең экономикалық реформалар жүргізуде және қоғамымыздың әлеуметтік және саяси негізін ауқымды жаңғыртуда айрықша рөл атқарды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан халқы Ассамблеясы – біздің көп ұлтты халқымыздың бірлігін сақтайтын мәңгілік қорғанына айналды. Ол бірлік, тұрақтылық, толеранттық, жалпыға ортақ еңбек, құндылықтарымызды Қазақстандықтардың санасына сіңіруде. Ол ел азаматтарының жүрегіне мәңгілік елімізге және Қазақстан атты теңдесіз де тату отбасының мүшесі екеніне деген мақтаныш сезімі мен жоғары жауапкершілігін ұялатады» [4, 1 б].

Ия, мемлекет басшысының көп ұлтты Қазақстан Республикасын ынтымақтастыққа жұмылдырудағы саясаты – еліміздің өркендеуіне бағыт беріп отырған көрегенділігін анық аңғарамыз.

Сонау ежелден-ақ ата-бабаларымыз елдің бірлігін сақтауға айрықша көңіл аударған. «Ынтымақты елден ырыс кетпейді», «Бірлік болмай, тірліс болмас», «Татулық – тартылмас байлық» деген даналық нақылдары соны аңғартса керек. Міне, елбасының басты назары да ата-бабаларымыздың ұстанымын жалғастырып, қауіпсіздік, тыныштық, өзара түсіністік сияқты құндылықтарымызды барша әлемге насихаттаумен келеді. Жуырда ғана Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңес мүшелерінің Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу үшін жариялаған Үндеуін, Қазақстандықтардың бірауыздан мақұлдауының маңызы зор. Оған жауап ретінде Н.Ә.Назарбаев былай деген еді: «Біз өресі биік, рухы берік, отаншыл елміз.

Біз үшін туған елдің бір уыс топырағынан қасиетті жер жоқ, бір түп жусаннан жұпар иіс жоқ. Елдің бірлігін нығайтып, Отанымызды көркейтуге бағытталған кез-келген ұсыныс мен үшін құнды» [5, 1 б].

Кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы болған Қофи Аннан «Қазақстан халықтар Ассамблеясын шағын Біріккен Ұлттар Ұйымы» - деп атаған [6, 212 б].

Осы тұрғыдан, татулықтың арқасында мемлекеттік саясатты байыпты жүргізе білу де үлкен өнер.

Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясы идеяларына адалдықты, тұрақтылықты, достықты және бақ-берекені сақтаудағы әрбір азаматтың жауапкершілігі кезек күттірмейтін мәселе.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Философиялық сөздік «Қазақ энциклопедиясы» Алматы, 1996 ж.
2. Б.Ө.Жақып, Н.Ә.Назарбаев – Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы – Алматы, 2010 ж.
3. Қазақстан халқына Ундеуі. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. 1996 ж. 29-сәуір
4. Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен құттықтауы. // Президент және халық // 2015 6-наурыз
5. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Ундеуі // Президент және халық // 2015 27-ақпан
6. Н.Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы. – Алматы, 2006 ж. 212б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ШОЛУ

Байғабылов Н.О.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, Астана қ.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ этносының және оның әртүрлі кезеңде халық пен этнос ретінде қалыптасу саясатымен байланысты өткен тарихын зерттеу мүмкіндігі туды. Демек, Қазақстан этнологиясы үшін төл этностың шығу тегі мәселелерін жан-жақты оқудан маңызды міндет жоқ.

Жеке ғалымдардың пікірі бойынша, этнос ортақ тарихи тағдыры, өзіндік санасы, тіл, мәдениетінің ортақтығымен біріккен адамдардың үлкен қоғамдастығы этнология - бұл, этностарды немесе халықтарды зерттейтін ғылым [1]

Ұлт пен этнос ұғымдарын бір-біріне жақын, қос ұғымды алмастыра пайдалану объективті шындықты бұрмалау болмайды, әлеуметтік шындықтан алыстатпайды.

Этнос деп ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрі мен ділі бар адамдардың әлеуметтік қауымдастығын атайды. Сонымен бірге көптеген этностардың ортақ аймағы, ортақ экономикасы, сол этнос өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады. Этнос қалыптасуында адамдар бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетикалық тегі де маңызды рөл атқарады. Осындай талаптар тұрғысынан қарастырғанда, ұлт және этнос ұғымдары бір-біріне өте жақын; екіншісінен біріншісі туып, қалыптасады. Этнос этникалық қасиеттердің және сапалардың толысқан, піскен кезеңі деп бағалауға болады. Этностар этникалық белгілерге қоса, саяси, экономикалық және әлеуметтік белгілерге ие болады.

Әлемдік философиялық және саяси-әлеуметтік ойда «ұлт», «этнос» категориялары туралы бір арнаға тоғысқан түсінік осы күнге дейін жоқ. Сондықтан ұлт, этнос ұғымдарын дұрыс түсінудің ғылыми ғана емес, саяси-практикалық маңызы да өте өзекті. Бұл ұғымдар әлемде болып жатқан этникалық қайшылықтарды, қақтығыстар мен соғыстар мәселесін шешуде дұрыс жолды таңдауға көмектеседі. Себебі, этникалық қайшылықтар қазіргі әлемдік қатынастардағы ең күрделі қайшылықтар қатарында қалып отыр. Этникалық үрдістер өте күрделі, құпия құбылыстар мен ланттеті субъективті факторларға тікелей қатысты. Жаһандану заманында этностық өмірді сақтау, жандандыру үшін күрес бір сәт толастамай

отыр. Көптеген халықтар мен этностар тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылыс жасауда. Этностық өмірді күйретіп, біріккен жаңа ортақ этнос жасауға ұмтылған Кеңес Одағы сияқты мемлекеттер этностық өмірдің табиғи жандануына қарсы күресте дәрменсіздік көрсетіп күйреді [2-3].

Ұлт дегеніміз-тарихи ұзақ кезең барысында тайпалар, рулар мен тайпалық одақтардың, нәсілдердің бірігуі мен араласуының нәтижесінде тарихи қалыптасып, әлеуметтік-этникалық бірлік, экономика, территория, тіл, діл, мемлекет сияқты белгілермен тығыз өрілген қандық-тектік (генетикалық) тұтастығы бір және антропологиялық бірегейлікпен байланысқан адамдар жиынтығы. Ал қазақ ұлтын қалыптастырушы, этнос жасаушы белгілеріне келетін болсақ, шешуші негіз ретінде – ортақ территория, мемлекет, тіл, салт-дәстүрлер мен діл, дін, психологиялық ерекшелік және бір этногенетикалық тектің болуын айтуымызға болады.

Қазақ халқына қатысты «этнос» және «ұлт» деген ұғымдарды қолдануға болады. Бұл деңгейлердің ерекшелігі – этногенетикалық тегінің, дәстүр – салты мен рухани мәдениетінің ортақтығы жағынан қазақ халқы этнос, ал, ортақ территориясы, ортақ шаруашылығы, өзіндік мемлекеттілігі болуы қазақ этносын ұлт деңгейіне көтереді. Оның мәнісі былай: «этнос» - «халық, тайпа» деген түсінікті білдіретін сөзі. «Этнос» терминін екі мағынада түсінген абзал: біріншіден, этникос; екіншіден, этноәлеуметтік организм ретінде. Бір этникосқа өз елінің ауқымынан тыс жерлерде тіршілік етуші сол этностың барлық топтары жатады. Мысалы, Түркиядағы, Қытайдағы, Германиядағы және әлемдегі басқа да елдердегі шашырап жатқан қазақтар біртұтас этникос құрайды. Ал, этноәлеуметтік организм міндетті түрде ұлттық мемлекеттілікпен үзілмес бірлікте. Мысалы, қазақы этноәлеуметтік организмге міндетті түрде тек Қазақстан Республикасында тұратын қазақтар ғана жатады. Сондықтан. Қазақстанның тарихи иесі – қазақ халқы, ол титулды, яғни төл этнос. Ал басқа ұлттар мен ұлыстардың кірме өкілдері Қазақстанды Отаным деп есептейтін, оның тең құқықты азаматтары, қазақ этносымен тыныс-тіршілігі тағдырлас республика тұрғындары. Бұлардың барлығы да ұлттық процестердегі өзара қатынасқа түсуші субъектілер болып табылады. Бұл қатынас ұлтаралық және этникааралық сипатта жүреді: ұлтаралық қатынастар – жеке мемлекет шеңберінен шығып, мемлекетаралық қатынастарға араласып, жекелеген ұлттардың әлемнің басқа ұлттарымен ара-қатынасын көрсететін ауқымы кең деңгей. Ал этникаарлық қатынастың ауқымы тар-ол көпұлтты мемлекет шеңберіндегі түрлі этникалық топтардың қарым-қатынасын көрсетеді [4].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде этнос мәселесін, этностық қатынастар мен этностық қозғалыстарды зерделейтін әлеуметтану, философиялық, саясаттану, мәдениеттану, тарихи-этнологиялық және психологиялық зерттеулер басым. Бұл туралы К.Марданов, Ә.Нысанбаев, Б.Аяғанов, Ш.Құрманбаева, М.Әшімбаев, А.Бижанов, Е.Ертісбаев, С.Жүсіпова, Р.Қадыржанов, А.Нұрмағанбетов, Е.Қарин, С.Көшкембаев, Г.Насимова, Р.Нұртаза, Г.Нұрымбетова, А.Рахимова, Д.Сатпаев, Б.Сұлтанов, А.Шоманов және тағы басқа қазақстандықтардың еңбектерінде кездеседі.

Қазақстан әлемдегі көп ұлттар қоныстанған мемлекеттердің бірі. Онда тегі, тілі, мәдениеті әр түрлі, бірақ тарихи тағдыры ортақ 130 ұлт пен ұлыстың өкілі (этностар) тұрады. Оларды әлеуметтік-тарихи және әлеуметтік-мәдени және био-антропологиялық тұрғыда үш топқа жіктеуге болады:

- 1) еліміздің негізгі халқы қазақтар;
- 2) бұрынғы КСРО республикаларында тұратын ұлттар тобы (орыстар, украиндар, белорустар мен молдавандар);
- 3) алыс шет елдерде тұратын ұлттар тобы (немістер, поляктар, еврейлер, кәрістер, гректер).

Қазақтар-елдің байырғы тұрғындары және мемлекетті қалыптастырушы этнос, ал қалған халықтардың өкілдері Қазақстанға әр түрлі себептермен және белгілі бір тарихи кезеңдерде көшіп келгендер. Осыған байланысты, республика халқының көп ұлтты (полиэтностық) құрамы – әртүрлі мақсатты себептермен: патшалық Ресей кезіндегі қоныстандыру, КСРО кезіндегі индустрияландыру, тың көтеру және 1941-1945 жылғы соғыс

жылдарындағы депортациялық қоныс аудару яғни жаппай көші-қонның нәтижесі деп тұжырымдауға болады.

Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2009 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 16009,6 мың адамды құрады.

Санақ аралық кезең ішінде республика халқының саны 1028,3 мың адамға өсті, өткен 1999 жылғы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 63,9 % құрады.

Қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,0 %-ға өсті және 10096,8 мың адамды құрады. Елімізде өзбектер саны 23,3 %-ға өсіп, 457,0 мың адамды, ұйғырлар–6,8 %-ға өсіп, 224,7 мың адамды құрады. Орыстар саны 15,3 %-ға азайып, 3793,8 мың адамды құрады, немістер–49,5 %-ға азайып, 178,4 мың адамды, украиндар–39,1 %-ға азайып, 333,0 мың адамды, татарлар–18,0 %-ға азайып, 204,2 мың адамды, басқа этностар - 4,8 %-ға азайып, 721,7 мың адамды құрады.

Ел халқының жалпы санындағы қазақтардың үлесі 63,9 %-ды, орыстар–23,7 %-ды, өзбектер–2,9 %-ды, украиндар–2,1 %-ды, ұйғырлар – 1,4 %-ды, татарлар–1,3 %-ды, немістер–1,1 %-ды және басқа этностар–4,5 %-ды құрады [5]. Еуропалық ұлт өкілдері елімізде кеміп, өзбек ұлты өсімділігінің байқатып отыр. Қазақтар бүгінде өз атамекенінде негізгі басымдылық танытып, моноұлттық мәртебеге ие болып отырғаны әлеуметтік шындық.

Көп ұлттардың атамекеніне айналған Қазақстан Республикасында ұлтаралық қатынас ерекше көңіл аударуды қажет ететін мәселелер қатарына жатады. Қазақстан жерін мекендейтін халықтардың достық, туысқандық қарым-қатынасы, оларды біртұтас мақсатқа жетелейтін жетекші ұлттық мүдде болуы қазіргі саясаттың маңызды бөлігіне айналды. Ұлттық мүдде дегеніміз сол ұлттың рухани, әлеуметтік, қоғамдық дамуында шешуші роль атқаратын оның басты белгілері. Біздің пайымдауымызша бүгінгі күні қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретінде оның басты мүдделері – тәуелсіздігіміздің нығаюы, жеріміздің тұтастығы, тіліміздің дамуы, дініміздің сақталуы, салт-дәстүріміздің өркендеуі және атамекенімізде қоныстанған өзге ұлт өкілдеріне ұлттық құндылықтарының сақталуына мүмкіндігінше жағдай жасау.

Бүгінгі күні Қазақстан тұрақты мемлекет . Этносаралық қатынастың оң дамуының себептерінің бірі Қазақстанның құқықтық мемлекет болуында. Республика территориясында тұратын барлық халықтарға этносына, діни сеніміне, саяси көқарасына қарамастан тең құқық пен бостандық берілген. Әрбір Қазақстан азаматының мәдени, рухани дамуы қамтамасыз етілген , ана тілінде сөйлеп түсінісуге, этносытық мұраларын, дәстүрлері мен рухани бағдарларын сақтап көбейтуге құқығы бар. Қазақстанның негізгі заңы Конституция нәсілдік белгілері, этностық тілге, дінге қатысы бойынша қандай-да бір кемсітуге тыйым салады, ана тілінде сөйлеуге, мәдениетін қолдауға және басқа да көптеген бостандықтар мен құқықтарға кепілдік береді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының «этносаралық келісімді бұзуға қабілетті кез-келген әрекет конституцияға қарсы деп танылады» деген 38 бабының 2 тармағында, бұл өте маңызды [6].

Қазақстан көп ұлт өкілдері шоғырланған республика болғандықтан, әрбір ұлт өкілдерінің ол үлкен, яғни сан жағынан көп не аз болғанына қарамастан олардың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне сыйласымдылықпен қарайды. Себебі, олардың ұлттық мәдени, тіл, әдет-ғұрып, дәстүр, шаруашылық, психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, талап тілектеріне немқұрайлық таныту, тікелей не жанамалай түрде болсын ұлттық мүддеге шек қою ұлт өкілдері арасында араздық, алауыздық туғызатыны белгілі және әлеуметтік мемлекет құндылықтарына қайшы.

Этносаралық қатынас дегеніміз этностар, этникалық топтар арасындағы ішкі өзара әлеуметтік қарым-қатынастар. Бүгінгі күні этникааралық қатынастар саласында келісім мен бейбітшіліктің осалдығын мойындау қажет, өйткені олар адамдар арасындағы қатынастардың өте нәзік саласы болып табылады. Этносаралық қатынастарды реттеу мәселесінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Бұл мәселелер әлемнің көптеген елдерінде кездеседі. Қазақстанда одан тыс қалған жоқ.

Елдегі этноәлеуметтік-саяси жағдайды талдай келе Н.Ә.Назарбаев этностық-этникалық сұрақтарды шешудің үш тәсілің атап көрсетті. «Бірінші – кейбір елдер басып-жаншу саясатын жүргізеді» бұл көп этносты тұрғыны бар, қоныс аударғандарды бауырындай құшақ жая қарсы алған Қазақстан халқына тән емес. Екінші-өз-өзімен шешіледі деп сеніп, этностық сұрақтарға ешқандайда мән бермеу. Бірақ бұл тығырықтан шығармайды. Тек үшінші жол көлемді еңбек етіп, тер төгуді қажет ететін біз таңдаған жалғыз дұрыс жол. Бұл жанасу нүктесін іздеу, халықтар арасындағы келісім мен сенім аясын кеңейту [7].

Өткен ғасырдың басында теориялық тұрғыда негізделген бұл қағидаға Кеңес үкіметі назар аудармады, ал ғалымдар ұлт мәселесін көтеруге «ұлтшыл» деп айыпталудан қауіптеніп, бұл маңызды мәселенің өткір тұстарын айналып өтті. Осы жағдай бұрынғы Кеңес Одағында ұлттық проблемаларының шешілмеуінен, олардың шамадан тыс жинақталуын туғызды. Нәтижесінде қоғамның этномәдени өмірі бұзылды, этностар өздеріне тән этникалық ерекшеліктерің жоғалта бастады. Таулы Карабах оқиғаларың алмағанда, тек Қазақстанның өзінде 1979 жылғы Ерейментау оқиғасы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары осы құбылыстың нәтижесі. Ақиқатына келсек, сан жағынан аз ұлттардың белгілі бір тарихи кеңістік пен уақытта жойылуына, жоғалуына әкелді. Ұлттық мемлекеті бар қазақ халқы да ұлттық дағдарысқа душар болды. Әр ұлт үшін басты құндылық ана тілі, сол кезеңде қазақ тілі күнделікті тұрмыстық қатынас тіліне ғана айналды, мемлекеттік қарым қатынас ресми құжаттар және ғылым тілінен біртіндеп ығыстырылып шығарылды. Мемлекеттік саясат 1930 жылдан бастап тіл мәселесін ескермеді, соңғы 40-50 жыл бойы Қазақстанның қоғамдық өмірінің барлық саласынан қазақ тілі ығыстырылды және қазіргі дейін орны толмай отыр. Себебі, қазақ тілі әлеуметтік қажеттілік жоқ салдарынан қызметтік мәні төмендеп, қазақ тұрғындарының кейбір бөлігінің ана тілің білмеуі мен меңгермеуіне әкелді. Сонымен, елдегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында болған мемлекеттіліктің жаңғыруының күрделі үрдісі этностық сана мен қазақ тілі мәртебесінің жаңғыруымен тығыз байланысты.

Кеңес Одағы ыдырар алдында елде бұрын байқалмаған толқулар күшейді. Н.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» кітабында: «Ең қауіптісі-олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», - деп жазды [8]. Ал ХХ ғасырдың соңында тек Кеңестер елінде ғана емес, бүкіл әлемде ауқымды ұлттық оярудың үдере бас көтеруі басталған болатын. Бүгінде Қазақстан жаңа дәуірге бейімделген өзіндік жолын таңдап алды. Ел Президенті өзгерген жағдайға сәйкес жаңа мемлекет құра отырып, қоғамда жаңа қатынастар жүйесін қалыптастыру мен жетілдіру бағыты қажеттілігін күн тәртібіне қойды. Қазақстандық ғалымдар әлемдік ұлт мәселесіне қатысты тәжірибені зерттеп, өзіне тән ұлттық, діни ерекшеліктері бар Қазақстан жағдайында мәселені шешу жолдарын іздеді.

«Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегияларың аясында ұзақ мерзімді жеті басымдықтың екіншісі ретінде ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы атап көрестіледі. Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамды біріктіру ұлтаралық қатынастар саясатында, ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауда басты бағдарлама болатыны айқын.

Қазақстандықтар үшін әлеуметтік саладағы негізгі құндылық:- ұлтаралық таулықты сақтау, көп ұлттардың өкілдері бар Қазақстан жағдайында бірін бірі түсіну, сену мен құрметтеу және азаматтық келісімді орнықтыру. Ұлтаралық татулық сақталмайынша, азаматтық келісім болмайынша экономикалық даму, саяси тұрақтылық, халықтың әл-ауқатын көтеру мүмкін емес. Ұлтаралық тұрақсыздықтан, шиеленістен ешбір ұлт өкілдерінің ұтысқа шығуы мүмкін емес.

Осы орайда Павлодарлық қоғамдық пікірді зерттеу орталығының 2013 жылы 24 наурыз бен 4-ші сәуірі аралығында Қазақстандық қоғамның саяси-әлеуметтік көңіл күйіне қатысты сандық әдіспен жүргізілген сауалнама нәтижелеріне мән берсек [9].

Этносаралық қатынастардың бағасы (пайыздық % үлес)

Респонденттермен этносаралық қатынастардың бағалануы	саны	пайыздық қатынасы
өзара толық түсіністік пен ынтымастық орын алады	30	3 %
әртүрлі этнос өкілдері арасындағы қатынастар бір-біріне деген тұрақтылық пен төзімділік өзара сыйластықтан көрінеді	70	7 %
араларында өз ара тығыз қатынас байқалмаса да, барлық халық пен этнос өкілдері бейбіт өмір сүруде	870	87 %
Қарсытұрушылар	0	0 %
төзбеушілік	0	0 %
толық этносшылдық орын алады	0	0 %
жауап беруге қиналамын	30	3 %
Барлығы	1000	100%

Қоғамдық өмірдегі этносаралық және басқа да дау-жанжалдарды бағалау мақсатында респонденттерге еліміздегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін негіздер мен құрылымдарды атау ұсынылған. Респонденттердің пікірі бойынша, ұлтаралық қатынасқа сәйкес келетін анықтамалар «араларында өзара тығыз қатынас байқалмаса да, барлық халық пен этнос өкілдері бейбіт өмір сүруде» - 87 %, «әртүрлі этнос өкілдер арасындағы қатынастар бір-біріне деген тұрақтылық пен төзімділік өзара сыйластықтан көрінеді» деп санайтындар респонденттердің – 7%, сұралғандардың 3 % қоғамда «толық өзара түсіністік пен ынтымақтастық орын алады» деп санайды. Алынған нәтижелер қоғамдағы этносаралық қатынастарды тұрақты және оң деп санауға мүмкіндік береді.

Біздің елімізде ұлтаралық қатынастар мәселесі, ұлт мәселесін шеше алмаған және ыдырауына себеп болған Кеңес Одағынан қалды. Кеңестік жүйе тұсында тоталитарлық-саяси әдістермен біріккен қауым, оның мәдени негізі идеологияландырылған кеңес мәдениетінен алшақтап, ұлт саясатындағы бір ұлтты жоғары қою арқылы, екіншілерін төмендету, империялық көңіл күйден парасаттылық деңгейіндегі әрекеттерге ұмтылды. Парасаттылықтың астарында әрбір қазақстандықтың өзін, ең алдымен, қазақстандық екендігін, сонан кейін өз ұлтының перзенті екендігін сезінгенде ғана ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениеті қалыптасады. Сонда ғана шынайы ұлттық келісім мен шынайы саяси және қоғамдық тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Ол қазақстандық патриотизмге негізделуі қажет. Көптеген ұлттары бар Қазақстан үшін аталмыш патриотизмнің және ұлтаралық келісім маңыздылығы зор. Ұлтаралық, этностық топтар арасындағы келісім - барша азаматтың нәсіліне, ұлтына, діни сеніміне қарамастан қашанда бір-біріне көмекке келуге әзірлігі, психологиялық тұрғыдан дайындығы, достық қарым-қатынасын бейнелейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаббаев Ю.П., Садохин А.П. Этнополитология. – М.:ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 319 с.
2. Бауэр О. Национальный вопрос и социал-демократия. - М.: Мысль, 1995. - Т1. – 256 с.
3. Каутский К. Национализм и интернационализм. – СПб., 1918. – 107 с.
4. Мұсатаев С.Тау мен тасты су бұзар, ел мен жұртты сөз бұзар//Ақиқат №8, 2012. - Б. 46-50
5. Қазақстан Республикасы статистика агенттігі <http://www.kaz.stat.kz> ресми сайты
6. Толковый словарь Конституции Республики Казахстан. - Алматы:Жеті жарғы, 1996. - 334 с.
7. Назарбаев Н.Ә. Сындралы он жыл. – Алматы:Атамұра, 2003 – 240 б.
8. Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында / Н. Ә. Назарбаев; жауапты шығ. Б. Ғ. Мұхамеджанов. – Алматы : Жібек жолы, 2010. – 260 б.
9. Молдакимова А.С. Әлеуметтік саяси сауалнама нәтижелері. Павлодар:Эйкос, 2012. - 120 б.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – БІРЕГЕЙ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

Байғабылов Н.О.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін этноәлеуметтік реттеудің және тоталитарлық режимнің салдарын жоюдың жаңа тұжырымдамасы жасалынып, Конституция мен заң актілері қабылданып, оларға өзгертулер енгізілді. Оларда бәрінен де бұрын орыс және орыс тілді аз санды этникалық қауымдармен қарым-қатынасты жақсарту қарастырылған [1].

Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқыны» кітабында этностық бірлестікке қуатты импульсті бәрінен де бұрын өзінің тарихи тамырын тануы, қазақстандық өзіндік санасының қалыптасуы бере алады деп атап өтті [2].

Қазақстанның гүлденуі негізінен барлық қоғамның бірігуінен, біріншіден барлық этностар мен халықтар өкілдерінің қосқан үлесіне байланысты.

Жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында Президенттің көршілермен татулықты, халықтар достығын бірінші дәрежелі маңызды деп бағалауы тегін болмаса керек. Алайда, егер елді ішкі қарама-қайшылық жайласа, онда ол шешусіз қалады.

Одақтан кейінгі кеңістіктегі этносаралық қатынастардың қарама -қайшылығының жиілеуі Республика Үкіметінен барлық халықтың мүддесі мен жалпы қазақстандық қоғамды біріктіру идеясының маңызды құрамдас бөлігі этностық саясатты жаңарту үшін негіз болатын әрекеттің тұтас бағдарламасын жасауды талап етті.

Транзиттік кезеңдегі тұжырымдамаларда өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, олардың этностық талаптарын іске асыруға мүмкіндік беретін, этностар мен халықтардың заңды құқықтарын толық көлемде қалпына келтіру қарастырылды.

Этностық сұрақтарды шешуде негізгі рөлді Республика Президентінің Жарлығымен 1995 жылы құрылған үкіметтік емес құрылым – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы атқарады, оған бірлік пен келісімді қамтамасыз ету мақсатында теңестіруші буынның рөлі берілген.

Кеңес Одағында «бір қазанда қайнату тәжірибесі» арқылы жаңа қауым «кеңес халқын» қалыптастыру деп аталатын ескі тұжырымдама Қазақстан үшін тиімсіз еді. Бұл ұлтаралық қайшылықты шиеленістіруі мүмкін еді. Осындай жағдайда Қазақстан басшылығы басқа елдер тәжірибесін есепке ала отырып, тыңнан жол іздеді. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы осындай ізденістен туды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылы наурыздың 1 құрылған. Қазақстан Халықтары Ассамблеясы (ҚХА)- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган. ҚХА-ның мақсаты - республикалық оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстарды ойластыру, ҚР Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу. Ассамблея: мәдени-ағартушылық - тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау; тәрбиелік-қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады.

2011 жылы 18 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының ХҮІІ сессиясындағы баяндамасында, Н.Ә.Назарбаев: «Біз, еліміздің басты жетістігі - ұлтаралық қатынас келісімі, біздің ортақ үйіміздегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің орнауы болып саналады деп айтқанымызда, бұл тек жай ғана ақиқат емес. Бұл тұрақсыз дүниедегі елеулі табысымыз.

Мұнда Қазақстан халықтары Ассамблеясының ролі мен еңбегі өте жоғары», - деп бағалады. «Біздің жалпы ұлттық бірлігімізді нығайту жөніндегі жұмыстарды жалғастыруымыз қажет. Осы жұмыстардың ортасында Қазақстан халқы Ассамблеясы болуға тиіс» деді [3]. Этностық сұрақтарды шешуде негізгі рөлді, елдегі бірлік пен келісімді қамтамасыз ету мақсатында теңестіруші рөл аталмыш ұйымға беріліп отыр.

Еліміздегі ұлтаралық бірлік пен берекені баянды ету жолындағы жүйелі еңбек әлемдік этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін қалыптастырып отыр. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде қазақ жеріне әр кездері қоныс тепкен 100-ден астам этнос өкілдерінің емін-еркін өмір сүруіне жан-жақты жағдай жасалып, сан алуан мәдени ұйым- бірлестіктер аясында қоғамға пайдалы еңбек етуіне мол мүмкіндік берілді.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қатынастады үйлестіретін мәртебелі қоғамдық институт ретінде танылады.

Қазақстанда бүгінде 471 өңірлік ұлттық мәдени орталықтар жұмыс жасайды. Мемлекет 19 республикалық пен аймақтық этностық газет, радио мен телебағдарламаларды, 6 этностық театрдың қызметін қолдауда. Республикада әр этностардың мәдениет күндері, діни мейрамдарымен қатар балалардың шығармашылық фестивальдеріде назардан тыс қалмайды [4].

Этникааралық қатынастарды конструктивті шешуде Қазақстанның тәжірибесі мол. Ұлтаралық қатынастарды жетілдіру, үйлесімділікті қалыптастыру Қазақстанның жетістігі ғана емес, басқа көршілес елдер үшін де жаңа даму үлгісі ретінде қабылданып, бағаланды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бергі қоғамдағы жаңарулар, реформалар мен өзгерістер Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік-саяси мәселелерді тыңғылықты зерттеу қажеттігін көрсетеді. Қазақстандықтар тәуелсіздіктің өткен 18 жылы ішінде қоғамдық тұрақтылық, ұлтаралық келісім мен жалпы қазақстандық патриотизм, ұлттық сәйкестілікті қамтамасыз етудің өзіндік үлгісін жасады. Президент айтып өткендей: «-бұл қазақстандықтардың өзіндік жаңалығы, біз оны мақтан тұтып, қорғай білуіміз қажет». Әлемде кез келген Қазақстан секілді көп ұлтты мемлекеттің өзінің тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтаудың негізі шарттарының бірі – оның азаматтарының ұлтқа бөлінбей, бір қауымға, тұтас халық дәрежесіне біріктіру мәселесі алынады [4].

Экономикалық дағдарысты бастан өткізген жас қоғамның қиыншылықтарына қарамастан Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мен саясаты тұрақты қарқынмен дамуда. Әрбір ұлт, әрбір этнос қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін осындай сәттерден таныта алады.

Әлемдегі қазіргі кездегі демократиялық көп ұлтты мемлекеттердің дамуына зер салып қарасақ, онда олардың барлығының қоғамдағы ұлты әр түрлі адамдардың бірлесіп өмірдің әр түрлі салаларындағы демократиялық тетіктерді нығайту мен полиэтникалықты сақталуының және ұдайы өндірілуінің арасындағы қарама-қайшылықтарды үнемі шешіп отырудың қиын жолдарынан өткендігін байқаймыз. Дүниежүзінің тарихи тәжірибесі көрсетіп отырғандай ұлт саясатының қандай кезеңде, қандай жағдайда болмасын мемлекет пен қоғам алдындағы маңызды проблемаларының бірі болып қала беруде. Сондықтан елімізде іске асырылып отырған ұлт саясаты ұлттық өмірде бейбіт жолмен реттеудің және дамытудың маңызды факторы болып табылады. Бұл бағыттағы Қазақстанның тәжірибесі, атқарып жатқан іс-шаралары әлемнің көптеген елдерінде болып өткен конференцияларда халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағалауға ие болып отыр.

Біздің еліміздегі ұлт саясаты төмендегідей принциптерге сүйенеді: адам құқықтары мен ұлт құқықтарының парасатты түрде үйлесім табуы; ұлттар, ұлыстар мен халықтар арасындағы ізгілік, ұлтаралық келісім мен ынтымақтастық қатынастары, өзара көмек пен бірін-бірі қолдау; қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығы; ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлестірілуі; конструктивті ұлттық ерекшелікті мүдделердің жүзеге асырылуы; елдегі барлық ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуының теңдігі мен теңестірілуі. Барлық этностар мен

халықтарды бір жерде тоғыстырған ортақ тарихи тағдыр олардың ортақ мұраттар мен құндылықтардың қалыптасуына себепші болуда.

Біздің елімізде жүргізіліп отырған ұлт саясаты өзінің бағыт-бағдары бойынша демократиялық және келісімшілдік, прогрессивті және жасампаздық сипатымен ерекшеленіп келеді. Сондықтан, еліміздегі ұлтаралық келісім мен бірлік қазіргі кезеңде орын алып отырған қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді еңсеруде де маңызды рөл атқарған басты факторлардың бірі бола алады. Өркениетті экономика, өркенді саяси-рухани құрылым және дамыған инфрақұрылым қалыптастыру үшін қазір ең керегі-ұлттық ынтымақтастық пен бірлік. Дүниежүзілік озық технология мен интеллектіге сүйенген саяси-экономикалық және әлеуметтік құрылыс қазақ халқымен біргі барлық қазақстандық халықты өркениетті өмірге әкелетіндігі сөзсіз [5].

Ел Президенті 2011 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «...біздің ең басты құндылығымыз - берекелі бірлігіміз», -деп атап көрсетті [6].

Қазақстанның даму, өсу, өркендеу жолындағы басым бағыттарының бірі - ұлттық келісім, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейі. Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. Күллі қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принципі негізінде ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Осыған орай еліміздегі қазақ ұлты мен басқа этникалық топтардың әлеуметтік-саяси мәдениетін, жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. – 294 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақ тілін білу - әншейін ұран емес//Ақиқат. - №5. - 2011. – Б. 6-12
3. Қазақстан халықтары Ассамблеясының ресми сайты <http://www.assembly.kz/>.
4. Шаукенова З.К. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету кез келген қазақстандықтардың міндеті//Ақиқат - 2011. - №4. - Б.15-18.
5. Ләпбаева Н. Ұлтаралық қатынастардың кейбір аспектілері// №8. - 2010. - Б.22-23
6. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2011жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы

ҚАЗАҚСТАН АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҮЛГІСІ

Бегімбетова Г. М.

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің магистрі, Қаратау қ.

Еуразиялық идеяның негізін қалаушылардың бірі болған Л.Н.Гумилев: «Халықтың күші оның санының көптігінде емес, оның ұрпақтарға және басқа әлемге бере алатын рухани мәдениетінде жатыр», деп айтқан екен. Осыған байланысты ұрпақтар сабақтастығы, оның ішінде қоғамда этностық, мәдени және діни татулықты сақтау тұрғысындағы сабақтастық мәселесі басым бағытқа ие болып отыр. Жас адамды мәдени құндылықтардың иесі ретінде қалыптастыруға, ұлттық-мәдени сәйкестік пен мәдениетаралық толеранттылықты қалыптастыру үдерісін үйлестіруге қабілетті педагогикалық шешімдерді жасап шығару - аға буын ұрпақтың алдында тұрған міндеттердің маңыздысы. Қазір жастарымыз өмірдегі алғашқы қадамын бұрын ата-баба жинақтаған бай мұраның үстіне өзінің жаңа білімі мен құндылығын қоса отырып, аға ұрпақ қол жеткізген биіктен бастай алатындай рухани трансмиссия тегігін қамтамасыз ету мәселесі аса өзекті бола түсуде.

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Қазақстанда мемлекеттік ішкі саясаттың басты бағыттарының бірі болып этносаралық және конфессияаралық келісім белгіленді. Азаматтардың ұлттық және діни тиесілігіне қарамастан, тең құқылығы қағидаты жоғары заңнамалық деңгейде бекітілді. Ұлтаралық, дінаралық араздықты қоздыратын әрекеттерге,

діни негізде саяси партиялар құруға заң тұрғысынан тыйым салынды. Ұлтаралық үнқатысуды нығайту, сондай-ақ, мемлекет тарапынан жүргізілетін саясатқа ондағы этностардың түгелдей қатысуын қамтамасыз ету мақсатында 1995 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша елде бірегей қоғамдық-саяси институт - Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Конституцияда этностық азшылық құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық өлшемдерге жауап беретін қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің құқықтық негізі қаланды. 2013 жылы 18-сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасында осы жағдайлар талданды.

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік, ұлттық саясатының негізгі бес қағидасының ішінен Ассамблеяның өзі атсалысқан «Толеранттылық пен жауапкершілік» қағидасын айрықша бөле-жара атауға болады. Бұл қағиданың жалпы қоғамның игілігі үшін жұмыс істейтіндігіне дәлел ретінде БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның: «Қазақстан түрлі этностар бір жерде бейбітшілікте өмір сүретін, этникалық әртүрліліктен жамандықты емес, жақсылықты көре білетін мемлекеттің үлгісі бола алады», – деген сөздерін келтіруге болады. Ассамблея құрылған кезден бастап Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың оған тұрақты төрағасы болуы Ассамблеяның әлемдік қауымдастықтағы беделін арттыра түседі. Әлемдегі жетекші саясаткер Маргарет Тэтчер республикамыздағы толеранттылық саясатының нәтижесін бағалай келе: «Тәуелсіздік алған кезден бастап Сіздің алысты көре білетін саясатыңыз еліңізді бостандыққа апаратын жолға алып шықты. Бәлкім, пессимистер Сіздің еліңіздегі этникалық және діни әртүрлілік қақтығыстардың туындауына себепші болып, Қазақстанды әлсіретеді деп ойлаған шығар. Алайда, бәрі керісінше шығып отыр, Қазақстан өзінің әртүрлілігінің арқасында гүлденуде, ол өзіндегі әртүрлі дәстүрлер мен діндер байлығының арқасында одан сайын мықты бола түсті. Сіздер бұл жағынан көпке үлгі боласыздар», – деп жазды.

Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі. Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеңіз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел. Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде 11 тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Біздің билік мұндай білім ошақтарының барлық шығындарын көтеріп отырғаны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады. Сондай-ақ, мұндай мектептер өзге ұлт өкілдері жастарының қазақ тілін оқып-үйренуіне негіз болып отырғанын тілге тиек ете кетуіміз керек. Бұдан басқа ел аумағында 13 тілде түрлі радиохабарлар тарайтыны белгілі. Бұны үлкен жетістік деп айтуымызға қақымыз бар.

Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал. Мәселен, Қазақстан халқы ассамблеясы 2008 жылы Алматы қаласындағы «Достық үйі» жанынан «Лингва» тілдерді оқыту орталығын ашуды қолға алған болатын. Осы орталықта

соңғы жылдары 150-ден аса мемлекеттік тілді үйренуші әртүрлі этнос өкілдері және 50-ден аса орыс тілін үйренуші шеттен келген қандастарымыз бітіріп шықты. Үстіміздегі жылы Астана қаласында «Тілдарын» тілдерді оқыту технологияларының әдістемелік орталығы ашылды. Мұның бәрі мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған нақты істер. Сонымен қатар әр этномәдени бірлестіктің осы бағытқа арналған арнайы бағдарламалары жүзеге асырылуда. Мысалы, Орыс қоғамы бірлестігі «Тіл - халық жанын танудың кілті», «Ахысқа» түрік қоғамы «Мемлекеттік тіл - менің тілім» конкурстары, өзбек орталығы «Мемлекеттік тілді білу - парызың» олимпиадасы, корей қауымдастығы «Мемлекеттік тіл - достық тілі» жастар форумы сияқты бағыттар арқылы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, өз этностық тобын қоғамдық белсенділікке тарту бағытында жұмыс атқарып жатыр.

Қазақстандағы аз ұлттардың өкілдерінің мұқтажыдығын өтеуге, ұлтаралық қарым-қатынас аясында үйлесім орнатуға барынша жағдай жасалған. Барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай және осы орайда өзге мемлекеттерге үлгі бола алатынын айта еткен жөн. Сонымен бірге Қазақстанда жүзеге асырылып отырған ішкі саясаттың тағы бір ұтымды тұсы қазақстандықтарды түрлі діни конфессияларға деген толеранттылыққа тәрбиелеумен сабақтас. Соңғы жылдарда Республиканың түпкір-түпкірінде бой көтерген түрлі діни мекемелердің (мешіт, православие приходы, католиктердің костелы, ғибадатханалар және т.б.) жанданған құрылысы мемлекеттің өзара үйлесімді қоғамдық дамуға тиімді жағдай жасағандығын дәлелдей түседі. Өзара сыйластық пен төзімділікке, бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғамдық қатынастар әлем сахнасында Қазақстанның шынайы имиджін қалыптастыруға игі ықпал жасауда.

Тәуелсіздікпен бірге есейіп келе жатқан Ассамблея еліміз үшін үлкен мән-мағынаға ие. Бүгінде қоғамдық институтқа республика бойынша 820 мәдени орталық мүше. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бүгінгі өміріміз дүниежүзіне үлкен үлгі-өнеге болып отырғаны даусыз. Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды сараптаған адам қазақ жерінде қандайда бір ұлтқа қатысты ксенефобиялық көзқарастың жоқ екенін бірден байқайды. Қазақ халқы Кеңес Одағы тарапынан аштық пен репрессияның тауқыметін көп тартқан ел. Бірақ біздер КСРО-ның заңды мұрагері Ресейге қарсы ешқандай өшпенділік пиғыл танытпадық. Ал басқа елдерде мұндай жағдай керісінше сипат алғанын көзіміз көрді. Іргеміздегі Ресейдің өзі әлі күнге дейін Кавказ бен Орталық Азияның кейбір халықтарына қатысты жағымсыз көзқарастан арыла алмай отыр. Өркениеттің шыңына шықты деген Францияның өзінде Ислам дініне қатысты қайшылықты көзқарастар туындап, үлкен мәселеге айналып отырғаны жасырын емес. Осындай жайттарды еске алғанда еліміздегі қалыптасқан толерантты қоғамның мәні мен мазмұнын жете түсіне бастайсың.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімінің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы / Жалпы ред.басқ. Ж.Ә.Әлиев.- А., 2006.- б.163 – 182.
2. egemen.kz.2012/2912
3. el.kz.
4. www.assembly.kz/

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

Бижуманова С.А.

*М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік
университетінің магистрі, Тараз қ.*

Елімізде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өзге елдерге, мелекеттерге үлгі көрсетіп қана қойған жоқ, бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырды. Ассамблея мүшелері қашан да Қазақ елінің ынтымағы мен бірлігін жақтап келеді. Алғашқы референдумнан бастап бүгінгі күнге дейін Ассамблея өмірлік маңызды мәселелердің бел ортасынан табылып келеді. Достыққа - дәнекер, ұлағатты істерге - ұйытқы болуда.

Елбасы бір сөзінде: «Мені небір қиын күндерде де демеп жүретін халықтың қолдауы, Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстардың достығы. Біз қоғамда қалыптасқан саяси тұрақтылықты, ұлттар арасындағы ауызбіршілікті, ағайын арасындағы сыйластықты, адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін көздің қарашығындай сақтауды балаларымыздың балаларына аманат етіп өтуге тиіспіз!», - деп атап көрсеткен болатын. Ассамблея бұл бағытта, еліміздегі бірлікті сақтауда маңызды рөл атқарып отыр. Бір сөзбен айтқанда, Ассамблея өз міндетін орындап келеді. Соның арқасында Қазақстанда мекен етіп отырған ұлттар мен ұлыстардың достығы көрініс тауып отыр. Қазақстан дамуының бір модулі ретінде Ассамблеяның өз міндеті бар. Оның ішінде Қазақстанда мекендеп отырған әр түрлі ұлт пен ұлыстың өкілі өзінің мәдени және тарихи, этнографиялық өмірінен қалыс қалмай, осында өмір сүре отырып, өздерінің тарихи танымын байытуда, өздерінің мәдениетін, өнерін жоқтатпай отыр. Ассамблея Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің басын қосып, жан әлемінің бола ма, тағы да басқасының бола ма, көрініс табуына ықпал етіп, құрылым ретінде қызмет етуде.

Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие бірден-бір ұйым. Жиырма жылдық тарихында аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Үстіміздегі жылы елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық тойы республикалық деңгейде мерекеленеді. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында «Ассамблея құрылуының 20 жылдығын атап өту арқылы біз қазақстандықтардың рухани күш қуатын арттыруымыз және толеранттылығын еселеуіміз керек. Сондықтан да, біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар - ел игілігі жолында ынтымақ пен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім - ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі - ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Барлық Қазақстан халқын біріктіретін бірден-бір фактор - қазақ тілі. Қазақ тілі - ұлт пен ұлысты біріктіруші, ұйыстырушы, түсіндіруші, бір-бірімен ұғыстырушы құралға айналатын мемлекеттің ең басты тетігі. Мемлекеттік тіл арқылы түсінісе білсе оңай әрі жеңіл болады. Сондай күнге жетсек, Ата Заңымыздағы мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесін толық орындауға мүмкіндік болады деп есептеймін. Шынында түпкілікті елдің елдігі - айналып келгенде бір тілде түсінісуіне келіп тіреледі. Осы тұрғыдан алғанда Ассамблеяның көтерген жүгі де, ондағы Елбасы сөзінің салмағы да осы мемлекеттік тілге жаңа бір мазмұн бергендей көрінді. Онда орыс тілді ағайындарға да, өзге ұлт өкілдеріне де Елбасының баса

айтқан нәрсесі «Біз 20 жыл уақыт бердік, ешкімді көзге шұқыған жоқпыз, кеудеден итерген жоқпыз, тіл үйренуге барлық жағдайды жасадық, ал енді сөйлейтін болсаң, өзінді мәжбүрлеп, қинап сөйлеме, қазақ халқын құрметтеп сөйле» деді. «Қазақ халқы сондай құрметке татитын халық» деп баса айтты. Бұл Ассамблеяның үлкен жетістігі, көрінісі деп ойлаймын.

Қазіргі таңда отыз мыңға жуық басқа ұлт өкілдерінің балалары қазақ мектебінде оқып жатыр. Бұл - шын мәнінде үлкен жетістік. Соңғы Халық санағында «мемлекеттік тілді білемін» деген адамдардың саны 65 пайыз болды. Соның 57 пайызы «қазақша оқи аламын» деген екен. Діні бір, ділі бір өзбек, ұйғыр, түрік, эзирбайжан, татар, қырғыз, башқұрт халықтарын қоса алсақ, олардың қатары арта түседі. Яғни, бұл азаматтардың көпшілігі мемлекеттік тілді біледі, түсінеді деген сөз.

Қазақ тілін меңгеру ісінде біздің мемлекеттік қызметшілер Президентімізден үлгі алуы тиіс. Елбасы қазақ тілінде майын тамызып сөйлейді, орыс тілінде сөйлейді, елуден асқанда ағылшын тілін үйреніп алды. Қазір жаңа технологиялар заманы. Кез келген адам өз үйін, өз қаласын, қажетті координаттарды, басқа да деректерді интернет арқылы алуға аса қолайлы, сондықтан, GPS (global position system) жүйесін іске қосу қажет. Сонымен қатар, бүгінде қазақ латын код парағын алды, бірақ ол жаппай қолданысқа қосылған жоқ, соны Қазақстандағы әрбір компьютерге кіргізу керек. Орфографиялық көмекшілер, мысалы MSWord мәтіндік редакторы қателерді автоматты түрде түзететін болады. Қазақ тіліндегі sms-ақпараттарды, электронды поштаны жер шарының кез келген түкпіріне жіберуге мүмкіндік туады. Үшіншіден, бұл үшін ABC-net /эй-би-си нет/ негізіндегі қазақ әліпбиін IT-технологиялар саласына тездетіп енгізген дұрыс. Ол электрондық карта, электрондық банкинг, электрондық коммерция, e-mail, SMS жазбаларды реттеп, дауыс тану, роботтық технологиялар мен жасанды интеллект мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді. Осындай әліпби мемлекеттік тілде білім беретін мектептердің беделін көтеріп, өзге ұлт өкілдерінің балаларына кең жол ашады. Бұл ұлтаралық қатынасты, іргесі берік достықты бекітудің осы заманғы бірден-бір озық әдісі болады деп ойлаймын.

«Елу жылда - ел жаңа» дейді қазақ. Қазақ қоғамы 50 жылда емес, 20 жылға жетпей-ақ жаңарды. Жаңа тұрпатты, жан-жақты жетілген жаңа ұрпақ қалыптасты. Қазақстан атты қуатты, жас та өршіл мемлекет өркениет көшіне қарқынды қадам басты. Бүгінгі таңда кең-байтақ Отанымызда ұрыс жоқ, ырыс бар. Берекеміз де, мерекеміз де бар. Ол - осы бірліктің арқасы. Ынтымақтың арқасы. Достық пен өзара жарасымның арқасы. Талай қиындыққа төзе білген қазақтың арқасы. Қазақты түсіне білген туыс-бауырлардың да арқасы.

БЕЙБІТШІЛІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ

Жармухаметова Р.О.

М.Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжі

Қазақстан құрамында 130-дан астам этностар және этникалық топтардың өкілдері тұратын полиэтникалық мемлекет болып табылады. Әрбір этностың арнайы ерекшеліктері бар, олардың ұлттық мәдениетіне және адам еңбектері дәстүріне, тұрмыстық ерекшеліктерге ықпал ететін өзіндік ұлттық мінездері немесе психикалық қоймалары бар, отбасылық өзара қарым-қатынастарда және өзге адамдармен өзара қарым-қатынастар туралы ұсыныстарға өзара әсер етеді.

Осы немесе басқа этностар тұратын табиғи-географиялық ортаға, экономикалық, әлеуметтік, діни және басқа жағдайларға әсер ететін этникалық ерекшеліктер құрылады. Әлеуметтік-экономикалық реформаның өткізілуімен адамдардың этникалық өзін – өзі танудағы қайта даму және жаңару үрдісінде жүзеге асырылатын саяси жүйенің және мемлекеттік тұрақтылықтың ауысуына байланысты Қазақстандағы қайта құрудың болуы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев - «Көптеген ұлттық мәдениеттің ашық нақышынан тұратын Еуразиялық саяси мәдениет шынымен ең үлкен адамдық рухтың қазына қоймасының бірі болып саналады және біздің бәрімізге оның сақталуына және артырылуына деген жауапкершілік жатады» - дейді.

Біз бейбітшілік пен келісімшілікте тұра, біз өзіміздің өмірімізде мынадай ерекше жаңалықтарға аса зор мән береміз, атап айтсақ өз ұлтымыздың оқу мүмкіндігі, кітаптар шығару, теледидар бағдарламаларын көру, газеттер оқу сияқты. Бұл Қазақстанның діні – еліміз, бұл жерде әркімнің тең мүмкіндіктері бар. Үлкен деңгейдегі төзімділік, мәдениеттің сұхбаты, көп мәдениеттілік, жаһандық, бұрын тарихымызда болғандай тек қана философиялық түсінік қана емес, этника аралық қарым – қатынас формаларының даму жағдайының практикасы.

Бүгінгі күні біздің қоғамымыздың алдында тұрған мәселелердің бірі жасөспірімдердің діни-мінездік мәдениет деңгейінің төмендеуі болып табылады, үлкендерден кішілерге мұра болатын еліміздің мәдени-тарихи мұрасын сақтауға арналған негізгі қақпа бола алады.

Ұлт аралық қарым-қатынас саласында жас өспірімдерді тәрбиелеу формалары мен әдістері өз кезегінде тиімді болып саналды, қазіргі кезеңде өздерін ақтай алмайды. Жастарды діни, тарихи және мәдени құндылықтарға құрметтеу дініне, ұлтпен, жалпы адамдық құндылықтармен тығыз байланыстырып гуманизм міндеттеріне тұлғаны жетілдіруге тәрбиелеу қажет.

Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығы Қазақстанның бастамасы бойынша БҰҰ жарияланған 2010 жылғы 1-2 желтоқсандағы Астана қаласындағы мемлекет басшысы саммитының өткізілуі - ЕҚЫҰ мүшелері – бұның бәрі әр кімге үлкен жауапкершілікті танытады.

Нақты өмір Қазақстанның гүлденген және болашағы бар мемлекеттер қатарына енуі барлығынан бұрын оның азаматтардың бейбітшілік келісімді және теңдікті қамтамасыз етуіне мүмкін болғандығын куәландырады.

Осыған негіз болған 1995 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысына сәйкес ұлттық саясат саласындағы тиімді институт - Қазақстан Халқы Ассамблеясы.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы институтының 20 жыл қолданыстағы болғаны аса маңызды эволюцияны бастан өткергені ешкімге де құпия емес, этника аралық келісімнің қазақстандық моделі құрылып, гармониялық және қайшылық туғызбас сипатқа ие болды. Этника аралық келісім және қазақстанның біртұтастығы қоғамның, экономикалық, саяси және әлеуметтік өмірінің маңызды нәтижелеріне жетуге мүмкіндік туғызды.

Біздің тарихымыздағы өткендер Қазақстан Халқы Ассамблеясының арқасында елімізде тұрақтылық қамтамасыз етілді және масштабын реформалар қуатты импульстары міндеттелді, Қазақстанның даму стратегиясын жылдар алдында алға басты.

Ассамблея этника аралық келісімнің мемлекеттік моделінің, қоғамдағы тұрақты қуатты фактор элементтің кілті болды.

Осы моделдің құқықтық негізі, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясын құрды, заңнама барлық этностардың құқығына тең, этника аралық қарым-қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізін нығайтты. 1995 жылғы негізгі заң мемлекеттік құрылыс негізіне аймақтық, азаматтық-саясаттық қоғамның моделін тұрақтады. Бұдан басқа, Негізгі заңның 39 бабының 2-тармағы «ұлт аралық келісімді бұзу тәсілі бар кез келген әрекетке конституциялық емес деп таныды» деп анықтады.

Осы кезеңнен бастап мемлекеттік этникалық саясаты барлық этностар арасындағы өзара қарым-қатынастардың тиімді моделін құра алатын, азаматтардың қоғамы сияқты қазақстандық ұлтты құратынына арналып бағытталған болып табылды, әр түрлі мәдениет және конфессияны құра алатын, этникалық және дінге сенушіліктен тәуелсіз азаматтар теңдігін іске асырады. Қазақстанның этникалық үрдісіндегі орташа орнын Қазақстан Халқы Ассамблеясы мемлекеттік ұлттық саясат институты сияқтылар орын алады.

Оның құрылуы Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында болды, ауыспалы кезеңнің дағдарыс жағдайында болғанда, Қазақстандағы этникалық үрдістердің дамуының

плюрализмінің саяси туындысы апатты және көбінесе басқарылмайтын сипаттамада болды. Қазақстанда этника аралық қарым-қатынастар шешілмеген мәселелері кезінде ешқандай дамудың мүмкіндігі болған жоқ; экономикалық реформа, әлеуметтік өсу, саяси жүйенің терең демократизациясы да болған жоқ.

Этника аралық мәселелер бойынша қоғамдық институтты құру идеясы ең алғаш 1995 жылғы 1 наурызда және Қазақстан халықтарының бірінші форумында, 1992 жылғы мемлекет басшысы ғана айтқан болатын, жоғарыда баяндалғандай өзінің практикалық нақты көрсетуге уақыт табылды: ҚР Президентінің Жарғысымен осындай қоғамдық институт құрылған болатын, Қазақстан Республикасы Президентінде жаңа кеңестік-мәжілістік орган құрылды. Оның негізіне этномәдени ұйымдардың тұлғасымен мемлекеттік достық және азаматтық қоғамдық институттар негізделген болатын.

Ассамблеяның негізгі потенциалы оның этностар мүдделеріне деген консолидацияға деген тәсілі, үкіметпен сұхбаттасу, этника аралық коммуникациялар оны Қазақстанның ұлттық саясатының басты құралы етіп айналдырды. Ассамблея этномәдени орталықтардың тұлғасымен азаматтық қоғамдық институттарға жақындай отыра этникалық өзін өзі тануды және мәдениетті тудырумен қамтамасыз етті, біртұтас саяси, құқықтық, этникалық үрдістердің мәдени алаңын құрды. Бұл қайта жаңару және қазақстандық этностардың тілдерін дамыту және мәдениетін дамыту кезеңінде ең мықтысы болды, олардың өздерінің тарихи көздеріне оралуы болды. Қазақ емес елдердің негізгі массасында ішкі тұрақтылық шешілген болатын, эмиграциялау үрдісі баяулатылды, қазақстандық этникалық модельдердің құрылуы бұдан әрі құрыла бастады.

ҚХА қызметі қазақстандық этностар арасындағы қатынастардағы төзімділік пен сенімділікті нығайтуға, этника аралық гармонизациялау қарым-қатынасына бағытталған; қазақстандық этностардың мәдениетін және тілдерін одан әрі дамытуға, қазақ халқының мемлекеттік тіл және мәдениет маңайындағы барлық этностардың интеграциясы.

Төзімділік, мәдениеттің диалогы, мәдениет аралық қазір үлкен деңгейде, бұрын тарихта болмаған тек қана философиялық түсінік қана емес, этника аралық және конфессияаралық нысандардың даму жағдайының практикалық жағдайы.

Төзімділік – бұл барлық азаматтардың құқығында әр түрлі болып көрсетілетін азаматтық қоғамдағы құндылық және әлеуметтік норма, әр түрлі конфессиялардың, саясаттық, этникалық және басқа әлеуметтік топтардың арасындағы тұрақты гармонияны, әр түрлі әлемдік мәдениетті құрметтеуді, өркениет және халықтарды, адамдармен түсіністікті және қызметтестікке дайындығын, сыртқы келбетті айыру бойынша, тілді, дәстүрлерді және сенімділіктерді қамтамасыз етуші.

Бұл өсіп келе жатқан жастарда Отанымыздың тағдырына және оны қорғауға деген дайындығына моральдық психологиялық сапаларды, төзімділіктің, патриотизмдіктің, адамзаттықтың, жауапкершіліктің орнының маңыздылығын барлығынан бұрын азаматтардың құрудағы қажеттілігін болжайды.

Төзімділікке тәрбиелеу және бірлігі жарасқан мемлекетті құру бүгінгі таңда өзекті, егер елімізді, қоғамымызды және адам мен «адамдағы адамгершілік қасиеттерді» сақтағымыз келсе, онда маңызды міндеттердің сапасын қарастыруымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.А. Назарбаев За мир и согласие в нашем доме. Материалы первой сессии Ассамблеи народа Казахстана. – А., 1995. – 63 с.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жедел ақпарат №23-10/15, 2009 жылдың 7 мамыр - Павлодар, 2009
3. Қазақстанның ел бірлігі доктринасы// Егемен Қазақстан 2009 ж. 6 қараша, 3 б.
4. Республикалық журнал «Достық-Дружба» №4 (16) 2005 ж.
5. Тугжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. «Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк – Алматы: Раритет, 2010. – 304с.
6. Достықтың дархан ұясы! Живем в семье единой! - Павлодар қ. ЭКО, 2004.-280 б.
7. «Ассамблея – Қазақстан Халқының ортақ мінбері» - «Егемен Қазақстан» - 2009 – 27 қазан–1,3 б.

МИРОВАЯ МОДЕЛЬ МИРА И СОГЛАСИЯ Н.А. НАЗАРБАЕВА

Жолумбетов Е.М.

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

«...Мы должны крепить доверие между всеми казахстанцами! Быть толерантными друг к другу! Это ключи к будущему Казахстана...» таким актуальным для страны речью Лидер Нации Н.А. Назарбаев обозначил новый глобальный шаг на пути в число 30 самых развитых стран мира. Основную роль на данном пути и в развитии современного Казахстана должна сыграть его детище - Ассамблея народа Казахстана.

Однажды 18 октября 2002 года на встрече с членами Совета Ассамблеи народа Казахстана в Астане Экс-генеральный секретарь ООН Кофи Аннан сказал: «Казахстан отличается от некоторых стран СНГ тем, что в стране царят мир и стабильность, наблюдается экономический рост. Казахстан может служить примером государства, в котором мирно сосуществуют различные нации и где в этническом многообразии видят благословение...». [1, стр. 39] Оценка Экс-генсека ООН имеет за собой вполне реальные основы. С момента обретения независимости Казахстан четко определил вектор государственной национальной политики, основными принципами которой являются равные права для представителей всех национальных и конфессиональных групп и создание благоприятных условий для деятельности всех конфессий. Благодаря политической дальновидности Лидера Нации Нурсултана Абишевича Назарбаева 1 марта 1995 году была создана Ассамблея народа Казахстана. Скрепившая интересы всех этносов, обеспечив неукоснительное соблюдение прав и свобод граждан независимо от их национальной принадлежности, данная инициатива вывела Казахстан на новый мировой уровень, день за днем увеличивая свою значимость не только в Азии, но и в Европе, во всем международном сообществе. **Казахстан стал лидером движения мира и согласия во всем мире, и обеспечил внутри государства стабильность без единого политического массового столкновения на этнической или религиозной почве на протяжении более двадцати лет.**

Новый уникальный институт получил статус консультативно-совещательный органа при Президенте Республики Казахстан, главной задачей которого является реализация государственной национальной политики, обеспечение общественно-политической стабильности в Республике Казахстан и повышение эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений. За свою историю Ассамблея трансформировалась из консультативно-совещательного органа при Президенте РК в конституционный орган, имеющий прочную правовую основу и общественно-политический статус. В мае 2007 года в Конституцию Республики Казахстан был внесен ряд поправок. Ассамблее народа Казахстана придан конституционный статус, она получила право избирать в Мажилис Парламента РК девять депутатов, что значительно повысило общественно-политическую роль Ассамблеи. 20 октября 2008 года Президентом страны был подписан Закон «Об Ассамблее народа Казахстана», не имеющий аналогов в мире. Ассамблея народа Казахстана стала полноправным субъектом политической системы страны, были определены нормативные правовые основы ее деятельности. Она способствует разработке и реализации государственной национальной политики, обеспечению общественно-политической стабильности в Республике Казахстан. [2]

В составе АНК участвует вся страна. Первому Президенту Республики Казахстан - Лидеру Нации обладает правом пожизненно возглавлять Ассамблею народа Казахстана. [3] Структурно она состоит из Сессии Ассамблеи, Совета и Секретариата, ассамблей областей, города республиканского значения и столицы. В регионах структуру Ассамблеи возглавляют акимы областей. Состав Ассамблеи и ассамблей областей, города республиканского значения и столицы формируется из числа граждан Республики Казахстан - представителей

этнокультурных и иных общественных объединений, представителей государственных органов и иных лиц с учетом их авторитета в обществе. В настоящее время Ассамблея имеет в своем составе более 350 членов. [4]

Деятельность Ассамблеи способствует росту имиджа Республики Казахстан на международной арене как страны, эффективно решающей вопросы, касающихся межнациональные отношения. Вклад Ассамблеи по достоинству оценен на самом высоком уровне. Во время своего официального визита в Астану в 2001 году Папа Римский Иоанн Павел II высоко отозвался о казахстанском народе и его президенте, обозначив что Казахстану выпала особенная миссия быть мостом между религиями, между народами и континентами.

За свою историю АНК претерпела значительную эволюцию развития, на основе которой сформирована казахстанская модель межэтнической толерантности и общественного согласия, по праву называемая сегодня моделью Н. Назарбаева. Модель презентована в Организации Объединенных Наций, странах-участницах ОБСЕ, в государствах, где прошли крупные международные форумы - Копенгагене, Вене, Женеве, Нью-Йорке. Генсек ООН подчеркнул, что принципы Ассамблеи народа Казахстана сочетаются с принципами Организации Объединенных Наций. «Дружба является фундаментом мира, процветания и безопасности, она основывается на ценностях уважения, толерантности и терпимости. Это как раз принципы ООН. И это принципы Ассамблеи народа Казахстана», - отметил Пан Ги Мун. [5]

Уникальная в своем роде Казахстанская модель стала одной из основ тесного взаимодействия Ассамблеи народа Казахстана и Верховного комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств. Получив международное признание Ассамблея народа Казахстана начала активно расширять свою географию с целью продвижения общегражданских ценностей и укрепления толерантности в мире. Так АНК подписала ряд соглашений о сотрудничестве с Общероссийской общественной организацией - Ассамблеей народов России, Ассамблеей народов Татарстана РФ, Ассамблеей народа Кыргызстана по перспективам межкультурного диалога, что стала основой для реализации совместных политических, экономических и социальных проектов.

В период председательства Казахстана в ОБСЕ казахстанская модель межэтнической толерантности переведена на языки государств ее участников, что еще раз подтверждает международный авторитет и признание инициатив нашего государства в сфере межэтнических отношений и общественного согласия.

Авторитетные современные политики, духовные лидеры и представители общественных организаций дают самую высокую оценку опыту Казахстана по укреплению межнационального и межконфессионального согласия. **Главный раввин Израиля Йона Мещгер отметил, что** в Казахстане, живут в мире и согласии более 100 народов, и каждый должен учиться у этой страны.

Не отставая от мировых лидеров, о важности модели Казахстана разделяют и мировые эксперты, которые считают что модель межэтнического и межконфессионального согласия, функционирующую в Казахстане, многие зарубежные эксперты оценили как «уникальный казахстанский путь», а также предлагают «экспортировать» ее в другие государства. **По мнению** научного эксперта Академии национальной обороны Австралии Мартина Малекса сила возникает у людей, когда они начинают действовать совместно. Точно так же Казахстан обрел глобальную силу, объединяя под миротворческими инициативами целые континенты. Президент Центра информации и политического анализа США Хуман Садри убежден, что сегодня Казахстан - настоящий остров стабильности на просторах СНГ. Это чудо, над которым ломают головы политологи, и всегда будут говорить историки, изучающие наш период - рубеж XX и XXI веков. Он охарактеризовал достижение Казахстана одной фразой - «Стабильность, мир и согласие». Во всех кругах уже закрепились мнение, что Ассамблея народа Казахстана – это политическое «ноу-хау» Лидера Нации, которое вызывает сегодня в мире огромный интерес.

Действительно, политика толерантности в нашем государстве проводилась с первых дней независимости государства. Как отметил Нурсултан Назарбаев на Форуме народов Казахстана, «Не одно поколение казахстанцев создавало главное достояние - дружбу народов. Мы не вправе растрачивать это богатство, перечеркивать добрые традиции интернационализма». [6]

Всем нам известно, что XXI век остро обозначил проблемы взаимоотношений культур и цивилизаций, межэтнических контактов во всем мире, создания новых подходов к интеграции полиэтничных обществ. И в этих условиях, где признаки системного общецивилизационного кризиса, отражающий не только мировой финансовый кризис, но и признаки энергетического, экологического, продовольственного, социального кризисов Казахстан уже четко определил для себя путь развития и процветания благодаря уникальной модели мира и согласия Лидера Нации Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Список использованной литературы:

1. Н.А. Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия. / Сост.: А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко.– Алматы: 2010. – 365 с.
2. Концепции развития Ассамблеи народа Казахстана (до 2020 года) от 18 апреля 2013 года.
3. Конституционный закон Республики Казахстан «О Первом Президенте Республики Казахстан - Лидере Нации» от 20 июля 2000 года N 83-П.
4. Положение об Ассамблее народа Казахстана от 7 сентября 2011 года.
5. «20 лет Ассамблее народа Казахстана. Уникальная модель единства и согласия», газета «Семей таңы» от 24.01.2015 г.
6. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на Форуме народов Казахстана (Алма-Ата, 13 декабря 1992 года).

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІ БОЙЫНА ЖИҒАН ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ

Жүсіпбек Р.Р.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 2 курс студенті, Орал қ.

Бұл дәуір мықтылар мен білімділер дәуірі. Қай елдің экономикасы өрлеп, білімі ошапса заман сол елдікі. Ол елдің жастары да соншалықты биікте сақтайды. Алайда экономикасы дамыған елдер халықының бірлігін таба білмесе ешқашан алыптардың қатарына кірмейді. Іштегі алауыздық сырттағы жаудан бетер үрей туғызыды. Себебі бұл – жаһандану дәуірі.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қатынастардың теориялық және тәжірибелік саласы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Елімізде 120-дан астам ұлт пен ұлыстар тұратыны белгілі. Әлемдік қауымдар Қазақстанның этноәлеуметтік дамуындағы сәттіліктерді мойындауда. Әрине, бұл жетістіктерде Қазақстан халқымен қатар еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың да қызметін атап өтуіміз қажет. Президентіміз өзінің еңбектерінде: «Біз еліміздің болашағы үшін әр қайсымызға жүктелген жауапкершілікті түсіне отырып, өткенді еске сақтап, болашаққа ұмтылуымыз керек. Басқа халықтармен достықта өмір сүре отырып, олардың мәдениеті, дәстүрлерін құрметтеуіміз керек. Қазақ халқының береке басы бірлікте деген сөз әрдайым есте сақтауымыз керек» - дейді.

Ата заңымыздың 39 бабының 2 тармағында ұлтаралық қатынастарға қарсы жасалған әрекеттердің барлығы конституциялық емес болып табылады делінген болатын. Қазіргі таңда әлемдік қоғамдастықтардың мәдени өмірін саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы өзгерістердің интенсивті түрде дамуы ұлтаралық және этникааралық процестерде өсіп отыр. Сондықтан өткен кезең мен қазіргі уақыттағы түрлі ұлттардың

қарым-қатынастарындағы тарихи және теоретикалық, болжамдық, тәжірибелік жағынан талдау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. [1, 6 б.].

Қоғамдағы татулық- мемлекетті нығайтудың ең басты шарты болып табылатындығы белгілі. Әлемде тұрақты, мықты ұлтаралық қатынас болу үшін, ол мемлекетте барлық этностардың құқығын қорғайтын мықты құқықтық база және осы құқықтарды іске асыратын институттар болуы керек. Осындай институттар құру туралы идеяны алғаш рет Қазақстан Республикасының Президенті 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан Халықтарының бірінші Форумында ұсынған болатын. Форумда сөйлеген сөзінде Президент қазақ халқының бірнеше ұрпақтары, біздің басты игілігіміз- ұлттар достығы қалыптастырды. Бүгінгі таңда тарихқа көз жүгірту кезінде осы байлығымызды жоғалтып алмай, көптеген дәстүрлерімізді жоғалтпауымыз керек. Олар соңғы он жылдықтар немесе партияның дерективаларымен қалыптасқан жоқ, әр бір адамның, әр бір халықтың, әр бір ұлттық дауысын күнде есту қажет. Міне, сондықтан форумды тұрақты негізге көшіріп, жаңа қоғамдық институт қазақ халықтарының бірлігі мен татулығының Ассамблеясын құру керек деген болатын. Елбасы бір сөзінде: «Мені небір қиын күндерде де демеп жүретін халықтың қолдауы, Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстардың достығы. Біз қоғамда қалыптасқан саяси тұрақтылықты, ұлттар арасындағы ауызбіршілікті, ағайын арасындағы сыйластықты, адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін көздің қарашығындай сақтауды балаларымыздың балаларына аманат етіп өтуге тиіспіз!», - деп атап көрсеткен болатын. Ассамблеяның бұл бағытта, еліміздегі бірлікті сақтауда маңызды рөл атқарып отыр. Бір сөзбен айтқанда, Ассамблея өз міндетін орындап келеді. Соның арқасында Қазақстанда мекен етіп отырған ұлттар мен ұлыстардың достығы көрініс тауып отыр. Қазақстан дамуының бір модулі ретінде Ассамблеяның өз міндеті бар. Оның ішінде Қазақстанда мекендеп отырған әр түрлі ұлт пен ұлыстың өкілі өзінің мәдени және тарихи, этнографиялық өмірінен қалыс қалмай, осында өмір сүре отырып, өздерінің тарихи танымын байытуда, өздерінің мәдениетін, өнерін жоқтатпай отыр. Ассамблея Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің басын қосып, жан әлемінің бола ма, тағы да басқасының бола ма, көрініс табуына ықпал етіп, құрылым ретінде қызмет етуде.

Арада 20 жыл өтсе де Елбасының бұл сөздерінің өзектілігі артып, күн өткен сайын өміршеңдігі айқындала түсті. Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы құрылтайында Елбасы жаңа институттың қоғамдағы рөлі мен жұмысының басты контурларын сол кезде-ақ: «Осыдан бастап қоғамдық мәселелердің барлық қырлары бойынша, әсіресе, ұлттық саясатта мемлекеттік актілер Ассамблеяның пікірлерін ескеріп және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық этностардың мүдделеріне қайшы келмеуі қадағаланып, сараптан өткізілуі керек», деп қолмен қойғандай нақтылап берді. Бұл кейіннен идеологиялық тренд ретінде орнығып, әлемге «бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің Назарбаев моделі» деген атпен белгілі болған Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы қадамы еді. [1, 250 б.].

Мемлекеттік этностық саясатты жүзеге асырудың жаңа институционалды тетіктері толығымен қалыптасты. Өткен жылы Елбасының Өкімімен Президент жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен елордадағы Қазақстан халқы Ассамблеяларының қызметтерін қамтамасыз ету» атты жаңа бюджеттік бағдарлама қабылданды. Аймақтарда 11 мамандандырылған облыстық «Достық үйі» табысты жұмыс істеп тұр. Тағы 4 облыста Ассамблея жылы барысында ашылатын болады. Елбасының тапсырмасы бойынша Достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы бекітіліп, Достық үйлері директорларының әдістемелік кеңесі құрылды. Күнделікті өмірден туындайтын нақты мәселелер жергілікті жерлерде пайда болады, тиісінше түйткілдердің түйінін тарқату да сонда жүзеге асырылады. Бұл ретте, Ассамблеяның аймақтық құрылымдарының маңызы ерекше екенін ескеріп, оның жергілікті жерлердегі жұмысын қолдау үшін аймақтық Ассамблея хатшылықтары менгерушілерінің лауазымы көтерілді. Ассамблея жұмысын ең жоғарғы заң шығарушы орган деңгейінде қамтамасыз ету мақсатында Ассамблеяның парламенттік өкілдігі пайда болды. Қазақстан

халқы Ассамблеясының атынан Мәжіліске сайланған 9 халық қалаулысы әрбір ұлыс өкілінің жоғын жоқтаумен бірге барша халқымыздың бірлігі жолында Парламент қабырғасында табысты қызмет етуде. Ассамблеяның Мәжілістегі депутаттық тобына аталған 9 депутатпен бірге төменгі палатаның 7 комитетінде тұрақты қызмет істейтін, парламенттік партиялардың барлығын қамтитын 12 халық қалаулысы кіруі Ел бірлігі мәселесінің кез келген саяси кеудемсоқтықтан биік тұрғанын көрсетеді. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында жүктеген «жалпыазаматтық, саясатүстілік және жалпыхалықтық сипатта болу» турасындағы міндеттің парламент қабырғасында табысты орындалып жатқанына айқын дәлел іспетті. Осы депутаттық топтың негізінде Парламентте қоғамдық келісімді нығайту мәселелері жөніндегі партияаралық ынтымақтастық тетігі қалыптасты. Елбасы Ассамблеяның алғашқы сессиясында ең басты міндеттердің бірі ретінде атап өткендей, кез келген заң мемлекеттің Ел бірлігі саясатына сәйкестігі тұрғысынан арнайы сараптамадан өтеді. Дәл осындай депутаттық топтар барлық облыстық мәслихаттарда құрылып, ортақ мүддеге сай жұмыс істеуде. Бұл да Мемлекет басшысының бейбітшілік және қоғамдық келісім саласындағы кез келген бастамасының арада қаншама жыл өтсе де ешқашан мәні мен маңызын жоғалтпайтын өміршеңдігіне кезекті дәлел. Ассамблея институты азаматтық қоғамның ең дамыған салаларының біріне және қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттің өзара әрекеттестігіне қажетті басты сұхбаттастық алаңына айналды. Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды. Елбасының тапсырмасы бойынша аймақтық әкімдіктердің жанынан ақылдастық кеңестік орган ретінде құрылған Қоғамдық келісім кеңестері Ассамблеяның Елбасы айқындап берген жалпыхалықтық институт мәртебесін айшықтай түседі. Себебі, ауыл, аудандардағы әртүрлі ұйымдардың басын бір арнаға тоғыстыратын, қоғамда туындайтын негізгі сауалдардың барлығымен айналысатын осы кеңестер. Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі табысты жұмыс істеуде. Ассамблеяның жанынан құрылған Отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі Аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары – татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді тетігі ретінде өз жұмысын бастады. [1, 13 б.].

Елбасымыз үнемі айтып келе жатқандай «Бейбітшілік пен тұрақтылық біздің мемлекетіміздің негізі, басты байлығымыз бен игілігімізге» айналды. Тәуелсіздік тұғырына көтерілген сәттен бастап, мемлекетіміздің саяси бағыты әрбір ұлт өкілінің өз мәдениетін дамытып, туған тілін, салт - дәстүрі мен әдет - ғұрыптарын сақтауға тең құқылы болуына жағдай жасауға кең жол ашылды. Осы орайда, барлық қиындықтарды тек қана достық пен бірлік негізінде ғана жеңуге болатынын Елбасымыз құрған жаңа мемлекеттің аз уақытта жүріп өткен жолы айқын көрсетіп берді.

Барлық Қазақстан халқын біріктіретін бірден-бір фактор - қазақ тілі. Қазақ тілі - ұлт пен ұлысты біріктіруші, ұйыстырушы, түсіндіруші, бір-бірімен ұғыстырушы құралға айналатын мемлекеттің ең басты тетігі. Мемлекеттік тіл арқылы түсінісе білсе оңай әрі жеңіл болады. Сондай күнге жетсек, Ата Заңымыздағы мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесін толық орындауға мүмкіндік болады деп есептеймін.

Қазақстан Республикасын мекендеп отырған 16 миллион халықтың тағдыры бір, өмірі бір, тіршілігі бір, мұны бір, соның барлығы Елбасы айтқандай, бір ел, бір ту, бір тіл, бір діл қағидаты бойынша жүруі керек. Сол кезде Қазақстан халқының достығы берік, ынтымағы мықты болады. Осы қалпын одан сайын берік қылатын бірден-бір жол - мемлекеттік тіл, барлығымыз қазақ тілі арқылы түсінісуіміз керек. Еліміздің жетістіктерін жоққа шығармай, соны баянды етуіміз, Тәуелсіздікті баянды етуіміз керек. Тіл мен Тәуелсіздік екеуі егіз ұғым, тұрлаулы ұғым. Ең басты дүниелер осы мәселелерге келіп тіреледі. Бұл мәселелер шешілгенде тыныштық та, тұрақтылық та, береке де, мереке де болады. // www.parlam.kz //

“Түрік жұрты үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмады”- деп келетін ерте кезден жеткен жыр жолдарында елдің қамын, бірлігін ойлаған бабаларымыз бүкіл саналы өмірін

елдің болашағы үшін арнады. Міне, бүгінгі халықтар достығының жарқын көрінісі бабалар еңбегінің асыл жемісіне айналып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, 1998. [1, 6 б.].
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы, 1996 [1, 250 б.].
3. Ассамлея народов Казахстана. - Алматы, 1997. [1, 13 б.].
4. Халмурадов Р. Қазақстан Халқы Ассамблеясы Президент Н.Ә. Назарбаевтың «ноу - хауы» // www.parlam.kz

ЕЛ БІРЛІГІ ЖЫЛЫ

Исакова С.Т.

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің
аға оқушысы, Қаратау қ.*

1995 жыл-тәуелсіздігін дүйім дүниеге паш етіп, өзін егемен ел ретінде жариялағанына бірнеше жыл ғана болған Қазақстанның күйреген империядан мұраға қалған құлдыраған экономикасының ауған жүгін түзету жолындағы арпалыспен қатар шекарасын шегендеп, мемлекеттілігін нығайтып, алдағы даму жолын айқындау мақсатында әлемдік үрдістердің беталысын байыптап, барлай отырып, ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын бірігей Қазақстан жолын салуға кіріскен кезі болатын. Сол жылы көктемнің алғашқы күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Араға бірнеше апта салып, өзінің тікелей бастамасымен шақырылған Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші сессиясында тарихи баяндамасын жасады. «Мен елімнің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мен кең - байтақ жерімізде татулық пен тыныштық болғанын тілеймін. Мұның, ең алдымен, миллиондаған қазақстандық отбасына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп, жыламағанын қалаймын», деген Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздері сол кездегі ең өзекті, ең маңызды мәселе ретінде әрбір қазақстандықтың жүрегінің төрінен орын алды.

Арада 20 жыл өтсе де Елбасының бұл сөздерінің өзектілігі артып, күн өткен сайын өміршеңдігі айқындала түсті. Елбасымыздың бастамасымен алдымыздағы жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. Оның мақсаты-отандастарымыздың жарқын келешегінің, балаларымыз бен немерелеріміздің шат күлкісінің кепілі болып отырған еліміздегі толеранттылық пен қоғамдық келісімді жалпақ әлемге паш ету.

2015 жыл біздің Отанымыз үшін тарихи белестерімізді атап өту жылы болмақ. Бідің тарихымыз - бұл бірліктің қацнар көзі! Өткенімізді бағалай отырып қана келешегімізді болжай аламыз.

Біз Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын, Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығын, Жеңістің 70 жылдығын, Ш.Уәлихановтың 180 жылдығын, Абай Құнанбаевтың 170 жылдығын атап өткелі отырмыз. Бұл оқиғалар – еліміздің тарихында түбегейлі бетбұрыс жасаған жасампаз кезеңдер. Бұл тек тарихи қазынамыз ғана емес, елдік рухымыздың бастауы, бірлігіміздің негізі, мемлекеттілігіміздің айғағы. Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы – бұл бірлік жылы, Н.Назарбаевтың барша әлем мойындаған Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің жалпыхалықтық салтанат құру жылы. 1995 жылдан бастап Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының әрбір сессиясында сөйлеген сөзі мен көтерген бастамалары сол кездегі ел дамуының ең өзекті мәселелерін қамтып отырды.

Сондықтан, Ассамблеяның тарихы — соңғы жиырма жылдағы Қазақстан тарихы. Тиісінше, дербес институт ретінде Ассамблеяның жүрген жолы, оның жеткен жетістіктері мен шыққан биіктері еліміздің даму даңғылындағы айтулы оқиғалармен тығыз астасып жатыр. Уақыт өлшемі бір оқиғаға тұтас ғасырды, бір кезеңге тұтас дәуірді сыйғызардай сығымдалған қазіргі Мәңгілік Ел болуды мақсат еткен Қазақ елі – бүгінгі мен ертеңін ғана емес, көз жетпес көкжиектен арғысын ойлаған ел. Ешқашан мызғымайтын тұғыры мықты, ешқашан үзілмейтін ғұмыры ұзақ Мәңгілік Еліміздің кемел келешегі үшін атқарылып жатқан қыруар шаруа мен жасалып жатқан ұшы-қиырсыз еңбекті баянды ететін бір ғана ұйытқы – Ел бірлігі. Бірлік болмаса, қандай қуатты империяның да күлі көкке ұшатынын тағылымы мол тарих талай мәрте адамзат баласына көрсеткен. Сондықтан, ешбір байлықпен салыстыру мүмкін емес, күн жетпес қазынамыз – бірлігімізді сақтай отырып, Елбасы айқындап берген «Нұрлы Жолмен» келешекке нық қадам басып, «Қазақстан – 2050» Стратегиясында көзделген биік мақсаттарға сеніммен қол созамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк / Тугжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. – Алматы: Раритет, 2010. – 304 б.
2. Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
3. Егемен Қазақстан 2015 № 1.
4. Аймбетов С. 1926-1939 жылдар арлығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер. Алматы, 1998.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТІ (Қазақстан Республикасы Конституциясы аясында)

Искакова К. И.

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры, филол. г. к.*

Еліміздің бейбітшілік пен татулықтың берекелі бекетіне айналуына Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен үлес қосып келеді. Қоғамдағы этностық және түрлі әлеуметтік топтар арасындағы, сонымен бірге мемлекетаралық қатынастардағы келісімге қол жеткізу мәселесі - бағзы тарихтан мемлекет өміріндегі басты мәселелердің бірі. Демократиялық тәртіптегі қоғамдық келісімге, ондағы түрлі топтардың мүдделерін есепке алу, үйлестіру арқылы және этностық, әлеуметтік әралуандықты ымыраға келтіре отырып қана қол жеткізілетіндігі белгілі. Дәл осындай пайыммен 1995 жылдың 1-ші наурызында Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде негізгі конституциялық қағидаға айналған этносаралық және қоғамдық келісімнің алтын діңгегі, әрі жанды құралына айналды. Елімізде қоғамдық институттардың белсенді қатысуымен қоғамның басты құндылықтарын жаңғырту жөнінде ортақ көзқарасқалыптасып, ел бірлігінің іргетасы мен отансүйгіш орта орнықты.

Төрағасы Елбасы Н.Ә.Назарбаев болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі бірлік пен келісімнің киелі бесігі, Тәуелсіздіктің қасиетті мұрасы болып орныққандығына 20 жыл толды. Қазақстан халқы Ассамблеясы Тәуелсіздік жылдары этносаралық тұрақтылықты нығайтудың ерекше құралына айналғандығы туралы Н.Ә.Назарбаев былайша атап көрсетті: «Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге шығаратын да біздің осы қоғамдық татулығымыз. Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады дейтін даналықтың шындығына бүгінде бәріміздің көзіміз жеткен. Бүгінгі таңда

Қазақстан халқы Ассамблеясы осы айтып отырған мемлекетіміздегі тұрақтылық пен тұтастықты сақтаудың берік тұғырына айналды» [1, 6-7].

Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясаты әзірлеуге және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал жасайды. Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық ролін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаннан бергі жиырма жылда мемлекетіміздің негізгі тұрғындары - қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге басқа ұлттардың өкілдері түсіністікпен қарауға, оған рухани және интеллектуалдық тұрғыдан қолдау көрсетіп, Қазақстанда тұратын этникалық диаспоралар да біздің ұлтымыздың осындай түсіністік пен қатынасты талап ететінін дұрыс ұғына білуге, өз ұлтымыздың біріктіруші ролі арқасында барлық қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз етуге, жалпыұлттық мүдделерді жүзеге асыру жолында сіңірген еңбегі зор.

Жылына бір рет өткізілетін отырыстарында (сессияларында) Ассамблея қоғамымыздың саяси-әлеуметтік өміріндегі басты мәселелерге басым көңіл бөлетін іс-шараларды атқаруға зор ынтымақтастықпен кірісті (2014 жылдың сәуіріне дейін Қазақстан халқы Ассамблеясының 21 сессиясы өтті). Қазақстан нарықтық экономикаға бағытталған және жаңа принциптік түрдегі қоғамдық қарым-қатынастарға негізделген тәуелсіз мемлекетті құруға кіріскен кезеңде, Ассамблея ерекше тарихи бастама көтеріп, еліміз дүниежүзілік өркениет із ашқан жолға түсуге тікелей араласты. Оның бірі - Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау болды.

Еліміз тарихында 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы тәуелсіз Қазақстанның іргетасын бекіткен құжат болып табылады [2]. 1995 жылғы Конституцияны қабылдауының нәтижесінде демократиялық институттар жұмыс істеуіне қажетті негізгі жүйе іске асырылды. Мемлекеттің тұрақты дамуын басқаратын президенттік нысаны, Парламенттің осы заманғы құрылымы және нақты құрылған билік жүйесі орнықты. Конституция нарықтық экономиканы, азаматтық қоғамының барлық институттарын бекіту негізінде ел дамуының демократиялық жолын қамтамасыз ететін құжатқа айналды. Биліктің өкілдік органдарының өкілеттігін кеңейтуі саяси жүйесін дамытуда маңызды бағыттарының бірі болып табылды. Осыған байланысты аталған реформаларды стратегия мен тактикасын әзірлеу жөнінде үлкен жұмыс атқарылды.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясы мемлекетте адам мен азамат қатынастарының принциптері мен нормаларын, сонымен бірге, қазақстандық және әлемдік қоғамдастықтың алдындағы бастапқы міндеттерді қалыптастырды, Қазақстан халқының егеменді құқықтарын бекітті. Конституция қолданыста: «жеке тұлға – отбасы – меншік қатынастары – халық - егемендік – халықаралық құқықтық тәртіп» сияқты әр дәрежедегі әлеуметтік қарым-қатынастар тізбегінің барлық заңды мәнісін қамтиды. Конституция адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының негіздері мен шектеулерін: конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіп, адамның құқықтары мен бостандықтары, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті

шамада және тек заңмен ғана белгілейді. Конституцияда ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс негізгі құқықтар мен бостандықтар көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары «ең қымбат қазынасы» екенін мойындайды. Тұлғаның жеке мүмкіндіктерін дамыту мемлекеттің маңызы мен мақсаты болып табылады. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

Адамның құқықтары арқылы оның мемлекетте ұйымдастырылған құқықтық тәртіпке бағыну, адамдық тұрмыс ережелерін сақтау жөніндегі қоғам алдындағы міндеті танылады.

Қазақстан халқы қабылданған Конституцияны сыйлау, салық төлеу және қажетті жағдайда Отанды қорғау, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасау, табиғат байлықтарына ұқыпты қарау – бұның барлығы қоғамда өмір сүрудің табиғи құқығынан шығатын азаматтың конституциялық міндеттері.

Адамның табиғи құқықтарын мойындап, оларды негізгі конституциялық құқықтар мен бостандықтарды бекітумен қатар, Ата заң оларды қорғау механизмін қамтамасыз етті. Республика Конституциясы құқықтар мен бостандықтарды қорғайтын екі маңызды - сот арқылы және әкімшілік тәсілді бекітті. Бірінші кезекте - өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғалуына құқығы. Құқықтық мемлекет жағдайында тәуелсіз сот адам құқығын қорғалуының негізгі құралы болып табылады.

ҚР Конституциясы қазақстандық қоғамың әртүрлі қоғамдық-саяси күштерінің келісімін қамтамасыз етуі Негізгі заңның басты әлеуметтік құндылығы болып табылады. Бұл Конституцияны саяси тұрақтылығының факторы, бейбітшілік пен келісімнің кепілі. Бүгінгі күні Қазақстан ішкі тұрақтылығына жетті, әлеуметтік даму базасының сенімділігі қамтамасыз етілді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдық қызметіне баға бере отырып оның өз мұраттарына адал қызмет атқарып келе жатқандығын айта аламыз. Еліміздің Конституциясы Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруға қызмет атқарып келеді. Конституция елімізде қоғамдық келісімді қамтамасыз етіп, оның саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларда қарыштап дамуына негіз болып отыр. Бұл туралы Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев: «1995 жылы қабылданған Конституция Қазақстанда реформаны жүргізудің аса қуатты серпіні болғанын мен мақтанышпен айта аламын. Көп жағдайда, оның ережелерінің арқасында, аздаған мерзімдердің ішінде ғана жас мемлекеттің экономикасы мен саясатында ұлтаралық тұрақтылықта аса үлкен жағымды нәтижеге жеттік», - деп жазды [3, 91-б.].

Бүгінгі күні Конституция институты – қоғам мен мемлекеттің негізгі актісі ретінде оның өмір сүруі мен дамуының стратегиялық тұжырымдамасы бекітілген жалпы ұлттық әмбебап құрал деп танылады. Дамыған өркениетті қоғамдардағы конституция – мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында тікелей қолданылатын құқықтық әлеуеті зор құжат.

Соңғы кезеңдерде, көптеген мемлекеттерде конституциялардың әлеуметтік қатынастарды оның ішінде этникалық қатынастарды реттеудегі маңызының артып келе жатқандығын байқауға болады, мұндай үрдісті әсіресе ХХ ғасырдың 90 жылдары қабылданған көпэтникалық елдердің (атап айтқанда Белгия, Босния және Герцеговина, Латвия, Литва, Румыния, Словакия, Словения, Эстония т.б.) конституцияларынан анық көре аламыз. Талдау көрсеткендей, әдетте конституцияларда алдымен, қоғамның ұлттық бірлік сипаты айқындалып, жеке тұлғаның мәртебесі, оның ішінде этникалық ерекшеліктеріне қатысты адам құқықтары мен бостандықтары бекітіледі және мемлекеттегі этникалық қатынастардың реттелуінің негізгі ережелері мен шегі белгіленеді. Тиісінше, көп этникалық қоғам конституциялары қоғамның этникалық тұрғыдағы тұрақтылығын қамтамасыз етуші нақты ережелерге ие.

1995 жығы Қазақстан Республикасының Конституциясына уақыт сұрақтарына дәл жауап беру үшін өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырды. Атқарылған жұмыстардың

нәтижесі Конституцияға енгізілген «ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254 Заңы, тиісті түзетулері болды.

Мемлекеттік қызметінің сапасын көтеруге, азаматтық қоғаммен мемлекет арасындағы өзара ықпалдастығын нығайту, халықтың әлеуметтік және құқықтық қорғалуына бағытталған Қазақстандағы жүргізіліп жатқан реформалар қоғамдағы ішкі тұрақтылық пен келісімді сақтайды, бұған біздің Конституциямыз толық мүмкіндік туғызады. Конституция мемлекеттік құрудың алғашқы кезеңдеріндегі тарихи қиын сәттерден сабақ ала отырып, жаңа мемлекет құру үшін, күрделі өзгерістерге бел шешіп кіріскен саяси басшылықтың тікелей бастамасымен бүкілхалықтық референдумда қабылданған болатын.

2007 жылғы осындай өзгерістер нәтижесінде Қазақстан Республикасында этникалық топ өкілдерінің қоғамдық-саяси өмірге тікелей қатысуы негізінде, олардың Парламентте өкілдік етуінің конституциялық негізі қаланып, тәжірибеге енгізілді, елімізде этникалық саясатта тікелей демократия тәсілі пайда болды. Сол жылы өткен Мәжіліс сайлауында алғаш рет тоғыз депутатты Қазақстан халқы Ассамблеясы Мәжіліске сайлады. Тиісінше, ұлттық саясаттың жетекші әрі ерекше институты Қазақстан халқы Ассамблеясы конституциялық құрылымға айналып, оның мәртебесін бекіткен заң қабылданды.

Ғалымдардың атап көрсеткендей, бүгінде әлемде 34 елде парламенттің төменгі палатасында, ал, 17 елде жоғарғы палатасында ұлттық азшылықтарға (бір орыннан ондаған орындарға дейін) заңнамалық квоталар қарастырылғын. Алайда, салыстырмалы талдау көрсеткендей, осындай өкілдік беруде электорат ретінде түбінде этносаралық қарым-қатынастың саясилануына алып келетін тұтас халық емес, этникалық жағдайға баға беруге күзиретті Қазақстан халқы Ассамблеясының таңдалып алынуы Қазақстандық үлгінің тиімділігін еселей түседі [4, 115-131 бб.].

Конституциядағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ережелердің маңызды бөлігін ұлттық бірлікті қорғаушы ережелер деп атауға болады. Бұл ережелер сипаты бойынша еліміздегі этникалық татулық пен тұрақтылықтың шырқын бұзатын әрекеттерге тыйым салу мен осындай әрекеттерді айыптаудан тұрады. Атап айтқанда, олар: «мақсаты немесе іс әрекеті... әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктерді құруға тыйым салынады» [2; 5-бап, 3-тармақ]; «тегіне... нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына байланысты немесе кез келген өзге де жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» [2, 14-бап, 2-тармақ]; «нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты... насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» [2; 20-бап, 3-тармақ]; «ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» [2; 39-бап, 2-тармақ].

Қазақстан Республикасының Конституциясында да еліміздің көп этникалық құрамынан туындайтын ұлтаралық қарым-қатынасты реттеуге және ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған нақты нормалар бекітілген болатын. Бұл ережелер ұлттық саясатты жүргізуде бүгінгідей нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етті.

Ассамблея өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Ережеге [5] сәйкес жүзеге асырып келді. 2008 жылғы 20 қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды [6]. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Оның қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды.

Елімізде ерекше маңызы бар құжат 2010 жылы қабылданған «Қазақстанның Ел бірлігі Доктринасы». Тұтас қоғамды қамтыған талқылаулардан кейін дүниеге келген осы стратегиялық құжатта Қазақстанның ұлттық саясатының өткеніне баға беріліп, болашақтағы басымды принциптер анықталды. Доктринада «егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары

мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады», - деп көрсетілді[7].

Доктрина этносаралық төзімділіктің қазақстандық үлгісі негізінде құрастырылған, уақытында ұсынылған, болашақ дамуға бағытталған әрекеттің жетекшілікке алынатын теориялық және саяси ұстынын білдіретін мемлекеттік маңызды құжат. Доктрина Мемлекеттік егемендік туралы декларацияға, мемлекеттік Тәуелсіздік туралы конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының Конституциясына, сондай-ақ «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасынан бастау алып, 2020 жылға дейінгі мемлекеттік ұлт саясатының бағыт-бағдарларын айқындайды.

Доктрина негізінде Елбасы Жолдауында жарияланған халықтың ең басты құндылығы ретінде Тәуелсіздік идеясы қаланған. Бұл ретте құжатта **«...ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады»**, деп нақты көрсетілген. Бұдан әрі **«Доктринаның қажеттілігі өмірдің өзінен, біздің жалпы тағдырымыздан, тарих логикасынан туындап отыр. Өйткені бірліксіз — Ұлт жоқ. Ұлтсыз — мемлекет жоқ. Ал, мемлекетсіз — болашақ жоқ»**, делінеді. Құжат жалпы ережелер мен үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Доктринаның «Бір ел — бір тағдыр», деп аталатын бірінші тарауының іс-шаралары ел бірлігін және қазақстандық патриотизмді нығайтуға бағытталады. Бұл ретте бірқатар институционалдық шаралар қабылданып, Ақсақалдар кеңесі, діни тақырыптарды жариялауға арналған әдістемелік кеңес құрылатын болады, этносаралық қатынастар мәселелері бойынша үздік сарапшы журналистер клубының қызметі қамтамасыз етіледі. Бұнымен қоса, халық бірлігіне қауіп төндіретін кез келген әрекетті анықтау және алдын алу жөніндегі сауықтыру жұмыстары күшейтілетін болады.

Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан, 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Содан бері Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз, әрі халықты қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді - соны түсінудің тәсілі және болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні болды деп айтуға негіз толық екендігін тарих дәлелдеп отыр.

«Ел бірлігі» доктринасы еліміз үшін ұлттық саясатты жүргізуде ішкі тұрақтылық пен қоғамдық келісім және ұлт бірлігінің мызғымастығы алғашқы кезектегі маңызға ие екендігін тағы да дәлелдеп берді. Ұлттық саясаттағы осы басты мұраттар Қазақстан Конституциясының ішкі рухымен үндес және ішкі тұрақтылық пен келісімнің, ұлттық бірліктің мызғымастығы Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени дамуының негізгі факторына болып қала бермек. Осы орайда, Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне талдау жасай отырып ондағы этникалық тұрақтылықты қалыптастыруға және ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған нормаларға баға беру үшін оларды мазмұндық сипаты бойынша төмендегідей үш топқа бөліп қарастыруды ұсынымыз. Біріншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қоғамның ұлттық бірлік сипатын айқындаушы ережелер еліміздегі барлық этникалық топтарды біртұтас «Қазақстан халқы» деп саяси-құқықтық баға беріп, ұлттық бірліктің негізін бекітеді. Бірқатар ғалымдар, 1993 жылғы Конституцияның дағдарысқа ұшырауының бір себебі ретінде ол құжатта белгіленген ұлттық бірлік идеясының Қазақстан халқының ортақ саяси-ұлттық біртұтастығын қамтамасыз етуге қауқарсыз болуынан деп пайымдайды [8, 16–19-б.б.].

Шын мәнінде түрлі этникалық, мәдени ерекшеліктерден тұратын қоғамның бір бөлігінің өзін жат сезінуіне алып келетін идея ешқашан да қоғамдағы бірліктің бастауы бола алмайды. Тек тең және ерікті негіздегі қоғамдық келісім жолымен жақындасуға, бірлесуге

арқа сүйейтін конституциялық идея ғана этникалық, мәдени ерекшеліктеріне қарамастан, бірін-бірі жатсынбас біртұтас азаматтық қоғамның қалыптасуына, ұлттық бірлікке жол ашады. Өз кезегінде конституциялық реформаларды талап еткен осы мәселе жаңа конституцияны қабылдауда сабақ боларлық сәттердің бірі болатын. Соған байланысты, 1995 жылы қабылданған Конституцияда ұлттық бірліктің «азаматтық ұлт» үлгісі бекітілді. Конституция преамбуласындағы «біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып өзімізді татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» делінген сөздегі конституциялық идея Қазақстан халқын біртұтас мемлекеттің тең құқылы, ерікті азаматтарының саяси қауымдастығы ретінде танып, олардың этникалық, мәдени ерекшеліктеріне қарамастан бір елдің азаматы ретінде сезінуіне, жақындасуына, ұйымдасуына және қоғамдық келісімге әрі бүгінгідей ұлттық бірліктің қалыптасуына жол ашты.

Екіншіден, этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, ұлттық бірліктің дамуына ықпал етуші ережелер. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында әлем елдері конституцияларының ешбірінде де кездеспейтін ерекше норма бекітілген. Онда қоғам мен мемлекеттің және еліміздің әрбір азаматының қызметінде басшылыққа алынуы тиіс деген тұжырыммен жазылған «Республика қызметінің түбегейлі принциптері» анықталған. Оның қатарында «қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық», «қазақстандық патриотизм» принциптері бар. Осы норманың конституция жобасын әзірлеу барысында заңгер ғалымдардың мұндай нормалар конституциялық тәжірибеде жоқ екендігін дәлелдеуіне қарамастан Президентіміз Н. Назарбаевтың жеке бастамасымен енгізілгені мәлім. Бүгінде осы ережелер еліміздегі ұлттық саясаттың басты принциптері болып отыр.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясында: мемлекеттік тілдің қазақ тілі болып бекітілуі және мемлекеттің Қазақстанда өмір сүруші өзге де этникалық топтардың тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай жасауға кепілдік беруі [2,7-бап]; «Әркімнің қай ұлтқа... қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету көрсетпеуге» құқығының [2, 19-бап, 1-тармақ]; «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға қарым-қатынас тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға» [2, 19-бап, 2-тармақ] құқығының танылуы еліміздегі этникалық тепе-теңдіктің конституциялық кепілі болып табылады.

Конституция ережелерінің ұлттық бірліктің, қоғамдық келісімнің бұзылмауын қорғайтын ережелеріне баса назар аудару бүгінгі күні аса маңызды екендігіне ерекше тоқталып өткен жөн. Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп отырған этносаясаттың Қазақстандық үлгісі нәтижесінде әлем назарын аударып отырған ерекше ұлтаралық татулық, қоғамдық келісім, бейбіт қоғам қалыптасты. Бұл тиянақты жүргізіліп келе жатқан салиқалы ұлттық саясаттың және барлық этникалық топ өкілдерінің қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізілген тарихи игілік. Міне осындай нәтиженің қандай да болмасын ұлтаралық татулықты бұзатын, этникалық кикілжіңге алып келетін әрекеттерге ұшырамауы жіті назарда болуы тиіс. Ғалымдардың ойынша, бұл салада еліміздегі «уыздай ұйыған» татулық пен келісімді бұзатын әрекеттерді алдын ала анықтап жедел қарсы тұрудың механизмін жетілдіру қажет. Қазірдің өзінде Қазақстан Республикасының қылмыстық, әкімшілік заңнамаларында мұндай әрекеттерге нақты жауапкершілік қарастырылған. Алайда, азаматтарымыздың бауырмал сезіміне ірткі салатын әрекеттер мен көзқарастардың орын алуы мен қарапайым құқық бұзушылық немесе қылмыстық әрекеттердің салдарынан алауыздық ұшқынының тұтануының алдын алатын салмақты әрі сарапталған шараларды жедел әрі жүйелі ұйымдастырудың тетіктері әлі де жоқтың қасы. Осы орайда, зертеушілердің пікірлерінше, ойламаған жерден орын алып, ұлтаралық татулықты бұзатын, ұлттық бірлікке нұқсан келтіретін әрекеттерге нақты жауап беруге қауқарлы кешенді шаралар ойластырылуы керек [9].

Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері елімізде қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қалыптастыруда, ұлттық бірлікті нығайтуда демократиялық әдістерді, еріктілік, теңдік, әділдік принциптерін қолдануға және адам құқықтары мен бостандықтарын

катаң сақтауға, әрі қорғауға негізделген деген тұжырымға келуге болады. Демек, Конституция еліміздегі этносаралық татулық пен қоғамдық тұрақтылықтың және ұлттық бірліктің берік негізі әрі кепілі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Алдағы жылы біз Конституцияны қабылдаудың және Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылуының 20 жылдығын салтанатты түрде атап өтеміз. Осы даталарды атап өте отырып, бізге қазақстандықтарды рухани тұрғыда бұрынғыдан да гөрі күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер тағатты ету маңызды...Этносаралық келісім – ол өміршеңдік оттегі. Біз дем алған кезде оны байқамаймыз, ол өздігінен болады – біз тек өмір сүреміз. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз...Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек», - деп атап көрсеткен болатын [10].Елімізде қоғамдық бірлікті одан әрі нығайту, Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық бірлігін нығайту мақсатында Елбасы 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы Жылы деп жариялаған болатын.Жолдауда алға қойылған осы міндеттерді ынтымағымызды ұйыта түсетін, ілгерілеуімізге серпін беретін, рухани жаңғыруға жағдай жасайтын нұрлы жол деп біледі қазақстандықтар.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік пен зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 140-тан аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Елдің қуаты – елдің бірлігінде // Ақиқат. -2010, №11;
2. Қазақстан Республикасы Конституциясы. – Астана, 1997
3. Назарбаев Н.А. Қазақстандық жол. – Қарағанды, 2006. – 372 б.
4. Абдығалиев Б. Государственная политика и межнациональные отношения в Республике Казахстан. - Алматы, 1996. -75с.
5. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Ереже. - Қазақстан Республикасы Президентінің № 856 Жарлығы. – 2002, 26 сәуір
6. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Заң. Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 20 қазанындағы № 70- IV Заңы // adilet.zan.kz/kas/docs/Z...
7. Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы.- Астана, 2010.- 52б.
8. Оспан Е. Этникалық топтардың парламентте өкілдік етуінің құқықтық негіздері: Қазақстандық тәжірибе және шет елдердегі парламентаризмге салыстырмалы талдау // Представительная власть в Казахстане/Под. общ. ред. Б. Байкадамова – Астана, 2009. – 190с.
9. Оспан Е. Қазақстан Республикасының Конституциясы этносаралық тұрақтылықтың және ұлттық бірліктің негізі // Конституция – Қазақстан Республикасындағы демократиялық өзгерістердің негізі ретінде.-Дөңгелек үстел материалдарының жинағы: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010
10. Назарбаев Н.Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – 2014, 11 қараша // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты / akorda.kz/kz/page/...

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ САЯСИ ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қалиев Н.,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазақстандағы саяси модернизация соңғы жылдардағы саяси үдерістердің мазмұнын құрайды. Ол саяси жүйедегі құрылымдық, институционалдық өзгерістерді, халықтың әртүрлі жаңа топтарының саяси істерге қатысуын, осы мақсатта жаңа саяси институттардың қалыптасуын қажет етеді. Қоғамдық үрдістердің талаптарына, әлеуметтік топтардың мүдделеріне байланысты саяси жүйеде арнайы рөлдерге ие құрылымдар мен институттардың пайда болуы табиғи мәселе. Олар түзілу мен дамудың белгілі бір кезеңдерінен, фазаларынан және даму циклдарынан өтетіні де белгілі.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялап, егемен мемлекет құру ісіне кіріскеннен бері оның алдында үнемі тұрған күрделі проблеманың бірі – елдегі ұлтаралық және қоғамдық татулықты нығайту болды. Мәселенің ерекше, саяси күрделілігі мен маңыздылығының бірнеше тарихи-саяси себептері бар еді.

Біріншіден, байырғы қазақ жерінде өзінің мемлекетін құруды жариялаған Қазақ ұлтының кеңестік дәуірдің қатігездік пен бұрмалаушылық саясатынан өз жеріндегі үлес салмағы төмен болатын. Қазақстан жариялаған мемлекеттік тәуелсіздікті, тұрсын айту керек, барлық этностар бірдей жылы қабылдай қойған жоқ.

Екіншіден, XX ғасырдың 90-шы жылдарында әр түрлі тарихи, әлеуметтік, экономикалық себептерден Қазақстандағы кейбір этностардың, әсіресе, орыстардың, немістердің, гректердің, поляктардың және тағы басқа да топтар өкілдерінің өздерінің тарихи Отанына көші-қонын саясаткерлер, қоғамдық ұйымдар белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдары біржақты, тек саяси-құқықтық себептермен түсіндіріп, елдегі ұлтаралық, этносаралық ахуалды шиеленістіруге тырысушылар болды.

Үшіншіден, мемлекет құраушы ұлттың мемлекеттік тілдің функцияларын кеңейту, ұлттық дәстүрлерді қалпына келтіру, тарихи ақтаңдақтарды жою, өткен кезеңдерде бұрмаланып, күштеп өзгертілген жер-су аттарын қалпына келтіру жөніндегі заңды талабы мен бұл бағыттағы мемлекеттік органдардың заңнамалар аясындағы қызметі де бұрмаланып көрсетілді. Қазақстанның Батыс, Солтүстік және Шығыс аймақтарында кейбір сепаративтік күштер бой көрсетті.

Төртіншіден, кейбір сыртқы күштер, саясаткерлер (Горбачев, Солженицын, Жириновский және т.б.) Қазақстан аумағына, аумақтық тұтастығына ірткі салуға тырысып, әртүрлі арандатушылық мәліметтер жасады.

Осындай күрделі саяси ахуалда Қазақстанның мемлекеттік басқару органдары алдында ұлтаралық қатынастардағы жас мемлекетіміздің саяси-құқықтық түбегейлі ұстанымдарын дөп, қалтқысыз, біліктілікпен белгілеудің аса күрделі жауапкершілігі тұрды.

Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен-ақ ұлтаралық және қоғамдық татулықтың айқын да сабырлы жолын таңдады. 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңда: «Тарихи тағдыр ортақтастығы қазақ ұлтымен біріктірген республиканың барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, бұл халық Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады... Республика азаматтары өздерінің ұлтына, ұстаған дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жатанынына, қызметіне, тұрғылықты орнына карамастан бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады» деп түйінделген. Ал Заңның 8-бабында: «Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлттар өкілдерінің мәдениетін, дәстүр салтын, тілін қайта түлету, дамыту, ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады» делінген.

1995 жылғы қабылданған Ата заңымыздың алғашқы жолдарының «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде» деген сөздермен басталуы – біріншіден, бұл жердің иесі, мемлекет құраушы негізгі ұлт – қазақтар екенін білдірсе, екіншіден, Қазақ жерінің оны мекендеп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстардың Отаны екенін айқындап, олардың ортақ Отан тағдыры үшін жауапкершілігі мен міндеттеріне де мезгеп тұрғанын тура айтуымыз қажет. Қазақстан Республикасы Конституциясында ұлт және этнос қатынасы мәселелерінің түбегейлі конституциялық нормаларын анықтауда оның авторлары мына маңызды факторларды еске алғаны даусыз:

- еліміздегі барлық этностар байырғы Қазақ жерінде тіршілік етіп, дамып, өсіп -өніп келеді:

- мемлекетқұраушы, жүйеқұраушы ұлт - қазақтар, дәл осы ұлттың атауы мемлекет атауын түпкілікті анықтайды;

- мемлекет унитарлық негізде құрылады және түпкілікті болып табылады, Қазақстанда ұлттық-этностық негіздегі қандайда болсын аумақтық мемлекеттік құрылымға жол берілмейді;

- мемлекеттік тіл – қазақ тілі;

- орыс тілі тарихи себептерден және тілдік ахуалдың ерекшелігінен ресми түрде мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең қолданылады;

- мемлекет Қазақстанды мекендеген этностардың өз тілдерін үйренуі және дамытуы үшін қамқорлық жасайды;

- әркім өзінің қай ұлтқа және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы;

- әркімнің өзінің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие және оқу мен шығрамашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар;

- әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық, және рулық астамшылдықты насихаттауға жол берілмейді және тағы басқалары.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік жылдары ұлт және этносаралық қатынастар саласында қандай күрделі қиыншылықтармен кездескенін мына бір деректер нақты бекіте түседі. 1989 жылы КСРО ыдырардан екі жыл бұрын соңғы Бүкілодақтық халық санағы өткізілді. Бұл санақтың қорытындысы бойынша саны 16 млн, адамға жеткен Қазақстан халқының құрамы мынадай болды: қазақтар - 39,7%, орыстар – 37,8%, украиндар – 5,4%, немістер – 5,8%, татарлар - 2,0%, өзбектер-2,0%, белорустар мен ұйғырлар -1,1%, кәрістер – 0,6%, әзірбайжандар -0,4% [1].

Мемлекеттің ұлттық құрамының осындай күрделі жағдайында Қазақстан халқын мемлекет құраушы ұлттың төңірегіне ұйыстырудың ұйымдық саяси формаларын іздестіру күн тәртібінен бір түскен емес. Осы жолда Мемлекет басшысын ерекше назарында, ойында болған мәселе – Қазақстандық этностарды қазақ ұлтының жетекші жағдайындағы мемлекеттің түбегейлі мүдделері төңірегінде топтастыратын қоғамдық ұйымдық-мәдени нысанды табу еді. Ол туралы алғаш рет Мемлекет басшысы Қазақстан халықтарының бірінші форумында 1992 жылы өз тұжырымдамалық ұстанымын былай деп жариялаған еді: «Бүгінгі талқылаудың нәтижесінде біз жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтарының келісім және бірігу ассаамблеясын құра алар едік деп ойлаймын. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкілхалықтық нығайту міндетін шешетін саяси емес, үкіметтік емес ұйым болар еді». Осы жерде бәріне уақыт төреші деген пікір заңды түрде ойға түседі. Әуеліде, Мемлекет басшысы «саяси емес» деп сипаттаған құрылым бірте –бірте айқын саяси сипаттағы ұйымға айналды. Бұл да Қазақстандағы қоғамдық процестердің қайшылықты күрделі сипатының бір белгісі әрі ерекшелігі.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзі араласатын өмір саласының – ұлтаралық қатынастардың елдегі саяси үдерістердің бел ортасында тұрғандықтан, біздің пікірімізше оның қызметі бірте-бірте тікелей, айқын саяси сипаттағы институтқа айналды деп есептейміз..

Жалпы саяси институт саяси ғылымдағы базалық түсініктердің бірі. Саяси институттар қалыптасуы ерешеліктері мен табиғатын зерттеудегі әлемге белгілі ғалымдардың бірі М. Дюверже: «Белгілі бір елдегі осы уақыттағы саяси институттардың жиынтығы саяси режимді құрайды. Белгілі бір мөлшерде саяси режим жұлдыздар шоғырынан тұрады, ал жұлдыз функциясын саяси институт орындайды» - деген тұжырымды пікір айтқан[2]. Саяси институттар қоғамдық процесстер талабынан туады, соның заңдылықтарына бағынады, сонда туған саяси мүдделерге жауап береді. Олар қатып қалған, сіреспе, жансыз бірлестік немесе құрылым емес. Саяси өмірдің ықпал-тезімен, жүйедегі акторлардың көңіл-күйімен, талаптарына сәйкес өзгереді.

«Институт» деп латынның «institutum» – біріншіден, мекеме, ұйым, бірлестік деген мағынан білдіретін, екіншіден, тұрақты ішкі берік қатынастар арқылы міндеттері, мақсаттары және әлеуметтік жағдайлары ортақтығы біріктіретін және бұл маңызды жүйекұраушы белгілердің түгелі дерлік заңдар және ережелер арқылы түбегейлі реттелген адамдардың белгілі бір үлкен тобын айтады.

Институттану (институционализация) дегеніміз күрделі үдеріс, оның қызметі барысында белгілі бір қоғамдық-саяси объектідегі әлеуметтік-саяси қатынастар мен үрдістер қажетті реттілікке келіп, ол тұрақты әлеуметтік-функционалдық құрылымға айналады. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесіндегі соңғы жылдардағы аса маңызды өзгерістердің бірі Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі - Ассамблея) конституциялық-құқықтық негіздерінің нығайып, Қазақстан Республикасы Конституциясына 2007 жылғы 21 мамырдағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес саяси жүйенің маңызды консультативтік-кеңестік институты мәртебесіне ие болуы. Ассамблея – саяси жүйенің маңызды институты.

Саяси институт – билік пен басқаруға байланысты адамдар қатынастары мен әрекеттерінің жетілген формасы. Оның негізгі жүйе құраушы белгісі ішкі бірлігі, мақсат ортақтығы, белгілі бір құндылықтары және ұйымдық нақты принциптерінің болуы.

ҚХА қалыптасуының, қызметі мен қажеттігінің аса маңызды қорытынды нәтижесі – 2008 жылғы 20 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңның қабылдануы болды.

Бүгінде ҚХА-сын саяси жүйенің аса маңызды әлеуметтік-саяси институты ретінде қарастырып, зерттеуге, сипаттауға толық негіз бар. Оны саяси институттар санатына жатқызудың ең басты негізі – оның бүкіл тіршілігінің, қызметі мақсатының саяси жүйенің орталық институты мемлекетпен және оның ішкі саясатының аса маңызды бағыты – этносаралық келісім мен татулықты қамтамасыз етумен тікелей және жан-жақты байланыстарында жатыр. Егер Қазақстандағы қоғамдық-саяси қатынастарда, саяси үдерістерде этносаралық қатынастар, этностар өмірі мен мүдделері мәселелерінің маңызды, күрделі және өткір екендігін мойындасақ, осының өзі-ақ ҚХА-ның саяси жүйедегі өзіндік өскелең орнын көрсетеді. ҚХА саяси жүйе дизайнын оның құрамына кіретін этностар мәдениетімен, дәстүрлерімен біршама әрлендірді, әртүрлі реңке бөледі деуге болады. ҚХА тікелей саяси сипаттағы институт ретінде сипаттауға мынадай, заңнамалық-ұйымдық негіз бар.

Біріншіден, оның бүкіл қызметінің ең алдымен еліміздегі қоғамдық қатынастардың аса күрделі саласы – мемлекеттік этносаралық саясаты жүзеге асыруға, елімізде қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға, этносаралық саладағы мемлекеттік және азаматтық ұйымдардың өзара қимыл бірлігінің тиімділігін арттыруға бағытталғандығынан көрінеді. Екіншіден, оның төл қызметінің негізгі бағыттары анық саяси мазмұн мен мәнге ие. Ол ҚХА туралы Заңның алтыншы бабында түбегейлі анықталған қызметінің мына нақты бағыттарынан көрініп тұр:

- мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу ;
- мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа тілдерін дамыту
- этносаралық саладағы өңірлік саясатты жетілдіру;

- мемлекеттік ұлттық саясат мәселелері жөніндегі заң жобаларын қоғамдық-саяси сараптама жасауға қатысу[3].

Үшіншіден, оның қызметінің саяси сипаты мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғарғы лауазымды тұлға, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі, мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Президентімен тікелей қарым-қатынасында жатыр. ҚХА-ны құратын, қайта құратын, оның қызметінің негізгі бағыттарын анықтап, басшы лауазым иелерін қызметке тағайындап, босататын Президент. Ал Президент құзіреттері мен шешімдері қашанда айқын саяси сипат пен мазмұнда болатыны белгілі. Өйткені, еліміздің ішкі саясатындағы Президенттің әр шешімі ең алдымен саяси тиімділік пен қоғамның саяси ішкі тұтастығы, бірлігі тұрғысынан қабылданатыны даусыз ақиқат.

Төртіншіден, ҚХА қызметінің саяси сипаты оның еліміздегі саяси жүйенің негізгі институттарының бірі – Қазақстан Республикасы Парламентімен ара қатынасында жатыр. ҚХА еліміздің заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді органның – Парламент Мәжілісінің тоғыз депутатын тікелей сайлауы оның еліміздің саяси жүйесіндегі ерекше орнын көрсетеді. ҚХА – Мәжіліс депутаттарын тікелей сайлау құқына ие бірден бір саяси-қоғамдық орган. Бұл Ассамблеяның жоғарғы басшылық органы ҚХА Кеңесінің ерекше құқына жатады. Егер Парламент қызметінің еліміздегі қоғамдық-саяси қатынастардың бүкіл спектрін қамтитындығын және елдегі маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар қабылдайтынын, жоғарғы деңгейдегі кадр саясатын – жоғарғы лауазымды мемлекеттік саяси қызметшілерді тағайындауға немесе орнынан босату, сенімсіздік көрсету мәселелеріне тікелей қатысатынын еске алсақ – бұның бәрі ҚХА қызметінің саяси мазмұны мен бағытының нақты дәлелдері.

Бесіншіден, саяси сипат оның қызметінің негізгі принциптерінде де нақты белгіленен. ҚХА туралы Заңның бесінші бабында тұжырымдалған: - адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының басымдығы; халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы; нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген қатынасына немесе кез келген өзге де жағдайларына қарамастан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі [2]. т.б. мәселелер тікелей саяси сипаттағы қатынастар болып табылады.

Сонымен Заңның қабылдануы осыған дейінгі он өрт жылға жуық ҚХА қызмет жасауының қоғамдық тәжірибесін жинақтап, оған нақты ұйымдық-құқықтық және айқын саяси сипат берді. Заңмен анықталған ҚХА мақсаты, міндеті және қызметнің принциптері Қазақстан Республикасындағы бүгінгі саяси қатынастардағы ең бір өткір де өміршең салаларды қамтиды. Мысалы, еліміздегі тіл саясатын алайық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері оның төңірегіндегі пікір таласы бір толастаған емес. Әсіресе, бір қарағанда айқын, даусыз ақиқат болып көрінетін мемлекет құраушы ұлттың тілі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайту, қоғамдық функциясын кеңейту мәселелері кейбір қоғамдық топтар тарапынан сірескен қарсылыққа кездесуде. Президент Н. Назарбаевтың сөзімен айтқанда – қазақ тілінің еңкейген еңсесін көтеру ұстаранның жүзінде қылпып тұрған, шиеленісті мәселе. Ал мемлекеттік тілді дамыту ҚХА қызметінің аса маңызды бағыты болып табылады.

Ассамблея елімізде саяси өмірде келешекте тууы мүмкін қақтығыстардың алдын алу, оларды реттеудің де аса маңызды институты болмақ. Заңда атап көрсетілгендей, этносаралық қатынастар саласындағы келіспеушілік пен дауларды реттеу, оларды шешуге қатысу, қақтығысты жағдайларды болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеу және практикалық шараларды іске асыру – ҚХА қазіргі кезеңдегі қызметінің басты һәм күрделі бағыттарының бірі.

Жоғарыда айтылғандай, аса күрделі саяси үрдістерді Қазақстан саяси эволюция, демократиялық даму жолымен біршама сәтті өтті. Елімізде ҚХА –ның қызмет жасауына,

дамуына, қолайлы саяси-құқықтық кеңістік қалыптасты. Бұның басты негіздері, әлеуметтік тірегі қандай күштер?

Біріншіден, оның басты негізі, әлеуметтік тірегі ҚХА пайда болып қауалыптасар қарсаңындағы халықтың басым көпшілігінің әлеуметтік жағдайының құлдыраудан аман болып, этностар өкілдерінің көпшілігі үшін біршама қалыпты күнкөрістік-тұрмыстық ахуалдың болуы, сондай-ақ, Қазақстан халқының сол мезгілдегі жалпы білім, рухани деңгейінің, саяси және құқықтық сауаты мен мәдениетінің едәуір жоғарылығы. Осылардың нәтижесінде Қазақстан этностарының ҚХА қызметін түсіністікпен қабылдап, төңірегіне топтасуы.

Екіншіден, бүгінде тәуелсіз мемлекет тұрғындарының басым көпшілігі болып табылатын қазақтардың жалпы ұлт ретіндегі негізгі табиғи мінез-ұстанымы, мінез-тұрпатындағы салмақтылығы, саяси ұстамдылығы, әр қоғамдық құбылысқа, саяси партиялар мен қозғалыстардың қызметіне, мемлекет және қоғам қайраткерлері мен олардың іс-әрекетіне аса талаппен, ерекше сыншылдықпен қарайтын көзқарасы, табиғатына тумысынан тән саяси сарапшылдық, салқынқандылық қадыр-қасиеті.

Этносаралық, жалпы қоғамдық татулық пен келісімді нығайтудың институттары елімізде әр алуан. Олар қоғамдық өмірдің сан саласын қамтиды. Сол мүмкіндіктердің ішіндегі ең бір әлеуеті мен мүмкіндігі молдығы әрі, рухани-мәдени, әлеуметтік-саяси кеңістіктегі ауқым-мазмұндылығы жағынан ең бір әлеуеттісі мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – Қазақстандағы барлық этностарды топтастырудың аса маңызды факторы. Мемлекеттік тіл біздің тәуелсіздігіміздің аса амаңызды тірегі және оның мазмұны мен мәнінің аса маңызды мәнді жағы.

Дәл осындай ұйымдық-құқықтық алғышарттар, бүкіл мемлекеттік басқарудың барлық тетіктерінің мемлекеттік тілде қызмет жасауы оның бойындағы мол әлеует пен мүмкіндікті жүзеге асырудың негізі болады.

Мемлекеттік тіл Қазақстандағы 130 дан астам этностарды топтастырудың аса маңызды факторы. 2009 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 16004,8 адамды құрады. Оның ішінде қазақтар – 10 098,6; орыстар - 3 797, 0; өзбектер - 457,2; украиндар - 332,2; ұйғырлар - 223,1; татарлар – 203,3; немістер - 178,2; және басқа этностар - 714 мың адамды құрады. Құрамы осындай көп этносты елде тіл саясаты қашанда күрделі сала.

Біз тыңдаған он шақты хабарлардың ішінде өз тілімен қатар қазақ тіліне де жетік әртүрлі ұлт өкілдерімен жүргізілген сұхбаттарда «Тіл-татулық құралы» екендігі айтылады. Тек қазақ ғана емес, басқа ұлттардың да құндылықтары сақталып отырғандығы құрметпен айтылады. Қазақ радиосының Ассамблеямен бірлескен «Менің елім» хабарының келесі бір саны Ассамблея жылының ресми түрде басталғанын баяндап, біраз мағлұматтарды паш етеді. ҚР Ұлттық кітапханасының үлкен залында Қазақстан халқы Ассамблеясын насихаттайтын «Ұлттар жарастығы-ұлттық қазына» деп аталатын шара болып өтті. Осы шараның маңызы туралы Ұлттық кітапхана директоры Ә.Асқаровқа тілші микрофон ұсынды. Ә.Асқаров кітапханада Ассамблеяға арналған депозитарий жасалғандығын, онда бес жүзге жуық кітап бар екендігін айтты. Елімізде тұратын басқа этностардың тарихы, мәдениеті, жеке адамдар мен танымал тұлғалар туралы да ақпараттар жиналған. Бұл деректерге ғалымдар мен ізденушілердің қызығушылығы басым. Сонмен қатар мәдени орталықтардың қолөнер бұйымдары көрмесі де бар. Жыл бойы осындай шаралар көптеп өткізілетін болады. Сонда мол дерек көздерімен толыға береді. Осы хабарда шараға арнайы қатысушы, «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің төрайымы А.Османова өзінің батыл пікірлерімен бөлісті: «Елбасымыз ерекше мән беріп, ролінің жоғарылығын бағалап, Ассамблеяның қазақ топырағында алар орнын жоғары бағалап, оған арнайы жыл беріп отыр. Сол жылға орай бүгінгі өтіп отырған шара елге Ассамблеяны таныстырады. Шын мәнісінде көпшілік Ассамблеяның не екенін біле бермейді. Сондықтан оны халыққа насихаттап, түсіндіру басталып кетті. Енді еліміздің түкпір түкпірінде биылдан бастап Ассамблеяны біле түсетін шығар деп ойлаймын. Ассамблеяның алғашқы кезінде ұлттар жеке мүддесін қорғаса, енді қазақ тілінің мүддесін бірігіп қорғауымыз керек». «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық ел үшін» – деген қағиданы одан әрі дамытып, насихаттау – ұлтаралық достықты дәріптейтін «Менің елім» хабарының басты кредосына айналып отыр.

«Астана» – жастарға арналған ақпаратты-музыкалық радио. «Ең таңдаулысы сен үшін» деген ұранмен еңбек ететін бұл радионың эфирдегі жалпы уақыты – 19 сағатты құрайды. 1999 жылы 19 қаңтарда эфирге шыққан Елорданың үнжариясын 101.4 FM толқынында көпшілік үзбей тыңдайды.

Хабарларының 60 пайызы қазақ тілінде, 40 пайызы орыс тілінде тікелей эфирден таралатын бұл радио 2003 жылдың 1 ақпанынан бастап, өзінің эфирлік форматын жаңартып, заман талабына сай, сандық құрылғылармен жұмыс істеп келеді. Сан-салалы қажетті тақырыптарды қамтиды. Солардың бірі-көп этносты еліміздегі ынтымақты, татулықты паш ететін «Бірлік» ақпаратты-сараптамалық бағдарламасы. Оның жүргізушісі Жанболат Шәкім ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан халқы Ассамблеясының тікелей қолдауымен өткен этножурналистика саласындағы республикалық «Шаңырақ» байқауында «үздік» деп танылып, 1-ші орынды иеленген радиожурналист. «Қазақстанды Отаны санайтын, тілі басқа тілегі бір, түрі басқа жүрегі біртүрлі ұлыстың мәдениеті мен әдебиеті, тарихы мен танымы, салт дәстүрі мен әдет ғұрпына арналған «Бірлік» хабарында түрлі мәселелер сөз болады. Сондай кезекті хабардың бірі «Қоғамдық келісімді қалыптастырудағы Ассамблеяның рөлі» деп аталады. Студия қонағы-Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісі, социология ғылымдарының докторы Сәдуақасова Айгүл Кәкімбекқызы Қазақстан халқы ассамблеясы

туралы толық мағлұмат беріп, журналист сауалдарына жауап берді.1995 құрылған бұл үлкен мекеме қазір көп тәжірибе жинақтады.Оның қызметін екі тараптан қарастыруға болады:бір жағынан бұл азаматтық қоғамның негізгі институты болса, екінші жағынан мемлекеттік басқару мен саясаттың негізгі түйіні. Биылғы жылдан бастап дүниеге келген «Қоғамдық_келісім» деп аталатын арнаулы мемлекеттік мекеме Ассамблеяның жұмысын жетілдіре түсетін болады. Бұл сұхбатта тіл, дін, ұлттық идея, қоғамдағы кереғар құбылыстар да сөз болды. Болашаққа қандай құндылықтармен барамыз? Биылғы жыл Ассамблея жылы болып аталып, оны той тойлайтын емес, ой ойлайтын етіп өткізу қажет. Өткенімізді зерделеп, болашағамызды бағдарлайтын жылда қандай жұмыстар атқарылады? Көп тілді, полимәдениетті , көп конфессиялы мемлекет болғандықтан бізде бір ұйытқы болу керек деді Айгүл Кәкімбекқызы журналист сұрағына берген жауабында ол ұйытқы қазақ халқы. Мемлекет құрушы қазақ халқының жалғыз Отаны бар. Ол-Қазақстан. Отанымызда тыныштық, бірлік, ынтымақ болуына ең алдымен қазақтың өзі мүдделі.Қазақ халқы өзінің басты байлығы-тәуелсіздігін қызғыштай қори білген, соның жолында басқалармен тату өмір сүре білетін ұлт екендігін тарих дәлелдегелі қай заман. Тікелей берілетін хабарда жанды сөз, қолма-қол берілетін сұрақ-жауаптар бағдарлама ажарын аша түседі.Хабарды екі дауыста Гүлназ бен Жанболат жүргізіп, сұрақтарды кезектесе қойып отырды. Мәнді сұрақтар жанды жауаптармен толықты. Тыңдарманға «тірліктен бұрын бірлікті ойлау» керектігін баяндаған бұл хабар жан-жақты ашылып, өз мәресіне жетті.

Ассамблея жылы аясында «Бірлік» хабарының бірнеше хабарларын тыңдап, көтерген мәселелерімен, тақырыптарымен таныстық. Келесі [абардың қонағы - Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған «Жарасым» республикалық жастар ұйымының Астана қаласы бойынша төрағасы Азамат Сүндетов.Былтыр ғана құрылған бұл ұйым жастар арасында бірлік пен татулықты ұстана отырып, түрлі этномәдени орталық өкілдерінің көшбасшыларын бір алаңға шоғырландыруға, оларды ортақ бағытта жұмыс істеуге бағыттау мақсатында жұмыс атқарады. Мәдени ағартушылық, рухани ізгілік, қайырымдылық,білім беру, сауықтыру сияқты мәселелермен айналысады.Ассамблея дегеніміз он жеті миллион қазақстандық болса, солардың он төрт жастан отызға дейінгі өкілдерімен жұмыс істеуге ынталы бұл ұйымның алдағы атқаратын істері баршылық. Осы жылдың ақпан айында Ассамблея жылы басталып кеткендігі алдағы хабарлардан белгілі болғанындай, бұл ұйым Астана қаласында «Қамқор» акциясына кірісіп кетті.Бұл акция соғысқа қатысқандарға қамқорлық, көмек қолын созады. Өз ұйымы туралы биылғы Ассамблея жылы аясындағы жұмыстарды баяндаған жетекшіге хабар жүргізушінің ұтымды сұрақтар қоя білуі де хабардың шынайы бола түсуіне ат салысты. Хабар тақырыпты ашатын роликтермен, музыкамен көркемделген. Бұл хабардың мақсаты: «полимәдениетті жас тұлғаны қалыптастыру» болып табылады. Жастар радиосының хабарын тыңдап, осындай ұйымдармен бірлесе отырып, жас қазақстандықтардың жарқын бейнесін жасай береді деген сенімде болдық.

«Астана» радиосының «Бірлік» хабарының басқа сандарының да ізденіске толы, тікелей эфир табиғатын дұрыс түсініп, аудитоияны баулитын қасиетін аңғардық. Татулық пен бірлік сөз болғанда тек бір халық емес, барлығымыз бірігіп қана мақсатқа жетеміз. Қазақ тілін құрметтеу, сол арқылы бәріміз тұтасып, бір халық-бір тағдыр,тілге құрмет-елге құрмет екенін басқа этностардың айтуы, олардың өз әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін сақтауға қазақ халқының жасап отырған қамқорлығы жайлы хабарлар тыңдаушыны келешекке жетелейді.

Сонымен, Қазақ және «Астана» радиоларының еліміздегі татулық пен бірлікке арналған хабарлары әрқайсысы өзінше бір тартымды туынды.Көпэтносты еліміздің ерекшелігінен туындаған бұл хабарлар биылғы Ассамблея жылымен шектеліп қалмайды, ол алдағы уақыттарда да жалғасын тауып, өзіндік өрнегін сала беретін болады.Бұл-қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының еліміздегі ерекше миссияны халыққа түсіндіруде алдыңғы шепте жүретін тақырыптарының ең негізгісі болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ радиосының материалдары.
2. «Астана» радиосының материалдары.

СМИ И НОВАЯ МАТРИЦА НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘНГІЛІК ЕЛ»

Нуртазина Р.А.

д.п.н., профессор ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Средства массовой информации в современных условиях глобализации являются составной частью массовой коммуникации общества. Их роль неопределима в интеграционных процессах в мире, в укреплении национальной идеи, как организатора, консолидатора общества и просветителя.

Для Казахстана контекстами глобализации выступают не только геополитический статус страны, как евразийского государства, но и процессы демократизации общества, развитие рыночной экономики и института частной собственности, прозрачность границ и открытость мировым информационным потокам. Как следствие, ускоряется процесс медиатизации политики, усиливаются роль и влияние СМИ на все процессы жизнедеятельности общества и государства. Происходящие в общественно-политической сфере события показали, что провоцируемые СМИ «информационные войны», использование их в узко корпоративных интересах в борьбе за политическое и экономическое влияние оказывают негативное воздействие на общество и государство.

При этом государственная информационная политика представляет собой совокупность целей, отражающих национальные интересы Казахстана в информационном обществе через инструменты СМИ.

Информационная политика будет эффективной, если она носит комплексный, системный и прозрачный характер, открыто направлена на согласование интересов граждан, общества и государства. Содержание задач государственной информационной политики на каждом конкретном этапе вытекает из сложившихся в государстве политических и социально-экономических условий и состояния развития информационного пространства страны.

Консолидация наций в централизованные государства часто оказывалось возможным благодаря появлению прессы, которая создала новый вид социальной общности - публику отдельно взятой газеты. Члены этой агрегации разделены расстояниями, но объединены потребляемой информацией [1].

В формировании политических и духовно-нравственных ценностей современного гражданского общества решающую роль играют СМИ. Их морально-психологическое воздействие на население носит двойственный характер. С одной стороны, они оказывают на него положительное влияние, с другой - становятся катализатором межнационального противостояния, этнополитической напряженности.

Во-первых, следует отметить, что содержательные выступления СМИ по вопросам исторического прошлого способствовали исчезновению ряда «белых пятен» в истории государства, росту национального самосознания этносов и народов.

Во-вторых, пропаганда в СМИ понятий «демократия», «гражданское общество», «плюрализм», «консенсус», «правовое государство», «национальная политика», «государственный язык», «межнациональные отношения» без раскрытия их содержания, превращается в антипропаганду.

В современных условиях СМИ не всегда обращаются к положительным примерам строительства индустриально-инновационной экономики нового демократического общества, на которых можно было бы создавать и развивать гражданскую культуру. Так целесообразно разработать и активно претворять в жизнь антикризисную программу,

содержащую ситуационный анализ, раскрывающую цели, пути и средства проведения реформ, их этапы, «технологии» проведения.

В современных условиях роль СМИ способствует созданию благоприятной обстановки творческого поиска решения общественных проблем, информирует население о концепциях дальнейшего развития государства. Односторонняя ориентация СМИ на одну политическую позицию несовместима с процессом демократизации государства.

Актуальной проблемой на сегодня является роль СМИ в формировании культуры межнациональных отношений, когда в разных точках планеты происходят конфликты на межнациональной почве. Главная задача СМИ заключается во всестороннем разъяснении целей и задач государственной национальной политики.

Модель межэтнического согласия Казахстана состоит в том, что на протяжении веков в стране живут, сохраняя свою этническую самобытность, культуру и язык, более 140 народов. Это уникальный пример гуманизма, толерантности казахстанской нации. В стране с многонациональным составом населения не может быть полноценной гражданской культуры без сформированной культуры межнациональных отношений. Здесь важно понять: нет интернациональной культуры, как и интернационального языка.

Выработка казахстанской общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» становится одним из факторов, формирующих межнациональную культуру и консолидацию общества. Как отметил Глава государства «Мәңгілік Ел – это вечный ел, это национальная идея нашего общекзахстанского дома. Мечта всех наших предков. За 22 года суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев, составляют фундамент будущего нашей страны: стабильность, толерантность, равенство всех, несмотря ни на что: религиозные пристрастия, национальность и так далее» [2]. Возвращение духовных начал в современное казахстанское общество способствовало восстановить его силы, дать импульс к возрождению.

Какой смысл заложен в национальной идеи «Мәңгілік Ел»? Это новая матрица патриотического сознания молодого поколения, всеказахстанская гражданская идентичность. Духовный смысл базовой ценности человека должен донести СМИ через диалоговую площадку, раскрывая новые аспекты национальной идеи, как возможность каждого гражданина всегда ощущать себя неотъемлемой частью Единого Народа Казахстана, пропагандировать неразрывную связь личного, общественного и государственного, что делает каждого гражданина и патриота страны достойным творцом собственного благополучия, счастья и успеха как нетленной сердцевины общественного процветания и государственной мощи.

Какова эффективность роли СМИ в пропаганде национальной идеи? Какие формы, методы политической деятельности государства, партий, движений зависят от уровня и потенциала информирования как выражения активности граждан при реализации проекта «Мәңгілік ел»? Реализация данной идеи возможна только при координации информационной деятельности СМИ в освещении аналитических материалов:

- интеллектуальной активности и способности политических сил отображать реальность и преобразовывать ее в соответствии со своими политическими целями;
- организационно-регулирующее воздействие СМИ как информационного потенциала государства и общества;
- прогностическая активность, оказывающая активное влияние на реализацию основных задач проекта «Мәңгілік ел»;
- теоретический и практический поиск, новых методов донесения для простого гражданина вопросов национальной идеи.

Общая совокупность интересов, которая при любых различиях принимается каждым народом - это демократизация общества, поддержание на должном уровне обороноспособности страны, повышение качества жизни народов Казахстана.

Все то, что присуще любому этносу, существует в национальной «оболочке». Как уже отмечалось, вненационального, без этнического в современном мире нет и быть не может.

Жизнь показала несостоятельность представлений о быстром устранении, стирании национальных различий. Всякая национальная культура уникальна. В ее самобытности она не может быть возмещена никакими самыми высокими достижениями каких-либо других культур. Именно это обстоятельство служит надежной основой для обеспечения интернационального равенства и равноправия в отношениях между национальными культурами и развития новой национальной идеи. Что несет с собой, помимо тех признаков, о которых говорилось ранее, национальное бытие и идентичность? В чем оно ярче всего выражается?

Первое и самое главное - это язык. В нем наиболее обнаруживается возможность идентификации себя с теми, кто на нем говорит, и отделение себя от тех, кто им не владеет. Поэтому обостренное внимание к языковым проблемам, эмоциональный накал вокруг проблемы «государственного языка», озабоченность представителей ряда этносов страны сужением сферы действия родного языка, забота о чистоте национальных языков, стремление поддерживать, обогащать и развивать науку, образование, литературу на родном языке - явления естественные.

Посредством языка живет специфика национальной духовной культуры: этнические сказания, исторические источники, древние предания, многоцветный фольклор, богатствасовременной художественной культуры, сфера повседневности, непосредственного общения людей и их личной жизни - все это неотделимо от родного языка.

В Стратегии «Казахстан-2050» отмечается, что политика развитияказахского языка не должна способствовать его отторжению, причем даже казахами. Наоборот, язык должен стать консолидаторомнарода Казахстана. Для этого языковую политику надо проводить грамотно и последовательно, не ущемляя ни один язык, на котором разговаривают казахстанцы. В реализации данной задачи главную роль должны играть СМИ.

Развитие наций и межнациональных отношений социально-психологические проблемы их жизнедеятельности в условиях глобализации являются актуальными. Это обусловлено ростом национального самосознания и кризисными явлениями в обществе. Негативную, будоражащую национальные чувства роль сыграли разочарование в недавнем прошлом, методичное навязывание СМИ установки на полную ущербность этого прошлого, социально- политический, экономический и духовно-нравственный кризис, отсутствие доверия к государственной власти.

В этой ситуации национальная принадлежность выступает как главный и самый понятный компенсаторный механизм. Отсюда повышенная доверчивость при восприятии людьми различного рода национальных идей и лозунгов, легкость, с какой они становятся жертвами популистской и не всегда чистоплотной политики узкого круга этнической элиты. Поэтому национальная политика Казахстана должна строиться с учетом психологического состояния национального самосознания, обостренного отношения ко всему, что связано с национальным достоинством, национальным самочувствием [3, с.270].

Основными языками казахстанских СМИ являются казахский и русский. Доля СМИ, выходящих только на казахском языке, составляет 17,5%, только на русском языке – 35%, на этих двух языках – 35% от общего числа СМИ.

В республике издаются газеты и журналы, выходят в эфир передачи на 11 языках: узбекском, украинском, польском, английском, немецком, корейском, уйгурском, дунганском, турецком, татарском и фарси.

Помимо этого, государством осуществляется финансирование посредством государственного заказа четырех национальных газет: на немецком языке – «Дойче Альгемайне Цайтунг», на украинском – «Українські новини», корейском – «Коре ильбо», уйгурском – «Уйгур авазы». На казахском радио действует международный канал «Евразия», вещающий на семи языках и активно сотрудничающий с Ассамблеей народа Казахстана и национально-культурными центрами.

В своем Послании народу Казахстана от 28 января 2011 года Президент РК Н.А.Назарбаев подчеркнул: «Мир и согласие в многоязычном и многоконфессиональном

обществе - это наша с вами заслуга, уважаемые казахстанцы. Отрадно отметить, что казахстанцы с уважением и достоинством стали изучать государственный казахский язык, давший название родной земле, на которой мы живем и ведем к благополучию нашу страну. Сейчас доля взрослого населения, свободно владеющего государственным языком, составляет подавляющее большинство. И это огромное достижение Независимости. ...Мы также будем развивать русский язык и языки других казахстанских этносов. Я всегда говорил, что для современного казахстанца владение тремя языками - это обязательное условие собственного благополучия» [4].

В Казахстане за эти годы независимости создана правовая база межэтнического и межконфессионального равенства, работа АНК выстроена на основе стратегического планирования, в основу политики государства в межэтнической сфере положен принцип «Единство в многообразии», укреплен финансовая и материальная база межэтнических отношений, обеспечено представительство всех этносов в Парламенте РК и маслихатах регионов страны, успешно работают 820 этнокультурных объединений. Принята Доктрина национального единства – стратегический документ, направленный на укрепление общественного согласия, совершенствование нашей модели межэтнической и межконфессиональной толерантности.

Сегодня перед Казахстаном стоят большие задачи по форсированному индустриально-инновационному развитию страны, по проекту «Нұрлы жол», которая является социально-экономической основой национальной идеи. Их решение создаст основу для нового качественного роста экономики, развития социальной сферы, благополучия и процветания всего народа Казахстана с новой национальной идеей «Мәңгілік ел». Для достижения поставленных целей необходимо сплотиться вокруг Общенационального лидера и проводимой им политики ускоренной модернизации страны в условиях глобального экономического и духовного кризиса. Нам необходимо беречь и укреплять наши общие ценности – единство, межнациональное и общественное согласие.

Создание Ассамблеи позволила Казахстану найти собственный путь к национальному единству: «Прежде всего, расширяется сеть школ с казахским языком обучения. Сейчас таких школ почти четыре тысячи, что в 2 раза больше, чем в начале 90-х годов... За годы Независимости печатных изданий на казахском языке стало больше в 7 раз. Успешно действует эффективная система государственной поддержки этнических языков и культур. В 88 школах обучение ведется на узбекском, таджикском, уйгурском и украинском языках. В ста восьми школах языки двадцати двух этносов преподаются в качестве самостоятельного предмета. Действует сто девяносто лингвистических центров по изучению языков тридцати этносов. В стране издаются тридцать пять печатных изданий на пятнадцати языках. В эфир телеканалов выходят передачи на одиннадцати языках. Работают четырнадцать русских, узбекский, а также единственные в СНГ уйгурский, корейский и немецкий театры» [5].

Роль СМИ в решении вопросов социально-психологических проблем национального развития и межнационального общения, пропаганде новой национальной идеи «Мәңгілік ел» заключается в информационном поле освещении актуальных тем:

- защита и уважение достоинства нации и национального достоинства человека;
- свободное национально-культурное самоопределение личности;
- соблюдение законов страны и ориентация на равноправный диалог национальностей и культур, их бесконфликтное взаимодействие в режиме духовного сотворчества;
- недопущение дискриминации личности по национальному признаку;
- формирование атмосферы уважения к культурно-языковым традициям всех народов страны, культуры межнационального общения.

Список использованной литературы:

1. Тард Г. Общественное мнение и толпа. Пер. с франц. М., 1902. С.62-63.
2. Интернет газета. «Назарбаев поручил разработать патриотический акт “Мәңгілік ел». Электронный портал:<https://zonakz.net>.

3. Нуртазина Р.А. Республика Казахстан: СМИ и политика. Учебное пособие. 2 издание - Алматы: «Бастау», 2014. - С.270.

4. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе!» 28.01.2011.<http://www.akorda.kz/ru/>

5. Выступление Президента РК на XVI сессии Ассамблеи народов Казахстана <http://www.nomad.su/>

ҚАЗАҚСТАН - ДОСТЫҚТЫҢ ТАЛ БЕСІГІ

Самұратова Г.

*Қызылорда медицина колледжі, Қызылорда қ.
Ғылыми жет. Умбетова С.*

Қазақстанда 130-ден астам ұлт өкілдері тұрады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай "Қазақстан-ортақ мекен", " ортақ –діннің тоғысқан жері" болып табылады. Біз бір-біріміздің салт-дәстүрімізді, яғни ұлттық киімдерімізді, ұлттық тағамдарымызды, ұлттық ойындарымызды қатты қадір тұтамыз. Соның арқасында бір-бірімізге оң жағы болмаса, теріс әсері тиген жоқ. Соның арқасында еліміздің мәдениетіміз дамып қоймай, сауда-саттық, қол өнеріміз дамыды,яғни "көзіміз-ашық", "көкірегіміз-ояу болды". Бір шаңырақ астында тұрған отбасы секілді бір елде тату –тәтті тұрамыз. Әсіресе бұрын біз Кеңес Одағының құрамында болған Ресей, Қырғыстан, Түркіменстан, Өзбекстан, т.б. осы ұлт өкілдерімен тату –тәтті тұрдық. Біз тәуелсіздігімізді алғанымызбен оларға бәрібір бүйрегіміз бұрып тұрады. Сонау тоқырау жылдарында, ашаршылық кездерінде, қалай аман қалудың, қалай еңбек етудің жолдарын мәселен орыс халқы балық аулауды үйретсе, өзбек халқы дәнді - дақылдарды, көкөністерді өсіруді үйретті. Сонымен қатар, "Қазақстан" жерінде көптеген ұлт өкілдері айдауда болды.Олар қазақтың мәдениетін шығармаға түсіріп, яғни кітап жазып, әлемге паш етті. Біздің арғы хандарымыз, сұлтанымыз басқа ұлт өкілдерімен достық – қатынасты орнатуды жөн көрген. Мәселен, Қасым хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан Ресей патшасымен, Қытай мемлекетімен дипломатиялық қарым –қатынасты орнатты. Осы ұлы тұлғаларымыздың арқасында достығымыз әлі кунге жалғасып келеді. Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов орыс халқымен тату тұрған. Көптеген Ресейдің ұлы жазушылармен дос болған және орыс тілін білуді жөн көрген. Әсіресе 1930 жылдары Қазақстанға өзге ұлттарды қоныс аудару кеңінен жүргізілді. Өлке аумағына халық көптеп, келе бастады. Қысқаша айтқанда 0,5 млн. арнайы қоныс аударушылар келді. Сол кездерден бастап, басқа ұлт өкілдері Қазақстан жерінде тұрақтай бастады. Әсіресе талайды қансыратқан Ұлы Отан соғысы жылдарында башқұрт, өзбек, орыс, т.б. деп бөлінсінбей бір ауыздан біріктік [1, 569-б.]

Осы татулықтың арқасында достығымыз ажырамады және Жеңіске жеттік. Біздің ортақ мейрамымызда бар, ол "Наурыз" мейрамы, оны барша түркі-тілдес халықтар тойлайды. Осы ұлттық мейрам күні барша ұлт өкілдері, біздің асымыздан дәм татады. Ол –татулықтың нышаны. Қазақстан тәуелсіздігін танып, әлем алдында мойындаған туыстас Түркия мемлекеті және Румыния болды. Бүгінде Қазақстанды әлемнің барлық мемлекеті танып, көптеген елдермен елшілік дипломатиялық қатынас орнаттық. Еліміздің бірнеше халықаралық ұйымдардың мүшесі екендігін, әсіресе олардың ішінде әлемдегі ең беделді ұйымдардың бірі-БҰҰ мүшелігін мақтанышпен айта аламыз.Қазіргі таңда біз әлемнің 145-мемлекетімен сауда байланысын жасаймыз. Қазақстан Батыс пен Шығыстың мәдениетін, тарихын, дінін үйлестірген мемлекетпіз. Әлем халықтарын құрайтын 3000-дай этностар ішінде қазақтар 70-орын алады, түркі-тілдес халықтардың ішінде 4-орын алады [2, 3-б.].

Ең басым ұлт-өкілдері: татарлар, қырғыздар, қар ақалпақтар, өзбектер тұрады. Олар қазақ ұлты сияқты Отанымыздың гүлденіп, көркеюіне күш салуда. Қазақстан

Республикасының Ата заңында дініне, тіліне, шыққан тегіне қарамастан Қазақстанда мекен еткен барлық ұлттардың тең екендігі жазылған. Біздің Отанымызда басқа ұлт өкілдеріне кемдік немесе артықшылық көрсетілмейді. Қазақ жеріне мекен ететін аз этнос өкілдеріне мемлекет тарапынан зор қолдау көрсетіп отырады, жастарына жоғары оқу орындарына түсуге, ересектеріне жұмыс істеуге барлық мүмкіндіктер берілген. Айта кететін бір мәселе Қазақстанда ұлт және мемлекет құрушы этнос біреу, осы қазақ этносы. Жер бетінде этнос көп, олардың ішінде мемлекет құрғаны тек 200-дей ғана. Алыста тұратын өз туыскандарымен араласып, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік берген. 2007 жылы Парламент сайлауы кезінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы депутат орнына арнайы орындар берілді. Ассамблея делегаттарына 33 диаспораның атынан мүдделерін білдіру, әрбір этностың және Қазақстан халқының болашағын ойлау сияқты орасан зор тарихи жауапкершілік жүкеліп отыр. Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиялары еліміздегі қоғамдық саяси үдерістерге талдау жасап, кеңесіп отырады. 33 ұлт диаспорасының 320 өкілінің басын қосқан Ассамблея бүгінгі күні елдің саяси өміріне араласа алады. Еліміздің әрбір азаматы ата-мекеніміздегі бейбітшілік сақтауға жауапты екенін айқын білдіреді. Тәуелсіздік, еркіндік, бірлік пен келісім – Қазақстан халқы Ассамблеясы осы қағиданы берік ұстанған әлемдегі ешқандай елде теңдесі жоқ ұйым. Ал биылғы жыл Елбасының жарлығымен "Қазақстан халқы Ассамблеясының" жылы болып жарияланғаны белгілі. Ассамблея жылы Конституцияның 20-жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70-жылдығы сияқты маңызды оқиғаларға толы. Бұл жыл- ортақ тарих пен тағдыр мәңгілікке біріктірген халқымыздың бірлігін паш ететін жыл. Өткен жылы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 2015 жылы – Қазақстан халқы "Ассамблеяның жылы"-деп жарияланған еді. Осыған орай, арнайы ұлттық жоспар қабылданды. Қазіргі кезде еліміздің барлық өңірінде, елордамыз Астанада осы жылға байланысты ұлттар арасындағы достықты, бірлікті паш ететін мейрам. [3, 5-б.]

Ассамблеяның негізгі символы "Тайқазан" болып табылады. Тайқазан қиын қыстау күнде елдің басын біріктіруге себеп болған мұра. Халқымызда "Ынтымақты елдің ырысы мол" деген дана сөз бар. Бүгінде біз келісім мен бірліктің, татулық пен ынтымақтың арқасында әлем мойындайтын елге айналдық. Демек, бұл біз үшін ерекше мерейтой. Қазақстан халқы Ассамблея жылы аясында Еуропа елдерінде халқыаралық шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, таяуда халықаралық жоба өз жұмысын бастады. Ассамблеясы еліміздегі тұрақтылық пен келісімге сына, сызат түсіруге және адамдардың тілі мен дініне, ұлты мен әлеуметтік саясатына қарай кемсітуге тоқтатылып Қазақстан халқы Ассамблеясы бейбітшілік пен келісімнің іргетасы осыдан 20 жыл бұрын 1995 жылы 1 наурызында біздің қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтауға арналған бірегей институт -Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы жарлыққа қол қойды. "Ассамблея жылы" дегеніміз бұл-ең алдымен бірліктің жылы, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы салған қоғамдық келісім моделінің жылы. Қазақстан халқы Ассамблеясы моделін біз Біріккен Ұлттар Ұйымында 2008 жылы таныстырған болатынбыз. Тәуелсіздік, еркіндік, бірлік, бейбітшілік пен келісім- Қазақстан халқы Ассамблеясы осы қағиданы берік ұстанған, әлемдегі ешқандай елде теңдесі жоқ ұйым. Ал биылғы жыл Елбасының жарлығымен осынау татулықтың тірегі айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланды. Қазақстан - бұл тұтас жер, тіртұтас халық, ортақ болашақ! Сондықтан, Ассамблея жылының басты идеясы - "Менің елім - Мәңгілік Ел!" Егемендік, бірлік және келісім рухы болашаққа деген Сенімімізді арттырып, күш-қуатымызды еселесін! Біз-тағдыры ортақ, бірлігі жарасқан біртұтас еліміз! Біздің Қазақстандық жол -бейбітшілік, келісім және даму жолы! Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциясымен азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Елбасы еліміздегі тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Этносаралық қатынастар жүйесіне мемлекеттік тіл ел

бірлігін қалыптастырудың маңызды факторлары болып танылған. Сондықтан да Ассамблея қызметінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту маңызды орынға ие. Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі әлем назарын аударып отыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырады. Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының азаматтық және бәсекеге қабілетті Ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып саналады. Бейбітшілік пен тыныштық әр үйдің баға жетпес байлығы болып саналады. Бүгінгі уақытқа дейінгі Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарған жұмысының басты нәтижесі де осы. Ассамблея-тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы. Ассамблея тарихы-ел тарихы, халық тарихы. Олай болса, жетістікке толы биылғы жыл Ассамблея жыл болмақ. [4, б-б.]

Ұлт тағдырын ұрпақ шешетіні айқын. Бірі-қазақтың қызын алып, мың жылдық күйеу бала атанса, бірі-қазақы отбасыға салиқалы келін атанып, қазақы шаңырақтың түтінің түтетіп отыр. "Отбасы-шағын мемлекет"-демекші адам бойындағы жақсы қасиеттер отбасында қалыптасады емес пе? осы орайда, тұрақтылық пен халқымыздың тыныштығын күзетіп, елге қорған болып жүрген өзге ұлтты апа-ағаларымызды балаларына әдет ғұрыпымызды, қазақ дінімізді рухани құндылықтарымызды бойларына сіңіріп отырып, тәрбие беріп жатыр деген сенімдеміз. Өйткені, ұлтты қазақ болмаса, да сөзі қазақ, жжүрегі қазақ бауырларымыздан нағыз ұлтжанды, қазақ елінің болашақ қорғаушылары мен батырлары өніп шығ атыны айқын. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев "Дамудың сыры-бірлікте" ата-бабамыздан мирас болып, қалған ауыз біршілігіміз, өзара түсіністігіміз қазір де жалғасын тауып келе жатыр. Халықта "Туған - ана емес, тәрбиелеп өсірген - ана" демекші кез келген ұлттың өкілі, Қазақ елін "туған жерім" деп санайтындарына сенімдіміз. 135-ұлттың басын біріктірген "Мәңгілік еліміз" ғұмырлы, тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз баянды болсын. Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істесе, Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активті 67 мыңнан астам адамды қамтиды. Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі оның еліміздің жоғары заң шығару органында - Парламентте этностық топтар мүдделерінің келілді өкілдік етуін қамтамасыз етуі болып табылады. Жалпы алғанда негізіннен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияралық келісімнің бірегей модемі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім ынтымақ, өзара түсіністік ақуалы қалыптасты. Республикада Қазақстанның барлық этностардың мәдениетін тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың барі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді:

1. Этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

2. Халық бірлігін нығайту, Қазақстандық қоғамның негізін салушы қоғамдық келісімді қолдау және дамыту.

3. Ассамблеяның мақсаты мен міндеттерді қол жеткізу үшін этномәдени біріктіруді қамтамасыз ету.

4. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету болып табылады.

Қорытындылай келсем, осыдан 20 жыл бұрын қабылданған Қазақстан халқы Ассамблеясы біздің ауызбіршілігімізді мықтап, бірлігі жарасқан елге айналдырды. 131-ден астам ұлт пен ұлыстардың басын біріктіріп, бір шаңырақтың астында өмір сыйлаған Елбасымызға мың алғыс. Бастысы, өзге мемлекеттердегідей ұлтаралық келіспеушіліктер жоқ, лайым ешқашан болмасын. Татулық, бірлік, келісім деген ең асыл қазынамыз бар. Осы

қазынамызды ешқашан жоғалтпай, ұлтаралық қарым-қатынасымыз арта берсін дегім келеді. Ассамблея жылында барлығымыз белсенділік танытып тарих беттерінде қалатын басты оқиғаларды ерекше әрі мазмұнды етіп, атап өтуге ат салысайық. Мықты да, тұғырлы ел болып, үлкен "Достық мекенінде" ұлттық салт- дәстүрді дәріптеп, мемлекеттік тілді үйретіп, тарихымызбен таныстыруды жалғастырайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б.
2. Ана тілі газеті //2015 жыл. № 6. 3-бет.
3. Егемен Қазақстан газеті //2015 жыл. №37 5-бет.
4. Егемен Қазақстан газеті //2015 жыл. №38 6-бет.

САН ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН АССАМБЛЕЯ

Серікова Б.Т.

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы, Қаратау қ.*

Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен этностар қалыптастырған ел бірлігі мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған қазіргі мол тәжірибе этносаралық проблемаларды шешудің әлемдік тәжірибесіне енуде.

Бүгінгі таңда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – ұйымдық құрылым ғана емес, ол біздің өміріміздің ажырамас бөлігі, біздің тыныштығымыз бен бірлігіміздің белгісі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы жылды «Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы» деп жариялауына байланысты «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» бастамасына үн қосу мақсатында жиналған еліміздің болашағы, жасампаз жастар, әр түрлі ЖОО-да білім алып жатқан тегі – бөлек, теңдігі – бір, түрлі этнос өкілдері басқосуда қазақстандық патриотизм моделін нығайту, ұлтаралық татулық пен достық қатынас, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім тақырыбында сөз қозғады. Бұл – табалдырығымыздан аттаған жаңа жыл ел бірлігінің, бейбітшілік пен келісімнің, татулықтың жылы деген сөз. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, тағдыр тауқыметімен қаншама ұлыс өкілдері қасиетті Қазақ жерін пана тұтқаны белгілі. Сындарлы кезеңдерді бастан өткерген қазақ халқы өз атамекенінде көпұлтты мемлекетке айналды. Қашанда татулық пен ынтымақты ту еткен еліміз үшін өзге ұлт өкілдерімен достық қарым-қатынаста болып, біртұтастықта өмір сүру маңызды. Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы халықты ұлтына бөліп-жармай, біртұтас Қазақстан қоғамын қалыптастыруды мақсат тұтып, 1992 жылы алғаш рет Ассамблея құру туралы идеясын қалың көпшілікке жариялады. Идея ірі мақсатқа ұласып, 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жанғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын

дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда.

Биыл ұлтаралық татулық пен қатынасты, біртұтас қоғам құру мен түсіністікті басты шарты еткен Ассамблеяға – 20 жыл. Осы жылдар ішінде Елбасының теңдессіз идеясы әлем үшін үлгі болып, жеке дара «қазақстандық бренд» ретінде танылды. Әрқашанда бірлік пен татулықты сақтауға, алауыздыққа жол бермеуге шақырған Қазақ Елі «Бақыт қайда барасың, ынтымаққа барамын» деген әйгілі сөзін қалдырған. Сондықтан Елбасы айтқандай, «біздің туымыз – бірлік» болуы керек. Тәуелсіз Қазақстанның аспаны мәңгі бейбіт болсын. Жерімізден құт-береке қашпай, ұлт пен ұлыстың достығы артып, татулығымыз таси берсін!» – деп атап өтті.

Бұл жыл мемлекеттік деңгейде маңызы зор мерейтойларға толы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие», – деп ерекше атап көрсетті. Бұл жыл Жаңа қазақстандық патриотизм моделін нығайтатын, ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөлге ие болатын жыл болмақ. Мемлекеттің бір бөлшегі, біртұтас қоғамды құруға атсалысатын, болашақтың алтын кілтін иеленетін саналы ұрпақ тәрбиелеуге ауқымды үлес қосып келе жатқан ұстаздар ұстаханасы – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті де бұл маңызды шаралардың ешқайсысынан да қалыс қалмайды. Мемлекеттік тыныс-тіршілігі, қайнаған өмірінің кішкентай көрінісі біздің киелі шаңырағымызда өтіп жатыр. Арман қуып әсем Алматыға аяқ басқан қаракөздер Арулар ордасына табан тіреп, сапалы білім алып, білікті маман болып шығып жатқандарына, міне – 70 жылдан асты. Қазақтың ғана емес, қырғыз, өзбек ағайындардан бастап, ұйғыр, тәжік, күрд, орыс, украин, кәріс секілді 480-нен аса өзге ұлт өкілдері білім алып жатқан тілегі бір білім ордалары бар.

Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Бүгінде Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды. Елбасының тапсырмасы бойынша аймақтық әкімдіктердің жанынан ақылдастық-кеңестік орган ретінде құрылған Қоғамдық келісім кеңестері Ассамблеяның Елбасы айқындап берген жалпыхалықтық институт мәртебесін айшықтай түседі. Себебі, ауыл, аудандардағы әртүрлі ұйымдардың басын бір арнаға тоғыстыратын, қоғамда туындайтын негізгі сауалдардың барлығымен айналысатын осы кеңестер. Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі табысты жұмыс істеуде. Ассамблеяның жанынан құрылған Отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі Аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары – татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді тетігі ретінде өз жұмысын бастады. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету

болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуге негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді - соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

Ел Президенті еліміздегі тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Этносаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттік тіл ел бірлігін қалыптастырудың маңызды факторы болып танылған. Сондықтан да Ассамблея қызметінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту маңызды орынға ие.

Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі әлем назарын аударып отыр.

Қазақстандық үлгі Біріккен ұлттар ұйымында, ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдерде, Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте өткен халықаралық форумдарда таныстырылып оң бағаға ие болды, ЕҚЫҰ-ға қатысушы 56 мемлекет тіліне аударылды.

БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун елімізге сапары барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметімен танысып Ассамблея принципі БҰҰ-ның жұмыс принципімен толық сәйкес келеді деп атап өтті.

Қазақстандық үлгі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылықтар ісі жөніндегі Жоғары комиссары арасындағы өзара іс қимылдың негізгі бағыттарының біріне айналды. Қазақстандағы қоғамдық келісім үлгісіне қызығушылық танытушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар саны күн санап артып келеді.

Бүгінгі таңда Елбасының қойып отырған негізгі мақсаты да – ел бірлігі. Ол бірліктің тұтқасы да, ұйытқысы да, келешегі де жастар деп үміт артып отыр, сол сенімді ақтайтындай елдің мықты қайраткері, елін сүйген, жерін сүйген азаматтары болындар. Ел бірлігін пәк қардай асқақтата біліңдер, елдің ынтымағына, татулығына ұйытқы болындар! Тілді білген адам ғана, сол ұлтты құрметтейді, салтына, дәстүріне бойлайды. Тіл жанашыры сонымен қатар, құшағына барлық ұлтты сыйдырып, бірлік пен келісімде өмір сүруіміз Елбасының сарабал да, салиқалы саясатының арқасында деп атап өтіп, бүгінгі қоғамда алатын Ассамблеяның рөлін сөзге тиек етуге болады.

Ассамблея дүниеге келген 20 жылдан бері атқарған қызметі мен жүріп өткен сара жолы қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісінің әлемдік қауымдастық алдында беделді ұйымға айналып, ел қоғамының құрамдас бөлігіне айналғанын көрсетті. Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс Қазақстанға да өз салқынын тигізіп отыр. Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналып отыр. Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, қазақ ұлтының еншісінде екендігі анық.

Қазақ халқы қашанда бірлік пен татулық мәселесіне ерекше мән беріп, оны тірліктің тұтқасы, өмірдің өзегі ретінде бағзы заманнан бағалап келген. «Бірлік бар жерде - тірлік бар», «Береке басы - бірлікте», «Ырыс алды - ынтымақ» деген сияқты көптеген мақал-мәтелдер соның айғағы. Болашақтың бірліксіз болмайтынын болжай білген бабаларымыз бала тәрбиесінде де осы қағиданы басты бағыт етіп ұстаған. Ол атадан балаға мұра болып, әлі де жалғасын тауып келеді. Бірлік пен татулық тәлімінің қазіргі көпұлтты Қазақстан жағдайында маңызы ерекше. Мемлекет құраушы, елдің, жердің иесі ретінде қазақ халқы өзге ұлттар мен ұлыстарға оның асқан үлгісін көрсетіп келеді десек артық емес.

Ассамблея жылы қатардағы көп мерейтойлардың бірі емес. Бұл – Елбасы айтқандай, той тойлайтын емес, ой ойлайтын жыл. Себебі, елдегі бейбітшілік пен келісімді, тұрақтылық пен татулықты сақтап, дамытудың бірегей тетігіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің өшпес құндылығы – Тәуелсіздікке тірек болған Ел бірлігінің ең басты тұтқасы.

Еліміз Қазақстандағы түрлі мәртебесі бар, сан алуан қоғамдық немесе мемлекеттік институттардың мерейтойларын мемлекеттік деңгейде атап өтпейді. Дегенмен, Ассамблеяның орны ерекше. Қоғамды біртұтас ағзаға баласақ, оған қан жүгірететін алуан түрлі қантамырлар іспетті барлық салаларды біріктіретін, бәрінің жолын бір арнаға тоғыстырып, бір ағысқа бағыттайтын бір жүрек бар. Ол жүректің аты – Ел бірлігі. Бірлік болмаса, бейбітшілік пен келісім болмаса өлшеусіз термен, қыруар қажыр-қайратпен жасалып жатқан елімізді өркендету жолындағы еңбектің бәрі де бекер. Яғни, ресми түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланған 2015 жыл Ассамблея институтының мерейтойы емес, құнды қазынамыз – Ел бірлігі жылы, бейбітшілік пен келісімнің Назарбаев моделінің жылы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 10 шілде, 2012. № 97 (28456)-6-76.
2. Н. Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімінің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы / Жалпы ред.басқ. Ж.Ә.Әлиев.- А., 2006.- б.163 – 182.
3. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы.-А., 2010.-б.95-100.
4. Арын Р.С. Қазақ этносының әлеуметтік- саяси мәртебесінің дамуы.- Павлодар, 2008.- б. 68-119.
5. Сұлтанов Б.Қ. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы.- А.: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010.- 164 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Тұржан О.І.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, Астана қ.

Әлемде тек қана бір ұлттан тұратын мемлекет жоқ. Өйткені адамзат талай ғасырлардан бері ұлы қозғалыс үстінде. Қозғалыс адам баласына дамудың жаңа қырларын тану үшін, табиғаттың түрлі құбылыстарын зерттеп біліп, соған сәйкес өмір сүру тәсілдерін үйрену үшін қажет. Дегенмен, бұл қозғалыстардың өзі хаосты болып кетпеуі үшін әр мемлекет өзіндік заңдық-нормалар қабылдап, әр ұлт пен ұлыстың тек құқықтық жағдайын қалыптастыруға міндетті әрі міндетті болады.

«Қоғам дегеніміз – өнеге көрсетушілер мен өнеге алушылардың арасындағы жанды ынтымақтастық» деген тұжырым айтқан ойшыл Хосе Ортега-и-Гассеттің сөзінің түп-төркінінде демократтық-құқықтық қоғамның үлгісі жатыр [1. 66]. Кез келген құқықтық қоғамның ең басты идеясы – тәуелсіздік және жеке тұлғаның сол қоғамдағы орыны туралы идея. Ал сол Тәуелсіздік туралы ой адам баласына қай кезде келді екен дейтін болсақ, ол шамасы, алғашқы қауымдық құрылыс аяқталып, құлдық дәуір басталып кеткен кезде келген болар. Өйткені сол кезеңнің ойшылы Марк Тулий Цицерон «Біз тәуелсіз болуымыз үшін заңның құлына айналумыз керек» деген ғұламалық идея айтыпты. Мұндай идея өз замандастарын таңқалдырған да болар. Өйткені – бұл құл иеленушілік дәуір еді. Бұл дәуірде құл иеленушінің өзінің біреуге немесе бір нәрсеге құл болуы ақылға сыйымсыз болатын. Бірақ ол кезде бұл тек құл иеленушінің ғана ақылына сыйымсыз болды. Ақылына сыйғыза алғандар қоғамды ілгері алып жүруге ұмтылып, жаңа идеялар ұсынды. Сол идеялардың ішіндегі ең маңыздысы – жеке тұлға мәселесі еді.

Әрине, жеке тұлғаның қоғамдағы орынын белгілеп, мемлекеттің толық құқылы азаматы ретіндегі мәртебесінің мойындалуына дейін адамзат тағы да талай дәуірді бастан кешіруіне тура келді. Өйткені адамның құқықтық санасының қалыптасуы бір күнде жүзеге аса қалмайтынын тарихы та көрсеткен, психологтар да дәлелдеген. Оның үстіне алғашқы рулық қоғамдастықтан кейін келген, одан әлдеқайда дамыған қоғамда тек руластарымен ғана емес, басқа ұлт, басқа халық өкілдерімен де бірігіп өмір сүруіне тура келді.

Ғасырлар бойы қалыптасып қалған құлдық және рулық-тайпалық сана өз бетінше өмір сүруге көп жағдайда қабілетсіз болып шығады. Алдымен жеке тұлғаның қоғамда өзінің пассивті элемент еместігін, керісінше, қоғамның аса белсенді мүшесі екендігін мойындауы керек. Осылайша мойындау деңгейінен асқаннан кейін ғана ол басқаларға да, өзіне де жаңаша көзбен қарай бастайды. Сол жаңаша көзқарастар бірін бірі жетелеп, біріне бірі күш беріп заманаларды жаңартумен болады. Заманаларды жаңарту жолында адам баласы небір бейнетті жолда адасты да, қырылды, жойылды, сосын қайта гүлдеді. Дәуірлер өз бойын жаңа идеялар арқылы тазартып отырды. Сөйтіп адамзаттың белгілі бір заңдылықтарға бағынғанда ғана нағыз қоғам құра алатындықтарына көзі жетті.

Зерттеушілердің айтуынша адамныңосындай өзіндік қауымдастық құрып, алғашқы қоғамдық қатынастарға түсе бастағанына 1,5 миллиондай жыл өтіпті. Осы жылдар ішінде жүріп өткен жолдың жинақтап берген тәжірибесі кейінгілердің құқықтық нормаларды қалыптастыруына негіз болды. Сондай кезде британдық әлеуметтанушы Г.Спенсер «Жұрттың бәрі еркіндік алмайынша, жеке бір адамның еркіндікте өмір сүруі мүмкін емес» деген ой тастады. Ал тағы бір ойшыл «тәуелсіздікке деген жалпыхалықтық немқұрайдылық басым болса, бұл нағыз еркіндікке қауіп төндіреді» деген ойды айтыпты. Сондатәуелсіздік алған жұртшылық қандай ретпен өмір сүруі керек? Қазақ халқы бұл тұрғыда нағыз тума демократтық қасиетке ие екендігін көрсетті. Сонау Ю.Скайлер деген саяхатшының 1873 жылдар шамасында қазақ даласына келген кезде жазған күнделігінде мынадай жазу бар екен: «Қырғыздар (*қазақтар* – О.Т.) басқа азиаттық халықтарға қарағанда бейне бір бала мінезділігімен ерекшеленеді. Олармен өте жақын танысқаннан кейін оларды құрметтемеуге, жақсы көрмеуге ешқандай шараң қалмайды. Орта Азияда тұрған барлық адамдар қырғыздар (*қазақтар* – О.Т.) басқа тайпалардан жоғары тұр деген пікір айтады»[2. 19]. Тәуелсіздік алысымен басқа ұлттарға достық қолын созған еліміздің бүгінгі дамуының түпкі тамырында сол Ю.Скайлер айтқан қасиеттер жатыр.

Құлдық дәуірдің адамның мойнына артар жүгі ауыр. Бірақ тәуелсіздіктің жүгі де жеңіл емес. Өйткені тәуелсіздік дегеніміз – ұлы жауапкершілік. Ұлы жауапкершілікті қалайша жүзеге асыру керек? Оған ең алдымен сол мемлекеттің негізін қалаушы жергілікті ұлт өкілдері жауапты болатыны түсінікті.

Тереңірек ойлап қарағандар үшін адам – табиғаттың туындысы. Ал табиғаттың қай туындысының да жарық дүниеге жаратылып, сосын бірте-бірте дамып және әрі қарай тіршілік етуінің өзі ішкі конституциялық реттіліктер арқылы жүзеге асырылып отыратындығы белгілі. Мысалы, қыс пен жаз қатар келмейді немесе өсімдік көктегенде алдымен тамыр жайып, жапырақтары мен гүлдері содан соң пайда болады. Бұл – табиғаттың өзіндік конституциясы. Адамның дене бітімі де жаратылыстың конституциясы бойынша өзіндік реттіліктермен орналасып, ішкі зат алмасу процесін қамтамасыз етеді. Сол орналасуы арқылы адам кішкентай сәби шағынан ересек адам дәрежесіне дейін өседі. Әлеуметтік қоғамды да дәл осындай тұтас организм деп қарастыратын болсақ, сол организмнің құрамдас бөліктерінің арасында осындай реттіліктер орнықпаса, қоғам кез келген жерде сүрініп, даму тежелер еді. Осындай кезеңде адамға ең бірінші көмекке келетін құжат – Ата Заң. Ағылшын ойшылы, конституциялық демократияның базалық идеяларын қалыптастырушылардың бірі Джон Локктың тұжырымы бойынша «Заң жоқ жерде, еркіндік те жоқ».

Қазақ халқының ежелден еркіндікті аңсай отырып, оның негізін де ерте кезден қалай бастағандығын оның ұлттық салт-дәстүріндегі ұстанымдардан көре аламыз. Ал оның құжат жүзіндегі дәлелдерінің бірі – 17-ғасырда өмір сүрген Тәуке ханның «Жеті Жарғысы». Оған дейін “Қасым ханның қасқа жолы” мен “Есім ханның ескі жолы” болған еді. Тәуке хан соларды жетілдіріп, жаңа заң жүйесін жасақтады. «Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды»[3].

Кез келген жеке тұлғаның тәуелсіздік алған күннен бастап, енді қандай міндетті мойныма алуым керек немесе қандай мақсат көздеуім керек немесе не істеуім керек дегендей ойлардың қоршауында қалары сөзсіз. «Ойыма не келсе, соны істеймін бе?» деген пиғылдың да жетіп келері сөзсіз. Осындай да еркіндік ала тұрып, адам өзінің шексіз еркін емес екендігін де санасынан өткізуі маңызды. «Өмірінің мәні болатын нәрсесінің бәрін жоғалтқан адам ғана шексіз еркіндікте қалады» дейді Ремарк ойшыл. Демек, адамға керегі – шексіз еркіндік емес, белгілі бір реттіліктерге бағынатын, қоғамның әр мүшесінің мақсаттары мен міндеттері айқындалған орта. Ондай ортаны мүмкін ететін – Ата Заң. Ата Заң – құқықтың негізгі қайнар көзі. Ата Заңда күллі құқық жүйесінің бастаулары шоғырланады және оның талаптарын қатаң сақтау – баршаның ең басты парызы болып табылады. Ежелден заң жолымен жүріп, ел ішіндегі бірлік пен тәртіптілікті сақтауды ұлы мұрат еткен қазақ халқының бүгінгі кезеңінде де демократтық ұстаным тәуелсіздіктің тірегі болып келеді.

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Бұл Ассамблеяның құрылуы Кеңес Одағы тарап кеткен соң біздің елімізде өмір сүріп жатқан кіші-гірім ұлттар мен ұлыстардың алаң көңілін орнықтырған жағдай ретінде бағаланды. Ал мұндай Заңның қабылдануы демократтық жолға түскен жас мемлекеттің ірге тасының берік болуына ықпал етуші құжат ретінде маңызды екендігіне дау жоқ.

Бұл Заң Қазақстанда тұрып жатқан әрбір ұлт пен ұлыстың өкілі бәріміз болып жеңіп алған тәуелсіздіктің тағдырына және ұлтаралық татулықтың баянды болуына жауаптылығын заңдастырған аса құнды құжат болды. «Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірегей әлеуметтік институт ретінде өмір сүріп, бүгінгі таңдағы мемлекеттік мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарып отырғандығы да соның көрінісі болса керек» [3].

ҚР Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп атап көрсетілген. Және «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» деп жалғасады осы бап [4]. Осындай құқық беретін Ата Заңның жолымен жүргенде ғана кез келген халық, оның ішіндегі жеке тұлға өзін ерікті сезіне алады. Ал ерікті адам қоғамдық ойдың озық болуына да ықпал етеді. Адам бойындағы ерекше қабілеттілік, дарындылық, ой тереңдігі оның бостандығының арқасында ғана қанатын кеңге жая алады. М.Цветаева «Қанат – оны қағып ұша алсаң ғана қанат, ал ұша алмасаң, арқаңдағы ауыр жүк қана» дейді. Ақынның осы ойын өмірге қатысты айтар болсақ, өмір – еркіндікте болса ғана өмір, еркіндігің жоқ болса, мойнына асып қойған ауыр жүк қана. Ата Заң – осы жүгіңді көтерісетін және оның мән-мағынасын арттырып, бақытты, адами тіршілігіңді қамтамасыз етіп тұратын қасиетті қағидаттар жиынтығы.

Біз Тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай өзіміздің Ата Заңымызды жарияладық. Мұндағы негізгі идея қазақстандықтардың достық, бауырластық қарым-қатынасын орнықтырып, ежелден келе жатқан гумандық дәстүрімізді сақтап қалуға негізделді және негізгі міндеттер де айқындалған. Сол міндеттердің ішіндегі ең қасиеттісі – отан сүйгіштікті қалыптастыру, оған адал болу. Тағы бір аса маңызды міндет – әрбір Қазақстан азаматының орта білім алуға міндеттілігі. Білім алуға міндетті болудың арғы жағында біздің мемлекетіміздің әрбір азаматының саналы да ойлы, кең дүниеге көзі ашық, жақсы мен жаманды салмақтай білетін, ұлы бәсекелестіктер дәуірінде қиындықтардан қаймықпайтындай болып қалыптасуына мүмкіндік жасау қағидасы жатыр. Шығыстың ұлы

математигі А.Х. ас-Самарқанди «Білім дегеніміз әрі қуат-күш, әрі сұлулық» деп тұжырым айтқан екен. Демек біздің әрқайсымыздың біліміміз мемлекетіміздің қуатты болуына қосылатын үлес болмақ. Ата Заңға сүйене отырып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ең алдымен саяси саладағы басты міндетіміз – Қазақ елінің саяси қуаттылығын арттыру қажеттілігін қолға алдық, демократияны орнықтырып, меншік қатынастарын реформалап, нарықтық экономикаға өтуді жеделдетіп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға кірісудің, әлемдік қауымдастыққа кірігіп, дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде тұра алатын жағдайға жету жолының – осының бәрінің өзіндік ауыр жолынан өттік.

Біздің халқымыз – бостандық жолындағы талай күрестерде өзінің ерлік рухын түсірмеген халық. Сол ерлік рухының бұдан әрі қарай да ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, Отанымыздың іргесінің нығая түсуіне ықпал ету қажеттігі де Ата Заңымызда атап көрсетілген. Ал бұл мақсатты жүзеге асыруда халықтың бірлігінің аса маңызды рөл атқаратындығы түсінікті. Сондықтан да біздің Конституциямыздың 3-бабында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» делінген [4]. Халықтың тұтастығы, өзара сыйластық, басқа мемлекеттермен достық қарым-қатынас орната алу, экономиканың дамуы, жоғары мәдениеттілікке қол жеткізу – осының бәрі де тек қана халықтың ауызбіршілігі арқылы жүзеге асырылады.

Біз қазір әрбір азаматтың құқықтық санасы жоғары сауаттылықпен қалыптасқан, әркім өзінің жауапкершілігін терең сезінетін қоғам құрдық және оны әрі қарай дамыту үстіндеміз. Өз құқығымызды жақсы білу арқылы қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік қарым-қатынастарда Ата Заңның қағидаттарының сақталуын әрқайсымыз қатаң қадағалайтын жауапкершілікті де мойнымызға алдық.

Соның арқасында Қазақстан әлем таныған бейбіт сүйгіш ел ретінде танылып үлгерді. Жаһандық мәселелерді қарастырған, халықаралық деңгейдегі аса маңызды құжаттар қабылданған талай алқалы жиындардың біздің Астанаымыздың төрінде өткендігіне әлем куә болды.

Астана форумы аясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаңа G-Global жобасын ұсынды. Бұл жоба бүгінгі таңда көп қырлы әлемді біріктіруші идеялардың біріне айналуда. Жобаға жаһандық қауымдастықтың саясаткерлері, экономистері мен сарапшылары дереу үн қосты. Ресей экономистері мен сарапшылары бүгінгідей ауыр дағдарыс жағдайында әлемдік экономиканың кез келген ойыншысы еркін қатыса алатын жаңа G-Global форматына сенім зор екендігін білдірде. Өйткені бұл «бүгінгі таңдағы ең өзекті деген: инновациялық дамудың, ядролық және экологиялық қауіпсіздіктің, этносаралық және дінаралық толеранттылықтың, геосаясаттың және басқа да толғақты мәселелерді әлемдік деңгейге шығып талқылау алаңы». Осы жобаны біздің мемлекеттің әлемді жаңа экономикалық және әлеуметтік даму сатысына көтеру жолында кеңесуге шақыру идеясы және сол арқылы адамзаттың ой-санасын соғысқұмарлықтан алып қашу идеясы деп те пайымдай аламыз.

Қай мемлекеттің болсын басшысының сөзіне әлемдік сарапшылардың құлақ түруі – бұл сол мемлекеттің халықаралық деңгейдегі әлеуетін де мойындайтындықтың белгісі болып саналды.

«Тарихтың бізге бұйыртқан сыйына жеңіл-желпі қарауға болмас. Уақыт дегеніңіз жүрдек, маңдай тіреген мың сан сұраққа әрі дәл, әрі жылдам жауап беру қажет. Сол сұрақтардың ішіндегі ең маңыздысы ұлттық пәтуа бірлік болса керек» деп Елбасымыз айтқандай [5. 55]. Әлем мойындап отырған біз сияқты мемлекеттің келешегі – ұлттық татулық пен өзара түсінісушілікте.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ой-қазына антологиясы. XX ғасыр. «Аударма» баспасы, Астана, 2004. 539 бет.
2. К. Есмағамбетов. Қазақтар шетел әдебиетінде. «Атамұра» баспасы, Алматы, 1994. 223 бет.
3. <http://kk.wikipedia.org/wiki>
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. <http://www.parlam.kz/>
5. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы: «Атамұра» баспа үйі, 2003. – 265 бет.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 20 ЖЫЛ

Умбетова С.

Қызылорда медицина колледжінің оқытушысы, қ. Қызылорда

Адамзат ұрпағының тағдыры қилы болғанымен, жүріп келе жатқан даңғылы жалғыз. Сонау ескі дүниеден бүгінгі дәуірімізге дейінгі аралықта адамзат баласы барлық басынан кешірген аламан-сүргіндердің астарында жалғыз ғана сыр жатыр. Ол дүние дидарындағы барлық ұлттар мен ұлыс атаулының азаттығы жолындағы қастерлі күресі, ерлік істері. Осы қасиетті сапарда бар қиындықты жеңіп, байрағымыз көкке желбіреп, қабырғалы мемлекет болып қалыптастық. [1, 568-б.]

1995 жылы 1 наурызда іргесін көтерген Қазақстан халқы Ассамблеясына биыл 20 жыл. Осы жылдар ішінде Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Ассамблеяның арқасында Қазақстан сан ұлт пен ұлыстардың басын қосып, біріктіріп, тыныштық пен бейбітшілікте өмір сүріп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып отыр. Қазіргі таңда Ассамблея құрамында 394 мүше бар. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің жағдайын жасауда. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше жаңа кітаптар жарық көрді. 15 тілде газет-журналдар, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Сонымен қатар білім беру жүйесінде өзбек, тәжік, украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп бар, елімізде корей, өзбек, неміс, ұйғыр, орыс театрлары жұмыс істейді. Барлық аймақтарда Достық үйлері өз жұмысын тиімді атқарып келеді. Елбасының тапсырмасымен Астана қаласында-Бейбітшілік және келісім сарайы салынды. Бұл сарайда Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, әлемдік дәстүрлі діндер съездері, өзге де маңызды іс- шаралар өтеді. [2, 4-б.]

Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіләлемде Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізілген саясатының табысқа толы екендігін паш етіп келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясына әлемнің алып елдері, ірі державаларынан келген шетелдік сарапшылар, ғалымдар, журналистер мен дипломаттар түрлі кездесулер өткізіп, қазақстандық үлгіні мойындап қана қоймай, ең таңдаулы жоба ретінде зерттеп, зерделеуге және оны өз елдерінде қолдануға ынталы екендігін айтып жатады. Қазақстан халқы Ассамблеясы БҰҰ-ның жұмыс принциптерімен толық сәйкес келеді деп те айтылған. Қазақстандағы қоғамдық келісім үлгісіне қызығушылық танытушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар күн санап артып келеді. [3, 5-б.]

Жалпы алғанда, Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеттері тағдыр тауқыметін көріп, қазақ жеріне қоныс аударған ұлт өкілдеріне қамқор болып, достық қатынаста болып, біртұтас өмір сүруін қамтамасыз ету, олардың құқығын қорғап, біртұтас қоғам құру.

Бирегей мемлекет құрып, 130- дан астам ұлт өкілін біріктіріп, бір ту астында өмір сүріп жатқанымыз Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасы. «Қазақстан-бір ел, бір халық, бір болашақ. Сондықтан Ассамблея жылының басты идеясы-«Менің елім-мәңгілік ел!»- дейді мемлекет басшысы өз құттықтауында. Сондықтан Ассамблеяның басты ұраны -Ел бірлігі. «Бақ қайда барасың? Бірлігі жарасқан елге барамын!», «Бірлік бар жерде, тірлік бар», Береке басы –тірлікте» деген қазақ даналары. Түптеп келгенде Тәуелсіздіктің ақ таңы атқан кезден бері жеткен әрбір жетістіктердің, асқан әрбір асулардың өзегінде-ел тыныштығы мен тұрақтылығы, бейбітшілік пен бірлік жатқаны ақиқат. [4, 6-б.]

Елбасы еліне сенеді, елі Елбасына сенеді. Жас ұрпақ, біздер де ертеңімізді Елбасымызбен, оның нұсқаған басым бағдары арқылы елестете аламыз. Еліміз ауыр да сынағы мол жылдарды артқа тастады. Ендігі кезең- жарқын жылдар болмақ.

Қорытындылай келе, өз ойымды Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен аяқтамақпын: «Алдымызда асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соғар желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, жас ұрпақ!».

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 568 б.
2. Ана тілі газеті //2015 жыл. № 6. 4-бет.
3. Егемен Қазақстан газеті //2015 жыл. №37 5-бет.
4. Егемен Қазақстан газеті //2015 жыл. №38 6-бет.

МӘНГІЛІК КЕЛІСІМ МӘДЕНИЕТІ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

Умирзакова Н.К.

М.Х.Дулатаи атындағы ТарМУ аға оқытушысы, Қаратау қ.

Қазақстанда жаһандану жағдайындағы этникалық қақтығыстар, діндер арасындағы келіспеушіліктер, аймақтық даулар түріндегі қатерлер кезінде бейбітшілік пен келісімді сақтау ерекше маңызды. Халықтың тұтастығын сақтау – мемлекет өзінің даму жолында алдына қойған мақсатына жетуінің басты факторы болып табылады. Қазақстан – мекендеген жері мен тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы мемлекет. Оларды ортақ құрылымның аясына біріктірудің сара жолы – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болды. Қазақстан халқы тәуелсіздік алғалы бері осы қағидатты желбіретіп жоғары көтеріп келеді. Ассамблея дербес қоғамдық институт болып құрылғанына да 20 жыл толды. Ресми түрде 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. Ассамблеяның басты мақсаты: Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жанғыруы мен дамуын қамтамасыз ету; өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болатындығы айқындалды. Ассамблея жылы қатардағы көп мерейтойлардың бірі емес. Себебі, елдегі бейбітшілік пен келісімді, тұрақтылық пен татулықты сақтап, дамытудың бірегей тетігіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің өшпес құндылығы – Тәуелсіздікке тірек болған Ел бірлігінің ең басты тұтқасы.

«Қазақстан-2050» стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті-мемлекеттік этносаясатты жүзеге асырудың негізі. Көпұлтты Қазақстан халқының қоғамдық келісімі Қазақстан өмірінің өзегіне айналуы тиіс. Қазақ халқының кең де дархан пейілін еліміздегі қай ұлттың өкілі болсын ағынан жарыла мақтан ете айтып беретіні айдан анық. Кезінде тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне көшіп келіп, бір үзім нанымен бөлісіп, жылуын сыйлаған кешегі ата-бабаларымыздың өнегесін енді бүгінгі жас буын жалғастыруы тиіс. «Қазақстан-2050» стратегиясында осы жайттармен қатар мемлекеттік тілді меңгеру, ұлтаралық келісім және де дамудың сыры тек бірлікте екені де айтылды.

1995 жылдың 1 наурызында тәуелсіз еліміздің тарихында «Қазақстан халқының Ассамблеясы» атты жаңа институт пайда болды. Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді. Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Егемендігімізді алған кезден бастап бұл ел үшін оңай болмады. Мемлекетімізді аяғынан тік тұрғызу үшін қыруар күш қажет болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа мемлекеттің алдымен экономикасын көтеруді басты мақсат еткені де белгілі. Бірақ бұл мақсатқа бірліксіз, рухани келісімсіз, ынтымақсыз қол жеткізу мүмкін еместігін басынан айқындап алды.

Экономикалық дамумен қатар еліміздегі татулықтың тамырын тереңдету керектігін тәуелсіздік алғаннан бері халыққа түсіндірумен келеді Мемлекет басшысы. Бастаманың мән-маңызын ұғынған еліміздің барлық облысы идеяны іліп әкетті.

XXI ғасырдың ең басты заңы – татулық. Татулық пен тыныштық арқылы экономика өседі, халықтың әл-ауқаты күшейеді, бейбітшілік орнайды. Келісім, экономика мен саясат қауіпсіздігі – өмір заңы. Біз келісім мәдениетін дәстүр ретінде ұрпаққа мұра етуге тиіспіз. Келісім мәдениеті мәңгілік болу керек. Ал шараға қатысушылар ассамблеяның санаулы жылдар ішіндегі жетістіктерін жіпке тізіп, барша ұлт пен ұлысқа өз лебіздерін білдірді. Өзінің ана тілін, сонымен қоса, мемлекеттік тілді меңгерген жалынды жастар келешекте жақындық пен теңдіктің тетігіне айналмақ. Әр облыстардың жергілікті ерекшеліктері ескеріле келе, Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекіді. Ұлтаралық келісімді нығайтуды көздейтін кез келген шара қоғамда жылы қабылданады. Қазіргі таңда әлемнің қаншама елінде тұрақсыздық белең алуда. Бейбіт тұрғындар жапа шегіп жатыр. Осындай оқиғаларды сөз еткенде, ылғи Қазақстанның ұстанымының түп-төркінін терең ұғынады. Қысқасы, бейбітшілік пен келісімнен асқан дүниенің жоқтығын түсінеді. Бұл асыл қазына болмаса, ешбір істің алға баспайтынына көптің көзі жетуде. Ассамблея осылайша елдің басын біріктіруші күш екенін көрсетті. Бірлік бар жерде тірлік болатынын дәлелдеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы құрылтайында Елбасы жаңа институттың қоғамдағы рөлі мен жұмысының басты контурларын сол кезде-ақ: «Осыдан бастап қоғамдық мәселелердің барлық қырлары бойынша, әсіресе, ұлттық саясатта мемлекеттік актілер Ассамблеяның пікірлерін ескеріп және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық этностардың мүдделеріне қайшы келмеуі қадағаланып, сараптан өткізілуі керек», деп қолмен қойғандай нақтылап берді. Бұл кейіннен идеологиялық тренд ретінде орнығып, әлемге «бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің Назарбаев моделі» деген атпен белгілі болған Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы қадамы еді. Ассамблеяның тарихы – соңғы жиырма жылдағы Қазақстан тарихы. Тиісінше, дербес институт ретінде Ассамблеяның жүрген жолы, оның жеткен жетістіктері мен шыққан биіктері еліміздің даму даңғылындағы айтулы оқиғалармен тығыз астасып жатыр. Өткен 20 жылда Қазақстан қоғамының ішкі ықпалдасуының, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайтудың біртұтас мемлекеттік және қоғамдық жүйесі толығымен қалыптасты. Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттің этностық саясатын қоғамдық келісім саясаты деңгейіне көтерген бүкілхалықтық институтқа айналды. Этносаралық қатынастарды реттеудің толық заңнамалық базасы құрылды. Ассамблеяға конституциялық орган мәртебесі берілді. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, Ассамблеяның құрылымы мен қызметінің, еліміздің қоғамдық-саяси жүйесінде алатын орны мен рөлінің нормативтік-құқықтық реттелуі заңнамалық негізде қамтамасыз етілді. Ассамблеяның негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары өмірге келді. Ел ішінде мұқият талқыланып, Елбасы мақұлдаған «Ел бірлігі доктринасы» бейбітшілік пен қоғамдық келісімді нығайтудың «бір ел – бір тағдыр», «тегі басқа – теңдігі бір», «ұлт рухының дамуы» сияқты басты қағидаларын айқындап берді.

Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды. Елбасының тапсырмасы бойынша аймақтық әкімдіктердің жанынан ақылдастық-кеңестік орган ретінде құрылған Қоғамдық келісім кеңестері Ассамблеяның Елбасы айқындап берген жалпыхалықтық институт мәртебесін айшықтай түседі. Себебі, ауыл, аудандардағы әртүрлі ұйымдардың басын бір арнаға тоғыстыратын, қоғамда туындайтын негізгі сауалдардың барлығымен айналысатын осы кеңестер. Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі табысты жұмыс істеуде. Ассамблеяның жанынан құрылған Отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі Аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары – татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді тетігі ретінде өз жұмысын бастады. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мен мемлекеттік Ел бірлігі саясатын насихаттау тұрғысынан

жүйелі ақпараттық жұмыс жолға қойылды. Ассамблея қабырғасында еліміздегі маңызды оқиғалар мен іс-шараларға байланысты 40-тан астам медиажоспар жасалып, жүзеге асырылды

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін шет мемлекеттерге насихаттау жөніндегі жұмыстар халықаралық ынтымақтастық саласында жалғасын табуда. Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында, Біріккен Ұлттар Ұйымында жасалған бейбітшіліктің Қазақстандық моделінің арнайы беташарлары халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы аң алуан этностарды азаматтық тұрғыда топтастырудың қуатты құралдарының біріне айналды. Жалпы алғанда, өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап Ассамблея еліміздегі этностардың мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуына елеулі үлес қосып келеді. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениетінің фестивальдері, татарлар мен башқұрттардың сабантойы жалпы халықтық сипатқа ие болды. Дүнгендер, курдтар сияқты, т.б. халықтардың мейрамдары мен түрлі форумдары республикалық деңгейде дәстүрлі түрде өткізіліп отырады.

Ассамблеяның белсенді қызметінің нәтижесінде Қазақстандағы этностардың мәдени өмірі жандана бастады. Өйткені Ассамблея этникалық топтар арасындағы ұйымдастыру жұмыстарының орталығына айналды. Ассамблея органдарына мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты этномәдени орталықтардың мәселелері жедел шешімін тауып, кейбір өзекті мәселелер бойынша үкімет деңгейіндегі шешімдер қабылданады. Ассамблея Кеңесінің шешімімен этномәдени орталықтарға қаржылай және ұйымдастыру жұмыстары бойынша көмек көрсету мақсатында республикалық қор құрылған. Бұл қордың бөлімшелері әрбір облыстарда ашылды.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір этностың мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік. Ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде қалыптасып болды деп есептеуге толық негіз бар. Ассамблея Қазақстан азаматтарын отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту ісіне өлшеусіз үлесін қосып келеді.

Ассамблеяның ең жоғарғы органы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы болып табылады. Ал Ассамблея Кеңесі заң жобаларын сараптамадан өткізу, мемлекеттік тіл мен еліміздегі барлық халықтардың тілін және мәдениетін дамыту, жастардың бойында қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру, БАҚ-пен тығыз байланыс орнату, халықаралық байланыстар жүргізу, әрбір этностың мәдени дамуына ықпал ету сияқты, өзге де жұмыстарды жүзеге асырады

Ассамблеяның алдына қойған басты ұраны - Ел бірлігі, Ел ынтымақтығы және Мәңгілік Ел болуы! Ал бірлік болмайтын жерде береке де, тірлік те болмайтыны бесенеден белгілі, бұл жайында бабалардан қалған даналық ой, асыл сөздер де жеткілікті. «Бақ қайда барасың? Бірлігі жарасқан елге барамын!» деген бабаларымыздан қалған дана сөз бар емес пе. Түптеп келгенде, Тәуелсіздік жылдарынан беріге қарай жеткен әрбір жетістіктің, асқан әрбір асудың өзегінде - елдегі тыныштық пен тұрақтылық, бейбітшілік пен бірлік жатқаны да шындық. Егемендігіміздің ең алғашқы қиын қыстау жылдары Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің мәңгілік екендігін танытып қана қойған жоқ, қазіргі таңда одан әрі өрлеу үстінде. Ендеше еліміздің тұрақтылығы мен татулығына, бейбітшілігі мен бірлігіне қызмет ететін Ассамблея сияқты айрықша институтқа бір жылымызды арнау қуанарлық іс. Тіпті бұл жыл дәл осы тұрғыдан алғанда тарихи жылға айналуы да әбден анық. Себебі мәңгіліктің табыстылықтың, ынтымақтастықтың, татулықтың, тұтастықтың кілті – бірлікте екенін әр қазақстандық өз жүрегімен сезеді. Сондықтан да, Ассамблея жылының - *бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі* жылы екендігіне еш күмән келтірмейміз.

Қазақстан халқының Ассамблеясы – Қазақстанның ерекше дамыған саяси жаңалығының шешуі болып табылады. Қазақстан елі көпұлтты елдің татулығының, басқа елдерге қарағанда тұрақты дамуының үлгісі. Сенім, дәстүр, толеранттық – дамыған

көпұлтты еліміздің негізгі қағидалары болып есептелінеді. Осы құндылықтар тұрақтылығымыздың, модернизацияланудың және дамуымыздың негізін қалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк / Тугжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. – Алматы: Раритет, 2010. – 304 б.

2. Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

3. Құдайбергенова Ж.А. Влияние миграционных процессов на изменения историко-демографической ситуации в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX вв). – Алматы, 2010

4. Аймбетов С. 1926-1939 жылдар арлығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер. Алматы, 1998.

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА - УНИКАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ

Шалдарбекова К.Б.

ТарГУ им. М.Х. Дулати, г. Каратау

В международном сообществе Казахстан признан как страна, ведущая последовательную внутреннюю политику, направленную на обеспечение толерантности, межконфессионального и межкультурного согласия представителей всех национальностей, проживающих в Казахстане и представляющих единый народ Казахстана — народ, который активно строит современное и конкурентоспособное светское государство. Казахстан заинтересован в расширении и углублении так называемого диалога цивилизаций, всегда поддерживал и сам выражал готовность выступить с международными инициативами, направленными на сближение понимания между Востоком и Западом по ключевым проблемам современного мироустройства. В первые годы независимости республики в стране происходили весьма сложные процессы, связанные с духовной жизнью общества, его социальным самочувствием, возрождением национального самосознания. И именно тогда, в начале 90-х годов прошлого века, переосмыслив многое заново в нашей истории, во имя сохранения главного нашего достояния — дружбы народов — на 1-м форуме народов Казахстана в 1992 г. Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым была высказана идея о необходимости перевода этого форума на постоянную основу. А 1 марта 1995 г. на общественно-политической арене республики появился новый институт в области национальной политики — Ассамблея народов Казахстана.

Казахстан стал первой страной среди стран-участниц СНГ, в которой был создан уникальный институт — Ассамблея народа Казахстана. Этот институт во многом способствовал становлению и утверждению казахстанской модели полиэтнического общества, деятельность которого направлена на укрепление межэтнического и межконфессионального согласия. Ассамблея народа Казахстана с момента своего образования играла большую роль в укреплении мира и согласия между народами, проживающими в Казахстане. Но в последние годы ее роль в обществе стала особенно заметной. В мае 2007 г. Парламент РК принял ряд конституционных поправок, существенно меняющих роль всей представительной ветви власти. Одно из важнейших нововведений конституционной реформы – увеличение числа депутатов в Мажилис Парламента до 107 человек, 9 из которых избираются Ассамблеей народа Казахстана. Этот шаг, несомненно, поднял роль Ассамблеи на более высокий уровень. Кроме того, введение специальных мест для Ассамблеи путем увеличения количества депутатов дало возможность представительства в Парламенте наиболее крупных этносов, проживающих на территории Казахстана.

20 октября 2008 г. был принят Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана». Закон определяет статус, порядок формирования и организацию работы Ассамблеи народа Казахстана, направленных на реализацию государственной национальной политики, обеспечение общественно-политической стабильности в Республике Казахстан и повышение эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений.

Ассамблея народа Казахстана — учреждение без образования юридического лица, созданное Президентом Республики Казахстан, способствующее разработке и реализации государственной национальной политики. Согласно этому закону целью Ассамблеи является обеспечение межэтнического согласия в Республике Казахстан в процессе формирования казахстанской гражданской идентичности и конкурентоспособной нации на основе казахстанского патриотизма, гражданской и духовно-культурной общности народа Казахстана при консолидирующей роли казахского народа.

Основными задачами Ассамблеи являются:

- обеспечение эффективного взаимодействия государственных органов и институтов гражданского общества в сфере межэтнических отношений, создание благоприятных условий для дальнейшего укрепления межэтнического согласия и толерантности в обществе;
- укрепление единства народа, поддержка и развитие общественного консенсуса по основополагающим ценностям казахстанского общества;
- оказание содействия государственным органам в противодействии проявлениям экстремизма и радикализма в обществе и стремлениям, направленным на ущемление прав и свобод человека и гражданина;
- формирование политико-правовой культуры граждан, опирающейся на демократические нормы;
- обеспечение интеграции усилий этнокультурных и иных общественных объединений для достижения цели и задач Ассамблеи;
- возрождение, сохранение и развитие национальных культур, языков и традиций народа Казахстана.

Принципами деятельности Ассамблеи являются:

- а) приоритет прав и свобод человека и гражданина;
- б) приоритет интересов народа и государства;
- в) равенство прав и свобод человека и гражданина независимо от его расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений или по любым иным обстоятельствам;
- г) равноправие и персональная ответственность членов Ассамблеи за деятельность в ее составе;
- д) гласность.

Основными направлениями деятельности Ассамблеи являются: содействие в разработке и реализации государственной национальной политики; содействие формированию казахстанского патриотизма; развитие государственного языка и других языков народа Казахстана; совершенствование региональной политики в межэтнической сфере; участие в разработке и реализации планов и мероприятий в области демографии и миграции; пропаганда казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия в стране и за рубежом; осуществление просветительской и издательской деятельности, направленной на достижение межэтнического согласия; осуществление мониторинга состояния межэтнических отношений, в том числе в области применения государственного языка и других языков народа Казахстана; участие в общественно-политической экспертизе законопроектов по вопросам государственной национальной политики; поддержка казахской диаспоры в зарубежных странах в вопросах сохранения и развития родного языка, культуры и национальных традиций, укрепления ее связей с исторической Родиной; выработка рекомендаций и реализация практических мер по урегулированию разногласий и споров, недопущению конфликтных ситуаций в сфере

межэтнических отношений и участие в их разрешении; методическая, организационная и правовая помощь этнокультурным общественным объединениям; проведение семинаров, конференций, осуществление иных мероприятий, обеспечивающих диалог государственных органов и общественных объединений по вопросам межэтнических отношений; взаимодействие с институтами гражданского общества и международными организациями по вопросам обеспечения межэтнического и межконфессионального согласия; оказание содействия в развитии связей других этносов Казахстана с их исторической родиной; иная деятельность, содействующая межэтническому согласию и не противоречащая законодательству Республики Казахстан.

Структуру Ассамблеи составляют Сессия Ассамблеи, Совет Ассамблеи, Аппарат (Секретариат) Ассамблеи, ассамблеи областей (города республиканского значения, столицы). Сессия Ассамблеи — собрание членов Ассамблеи — является высшим руководящим органом Ассамблеи. Сессия созывается Президентом Республики Казахстан по мере необходимости, но не реже одного раза в год.

В период между сессиями руководство Ассамблеей осуществляет Совет Ассамблеи, образуемый решением Президента Республики Казахстан. Состав Совета утверждается Президентом Республики Казахстан. Совет является коллегиальным органом, формируемым из числа входящих в состав Ассамблеи представителей этнокультурных объединений, руководителей ассамблей областей (города республиканского значения, столицы), государственных органов. По решению Президента Республики Казахстан в состав Совета могут быть введены и другие члены Ассамблеи.

Состав Ассамблеи и ассамблей областей (города республиканского значения, столицы) формируется из числа граждан Республики Казахстан — представителей этнокультурных и иных общественных объединений, представителей государственных органов и иных лиц с учетом их авторитета в обществе. Члены Ассамблеи осуществляют деятельность в рамках полномочий, определенных настоящим Законом.

Мероприятия, направленные на обеспечение межэтнического согласия в Казахстане, организуемые Ассамблеей, ассамблеями областей (города республиканского значения, столицы), этнокультурными общественными объединениями, входящими в состав Ассамблеи, финансируются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. Казахстан сегодня — общий дом для представителей 130 этносов. Казахи, украинцы, уйгуры, русские, поляки, татары — у каждого одинаковые права и обязанности. В республике нет ни одного закона, который бы ущемлял права граждан, — отметил Нурсултан Назарбаев.

Таким образом, Ассамблея народа Казахстана — это результат уникального политического новаторства Казахстана. Сегодня опыт ее работы становится привлекательным и полезным для многих стран мира. Сегодня Конституция и Ассамблея народа Казахстана не просто ровесники. Это две великие ценности, ставшие фундаментом стабильности, модернизации и процветания. Доверие, традиции, транспарентность, толерантность, — это именно те принципы, которые легли в основу нашего многонационального процветающего государства. В основу политики государства в межэтнической сфере положен принцип «Единство в многообразии».

Список использованной литературы:

1. Базарбаев А. Сила страны — в единстве // Индустриальная Караганда. — 2008. — № 132. — 23 окт.
2. Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана» от 20 октября 2008 года № 70-IV.
3. Тугжанов Е. Модель народной дипломатии // Индустриальная Караганда. — 2009. — № 48-49. — 1 мая.
4. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская правда. — 2010. — № 278. — 21 окт.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ИДЕЯЛЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шаяхметов Н.У.

ҚР Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ, Астана қ.

Кенес дәуірінен кейінгі кеңістікте Қазақстан қоғамға этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету үлгісін ұсынған бірден бір мемлекет болды. Онда көпэтносты және көпконфессионалды қоғамның оңтайлы формуласы – барлық этностардың мүдделері тоғыстырылған үлгі ұсынылды. Бұл елде саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырудың табиғи негізіне айналып, мемлекеттің демократиялық жолмен дамуына мүмкіндік тудырды.

Қазақстанның ерекшелігі – халықтың даналығы мен Елбасының салиқалы саясаты ішкі саяси тұрақтылыққа, этносаралық келісімге қол жеткізуге алғышарт жасады. Бұл синтез этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің қалыптасуына себепші болған фактор болып табылады. Ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деген конституциялық ұғымның төңірегіне топтасқан ұлттық бірегейлікті қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығына негіз болды. Осынау басты құндылық Қазақстан қоғамын ұйыстырушы қуатқа ие болды.

Қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін конституциялық қағидаттар қалайды. Оған азаматтық келісім, этносаралық және дінаралық толеранттылық құндылықтар жүйесі кіреді. Бұндай негіздегі Қазақстанның ішкі саяси тұрақтылығы уақыт талаптарымен сыналған еді.

Қазіргі таңда қоғамдық келісім мемлекеттердің тұрақтылығының, табысты дамуы мен қауіпсіздігінің шешуші факторы ретінде халықаралық маңызға ие.

Қазақстан халқының ұлттық бірлігі – бұл тек өткен мен қазіргі уақыттың жетістігі ғана емес, сонымен қатар, болашақтың маңызды міндеті. Қазақстан халқы Ассамблеясының конституциялық мәртебесі мен атауының «біртұтас халық» деген ұғымға орайластырылуы Ассамблеяның дамуындағы маңызды кезеңге жол ашты.

Бүгінгі заман талабының стратегиялық міндеттері өзгерген жоқ. Ол халықтың бірлігі мен ұйысуы, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, этносаралық қатынастарды үйлестіру және сақтау. Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы нәтижесінде әлемнің жедел өзгеруі жағдайында ұлттың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан тәуелсіздігінің берік іргетасы еліміздің аумағында тұратын барлық этностардың мәдениеті мен рухани құндылықтарынан қуат алады. Ал оларды ұйыстыратын ұлт – қазақ халқы. Этномәдени бірлестіктердің жетістіктері, диалог пен инновацияға бейілдігі, өзара ықпалы мен рухани толысуы күллі қазақстандықтардың жалпыұлттық игілігіне айналып отыр.

Әлемдік қауымдастық теңдессіз деп бағалап отырған этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгінің мәні қоғамдағы этностық, конфессиялық және мәдени әралуандықтың бірлігін, өзегін таба білуінде еді. Бұл үлгі адам болмысының қайшылықты факторларын ортақ дінгеке төңірегіне біріктіре, топтастыра алды.

Әлемдік тәжірибеде этносаралық қатынас үлгілерінің ассимиляция, мәдени плюрализм сияқты т.б. түрлері қалыптасқан. Әрбір мемлекет өзінің қайталанбас ерекшеліктерін назарға ала отырып, белгілі деңгейде нақты бір үлгінің жалпыға ортақ белгілерін қабылдауы, қайталауы заңды. Дегенмен, бұл жерде екі жол айқын болмақ, біріншісі – нақты қалыптасқан әрі іс жүзінде тәжірибеден өткен үлгіні ішінара өзгерістермен қолдану болса, екіншісі – этносаралық келісімнің өзіндік қайталанбас моделін қалыптастыру.

Дербес даму жолына түскен уақыттан бастап Қазақстанның алдына этносаралық қатынас моделін айқындаудың өзекті де өткір мәселесі қойылды. Алайда, Қазақстан қоғамының өзіндік тарихи даму ерекшеліктері, қалыптасқан дәстүрлері мен ұлтаралық қатынас мазмұны оған ешбір дайын үлгілердің: солтүстік американдық, оңтүстік американдық, еуропалық, ресейлік, қытайлық және с.с. үлгілердің сәйкес келмейтіндігін көрсетіп берді. Сол себепті, ұлтаралық қатынастың өзіндік қайталанбас үлгісін, яғни қазақстандық үлгісін жасау қажеттілігі туындады.

Қазақстандық этносаралық қатынастар үлгісі қоғамдағы мынандай ерекшеліктерді назарға алуы қажет еді:

- Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде өмір сүріп, дамып келеді;
- мемлекетқұрушы және мемлекет атауына ие ұлт – қазақтар;
- мемлекет унитарлы, қоғамды біріктіруші ұлт – қазақтар;
- мемлекет полиэтностық сипатымен ерекшеленеді;
- Қазақ жеріне көптеген этностар саяси қысым арқылы мәжбүрлеу, депортациялау саясатының нәтижесінде қоныс аударған;
 - қоғамдағы көпшілікті құрайтын қазақ ұлты мен орыс этностық тобы;
 - мемлекеттік тіл – қазақ тілі;
 - қоғамның басым бөлігі орыс тілінде сөйледі. Іс жүзінде орыс тілі этносаралық қатынас тілі қызметін атқарады;
- Қазақстандағы барлық этностар өзінің ұлттық тілін, тарихы мен мәдениетін дамытуға мүдделі;
 - Қазақстан халқы көп конфессиялы қоғамда өмір сүреді;
 - қоғамда ұлтаралық және конфессияаралық толеранттылықтың дәстүрі қалыптасқан, оның тамыры терең. Мұндай қасиет, ең алдымен, қазақ халқының менталитетіне тән және толеранттылық дәстүрді Қазақстанның барлық этностары ортақ құндылық ретінде қабылдайды;
 - қоғам дамуының басты құндылықтары: азаматтық қоғам, демократия, нарықтық қатынастар;
 - Қазақстан – бейбітсүйгіш ел. Ол ядролық қарудан ерікті түрде бас тартып, әлемдік қауымдастыққа Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесін, еуразиялық интеграция идеясын ұсынды. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымын (ҰҚШҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ) ұйымдастыру мен қалыптастыруда белсенді рөл атқарды, ЕҚЫҰ төрағалық етті.

Этносаралық қатынастың қазақстандық үлгісінің күрделілігі мен қайталанбастығы осынау ерекшеліктерді үйлесімді етуде, ортақ мүддеге тоғыстыруда болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Президент ұстанған ұлттық саясат мүмкін болар қателіктердің алдын алуға негіз болды. Сонымен бірге, ішкі және сыртқы саясаттың басты бағыттарын нақты айқындауға мүмкіндік берді. Оның ішінде, әсіресе қоғамдағы тұрақтылық, азаматтық келісім мен этносаралық татулық мәселелері ерекше назарға алынды.

Еліміздің ұлттық саясаты мен қоғамдық тұрақтылықты нығайту бағытындағы ізденістер заңдылықтың қатаң сақталуы ұстанымдарына негізделіп, бұл бағыт Елбасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жарық көрген «Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен даму стратегиясы» (1992 ж.), «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» (1993 ж.) атты еңбектерінде нақты айқындалды. Онда қоғамның тұрақтылығы мен этносаралық татулықты қамтамасыз етуге басымдық беру Қазақстанның ұлттық-мәдени әртүрлілігін сақтаудың, этностық өзіндік ерекшелікті дамытудың және реформалардың табысты жүзеге асырылуының бірден-бір саяси алғышарты болады деп атап көрсетілді.

Қазақстандағы этностық ерекшеліктерді дамыту және ұлттық- мәдени әралуандылықты сақтау, тұрақтылық пен этносаралық келісімді қамтамасыз ету реформаларды тиімді жүргізудің басты алғышарты болатын. Кеңес дәуірінен кейін Қазақстанның мемлекет ретінде

құрылуының айқын бағыты бейбітшілік пен келісімді сақтау. Сол себепті, көпұлтты қоғамда этносаралық диалог тәрбиесі мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілді.

Мұнда конституциялық үдеріс, яғни, жаңа Конституцияны қабылдау шешуші рөл атқарды. Жоғарыда атап өткендей, Негізгі Заңның тарихи маңызы қоғамда өмірлік маңызы бар мәселелер бойынша: мемлекеттілік сипаты, жер меншігі, сонымен бірге тілге, Қазақстан халқының бірлігі сияқты тұжырымдамалық мәселелер бойынша қоғам ортақ ұстанымдарға бірікті.

Конституцияға сәйкес Қазақстан халқы түрлі этностық тиістілігі бар біртұтас азаматтық қауымдастық ретінде қарастырылады. Мемлекет барлығына және әрқайсысына этномәдени мүдделерін еркін жүзеге асыруға, сонымен қатар, мемлекет тағдырына ортақтастыққа мүмкіндік жасайды.

Қоғамдық келісім – тек теориялық пікірталас мәселелері ғана емес, ол мемлекеттің күнделікті жүзеге асыратын саясатының тәжірибелік мәселесі болып табылады. Ол, сондай-ақ, ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Қазақстан ұлттық саясаттың сындарлы да сара жолын жүзеге асырып келеді. Қазақстан Республикасы ұстанып отырған ұлттық саясаттың тиімділігін елімізге Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тән болған эмиграциялық толқынның күрт азаюы мен эмигранттардың Қазақстанға қайта келу үдерісі айқын дәлелдеп тұрса керек. Ал 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басындағы эмиграция саяси себептерден орын алған жоқ еді.

Жаңа қазақстандық азаматтылықты қалыптастыру еліміздің мемлекеттілік негізіне қатысты өзекті саяси мәселеге айналды. Саяси және азаматтық бірегейлікке ұмтылыс Қазақстанды көп ұлтты азаматтардың біртұтас қоғамына айналдырып отыр. Ал, қазақтар мемлекетқұрушы әрі топтастырушы этнос болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақ халқының тарихи атамекенінде өзінің мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы. Бұл, сөз жоқ, аса маңызды тарихи оқиға. Қазақ халқының өзінің ұлттық мәдениеті мен тарихын, ұлттық қадір-қасиетін жаңғыртуға деген табиғи ұмтылысына басқа этнос өкілдерінің құрметпен қарауы еліміздегі бейбітшілік пен татулық факторы және еліміздің тұрақты дамуының стратегиялық негізі болып табылады. Өйткені, Қазақстан тарихының басым бөлігі оның аумағында тұрған халықтардың мәдени-этностық байланыстарының тарихынан тұрады.

Қоғамдық келісім – Қазақстандағы тұрақтылық пен дамудың негізі дегенге сайып келетін ұстаным – ішкі саясаттың темірқазығы болып табылады. Ал өз кезегінде этносаралық және дінаралық татулық толеранттылыққа негізделген. Басқаша айтқанда, «толеранттылық» термині келісім мен татулық ұғымы мен құбылысына тән болып келеді. Сондықтан да Қазақстан қоғамын «толерантты қоғам» ретінде сипаттауға толық негіз бар. Кез келген қоғамның ішінде, сондай-ақ, әлемдік қауымдастықта да белгілі бір халыққа тиісті қалыптасқан қадір-қасиетін ерекшелеп көрсететін дәстүр бар екені белгілі. Мысалы, «немістік дәлдік» немесе «американдық іскерлік» сияқты ұғымдардың қалыптасқандығы баршаға белгілі. Ал Қазақстан қоғамы қандай ерекше белгілерімен сипатталады? Қазақстан қоғамының басты сипатына – толеранттылық қасиет жатады. Бұл ерекше қасиет ашық қоғамға алғышарт бола алады. Міне, бұл қазақстандықтардың ерекше қадір-қасиеті немесе саяси, экономикалық және мәдени дамудағы қазақстандық феноменнің мәні болып табылады.

Толеранттылық ұғымы мен этносаралық толеранттылық құбылысын кең мағынада әрі кешенді түрде қарастырған абзал.

Біріншіден, ол ұлттық қадір-қасиеттің белгісі әрі менталитеттің элементі ретінде басқа этностардың тұрмыс- тіршілік ерекшеліктеріне, мінез-құлқына, дәстүрлері мен әдет-ғұрпына, көзқарастарына, діни наным-сенімдеріне деген төзімділік, шыдамдылық, құрметпен қарауды білдіреді.

Екіншіден, қоғамда өзіңнен мүлде басқа да этностық қауым бар және олар да өзін қатарлы деп танудың өмірлік ұстанымы болып табылады.

Үшіншіден, ол этносаралық қатынас мәдениетінің, ұлтаралық келісім деңгейінің, адамдардың әлеуметтік ортаға, қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа бейімділігінің көрсеткіші, яғни индикаторы.

Төртіншіден, ол этностардың бірлігі мен келісімін сипаттайтын мемлекеттік ұлттық саясаттың ұстанымы.

Бесіншіден, ол этносаралық келіспеушіліктер мен қайшылықтарды реттеу құралы, этносаралық келісімді нығайтудың маңызды элементі. Ал толеранттылыққа қарама-қайшы ұғымдар – ксенофобия, ұлттық кемсітушілік пен өшпенділік болып табылады.

Алтыншыдан, толеранттылық мемлекеттілік этносаясаттың демократиялық бағытының көрсеткіші, яғни оның мақсаты теңдік пен өзара сыйластыққа, ынтымақтастыққа, келісім мен бірлікке сайып келеді.

Қазақстан халқы ұлттық толеранттылық қасиеттеріне беріктігі арқылы еліміздегі этносаралық қатынастардың тұрақтылығына алғышарт жасайды.

Тәуелсіз даму жолына түскеннен бастап республикада дәйекті түрде барлық этностық топтарды біртұтас Қазақстан халқына біріктіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Барлық этностар мәдени, тілдік және тұрмыстық ерекшеліктеріне қарамастан Қазақстан деген ортақ шаңыраққа бірігуде. Тарихи синтез елдегі ортақ құндылықтар мен қазақ мемлекеттілігін нығайтудың тарихи қажеттілігін түсінуге алып келген қазіргі этнодемографиялық ахуалдың қалыптасуына негіз болды.

Қазақстан этностарының ортақ тарихи тағдыры – бұл өмірлік мәні мен әрбірінің тікелей қатысы бар, ортақ тарихи құбылыстар мен үдерістер кешені. Бұл тағдыр ортақтығының беріктігі тарихтың күрделі кезеңдерінде әлденеше рет сыналған болатын. Сол себепті де, Қазақстанның көпэтностық ерекшелігі елдің өркениетті дамуын айқындайтын маңызды ресурс болып табылады.

Қазақстанның азаматтық келісім мен бейбітшілікті, этносаралық татулықты нығайту бағытындағы мақсатты саясаты елдегі әлеуметтік тұрақтылықтың айқындаушы факторы болып табылады. Сан алуан мүдделер тоғысқан азаматтық қоғамды қалыптастыру жағдайында базалық құндылықтар мен қағидаттар бойынша ортақ мәмілеге келудің маңызы зор.

Этносаралық толеранттылықтың және қоғамдық келісімнің үлгісін түзу диалектикасының өзі, әмбебап институт – Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыптасуы мен дамуы халықты бірегей саяси субъект ретінде объективті түрде айқындайды.

Негізгі заңымыздың кіріспесіндегі «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы» деген тұжырым егемендікті, мемлекеттілікті және ұлттық бірлікті бекітеді. Сондықтан осынау формула мемлекет қызметінің қағидаларын, олардың ішінде қоғамдық келісімді білдіреді. Қазақстан халқы – бұл елдің рухани әлеуеті мен оның жаңа мақсаттар мен идеяларға ұдайы ұмтылысының мәні.

Көпэтносты мемлекет болып табылатын Қазақстан өзінің этносаралық қатынастар үлгісін іс жүзінде орын алып отырған қоғамдық келісім формуласы ретінде алға тартады.

Біріншіден, елімізде этностық және діни қатыстылығына қарамастан азаматтардың тең құқықтықты жүзеге асырудың пәрменді тетіктері құрылған және олар жетілдіріліп отырады.

Ассамблеяның Төрағасы Конституцияның кепілі – Президент. Бұл Ассамблеяның жоғары мәртебесін айқындап тұр.

Екіншіден, қазақстандық үлгі азаматтық бастамашылық, елдің барлық қоғамдық-саяси жүйесі тартылған азаматтық қоғам мен мемлекеттің сындарлы диалогы негізінде қалыптасқан. Бұл рөлді қоғам мен мемлекетті біріктіруші диалог алаңына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы атқарады.

Үшіншіден, Қазақстанның ерекшелігі – этностық топтардың бірегей, азаматтық-құқықтық және қоғамдық тұрғыдан келгенде мәртебесі аса жоғары болып табылады. Олардың өкілдері ұлттық азшылықтар емес, Қазақстанның бірегей халқының барлық құқықтарға ие азаматтары болып табылады.

Ел Конституциясының он бір нормасы этносаралық қатынастар саласындағы стандарттарды айқындайды, ал «ұлттық азшылықтар» деген ұғым іс жүзінде қолданылмайды. Қазақстан халқының құрылымындағы этностар санына қарамастан мемлекеттің қорғауында және тең құқықтармен қамтамасыз етілген.

Төртіншіден, қоғамдық келісім аса маңызды саяси-идеологиялық құндылық болып табылады. Негізгі заңның осынау қағидасы Қазақстан Республикасы Конституциясының сарқылмас әлеуетін объективті түрде ашып көрсетеді, өйткені ол қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге және шешімдер қабылдауға толыққанды атсалысуы үшін тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудегі мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының рөлін айқындайды.

Бесіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің 9 депутаты барлық этностардың кепілді парламенттік өкілдігін қамтамасыз етеді.

Алтыншыдан, мәдени саналуандықты сақтауға және көбейтуге мемлекеттің этностық тілдер мен мәдениетін қолдау жөніндегі тұрақты саясаты ықпал етеді. Кез келген этносқа сыйластық пен сенім көрсетіледі, оның өз шығармашылық әлеуетін дамыту үшін заңды түрде бекітілген мүмкіндіктері бар.

Жетіншіден, Қазақстандағы этносаралық қатынастар саясаттан тыс. Бұл заңмен бекітілген. ҚР Конституциясының 39-бабының 2-тармағында ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады делінген.

Сегізіншіден, этносаралық қатынастар үлгісінде Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды орын алады.

XXI ғасырда толеранттылық экономикалық өсімнің маңызды факторы болып, әлемдік экономиканы дағдарыстан шығарудың тұтқасы болмақ. Бұл үлгі Қазақстанда уақыт сынынан өткен, тиімділігі тарихпен дәлелденген. Қазақстан сияқты көпұлтты қоғамда ұлттық бірлікті қалыптастыру мен нығайту мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудың базалық негізі болып табылады.

Ол бүгін қоғамдық-саяси, әлеуметтік, азаматтық, ғылыми негізделген идеологиялық маңызды қызметін жүзеге асырып, елдегі қоғамдық келісім үлгісінің сабақтастығына себепші болады.

Бұл көпэтностық және көпмәдениетті қоғамды біртұтастыққа интеграциялауды; этностық шығу тегіне қарамастан барлық азаматтардың тең құқылығын; мемлекеттік саясаттың тұтастығын; этносаясат, саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени салалардағы реформалардың өзара байланысын; этносаралық қатынас мәдениеті мен этикасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2014 жылы 17 қаңтарда «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы табысты әрі гүлденген Қазақстанды құру үшін жаңа ұйыстырушы идеология мен ұлттық идея ретінде «Мәңгілік Ел» идеясын жариялады.

Қасиетті Ұлытау баурайындағы Елбасының «Мәңгілік Ел» туралы асыл пікірлері тек халқымыздың сан ғасырлар бойғы арманы ғана емес, сонымен қатар, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан дамуының нақты нәтижелері екенін тұжырымдады. Мемлекеттік саясаттың динамикалық форматы жаңа идеологиялық мазмұнмен толығып отырғандығын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда қоғамдық институттардың дамуында жаңа бағыттар қалыптасып, тұжырымдамалық негізі бар әлеуметтік салаға бағдарлы басымдықтарға жол ашылып отыр. Осылайша, ең алдымен, қоғамдық келісімді, ұлттық бірлікті нығайтуға және адам капиталының сапалық тұрғыда өсуіне бағытталған мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асырудың стандарттары негізделді.

Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын атап өту барысында «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деген конституциялық концептің жүзеге асырылуы мен мемлекет қызметінің басты қағидатына айналу үдерісін, қазақстандық этносаясаттың демократиялық трендтерін одан әрі зерттеп-зерделеудің өзектілігі арта түседі

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы//<http://www.akorda.kz>
2. Қазақстанның ел бірлігі доктринасы // <http://inform.kz/kaz/article/2263392>
3. Назарбаев Н. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің ұлы тарихы // Егемен Қазақстан, 2014 жыл, 16 желтоқсан].
4. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң// <http://www.assambly.kz>
5. Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасы (2020 жылға дейін) // <http://www.assambly.kz>
6. Н. Назарбаев: бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы / Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Калашникова Н. П.. және басқалар. – Астана: «Ақарман - медиа», 2010. - 258 б.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 жыл // <http://www.akorda.kz>

РЕСПУБЛИКАМЫЗДА КЕЛІСІМ МЕН ТҮСІНІСТІКТІ САҚТАЙ БІЛУ

Шымырбаева А.У

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, Қаратау қ.

Қазақстанда тұратын адамдар-еліміздің негізгі байлығы. Кең байтақ Қазақстан жерінде 2008 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 15 миллион 1571,5 мың адам тұрды.

Республикамыздың басты жетістігі мен мақтанышы этносаралық келісім мен түсіністікті сақтай білуі. 140 этнос пен 46 конфессияға ортақ үй болып отырған Қазақстандағы этносаралық келісім болып табылатын бұл тәжірибе –Қазақстан Республикасының 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға (ЕҚЫҰ) төрағалығының негізгі кілті.

Бүгінгі таңда республикада қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайтудың маңызы ерекше. «Ырыс-алды ынтымақ», «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейтін халқымыз үшін республика тұрғындарының тату-тәтті тіршілігі- тәуелсіздіктің басты жетістіктерінің бірі.

Жаһанда 4 мыңдай этностар мен 192 ұлт бар, олардың өз мемлекеттері бар. Ұлтаралық келісімге қол жеткен мемлекеттер әлдеқайда көп жетістіктер мен тұрақты дамуға, өркендеуге жол ашқан. Қазақстанда 130-дай ұлт пен ұлыстың өкілі өмір сүреді. [3,13]

Қазіргі мемлекеттің іргесін «қазақ ұлты құраушы» ретінде қоғам, тарихи жағдайларға байланысты аса үлкен жауапкершілік алып отыр. Қазақстанда ұлт және мемлекет құраушы – қазақ этносы.

«Қазақ халқы бәрінің басын біріктіруші ұлт ретінде алдымен өзі ұлтаралық татулықты сақтау стратегиясының болуына және бір мемлекеттің ішінде өзге ұлттармен тату-тәтті өмір сүруге, ал сыртта басқа елдермен, халықтармен достық қатынаста болуға мүдделі. Міне, осы орайда қазақ халқы өз тілін дамытуы, мәдениетін өркендеуі, дәстүрін қадірлеуі, ұлттық намысты қорғай білуі, ұлттық мерейінің арта түсуі және өзімен бірге өмір сүріп жатқан басқа халықтардың да тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақталуына кепіл болуы, сондай-ақ әлемге өзін таныту және сыйлата білуі-ең жоғары әрі қиын да жауапкершілік екенін жете түсінуі маңызды.

Н.Назарбаевтың журналистерге берген сұхбатында былай деді: «Еске алсақ, тәуелсіздігімізді жариялаған кезде, қазақтардың саны халықтың 42 пайызын ғана құрайтын. Елімізді қуаттандыру үшін ұлтына қарамастан, барлық азаматтар еңбек етті. Мұны ешқашан ұмытуға болмайды»-деді. Тәуелсіздік-Қазақстан халқының ортақ жеңісі, ортақ қуанышы. Тарихтың жазуымен, Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде қалыптасты». [4,3]

1992 жылы өткен Қазақстан халықтарының форумында Келісім және бірлесу ассамблеясын құру идеясы көтеріліп, қолдау тапты. Ол форумның басшы органы болуы және оның құрамына барлық этникалық топтардың, партиялар мен қоғамдық

қозғалыстардың өкілдері, республиканың беделді тұлғалары енуі керектігі айтылды. Ассамблея ұлттық мәдени орталықтар мүшелерімен бірлесіп, әртүрлі әлеуметтік және ұлттық топтардың, конфессиялардың өзара қарым-қатынастарының терең процестерді зерттеу, мемлекеттегі этникалық-әлеуметтік шиеленістің алдын алу жөніндегі саясатты жүргізетіні айқындалды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 1 наурыздағы Жарлығымен Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік- кеңесші орган- Қазақстан халқы ассамблеясының мақсаты:

-ұлттық мәселені әділетті шешудің негізі ретінде қоғамдық тұрлаулылықты нығайту;

-мемлекеттік тіл мен қазақ халқы мәдениетінің өзекті топтастырушысы рөлін арқау ете отырып, Қазақстан этностарын қазақстандық патриотзм, азаматтық және рухани-мәдени тұтастық негізінде шоғырландыру жолымен қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру;

-азаматтардың өркениетті әрі демократиялық нормаларға сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыру;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002ж. 26 сәуірдегі Жарлығымен Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдағы тұрлаулылық пен келісімді нығайтудағы рөлін одан әрі көтеру мақсатында қазақстан халқы ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы бекітілді.

Ассамблеяның даму стратегиясының негізгі бағыттар жинақталған күйде қандай ұлттың өкіліболғанына, қандай дінді ұстанатынына қарамастан әрбір адамға, Қазақстанның әрбір азаматына түсінікті ұлттық келісім мен қауіпсіздік, азаматтық бітім деген қарапайым сөздермен тиянақталады. [2, 64]

Еліміздегі ішкі саяси ахуал қазіргі кезде тұтастай алғанда тұрақтылығымен сипатталады. Соңғы жылдары ұлтаралық қатынастар жақсы нәтижелерге жетуде.

Ұлтжандылық-өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның ең жоғарғы қасиеті. Ұлттық намыс-әрбір ұлт өкілінің отансүйгіштікке қасиетін көрсететін жігерлі сезімнің, саналы іс-әрекетінің көрінісі. Ұлттық және интернационалдық тәрбие-өз ұлттық қасиетін сезінуге және басқа ұлттық және халықты құрметтей білуге тәрбиелеу.[1] Осы қасиеттер еліміздегі ұлт пен ұлыстың туған еліне айналған Қазақстандықтарды еліміздің гүлденуі үшін тату- тәтті еңбек етуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев бірлігі жарасқан еліміздегі барлық ұлт өкілдерінің татулығына ерекше назар аударып келеді. «Қазақстанның ел бірлігі доктринасының» жобасы-дер кезінде дайындалған аса маңызды тарихи, саяси құжат. Доктринаның негізгі бағыттарында этносаралық өзара іс-қимыл институттарын нығайту, тіл саясаты, білім мен тәрбие, рухани-мәдени, ақпараттық, құқық және құқық қорғау мен конфессияаралық қатынастар салалары қамтылған. Бұл құжатта мемлекеттік тілді дамыту, жас ұрпақтың мемлекеттік тілді меңгеру қажеттілігі баса айтылған. Халықтар арасындағы татулық пен достық қатынас-еліміздің өркендеуінің басты кепілі. Еліміздегі тыныштық, елде тұратын халықтардың ауызбіршілігі мен өзара түсінушілігін сақтау- біздің әрқайсымыздың аса жауапты мақсатымыз. Осы мақсатты іске асыруда Қазақстан халқы ассамблеясының беделін барынша арттыру- басты шарттардың бірі. Жалпы, 2006 жылды Қазақстан халқы ассамблеясының әлемдік деңгейге шыға бастаған жылы деуге болады. Біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін қалыптастырдық. Еліміздің ұлтаралық татулық пен бірлік басқа мемлекеттердің қызығушылығын арттаруда.

Бүгінгі таңда елімізде Қазақстан халыққы ассамблеясы және 30-дай мәдени орталықтар жұмыс істейді. Онда әр ұлттың өкілдері өз тілдерінде қарым-қатынас жасап, өз халқының дәстүрлері мен мәдениетін дамытуға мүмкіндіктері бар. ҚР Президенті Н.Назарбаев: «Ассамблея мүшелері бірлігі жарасқан Қазақстанның абыройы мен беделінің, ғасырлар бойы қалыптасқан жарасымды салт-дәстүрінің жанды айғағы деп баса айтты. Қазақстан Республикасында тұратын ұлттар мен ұлыстар өлкемізде тыныштықты нығайтуға белсене қатысады. Айта кететін болсақ, бізде Талас ауданы Қаратау қаласында «Неміс» этно –

мәдени орталығы «Wiedergeburt» ансамблі жұмыс істейді, жетекшісі В.Рихтер – Талас аудандық орталық ауруханасының жұмысшысы, ал «Кәріс» этно– мәдени орталығының жетекшісі Е.Цой – жеке кәсіпкер және «Славян» этно – мәдени орталығының жетекшісі- Г. Шуваева – зейнеткер. Күрді мәдени - ұлттық орталығының «Синам» ансамбліжұмыс істейді, жетекшісі - Кашкина Лиля. Осындай 4 этномәдени орталықта 4500 адам жұмыс істейді. Бұл этно-мәдени орталықтар түрлі мәдени, саяси іс-шараларға қатысып, ауданымызда тұратын ұлттар мен ұлыстар арасында тыныштықты нығайтуға белсене қатысады.

Бүгінгі таңда Қазақстан халқы ассамблеясы әлемдік өркениет таныған, ел бірлігі мен қоғамдық келісімнің тұғырлы институтына айналды. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы келешегі келісті елдің болашағына бағдар, ұрпағына міндет, халқының алдына қойылған мақсат болып отыр және әрқашанда өзімізге ең қымбат нәрсе-Отанымыздың бейбіт өмірі мен татулығын естен шығармауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан ұлттық энциклопедиясы.-Алматы,Қаз.энц., 2001.
2. К.Сағымбайұлы, Қазақстан халқы ассамблеясының стратегиясы: саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мәселелері/Қызылорда, «Тұмар», 2003
- 3.Қазақстан тарихы :әдістемелік журнал . 11.2011ж
- 4.Егемен Қазақстан. /Бір болсақ, алынбайтын асу жоқ./10.05.2012 жыл

III СЕКЦИЯ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯНЫҢ ЖҰМЫСЫ
ҮШІН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ РАБОТЫ АССАМБЛЕИ
НАРОДА КАЗАХСТАНА

ПРИУЧЕНИЕ К ТРУДУ СРЕДСТВАМИ
НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ

Аббасова Р.К.

старший преподаватель

Милова Е.В.

доцент КГУ им. Коркыт Ата, г. Кызылорда

Проблема формирования национального самосознания, гармонизации общечеловеческих и личностных ценностей, необходимости глубокого приобщения молодежи к национальной культуре, является ключевой в организации гендерно ориентированного образования и воспитания.

Эта идея нашла отражение в Стратегии гендерного равенства, реализуемой в Казахстане на протяжении нескольких лет. Основными приоритетами данного документа называются укрепление института семьи и повышение ее престижа, достижение гендерного равенства в семейных отношениях, возрождение лучших семейных, этнокультурных традиций [1].

Изучение и анализ научной литературы (Аргынбаев Х.А., Волков Г.Н., Жарыкбаев К.Б., Калиев С.К., Калыбекова А.А., Кожаметова К.Ж. и др.) показали, что этнопедагогика, отражающая самобытность, художественный гений народа, стала носителем интегративного, социогуманитарного знания, сфокусированного на статусе человека, развитии эгалитарного сознания (*эгалитаризм* [фр. e'galitarisme, от e'galite' – равенство] – концепция, предлагающая создание общества с равными возможностями по управлению и доступу к материальным благам всем его членам), возможностях, перспективах личной, социальной и этнокультурной идентичности.

Памятники устного творчества, дошедшие до наших дней, подтверждают наличие богатого материала по вопросу обучения и воспитания в семье, которая, сохраняя ценности этнической культуры, транслирует их от поколения к поколению, приобщая человека к многовековым морально-этическим правилам, в том числе и в нормировании положительного отношения к труду с ориентацией на гендерные функции.

Известно, что особенности социально-экономических, культурно-исторических, природно-климатических факторов у казахов предопределили свои требования к воспитанию трудолюбия у мальчиков и девочек, юношей и девушек, мужчин и женщин.

Многие нравоучения, наставления, примеры для подражания высказывали идею о гендерных ролях и моделях взаимоотношений полов, которые развиваясь и самоизменяясь в условиях жизни конкретного общества, передавались через богатейшую сокровищницу человеческой мудрости.

Сказки, песни, загадки, считалки и т.п. – неисчерпаемая память, сохраняющая духовный опыт отцов и дедов, педагогические воззрения, связывающие прошлое с настоящим и будущим.

Так, несмотря на краткость и простоту пословиц и поговорок, отражающих хозяйственный уклад народа, особенности и пропаганду труда как источника жизни и благоденствия, афоризмы отличаются богатой содержательностью, четкостью суждений, ясностью изложения определенной мысли с назидательным и поучительным контекстом. Ответственность, сознание своего долга пер

ед родными и близкими, готовность помочь слабому, уважение старших и т.п. – почитались как высшая нравственная ценность:

«Жизнь без труда – тлеющая зола»

или:

«Без тяжелого легкого нет, без труда жизни нет».

Вместе с тем, трудовое воспитание в казахской семье создавало резко отрицательное отношение к нечестности, лени, тунеядству, неорганизованности, расхлябанности, неумению думать о будущем:

«Плохой работы нет, есть плохой работник»

или:

«Труд города украшает, безделье их опустошает» и др.

Следовательно, отчетливо формулируя основные законы трудовой деятельности, произведения устного народного творчества представляют собой колоритные примеры практической философии, концентрирующие результат огромного труда и понимание закономерностей бытия и мышления человека.

Народная мудрость не только содержит ценные мысли о формировании личности, о привитии юному поколению любви к труду с ориентацией на гендерные функции, нравственных постулатов, моральных норм, и даже художественных вкусов, но и указывает в каком возрасте, какими приемами, средствами следует воспитывать эти благородные качества.

Исследователи казахского быта отмечают, что забота о ребенке начинается задолго до его рождения. В фольклорном наследии неоднократно встречаются наставления, регламентирующие правильное поведение беременной женщины, от которого зависели не только здоровье ее ребенка, но даже его характер, внешний вид, и потому члены семьи пытались удовлетворить все гастрономические прихоти будущей матери. По представлениям казахов, различные добродетели и пороки человека находятся в прямой зависимости от употребления определенных видов мясной пищи. Обычно для беременной женщины специально резали барана и готовили блюдо **жерик асынын табагы**. Если женщина была немолода, подаваемое ей блюдо состояло из жамбас (тазовой кости с прилежащим мясом). Для молодой беременной женщины, готовили асыкты жилик (бедренную кость), тос (грудинку) и ултабар (сычуг).

Словом, все домочадцы, а также многочисленные родственники, всячески должны были заботиться о будущей матери, чтобы она могла благополучно разродиться от бремени и подарить семье здорового ребенка:

«Дети, цветы души, глаз лучи»

или:

«Мать, подарившую шестерых сыновей, царицей зови, добрую родню частицей души зови», - говорят казахи.

Первые дни жизни младенца целиком были возложены на мать: она кормила его, ухаживала, следила за соблюдением гигиенических требований, шила ему одежду и др., склонившись над колыбелькой, напевала ему, желала, чтобы он был:

«Пальцы свои сгибая, разные орнаменты вырезая, Мастером».

Колыбельные песни занимают особое место в полоролевом воспитании.

В культуре всех народов принято укачивать ребенка в момент засыпания на руках или в люльке и петь песню. Мать словно сопровождает дитя в сон, помогает ему преодолеть страх. Малыш, закрывая глаза, уже не видит ее, но продолжает слышать знакомый и ласковый голос: «Все хорошо, я с тобой, засыпай, а когда ты проснешься, я снова буду рядом. Я люблю тебя!»:

**Белый свет моей души,
В белой люльке полежи,
И не плачь, дитя мое,**

**Верблюжонок белый мой,
В теплой шапке шерстяной,
Для других, может, плохой.**

*Лучше песенку споем:
Альди, альди, альди-ай,
Мой хороший, засыпай.
Привяжу перо павлина,
Пусть украсит люльку сына.
С белой кисточки жирок.
Соберу тебе, сынок.
Альди, альди, альди-ай,
Мой хороший, засыпай.*

*Для меня же ты родной.
Альди, альди, альди-ай,
Мой хороший, засыпай.
Для меня ты, светик мой,
Камышинка над водой.
В поле чистом тополек,
Мне опора ты, сынок.*

Колыбельная для девочек - это особенный диалог между матерью и малюткой о любви и нежности, слова и музыка которого подсказаны сердцем, посредством чего усваиваются родной язык, чувства доброты, чуткости, восприятия красоты жизни.

Так, например, казашки укачивали своих дочерей:

*«Баю-баюшки-баю, мой младенец, поцелую твои глазки;
Баю-баюшки-баю, ты как звездочка в небе, как норка в воде;
Ты как пери в райском саду, баю-баюшки-баю».*

Вместе с тем, колыбельная для мальчика содержит ожидания родителей о будущем ребенка быть здоровым, уважаемым человеком, трудолюбивым, настоящим защитником своей родины:

*«Не плачь, мой малыш, не плачь;
Может, станешь ты батыром, летящим с криком на врага?
А может, мастером станешь, который складывает узоры на кошке?
А может, оратором станешь, который без перерыва говорит?»*

Словом, исполняя колыбельную песню, мать программирует маленького на определенный поведенческий стереотип, социально-гендерную модель: **взрослый - ребенок, мужчина - женщина, брат - сестра.**

Принято считать, что с ранней поры, видевшие труд взрослых и ориентированные на него мальчики и девочки постепенно овладевали секретами профессионализма и накапливали значительный опыт до возмужания.

Ремеслу их обучали мать, отец, искусные умельцы аула, использовавшие в своих воспитательных целях методы объяснения, внушения, одобрения, наставления. К словам старших прислушивались с почтением и воспринимали их как руководство к действию:

*«...Кто в кости и мяч играет,
Впустую жизнь проведет.
Сытым всегда бывает
Тот, кто овец пасет».*

Заметим, что к настоящему воспитанию ребенка казахи приступали только по достижении 5-6-летнего возраста, которое выражалось, прежде всего в постепенном приобщении детей к посильной для них домашней работе.

Мальчики исполняли роль пастухов, помогая мужчинам в уходе за скотом, изучали различные свойства разводимых ими домашних животных по внешнему виду, учились определять время случки, срока отела, возраст по форме рогов, гривы, хвоста, размерам горба, по голосовым особенностям, по бегу и т.д.

«Если отец не умеет овец пасты, сын не умеет ягнят пасты»

В то же время к важным атрибутам трудового воспитания юношей относятся и всевозможные изделия, изготовленные из дерева (посудные шкафчики, сундуки, лари для продуктов), металла (ювелирные изделия, аксессуары ремней, браслетов, серег), кожи (обувь, посуда, конская сбруя, ремни) и т.д.:

«Труд – источник богатства человека, авторитет – источник его уважения»

или:

«Труд украшает человека, а человек свое время».

Между тем, девочки помогали в ведении домашнего хозяйства, осваивая рецепты мастерства по созданию уюта в доме, приготовлению пищи, уходом за малышами. Они учились у матерей и старших сестер шитью, вышивке, ковроткачеству, обработке войлока, кошмовалаянию.

Войлок, как известно, выполняет широкую универсальную функцию: он идет на изготовление верхней одежды, головных уборов, пологов и покрытий для юрт, стеганых ковров и многое другое. В традиционном представлении казахов, спасая от холода и зноя, войлок обладает магической силой и способностью оберегать от злых духов и вражеских стрел.

Кошмовалаяние, возникшее еще в 5 веке до н.э., процесс - очень долгий и трудоемкий, и потому женщины выполняют его объединенными усилиями, переходя из одного дома к другому: «Кой басты», «кой басты», что буквально означает: «твой дом наполнен баранами». Шерсть взбивают, стирают, сушат, красят, варят, укладывают, скручивают и т.д. После выполненной работы хозяйка дома выносит угощение - кумыс, баурсаки, курт - и благодарит помощниц.

Народные педагоги располагали многочисленными приемами и средствами подготовки юношей и девушек к самостоятельной трудовой жизни. Ценностные представления о труде нашли свое отражение, например, в замечательном обычае – асар.

Со всего аула собираются люди - от стариков до детей - и общими стараниями выполняют определенную работу, часто непосильную для отдельной семьи. Такой организованный на добровольных началах коллективный труд и называется асаром.

Асар - отражение братства, единства земляков и сородичей, стремление безвозмездно помочь друг другу, поэтому его отличительная черта состоит в том, что все работают бесплатно, без расчета на вознаграждение. Единственные затраты хозяев дома - это расходы на питание, которого должно быть в изобилии, и, как говорится, тогда работа разгорится. Если не удастся закончить намеченное в первый день, то все соберутся еще раз. Не прийти на объявленный асар считалось неприличным. Таким действием, вместе, казахи нередко возводили дома или другие сооружения, строили жилье для молодоженов.

Понимание значимости коллективного труда как способа самоутверждения, осознания ценности добрых взаимоотношений с окружающими людьми – высоконравственный критерий проявления гуманности в воспитании полоролевого поведения.

И потому с гордостью казахи говорят:

«Сын идет отцовской дорогой, дочь идет материнской дорогой»

или:

«Сын берет пример с отца, дочь берет пример с матери».

Со всей серьезностью казахи относились и к приметам, в том числе имеющим отношение к формированию трудолюбия у мужчин и женщин, которые, по мнению А. Калыбековой, сегодня представляют лишь исторический интерес, однако помогают человеку жить, творить и приумножать духовное и материальное богатство [2].

Так, по поверью, когда к работе впервые приступает юный джигит, не имеющий никаких навыков в трудовой деятельности, следует незаметно для него разломать пополам соломинку или травинку. И это действие должно быть в почине.

Хорошим примером для мальчика будет совет – почистить пришедшим гостям обувь, а перед их уходом подать ее им.

Или, пастуху не рекомендуется отдавать или передавать свой кнут, которым он погоняет скотину, другому человеку, т.к. палка, по мнению людей, наделена магическими свойствами, может отгонять нечистую силу и злых духов.

Приметы для девушек демонстрируют образцы поведения в роли дочери, жены, матери. Зная их, можно оградить себя и своих близких от многих неприятностей, проблем и бед.

Девушкам не рекомендуется ходить за водой ночью и развешивать выстиранное белье, поскольку она может испугаться чего-либо и впоследствии захворать.

Хозяйка дома должна помнить, что посуду соседей, в которой им преподнесли какие-нибудь гостинцы, не принято возвращать пустой – это признак дурного тона.

Честный и добросовестный труд прославляется и в сказках, в основе которых – вера в человека, в его разум, готовность преодолевать любые трудности для достижения намеченной цели, овладевать разнообразным гендерным репертуаром и грамотно выстраивать архитектуру взаимоотношений полов.

Сказка моделирует не только важнейшие реальные ситуации, но и формирует представление об идеалах мужчины и женщины, создает эмоционально положительный эталон гендерного поведения. Так, казахские народные сказки «Красавица Кункей», «Девушка-падишах и тазша», «Красавица Каншайым и семь чудодеев» изображают обобщенный, позитивный образ доброй, работающей, отзывчивой к чужому горю, внимательной и самоотверженной девочки.

В знаменитом произведении «Мудрый Жиренше и красавица Карашаш» рассказывается о трех подругах, собирающих в степи кизяк. Пора была весенняя, и перед закатом прошел сильный ливень. Две женщины вернулись домой с мокрым кизяком, и потому их семьи легли спать без ужина. Только одна Карашаш принесла сухой кизяк, развела огонь и обсушила одежду гостей.

— Как ухитрилась ты уберечь кизяк от дождя? — спросили ее приезжие.

И девушка объяснила, что заслонила мешок своим телом. Она не могла поступить иначе, так как ее отец — пастух, возвращается к ночи голодный и мокрый, и ему необходимо тепло и горячая еда.

Ответ Карашаш понравился Жиренше, и он решил во что бы то ни стало сделать ее своей женой.

Со всеми злыми, страшными персонажами ведут борьбу не на жизнь, а на смерть главные герои волшебных сказок – Мерген, Ер-Гостик, батыр Асан и другие, отважно защищающие родную землю, стойко переживающие жизненные невзгоды, умеющие трудиться и уважать труд других людей.

Их отличает скромность, верность, доброта, готовность прийти на помощь, бескорыстие. Положительные качества этих героев являются ориентиром для воспитания мужественности и трудолюбия у мальчиков.

Иллюстрацией к сказанному, на наш взгляд, может послужить сказка, повествующая о четырех братьях.

Трое из них были отъявленными лентяями, только младший славился своим усердием и старательностью.

Бойкие на язык соплеменники дали братьям прозвища, соответствующие свойствам их характера.

Старший из лентяев, выгнав на выпас скотину, ложился в тени и поплеывал, поэтому его прозвали Плевакой.

Второй – обращался ко всем встречным с мольбой присмотреть за его немногочисленным стадом, а сам оставался отдыхать в доме. Его и прозвали Посмотри-ка.

А третий обычно просил соседей пригнать с пастбища его живность, за что и получил прозвище Подгони-ка.

Младший из братьев, выпив с утра чашку айрана, отправлялся пасти своих овец.

Однажды во время страшного джута пал скот у Плеваки, больше половины стада не досчитался Посмотри-ка, а у Подгони-ка осталось и того меньше.

А младший брат сумел сохранить весь скот и спас аул от голода.

Мораль этой истории сводится к формуле: «Только трудом процветает народ».

В лучших своих образах сказка открывает ребенку мир, суть отношений между мужчиной и женщиной, нюансы человеческих чувств — доброты, уважения, сочувствия, товарищества, справедливости, отзывчивости, взаимопонимания, и тем самым несет в себе богатый нравственный потенциал.

Неразрывная связь предания с жизнью позволяет мальчикам и девочкам через ситуации, предметы обсуждения, присутствующие в сказке, получить социальный опыт, который им понадобится в жизни.

Следовательно, гармонизация ценностей духовного порядка, стандарты поведения, модель взаимоотношения полов, нашедших отражение в фольклоре, свидетельствуют о том, что труд для казахов - ведущая форма жизнедеятельности, а трудолюбие – доминирующее нравственное качество.

Вышеизложенное позволяет сделать вывод о том, что в условиях «созидания конкурентоспособного и сильного Общества Всеобщего Труда»[3], **актуальным является использование трудовых традиций народной педагогики**, призванных формировать многогранную, активную, успешную, креативную личность с пробужденным национальным сознанием.

Список использованной литературы:

1. Указ Президента РК «Об утверждении Стратегии гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы» от 29 ноября 2005 года №1677 // САПП РК. 2005. №41.
2. Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. Алматы: Баур, 2005.
3. Н.А. Назарбаев Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к обществу всеобщего труда // Казахстанская правда. 10 июля 2012г.
4. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост.: Жарикбаев К.Б., Калиев С.К. Алматы: Рауан, 1995.

КӘСІПТІК ОҚЫТУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Алшынбаева Ж.Е.

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ докторанты, Астана қ.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясында негізгі бағыттардың бірі ретінде халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттілігі атап айтылған [1].

Еліміздің дамуы мен қалыптасуында сан түрлі қажеттіліктерге сәйкес ұлы мақсаттар айқындалып отыр. Оның ең бастысы – еліміздің тұғырын берік ұстап тұра алатын, оны одан әрі дамытып, көркейтетін ұрпақ тәрбиелеу мәселесі. Осы қажеттілікті жүзеге асыру үшін жоғарыда аталған бағдарлама дамып келеді. Қоғамды дамытушы негізгі күш жас ұрпақ болғандықтан, оның бойында ұлы істі жүзеге асыра алатындай күш-қабілет болуы керек. Ол күш – білім, тәрбие мәселесінде екені айқын.

Қандай да бір ұлы іс болмасын ол қашанда сол халықтың, елдің саяси әлеуметтік, тұрмыстық – экономикалық хал-жайына, көңіл-күйіне, сана-сезіміне байланысты болады. Еліміздің нығаюына халықтың өзін-өзі басқаруының дами беруіне жас ұрпақ жан тәнімен мүдделі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз даму жолына енді ғана түсті. Оның келешегі алда, біртіндеп дамыған, өркениетті елдер қатарына қосылады. Мұны жүзеге асыратын Қазақстанның қазіргі жас азаматтары, студенттер. Қазақстанға жан-жақты білімді, осы республикадағы барлық халықтың тілін, тарихын, әдет-ғұрпын сыйлайтын, осы ел үшін оның халқының бақытты келешегі үшін бар білімі мен күш-жігерін аянбай жұмсайтын нағыз отаншыл азаматтар қажет.

Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, жас ұрпаққа оқу білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттық сана – қабілетінде, түсінік – талғамында, мінез – құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген. Оны ұлтымыздың өзек – мәйегі, ұлттық ерекшелігіміздің негізі деп қарастырсақ жөн болмақ. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегілі тәрбие беру – қазіргі міндеттің бірі. Имандылық, ізгілік, адамгершілік, елжандылық және де толып жатқан кісілік қасиеттер мектеп қабырғасында бастауыш сыныптан қалыптасады. Бұлар арқылы оқушыны алға талпындыруға, Отанды сүйуге, ата – аналарға, үлкендерге деген кішіпейілділікті бойына сіңіруге, залалды әдеттерден аулық болуға адамгершілікке тәрбиелеуге тиіспіз[2].

Адамгершілік іс- әрекеттің қалыптасуы – тәрбиенің негізгі мақсатына жетуді анықтайтын өлшем. Қоғамның болашағы бүгінгі жастардың құнды қасиеттерінің қандай дәрежеде болуымен тікелей байланысты. Ол студенттердің бақыт пен бақытсыздықтың, жақсылық пен жамандықтың адам өмірінің мәні әділдік ұғымдары арқылы өлшенеді. Көрсеткіштер мәліметтерін анықтағанда сауалнама жүргізу кезінде «әлеуметтік қажеттілік» феномені пайда болуы мүмкін. Сондықтан бағалау жұмысы тәжірибелік тәсілдерді қажет етеді.

Сонымен, тәрбие процесін бағалауда өлшемдер жүйесін қолдану қажет, себебі тәрбие процесі- ол динамикалық біртұтас жүйе. Әр түрлі әлеуметтік- педагогикалық жүйелер үшін жалпы өлшемдерді қолдануға болады.

Өлшемдер қоғам мен адам арасында өркениетті қатынастарды (мінез мақсат), тұлғаны қалыптастыру (өзекті мақсат), тәрбие процесін ғылыми түрде ұйымдастыру деңгейін, болжамды нәтижені анықтау, бағалау, бақылау және нәтижені қадағалауын, яғни тәрбиенің мақсатқа жету деңгейін өлшейді. Тәрбие процесі бойынша өлшем болжамды нәтиже мен нақты жетістікке жетуде жұмсалған педагогикалық күш пен әдіс- тәсілдердің қойылған мақсатқа сәйкестігін анықтайды. Өлшемдер тәрбие процесінде қатысушылардың өзара іс- әрекетін бағалайды. Сол арқылы жастар сыртқы тәрбие әсерін сезінеді. Сөйтіп, тәрбие процесі кең мағынасында субъектілер мен объектілерге араласады.

Тәрбие процесінің өлшемдері тұлғаның әлеуметтенудің қаншалықты табысты өтіп жатқанын көрсетеді. Олар тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Себебі тәрбие процесін тек сыртқы әсер ғана емес, баланың ішкі өзгерістерімен қоса өсу, тәжірибе жинақтау тәрізді қасиеттердің қалыптасуы кіреді. Сондықтан тәрбие процесін бағалауға психологтарды қатыстыру қажет[3].

Жалпы алғанда, оқу орындарында тәрбие процесінің тиімділігі мен нәтижесін зерттеудің нақты көрсеткіштеріне мінез-құлықтың негізгі дәлелдері, құндылықтар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу алынады.

Бала тәрбиесі – ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы мектеппен байланысты, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Ұрпақ тәрбиесі, бүгінгі қоғамға лайықты азаматтар тәрбиелеу күрделі мәселелердің бірінен саналатын, үлкен жауапкершілікті, жан-жақтылықты талап ететін процесс. Осыған байланысты қоғамның жаңа ғасырға өтпелі кезеңінде, үлкен өзгерістер мен жаңалықтарға толы мерзімде болашақ азаматтарға білім мен тәрбие беру мекемелерінің алдында жауапты міндеттер тұр. Қазіргі сәтте осындай келелі мәселелерді шешу мақсатында уақытқа ыңғайластырылған тиімді әдіс-тәсілдер іздестірілу үстінде. Тәрбиелеудің қиындығы оның нәтижесі бірден көріне бермейтін әрекеттерге жататындығында. Яғни тәрбие беруге барлығын жан-жақты терең ойластырғанда ғана жемісті болатынын педагогика және психология ғылымдары зерттеп, дәлелдеуде. Кеңестік дәуірдегі ғылыми педагогикада: «Тәрбиелеу ісі ұрпақтар арасындағы сабақтастық байланысты қамтамасыз етеді. Мұнда, тәрбие процесінде жастар өзінің алдындағы ұрпақтар жинақтаған коллективтік (ұжымдық) тәжірибе мен білімдерді меңгеруге ғана тиіс емес, сондай-ақ оның бойында өмір алға

қоятын, аға ұрпақ шешпеген жаңа міндеттерді шешу үшін қажетті қасиеттер қалыптастыруға тиіс» деп айтылғанды.

Ал кейінгі кездегі бала тәрбиелеу бағытындағы күрделі өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тұжырымдамасында: «Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру» деген түсінік береді. Екі анықтама да әртүрлі кезеңде берілгенімен, тәрбиеде көзделген мақсат біреу – ұрпақ пен ұрпақты байланыстыру, сабақтастыру, тәжірибеде шыңдалған тәрбие түрлерін, әдістерін келесі ұрпаққа жеткізу, солар арқылы тәрбиелеу болып табылатындығын айғақтайды. Жоғарыда аталған Тұжырымдамада: «...Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында адамгершілік игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» делінген. Бұл қоғамға қазіргі кезде қандай адам тәрбиелеп, өсіру керек деген сауалдарға толыққанды түсінік береді. Осы жерде құндылық ерекшеліктерін меңгеру үшін ең алдымен, ұлттық, адамгершілік сана-сезімнің басым болуы керек екендігін баса айта кету керек. Басқаша айтқанда, бүгінде қоғам алдында жас ұрпаққа құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие беру міндеті тұр. Ал, құндылық деп отырғаннан кейін ұлттық құндылық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдебиет пен мәдениет, өнер, тұрмыс-тіршілігінің тарихын қозмай кетуге болмайды. Ол жөнінде белгілі тарихшы-ғалым Қойшығара Салғараұлының «Ертеңі бар ел боламыз десек» ... деген еңбегінде жан-жақты түсінік беріледі: «Ұлттық сана деген абстракт ұғым емес, ол – ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда, сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесін, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын – танытады» дейді. Осыдан шығатын қысқаша қорытынды ұлттық сана-сезімді ояту үшін халықтық дәстүрлерді, әдебиеті мен мәдениетін, өнерін келер ұрпаққа дұрыс түсіндіре алу, жеткізу, үйрету керек. Сондағана жас ұрпаққа құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие береміз. Студенттердің ұлттық дүниетанымын халықтың ерекше қасиеттері арқылы кеңейтіп тәрбиелеу, оны әрі қарай дәстүрге айналдыру олардың бойында ізгілікті қалыптастырады.

Еліміздің білім беру ісінде түрлі өзгерістер болып жатқаны белгілі. Қабылданған білім стандартының, реформалардың мақсаты да аян: әлемдік білім кеңістігіне ену. Ал мұғалімнің басты да қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру. Адамзат тарихында Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ұлы Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» дегенін біз, ұстаздар қашанда жадымызда ұстауымыз керек. Өйткені, білім мен тәрбие – егіз ұғым. Сапалы білім мен саналы тәрбие шынайы астасқанда ғана ұлт тілегі, мемлекет, халық мүддесі орындалмақ, қоғам өзінің рухани дамуына сай асыл қасиеттерге қол жеткізбек. В.Дальдің анықтамасына сүйенсек, білім беру ақыл-ой мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбиелеу – адам баласын кәметтік жасқа толып, өзіне өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру» десе, «тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу, яғни, баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз», - деп жазады Сара Алпысқызы Назарбаева өзінің «Ұстаздан ұлағат» кітабында.

Адамгершілік- адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін рухани дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады[4].

Ол студенттердің қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік - ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Құндылық арқылы студенттерге адамгершілік тәрбие беру мәселесіне қатысы, студенттердің ортамен қарым-қатынасы, айналысатын ісі, білімі мен өмір сүру салты, санасы, сезімі, сенімі мен сапасынан тұратын жүйе. Бұл жүйенің сапасы төмендегідей бөлімдерден тұрады.

Білімділік сапа – бұл зердені байытып, ойлауды белгілі бір дәрежеге көтеру үшін керек дүние. Сол кезде Сократ «Менің білетінім ешнәрсені де білмейтіндігім» - дегені адамның әлі де ғалам құпиясынан бейхабар екенін көрсетеді. Қазіргі ақпарат ағыны дамыған заманда адам баласы күнде естіген, көрген білгендерін қорытуға өз білімдері арқылы үлес қосуға мәжбүр болып отыр. Сондықтан алған білімін жинақтауда сандық нәтижеден гөрі оның сапалық жағынан көп мән берілсе, адамға өз пайдасын тигізеді.

Имандылық сапа – немесе рухани күштердің адал жанды қолдайтынына сенім, болашаққа деген үлкен үміт, адамды, табиғат және бүкіл әлемді жан – тәнімен сүйе білуі.

Адамгершілік сапа – бұл адамның жан сұлулығы, ой тазалығы, іс-қимыл мен ниетінен ақтық үйлесімділігі. Мәселен, өте қас шебер үшін өз жүрегінің әмірімен жасалған өнер әрқашанда адам жанына әсер етері сөзсіз, сондықтан адамгершіліктің рухани-әсемдікпен байланысы да адам үшін құндылық болып есептелінеді.

Психологиялық сапа - бұл адам бойындағы «жандүние», «жүрек жылуын» қалыптастыру қажеттілігі арқылы мейірімділікке, жылылыққа, сұлулыққа әкелетін дүние. Бұл физиологиялық қажеттілік емес, бұл психологиялық ерекшеліктерден туындайтын адами игі қасиет.

Өнерлілік сапа - өнерге құндылық ретінде дұрыс қатынасты қалыптастыру қажеттілігін туғызуы. Өнер арқылы адам бойындағы дарындылықты әлемге танытады.

Шығармашылық сапа – бұл адамның бүкіл әлемді тануға ұмтылысы, оның тек қана бейнелеп қоймай, әрі қарай жетілдіріп, дамытуға ұмтылу. Бұл сапа қызметі адамның өміріндегі орнын біліп, мәнін түсініп, сол арқылы санасын қалыптастыру күнделікті өмірдің дағдысына айналғаны дәлел болып отыр ендеше, құндылықтар арқылы адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы үлкен. Осы сапа негізінде бастауыш сынып оқушыларына құндылықтар арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің жүйесі құрылды.

Түйіндей келе адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Ұлттық құндылық арқылы адамгершілікке тәрбиелеу – бұл адамды белгілі бір ұлттың өкілі, ұлттық дәстүрді, халықтық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ретінде сипаттайтын адами сапа (қасиет) болып табылады, ол ұлттық тұлғаның таным-білімімен, сана-сезімімен және алынған білімді іс жүзінде жүзеге асыра алу дәрежесімен – мінез-құлқымен өлшенеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» даму стратегиялық бағдарламасы. – Алматы: Білім, 1997. – 96 б.
2. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.
3. Наурызбаев Ж. ұлттық мектептің ұлы мұраты - Алматы: Ана тілі, 1995.- 192 б.
4. Абдраман Ш.А. Жоғарғы техникалық оқу орындары студенттерін кәсіби техникалық қалыптастырудың дидактикалық негіздері: докт.пед.наук: 13.00.08.-2000.-320 с.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ – ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУДЫҢ НЕГІЗІ

Алшынбаева С.Е.

№27 ЖББ ОМ ШО тәрбиеші, Қарағанды қ.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру үрдісінің бірінші деңгейі болып табылады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру, бала бойындағы мәңгілік құндылықтарды дамыту, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Рухани-адамгершілік тәрбие отбасынан басталады. Бала тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді ата-анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік пен кішіпейілділік, қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен инабаттылық адамзат тәрбиесінің ең өзекті мәселелері. Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие – балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Бұл жөнінде Елбасының биылғы жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектепке дейінгі білім беруді дамытуға баса назар аударылды [1].

Рухани-адамгершілік тәрбие ерте балалық шақтан бастау ала отырып, адам өмірінің әр кезеңдерінде жүйелі дами келе, осы тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде, рухани бай, дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуге өріс ашады.

Мектепке дейінгі кезеңде жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес баланың жеке тұлғалық мәдениетінің негіздері қаланады. Сондықтан, баланың бойына туған- туыскандары мен жақын адамдарына сүйіспеншілік, айналасындағы жанды-жансыз дүниеге қайырымды көзқарастары мен сезімталдық сияқты адамгершілік сапаларын қалыптастыру аса маңызды. Жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісі адамгершілік, еңбексүйгіштік, ізеттілік, шыншылдық, жауапкершілік, әдептілік, т.б. адами қасиеттерді дамытуды көздейді.

Бірінші топқа этносаясаттың қоғамдық өмірдің басқа салаларымен байланыстары мен өзара қимыл бірлігін білдіретін салалар жатады. Бұған этносаясаттың қоғамның саяси жүйесі институттары қызметіне, әлеуметтік және экономикалық құрылымдарға объективті тәуелділігі, сондай-ақ этносаясаттың өз кезегінде қоғамдағы саяси үдерістерге, экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени салаға ықпалына қатысты заңдылықтары, әсіресе, рухани-этикалық жатады.

Екінші топқа этносаясаттың өзінің мазмұнын құрайтын құрылымдық элементтер, оның мәнді және тұрақты байланыстары мен даму үдерістерін білдіретін заңдылықтар жатады. Бұған этностардың саяси санасы, этностық саяси мәдениет, этностар мүдделері, этностық сәйкестілік (идентичность), этностық менталитет және тағы басқалары енеді.

Үшінші топқа этносаясаттың тұрақты байланыстары мен даму үдерістерінің жеке, нақты қырларын қамтитын заңдылықтар жатады. Заңдылықтардың бұл тобына мыналарды жатқызуға болады: этнос және мемлекеттің тіл саясаты, этнос және мемлекеттің миграциялық саясаты, этнос және дінаралық қатынастар, этнос және қоғамдағы этносаралық келісім мен татулық проблемалары және тағы басқалары.

Әрине, бұлай топтаудың өзі де негізінен шартты, өзгермелі екендігін, қатаң ережелері жоқтығын есте ұстау әр кез қажет болады. Өйткені, саясат пен этносаясаттың заңдылықтары табиғат заңдылықтарындай өз объектісімен тікелей, себеп пен салдардың

катаң формуласы қатынастары түрінде қызмет жасамайды. Бұнда бәрінде бір ізді, бір тұрпатты детерминация болмайды. Саясатта белгісіз, болжауға, алдын ала бағалауға қиын құбылыстар мен оқиғалар тізбесі, екінші дәрежелі факторлардың араласуы жиі кездеседі. Осыдан барып, этносаясаттың да тарихи жағдайлардан, этностардың әлеуметтік белсенділігінен, мінез-құлқындағы ұстаным-әдеттерге тәуелділігі саяси заңдылықтар сипатына, оларды анықтау мен түсіндірудің әдістеріне әсер етері сөсіз.

Этносаясат теориясы да басқа қоғамдық ғылымдар сияқты белгілі бір функцияларды орындайды. «Функция» түсінігі (латынның *functio* деген сөзінен шыққан) кез келген саяси немесе әлеуметтік құрылымның қызметі, оны орындауы, міндеттерінің ауқымы дегенді білдіреді. Этносаясаттың функциялары қоғамдық өмірдің көптеген салаларында жүзеге асырылатын болғандықтан, олар белгілі бір мөлшерде жіктеуді қажет етеді. Бұл жерде мынаны есте ұстаған жөн. Этносаясат теориясы біршама жас ілім және оның көптеген заңдылықтары мен категориялары, түсініктері әлі де қалыптасу, сұрыпталу, зерттелу, талдану үрдісінде болғандықтан оның функциялары да белгілі бір жағдайда шартты, даму, қалыптасу, түзілу үстінде деп есептеуге болады. Этносаясат теориясының бүгінгі жетістіктері деңгейіне сүйене отырып оның мынадай негізгі функцияларын атауға болады: танымдық, идеологиялық, болжамдық, интеграциялық, саяси әлеуметтендіру [5,]. Әрине, бір мақаланың шеңберінде этносаясат пәнінің күрделі методологиялық мәселерін толық қамту мүмкін емес. Ол еліміздегі жоғарғы мектептегі қоғамтанушы мамандарының ұжымдық ізденістерін де қажет етеді. Этносаясат пәні мазмұны, құрылымы және қамтитын қоғамдық процестердің ауқымы жағынан, егер оны оқыту мен меңгертуді дұрыс жолға қоя білсек Қазақстанның түбегейлі стратегиялық мақсаттарын қамтамасыз етуге яғни қоғамдық келісім мен татулықты нығайтуға септігін тигізері – даусыз мәселе.

Президент Н. Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында былай деп, баса көрсетті: «Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі. Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз».

Ал осы жалпыұлттық құндылықты жас ұрпақтың, болашақ маманның бойына сіңірудің пәрменді де нақты тетіктерінің бірі – шығарамашылықпен, сапалы оқытылатын, дәл солай игерілетін этносаясат пәні болады деп, ойымызды түйіндейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана, 2012.
2. Сикевич З.В. Социология и психология национальных отношений: учебное пособие. СПб., 1999. С.10
3. Тишков В.А. Шабаев Ю.П. Этнополитология: политические функции этничности: учебник для вузов. М., 2011. С.13
4. Абдулатипов Р.Г. Этнополитология: Учеб. пособие. –СПб., 2004.
5. Шабаев Ю.П., Садохин А.П. Этнополитология. Учеб. пособие. –М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.
6. Назарбаев Н. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Назарова А.А.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ оқытушысы, қ. Қызылорда

«Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепті. Бүгінде олар тегі басқа болғанымен теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Туған елінің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді әр уақытта. Осылай елдігіміздің ертеңі ошақтың ұштағаны секілді «бір халық, бір ел, бір тағдыр» деген үш сөзге сыйып отыр» [1, 16.].

Елімізде 130-дан аса этнос өкілдері бір ұлттық мүдде, ортақ Отан, бір мақсат жолында өмір кешуде. Көп этносты қоғамда ел бірлігін қалыптастыру және нығайту мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз етудің, оның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы стратегиялық басымдықтарды іске асырудың негізгі шарты болып қала береді.

Ұлттық бірлікті қамтамасыз ету - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты. Елдің экономикалық өсуі, әлеуметтік ілгерілеуі және демократиялық дамуы тек қоғамның топтасуы мен бірлігін сақтағанда ғана мүмкін болады. Полиэтносты және поликонфессиялы құрылымы бар мемлекетті нығайту этностардың қазақ халқының айналасына топтасуы негізінде қалыптасқан біртұтас азаматтық қауымдастығынсыз мүмкін емес. Әр этнос өзінің дәстүрлерін, тілін, мәдениетін сақтай және дамыта отырып, «бір ел - бір тағдыр» қағидатымен бірігуі керек.

Қазақстанда тұрып жатқан ұлттардың ана тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтауға, ары қарай өркендетуге толықтай мүмкіндік берілген және барлық этностардың Ата Заң негізінде білім алып, еңбек етіп, әр түрлі салаларда табыстарға қол жеткізу үшін жағдай жасалған. Қазіргі жағдайда ұлтаралық келісім моделінің формуласы Қазақстан Республикасының Конституциясындағы: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...» [2, 36.], - деп басталатын жолдардан айқын көрініс тапқан.

Осылайша, еліміздің Негізгі Заңы бойынша Республика азаматтарының полиэтникалық қоғамдағы бірлігінің мызғымас ұстанымы қаланды. Онда азаматтық және этникалық ұстанымдар бір біріне қайшы келмейді, керісінше өзара байланыста болып, бірін бірі толықтырып тұрады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ ұлтымен қоса, елімізде мекендейтін барлық этнос өкілдеріне билік тарапынан көңіл бөліне бастады. Осы мақсатта 1995 жылы Қазақстанда ұлттық саясатты жүзеге асыратын, республикалық және өңірлік, жергілікті ұлттық-мәдени орталықтардың жұмысын біріктіретін қоғамдық институт – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің бірегей ұстанымы болып отыр. Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың басын біріктіруге негіз болған Нұрсұлтан Назарбаевтың осы Үлгісі бүкіл әлемге бейбітшілік пен ынтымақтастықтың жаршысы ретінде танылуда.

Сонымен қатар Елбасымыз: «Ассамблеяның бүкіл инфрақұрылымы қазақстандықтардың, ең алдымен, біздің жастарымыздың бойында ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісімге деген жоғары жауапкершілік сезімін тәрбиелеу үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл жүйе әрбір қазақстандықтың - оның саналы өмір сүруінің бірінші күнінен бастап өмірінің барлық жақтарына бойлап енуі керек» [3, 16.], - деп осы органның басым бағыттарының бірін атап көрсетті.

Әлем тарапынан мойындалған этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық моделін барлық аудиторияларда, барлық факультеттерде, түрлі мамандықтарда оқитын студенттерге насихаттау, осы бағыттағы мемлекеттік саясатты түсіндіру үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан – 2050: Мемлекеттің жаңа саяси бағыты»

стратегиялық даму бағдарламасына сәйкес ұлтаралық келісімді сақтау мақсатында жеке адамдардың, топтардың, әлеуметтік жұртшылықтың арасындағы мәдени, діни, нәсілдік және басқа айырмашылықтардың зандылығын мойындайтын, басқа адамдардың түр-түсіндегі, бет-әлпетіндегі, мінез-құлқындағы, жан-дүниесіндегі айырмашылықтарға төзімділікпен қарайтын, ұлттық ынтымақтастық пен қоғамдық келісімді ту ететін жаңа буын жас ұрпақ тәрбиелеуді қолға алып отыр.

ҚР президенті Н.Ә. Назарбаев ұрпақ тәрбиелеу мәселесін үнемі жіті назарында ұстап: «20 жыл ішінде біз Тәуелсіздік жағдайында өсіп шыққан қазақстандықтардың алғашқы буынын тәрбиеледік. Оларды елдің және халықтың игілігіне орасан күш-жігермен жұмыс істейтін патриоттар, белсенді және толерантты азаматтар етіп тәрбиеледік... Біз Отанның толерантты патриоттарының болашақ буынын тәрбиелеу үшін одан әрі жұмыс жүргізетін боламыз. Бұл біздің ортақ міндетіміз... Бұл Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің басты мағынасына айналуға тиіс» дей келе, бізге «Бір сауал қоймақпын. Халық Ассамблеясы балаларға мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын қабылдауға қатыса ма? - Жоқ!...Ассамблея мамандары мектептердің тарих бойынша оқулықтарына толеранттылық, оларда қазақстандық этностар достығының көп қырлы тарихының көрініс табуы тұрғысында сараптама жасай ма? - Тағы да жоқ!

Бұл ұсақ-түйек емес! «Еркіндік тек заңдарға ғана тәуелді болудан тұрады», деп Вольтердің өзі айтып кеткен. Яғни, заңдарда олардың бәрі де жазылған. Егер біреулер ұмытар болса, оған жан бітіру керек» [3, 16.] , - деп болашақта жүрер жолымызды айқын анықтап берді.

Осыған орай, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 2014-2015 оқу жылының қарсаңында Қазақстан-2050 Стратегиясының «Жаңа қазақстандық патриотизм - біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» атты 7-ші басымдығына сәйкес және университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімі негізінде Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ректорының 2014 жылдың 7 маусымындағы №951-а бұйрығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы ашылды. Кафедраны ашудағы басты мақсат - қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, оның мемлекеттілігі, Еуразия тарихындағы орны мен рөлі туралы білімді тарату, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін дамыту болып табылады.

Кафедра оқытушылары «Әлеуметтану», «Қазақстандағы этносаралық қатынастар», «Қазақстандағы этностардың тарихы мен мәдениеті», «Әлеуметтік этнография және демография», «Этносаясат негіздері», «Конфликтология» пәндерінен дәрістер береді. Типтік оқу бағдарламалары жоқ пәндерден арнайы оқу бағдарламалары жасалынған.

Университеттің барлық мамандықтары бойынша факультеттерінің оқу жоспарларына «Қазақстандағы этностардың тарихы мен мәдениеті» қосымша пән ретінде ғылыми-қоғамдық сұранысты қамтамасыз ету үшін енгізілді. Бұл курс бакалавриат студенттерінің орта мектептерде «Қазақстан тарихы», «Жалпы тарих», «Мәдениеттану» пәндерінің логикалық жалғасы және жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында қосымша оқу түрі ретінде оқытылады. Сондай-ақ, басқа да міндетті пәндермен қатар студенттердің негізгі білімін толықтыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы этностардың тарихы мен мәдениетін оқыту үлкен қиындықтар мен күрделі мәселелерден тұрады. Ол ең алдымен, ғылыми жете зерттелген типтік бағдарламаның, мықты оқулықтар мен оқу құралдарының жоқтығына байланысты.

Біз осы пәннің бағдарламасының негізіне «Қазақстан – 2050: Мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиялық даму бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 552 Жарлығымен бекітілген Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасының қағидаттарын басшылыққа алдық.

Оқу бағдарламасының мақсаты білім алушыларға Қазақстандағы этностардың этникалық тарихы мен халықтардың қоныстануын, этностардың ерекше нышандары – тілін, материалдық және рухани мәдениетін, әдет – ғұрыптарын, салт – дәстүрлерін, діни сенімдерін, әлем халықтарының өзіне тән отбасылық және неке құру салттарын, тұрғын үй

жайлары, ұлттық киімдерін, т.б. таныстыру, білім беру. Аталған жайлар этностардың ерекшеліктерін білдіреді және олардың қорғауды қажет ететін, сонымен қоса көршілес халықтармен бірге құнды пайдалануға тұратын мәдени мұраларын көрсетеді.

Пәннің мақсаты білім алушыларға Қазақстанда тұрып жатқан этностардың этногенезін, олардың қазақ жеріне қоныстану тарихын түсіндіру, этномәдени қалыптасу ерекшеліктерін, этнографиясы мен рухани мәдениеттерін жан-жақты оқытып, білім беру және сол арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болып табылады.

Пәннің міндеттеріне Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихы мен мәдениеті, қазақтардың Еуразия тарихындағы орны мен рөлі туралы білімді тарату, этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін дамыту, конфессияаралық ынтымақты насихаттау, елдегі саяси тұрақтылықтың маңызын терең түсіндіру негізінде студент жастарды толеранттылыққа тәрбиелеу жатады.

Осы пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыларда:

- Қазақстандағы этностарының және халықаралық мәдениеттің тарихын дамуы процесі мен ерекшеліктерін анықтау;

- Қазақстанда тұратын және заманауи этностарының этникалық дәстүрлі формасы жөнінде түсінік болу;

- Мәдениеттің саналуандығымен Қазақстандағы қоғамдағы толеранттылық мәселесі;

- Жалпы қоғамдық, еуропалық және әлем мәдениетімен Қазақстан халқының мәдени интеграциясы туралы мінездеме жөнінде түсінік болу;

- Мәдениетті қалыптастырып, даму деңгейін және шығармашылық жұмысқа деген қызығушылығын арттыру;

- Жеке өмірге қатысты зерттеу сұрақтарын ұйымдастыру білу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Түйіндей келе, Ұлт Көшбасшысының мына сөздерінің біздің келешек жас ұрпақты тәрбиелеу қызметімізде бағдаршам болары анық екенін айтқым келеді.

«10 жылдан кейін мектептеріміздің түлектері қазақ тілінде 100 пайыз сөйлейтін болуы тиіс.

Барлық азаматтардың қазақ тілін білуі - әшейін бір ұран емес, бұл - олар еліміздің тарихын, ерте дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының тарихын, мәдениетін, дәстүрін білетін болады деген сөз. Бұл барлық қазақстандықтардың бұрынғыдан да жақындасуына жетелеп, біздің арамыздағы сенімді күн сайын, жыл сайын нығайта түсетін болады.

Ассамблея жұмысының мақсаты, міне, осында. Ұлы Абай былай деген еді: «Басқа халықтың тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен тең етеді». Бұл жерде әңгіме тек қазақ тілі туралы ғана емес, жалпы тілдер туралы. Тілді білсең, сол халықпен тең боласың. Қандай терең сөздер! Яғни, бұл барлығы араласқан, бүкіл әлем бір-бірімен қатынасқа түскен бүгінгі жаһандық дүниеде қажеттілік болса, ол біз үшін және біздің балаларымыз үшін де ашық.

Біз сондай-ақ барлық этностық топтардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын, тілдерін сақтап дамыту бойынша, біздің бай ортақ тарихи-мәдени мұрамызды сақтау бойынша жұмыстарды жалғастыруға тиіспіз.

Бұл ел ішіндегі тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім, оның өркендеуі мәңгілік болуы үшін қажет» [3, 2 б.].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. *«Қазақстан - 2050» стратегиясы: бір халық - бір ел – бір Тағдыр.* Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының жиырмамыншы сессиясындағы баяндамасы // Егеменді Қазақстан. – 2013. – 24 сәуір

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Жеті жарғы, - 2007

3. Назарбаев Н. Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және жасампаздықтың 20 жылы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының он жетінші сессиясындағы баяндамасы // Егеменді Қазақстан. – 2011. – 19 сәуір

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ - ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ МЕН БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

Сарбасова Қ.А.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Бекмағамбетов А.Ж.

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ, Астана қ.

Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі демократия мен қоғамдық прогрестің одан әрі дамуының өлшеміне айналып отырған бүгінгі шақта отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығы ерекше арта түседі. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазіргі кезде Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдері мен ұлыстар өзінің тума мәдениеті мен тіліне, өнері мен дәстүріне сүйіспеншілікпен қарай отырып, өз Отаны ретінде Қазақстанға деген құрметін арттыруда, мұның өзі жалпықазақстандық патриотизмнің көрінісі болып табылады. Әрине, бұл дамудың жаңа үдерістерінің бастамасы, оның жалғасын тауып, нығая түсуі үшін әлі де атқарылар шаралар көп. Республика халықтарының өзара ұлттық келісімі мен достығын нығайтуға, 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың жалпықазақстандық патриотизмінің кемелденуіне бірқатар тарихи мерзім керек екендігі туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында: «...біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» - [1, 16 б.] деп жазғанда, бұл процестің жеңіл, әрі қысқа мерзімде аяқтала қоймайтындығын ескергені сөзсіз. Сондықтан әрбір қоғам мүшесіне патриоттық тәрбие бере отырып, оның ұлтжандылығын, отансүйгіштік санасын, басқа ұлт өкілдеріне сыйлы қатынасын және халқына деген құрмет сезімін қалыптастыру талабы жылдан жылға күшейіп отыр.

Қазіргі қоғамның патриоттық санасы үш түсінікті құрайды: ұлттық-этникалық; жалпыадамзаттық және әлеуметтік-таптық. Ұлттық-этникалық дегеніміз – ұлттық намыс сезімі, Отанға деген, ұлт мәдениетіне, тіліне, т.б. деген сүйіспеншілік, Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, жалпықазақстандық патриотизм республикадағы ұлттар өкілдерінің бәріне дерлік ортақ түсінік болу керек.

Қазақстандық патриоттық тәрбиенің мақсаты - жеке тұлғаның, әлеуметтік, ұлттық топтың патриоттық іс-әрекетке саналы түрде ұмтылуын анықтайтын саяси-моральдық, кәсіби, денешыңдау қасиеттерін қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизм қазақ ұлтының республикадағы басқа да ұлттармен өзара қатынасы негізінде мына принциптер бойынша жүзеге асады: өзара түсінушілік; материалдық және рухани құндылықтармен өзара алмасу; өзара көмек; ортақ мақсат, идеялар негізінде өзара қарым-қатынаста болуға саналы талпыныс; ұлттық және жалпыадамзаттық мүдденің табиғи үйлесімділігі; тең құқықтық, т.б. Бүгінгі жағдайда бұл принциптер қазақстандық патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал етеді [2, 11 б].

Патриоттық тәрбиенің мазмұны өзара бір-бірімен тығыз байланысты екі негізгі компоненттен тұрады. Оның біріншісі кең әлеуметтік-педагогикалық бағыттылығымен сипатталады. Ол мынадай элементтерге негізделеді: негізгі әлеуметтік, тарихи, адамгершілік, саяси, әскери және басқа мәселелер бойынша оң дүниетанымдық көзқарастар мен ұстанымдар, маңызды рухани адамгершілік, әрекеттілік сапалар (Отанға деген сүйіспеншілік, заңнамаларға сыйлы қатынас, конституциялық міндеттерді орындау және азаматтардың қауіпсіздігін сақтау алдындағы жауапкершілік, т.б.).

Патриоттық тәрбие мазмұнының әлеуметтік-педагогикалық компоненті оның өзегін құрайтын басты компонент болып табылады, өйткені бойында өзіне тән құндылықтары, көзқарасы, бағдары, қызығушылықтары, ұстанымдары, мотивтері бар қазақстандық азамат пен патриоттың тұлғасын қалыптастырмай, Отан қорғау, әскери және басқа да мемлекеттік қызметке қатысты нақты міндеттердің табысты шешілуі мүмкін емес.

Бүгінде патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән арнайы компонентінің мәні артып отыр. Бұл компонент патриоттық тәрбиені алға қойылған нақты міндеттерге сәйкес саралап, негіздеп, әрі жан-жақты жүргізуді көздейді. Патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән арнайы компоненті неғұрлым нақты және әрекетті бағыттылығымен сипатталады. Қазіргі жағдайда патриоттық тәрбие мазмұнында басымдық танытатын рухани адамгершілік құндылықтар ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Отанды қорғауға даяр болу;
- моральдық-саяси оптимизм;
- ізгілендіру;
- бейбітшілік сүйгіштік, бейбіт өмір мен әлеуметтік прогресс;
- ерлік, отансүйгіштік қызметте көрінетін белсенділік;
- өз Отанына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезім;
- өз халқына, туған өлкеге, тіліне, мәдениетіне берілгендік;
- өзге ұлт өкілдеріне, олардың тіліне, мәдениетіне құрметпен қарау;
- ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, бүгінгіні тәрбиелеу үшін ерлікке толы өткенімізге, әскери, еңбек пен озық халық дәстүрлеріне адал, әрі берілген болу [3, 12 б.].

Жоғарыда айтылғандар негізінде қазіргі таңда оқушыларға патриоттық тәрбие беру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Рухани-адамгершілік – тұлғаның жоғары құндылықтарды, мұраттар мен бағдарларды, әлеуметтік маңызды процестер мен шынайы өмірдің құбылыстарын саналы түсінуі, оларды күнделікті іс-әрекеті мен мінез-құлқында негізгі принциптер, ұстанымдар ретінде басшылыққа алу қабілеті. Бұл бағыт жоғары мәдениеттілік пен білімділікті дамытуды, Отанға адал қызмет етуге даяр болуға итермелейтін идеяларды саналы түсінуді, мінез-құлықтың жоғары адамгершілік, кәсіби-этикалық нормаларын, шыншылдық, жауапкершілік және ұжымшылдық қасиеттерін қалыптастыруды көздейді.

2. Тарихи – біздің ата-бабаларымыздың тарихын танып-білу, Отанның, оның тағдырының қайталанбайтындығын саналы түсіну, ерлікке толы өткендегі төңкеріс, әскери, еңбек және халық дәстүрлеріне аялы көзқарас. Бұл бағыт Отанымыздың көпғасырлық тарихын, әлемдік тарихи процесте Қазақстанның алатын орны мен атқаратын ролін оқып-үйренуді, біздің халқымыздың менталитетінің, әдет-ғұрыптарының, наным-сенімдері мен дәстүрлерінің ерекшеліктерін түсінуді, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен өткен дәуірлердегі батырларымыздың, қайраткерлеріміздің, билеріміз бен хандарымыздың, халық құрметтеген азаматтарымыздың ерлік істерін дәріптеуді көздейді.

3. Саяси-құқықтық - мемлекет пен ар-ожданнның бағынышты күшіне негізделген адамдар арасындағы нормалар мен ережелердің жиынтығы. Оның негізгі мақсаты - қоғамдық меншікті қорғау, халық үкіметін, демократияны, мемлекеттік заңдылық нормаларын, адамның құқықтары мен бостандығын қорғау. Біздің елімізде демократиялық құқықтық мемлекет орнатудың күн тәртібіне қойылуына байланысты құқықтық сананың маңызына назар аударылып, саяси-құқықтық бағыттың ролін арттыру көзделуде. Құқықтық нормаларды қоғамдық қатынастардың нақты практикасына ендіруге құқықтық сананы жетілдіру, азаматтардың санасын ояту, қоғамдық пікір беделі мен заңның күшін мемлекеттік құқық қорғау органдарының көмегімен күшейту арқылы қол жеткізуге болады.

Құқық қоғам өмірінде бірнеше маңызды әлеуметтік функцияларды атқарады. Құқықтың негізгі қайнар көзі мемлекеттік құқықтың мәнін ашып көрсететін Ата Заң болып табылады. Ата Заңның негізінде қоғамдық өмірдің әрбір саласы (еңбек, азаматтық, меншік, кәсіпорын, кооперация, қоршаған ортаны қорғау туралы, әкімшілік, отбасылық, қылмыстық) бойынша заң актілері жасалып, әрекет етеді. Мұнда құқықтың реттеуші функциясы көрінеді.

Тәрбиелік функциясы демократиялық құқықтық мемлекетте адам тәртібінің негізі - оның белсенді және саналы түрде адамгершілік пен құқық нормаларын орындауы болып табылады. Осында педагогикалық және заң ғылымының өзара әрекеті негізделеді: педагогика адамгершілік нормаларын тәрбиелеуден құқыққа қарай, юриспруденция -

құқықтан адамгершілікке қарай жылжиды. Екі ғылым да бір міндетті – тұлғаның бойында адамгершілік құқықтық мәдениетті қалыптастыруды көздейді.

4. Патриоттық – біздің қоғам мен мемлекетті, қазақстандықтардың ұлттық сана-сезімін, өмір салтын, дүниетанымы мен тағдырын қалыптастыру мен дамытудың ерекшеліктерін айқындайтын маңызды рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарды тәрбиелеу. Ол өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілік пен берілгендікті, халқының байлығы, ерлік істері мен дәстүрлері, мәдениеті үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруды, қоғам мен мемлекетке адал, шынайы қызмет етуді қамтиды.

5. Кәсіби-әрекеттілік – Отанға қызмет етумен байланысты еңбекке жауапкершілік пен борыштылық қатынасын, лауазымдық міндеттері мен қойылған міндеттерді табысты орындау мүддесі тұрғысынан кәсіби-еңбек сапаларын белсенді танытуға ұмтылушылықты қалыптастыру. Ол тұлғаның өзін-өзі кәсіби-әрекет тұрғысынан көрсетуінің мотивтерін, мақсаты мен міндеттерін, құндылық бағдарларын, еңбекте жоғары нәтижелерге қол жеткізуге кәсіби құштарлықтары пен ынтасын, міндетті жоғары тиімділікпен орындау және нақты мақсаттарға жету қабілетін, өзінің кәсіби тұрғыдан өсу жоспарын болжау және іске асыра білу білігін қамтиды.

6. Психологиялық – жастарда жоғары психологиялық беріктікті, кез келген жағдайда күрделі, әрі жауапты міндеттерді орындауға даярлықты, қиыншылықтарға төзімділікті, табысты өмір мен іс-әрекет үшін қажетті маңызды психологиялық қабілеттерді қалыптастыру. Ол әскери және басқа ұжымдарда әлеуметтік-психологиялық процестерді оқып-үйренуді және болжай білуді, жағымсыз құбылыстардың алдын-алуды мен девиантты мінез-құлықты болдырмауды, психологиялық қызбалылықты сабасына түсіруді, қозушылық жағдайын жоюды, іс-әрекет түрлерінің, мінез-құлық ережелері мен нормаларының, рухани құндылықтарының ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық сапаларды қалыптастыруды көздейді.

7. Әскери –патриоттық - жас жеткіншектерді әскери қызметке, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасының және өз халқының алдындағы азаматтық борышын өтеуге, тәуелсіз демократиялық Отанының сенімді қорғаушысы болуға даярлау, маңызды әскери дәстүрлерді игеруі және қазіргі заман қару-жарақтарын меңгеруі. Ол мынадай мәселелердің шешімін табуды көздейді:

- жастарды Қазақстан Республикасының Ата Заңымен, Отан қорғау, ҚР Қарулы Күштерінде әскери борышын өтеу туралы Заңдармен таныстыру;

- әскери істің тарихымен таныстыру;

- ҚР Қарулы Күштерінің және басқа жасақтардың міндеттерімен, құрылымымен таныстыру;

- азаматтық қорғаныс негіздерін оқыту;

- әскери істің негіздері бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру;

- Отан алдындағы әскери борышын өтеуге психологиялық даярлық беру;

- өлкетану және ізденіс жұмыстарын, Әскери Даңқ тарихы мектеп мұражайларының іс-әрекетін ұйымдастыру.

Бұл бағыттардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, рухани-адамгершілік және дүниетанымдық негіздері, принциптері, формалары мен әдістері тұрғысынан іс-әрекет барысында өзара бірлікте жүзеге асырылады.

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, мазмұны мен принциптері мектеп практикасында белгілі бір жүйе арқылы іске асырылады. Жүйе – бұл белгілі бір тұтастықты құрайтын өзара байланысты элементтердің кешені; олар өзара байланысты, бір-біріне тәуелді бола отырып, өзара әрекет етуі негізінде тұтас бірлікті құрайтын элементтердің (компоненттердің) реттелген жиыны.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің нәтижелілігін қамтамасыз етуде жалпы білім беретін мектептер басты роль атқарады. Сондықтан біз зерттеу барысында тәрбие теориясының негіздерін, мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдістемесін және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені терең оқып-үйреніп, тиянақты талдау жасау

арқылы мектепте жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің жүйесін жасадық. Бұл жүйе мұғалімдерге патриоттық тәрбие беру ісінде негізгі бағыт-бағдарды алуға көмектеседі. Жүйені негізге ала отырып, мұғалімдер патриоттық тәрбие беру процесін әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа жағдайына сәйкес жаңа көзқарастар тұрғысынан жетілдіруге көңіл бөлу керек. Қазіргі таңда патриотизмді маңызды әлеуметтік құндылық, қоғамның рухани-адамгершілік бірлігінің, оның өмірлік ұстанымдары мен мемлекеттілігінің негізі ретінде қайта жаңғырту және дамыту аса маңызды болып отыр.

Патриоттық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу соған сәйкес тәрбие жұмысы формаларының тұтас кешенін пайдалануды көздейді, оларды шартты түрде екі негізгі топқа бөлуге болады:

- бірінші топ патриоттық тәрбие мазмұнының жалпы дамытушылық компонентіне негізделген, жалпы патриоттық сипаттағы неғұрлым кең, әрі көптүрлі формаларды қамтиды. Олар оқу-тәрбие мекемелерінде негізгі тәрбиелік шаралар (әңгімелесулер, кештер, «дөңгелек үстел», кездесулер, т.с.с.) немесе факультативтерде, үйірмелерде, курстарда, секцияларда қосымша оқу сабақтары түрінде өткізіледі;

- екінші топ патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән ерекшелігіне негізделген, көптүрлі емес және көп жағдайда әскери және әскери-қолданбалы бағыттылықпен сипатталады. Бұл формалар негізінен практикалық сабақтар, жұмыстар, әскери ойындар түрінде өткізіліп, жасөспірімдерді әскери бөлімшелердің өмірі мен қызметімен және әскер қызметшілерінің тұрмысымен, қызметімен таныстыруды көздейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 152 б.
2. Құсайынова Д.С. Әлия мен Мәншүк ерлігінде жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. - Алматы, 1999. – 29 б.
3. Құрманбаева М.Ж. Мәлік Ғабдуллин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу: пед. ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. – Алматы, 2003. - 27 б.

ЭТНОКУЛЬТУРА НАРОДА КАЗАХСТАНА: РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ И ЕДИНСТВО

Такижбаева Н. З.

к.и.н., доцент, Almaty Management Univesity, г.Алматы

Так называлась Фестивальная Олимпиада «Этнокультура народа Казахстана: региональные особенности и единство», посвященная 20-летию Ассамблеи народа Казахстана, которая прошла в Almaty Management University (ALMU) 26 февраля 2015 г.

2015 г. – это не только год 70-летия Победы в Великой Отечественной войне, 550-летия Казахского ханства, это и год Ассамблеи народа Казахстана, уникального института, призванного сохранять мир и согласие в нашем обществе. Поэтому, вполне естественно, что текущий год посвящен главным ценностямказахстанцев – независимости, свободе, единству, миру и согласию.

В качестве гостей и участников, помимо коллектива ALMU, присутствовали преподаватели и студенты колледжа Казахской Национальной Академии искусств им. Жургенова, Алматинского колледжа декоративно-прикладного искусства им О.Тансыкбаева, а также Центр Декоративно-прикладного искусства Центральной Азии «Бахыт».

В холле ALMU была развернута выставка ярмарка мастеров декоративно-прикладного и изобразительного искусства, на которой преподаватели и студенты художественных колледжей г.Алматы презентовали свои произведения – картины, панно,

инсталляции, предметы быта и одежду из войлока, кожи, дерева, керамические изделия и многое другое.

Сам Конференц-зал, где проходил Фестиваль, был празднично украшен разноцветными шарами, постерами и эмблемами команд, представлявших все регионы Казахстана. Каждая команда стремилась представить «свою» область максимально всесторонне, отметив ее достижения во всех сферах жизнедеятельности, особо отметив, что это достигнуто благодаря труду всех этносов, проживающим в данном регионе. Зрители с большим интересом знакомились с представленными материалами.

Официальную часть мероприятия открыла зав. кафедрой «Общеобразовательные дисциплины», д.т.н., профессор А.Т.Колушпаева, которая отметила, что двадцать лет назад, 1 марта 1995 года, Президентом РК Н.А. Назарбаевым был подписан Указ о создании Ассамблеи народа Казахстана, очередной юбилей которого мы ныне отмечаем. Она отметила, что студенты специальности «Регионоведение» всегда ценят дружбу народов, проявляют интерес ко всем этносам и регионам мира. Свидетельством этому служат ежегодно проводимые Фестивали народов мира, Фестивали народов Центральной Азии, Фестивали народа Казахстана.

Модераторы – студенты-регионоведы, подчеркнули, что нынешний Фестиваль-Олимпиаду подготовили кафедра «Общеобразовательные дисциплины» и студенты 1-го курса специальности Регионоведение. Затем они представили жюри, куда вошли

А.Т.Колушпаева, профессор, зав. кафедрой «Общеобразовательные дисциплины» АЛМУ, председатель жюри; Б.З.Отарбаева, д.пол.наук, профессор, АЛМУ; Ж.К.Кошен, член Союза художников РК, преподаватель колледжа Казахской Национальной Академии искусств им.Т.Жургенева; А.Б. Сарсенбаев, директор центра «Делового казахского языка» АЛМУ; Н.А.Нурова, выпускница специальности «Регионоведение» Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана (г.Алматы), старший консультант по подбору персонала VRVConsultants.

По традиции конференцию открыл гимн Республики Казахстан, при исполнении которого все торжественно встали, приложив руку к левой груди.

Затем, после приветственных речей, участники продемонстрировали всё то, что они подготовили к празднику Года Ассамблеи народа Казахстана.

Команды–участники, представив постеры и эмблемы, вышли на первый тур, который был посвящен презентации областей, во втором туре команды продемонстрировали сделанные своими руками модели, символизирующие этнокультурный дух своего региона.

В финал вышли три команды, набравшие наибольшее количество баллов. Это – команды «Карагандинская область», «Павлодарская область», «Акмолинская область». Им предстояло отгадать орнамент того или иного этноса народа Казахстана, рассказать о нём. Затем представители финалистов состязались в ораторском искусстве по теме «Этнокультурные объединения» своей области, при этом необходимо было продемонстрировать их региональные особенности и единство, характерное для народа Казахстана. Завершал финал конкурс знатоков творчества Абая. Команды должны были перевести перекрестно с казахского, русского и английского языков цитату из «Книги слов» Абая, и при этом указать конкретно, с какого Слова взята та или иная цитата. Надо отметить, что все участники успешно справились с данным заданием, что свидетельствует о новом поколении казахстанцев, прекрасно владеющих этими тремя языками, и знающих творчество Абая, которому в этом году исполнилось 170 лет со дня рождения.

Жюри пришлось нелегко, определяя лучших. Таковыми оказались: главный Приз получила команда «Акмолинская область», второе место заняла команда «Карагандинская область», третье – команда «Павлодарская область». При этом были отмечены номинанты по таким категориям, как: «Лучшая модель» и «Лучший знаток трёх языков», ими оказались Алма Конакбаева и Жания Курманбай соответственно.

Председатель жюри вручила награды победителям и призерам. Кстати, Оргкомитет, состоящий из самих студентов, в качестве призов выбрал произведения декоративно-

прикладного искусства, сделанные руками преподавателя колледжа Казахской Национальной Академии искусств им.Т.Жургенева А.Т.Мукатовой, подчеркнув тем самым значимость и ценность народного творчества.

Завершая мероприятие, зав. кафедрой «Общеобразовательные дисциплины», лучший преподаватель Республики Казахстан 2015 г., подчеркнула, что проведение Года ассамблеи предусматривает проведение замечательной республиканской акции – эстафета «АНК – 20 добрых дел». Символом этой идеи является Тайказан - чаша мира, благополучия и достатка. Эту чашу каждый из нас, казахстанцев, должен наполнить 20-ю добрыми делами. Кафедра «Общеобразовательные дисциплины» силами студентов 1-го курса специальности «Регионоведение» сегодня начала заполнять Тайказан.

Затем она пригласила всех присутствующих присоединиться к этой эстафете совершения двадцати добрых дел, тем самым внося вклад в единство народа Казахстана. Проведенное мероприятие показало, что такие праздники, посвященные этнокультурным особенностям региона Казахстана позволяют молодежи осознать, что, говоря словами Президента РК Н.А. Назарбаева: «Мы один народ, одна страна, одна судьба. Наш казахстанский путь – это путь мира, согласия и развития».

МИРОВОЙ ОПЫТ ЭТНОПОЛИТИКИ. МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ**

Әліпбаева С. Р.

М.Х. Дулати ат. ТарМУ, Қаратау қ.

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі оның еліміздің жоғары заң шығару органында - Парламентте этностық топтар мүдделерінің кепілді өкілдік етуін қамтамасыз етуі болып табылады.

Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған 9 депутат еліміздің барлық этностары атынан өкілдік етеді. Бұдан басқа қазақстандық этностық қоғамдастық өкілдері Парламенттегі өкілдігі өкілді органдарға саяси партиялар арқылы сайлауға тікелей қатысу негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан халқы ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты. [1]

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Халқы ассамблеясының тәжірибесі шетел мамандарын қызықтырып отыр. Бұл туралы Мәскеуде өткен халықаралық ғылыми конференцияда айтылды. Ресей астанасында бас қосқан әлемнің сарапшылары, этносаясат саласындағы мамандар, діндарлар, ғалымдар мен журналистер ірі қалалардағы ұлтаралық бірлік, халықтар достығын нығайту мәселелері жайында ой бөлісті. Осы орайда шетелдік мамандар қазақ елінің тәжірибесі өзгелерге үлгі болуы тиіс деп санайды. Естеріңізге сала кетейік, 2015 жылы елімізде Қазақстан халқы ассамблеясының жылы деп жарияланды. Келер жылы ТМД аумағындағы теңдесі жоқ институтқа 20 жыл толады. Максим Шевченко, РФ Президенті жанындағы Ұлтаралық қатынастарды реттеу кеңесінің мүшесі: - Бүгіндері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолға алған шаралары көпшілікке үлгі болып отыр. Сондықтан Қазақстан халқы ассамблеясы ұлтаралық бірлікті, келісімді, халықтар достығын нығайтуға зор үлес қосып келеді. Осы институттың тәжірибесі барша әлемді қызықтырып отыр. Қазақ халқынан үйренетініміз көп. Андрей Коробков,Теннеси университетінің профессоры: - Қазақстан халқы ассамблеясының институты 20 жыл ішінде оң нәтижелерге қол жеткізді. Мәселен санақ мәліметтеріне жүгінер болсақ, 1990 жылдары халықтың басым бөлігі Қазақстаннан Ресей секілді өзге мемлекеттерге көше бастаған еді. Қазір көшу үрдісі тоқтап қана қоймай, керісінше Қазақстанға Ресейден көшіп келіп жатқандардың саны арта бастады. Қазақ елі ұлтаралық бірлікті сақтап, зор жетістікке қол жетізді. Елдегі достық пен татулық бүгіндері батыс елдердің білікті мамандарын қызықтырып отыр. Қазір әлемнің белгілі ғалымдары

Астанаға келіп, Назарбаев Университетінде жұмыс істеуде. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс тәжірибесін Ресей, Қытай, АҚШ, Франция сияқты көптеген шет мемлекеттер зерттеуде. Ел бірлігінің шыңына жетудің соқтықпасы көп, соқпақсыз жолында түрлі этностардың, тілдер мен ділдердің, діндердің арасында шынайы сұхбаттастық орнатуды мемлекеттік қана емес, тұтас жаһандық деңгейге көтере алған Қазақстанның елшілік үндестік алаңы – Ассамблея бүгінде біраз мемлекеттерге үлгі болып отыр. Оны Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес сияқты әлемнің ең белді халықаралық ұйымдары да мойындады. Қазақстан тәжірибесін зерттеп, тәжірибе алмасу үшін елімізге тек соңғы 1 жылдың өзінде 15 мемлекеттің өкілдері келуі осының айқын дәлелі. Сондықтан, Қазақстанның этносаралық қатынас саласындағы өткенін, бүгіні мен болашағын Қазақстан халқы Ассамблеясынан бөле-жарып қарау мүмкін емес. Ол әу баста құрылғандағы қоғамдық-ақылдастық деңгейінен әлдеқашан өсіп, толыққанды конституциялық органға айналды. Ассамблея Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруының жаңа кезеңінде барлығымыз бірге құрып жатқан азаматтық қоғамның келісім институты ретінде өз жұмысының бағыт-бағдарын айқындады. Әртүрлі саяси күштермен, барша аймақтармен байланыс орната білген Ассамблея жан-жақты жаңғыру жолына түскен Қазақстан Халқы Ассамблеясы атты бірегей институт жайлы: «Қазақстанның Ассамблея құрудағы тәжірибесін көптеген мемлекеттер қолданып отыр. Мәселен, 2003 жылы Ассамблеяның делегациясымен Мәскеуге барған кезімде сол тұстағы Ресей халықтары ассамблеясы атқарушы комитетінің төрағасы ұлты тува Ч.Ондар: “Біз өз ассамблеямызды Қазақстанның тәжірибесіне сүйеніп құрдық”, деді. Ресей Федерациясы халықтары ассамблеясының төрағасы Рамазан Қажымұратұлы Әбдуләтіпов мырза да: “Біз Ресей халықтары ассамблеясын Қазақстан халқы Ассамблеясының құжаттары мен мол тәжірибесі негізінде құрған болатынбыз. Себебі, Қазақстан халқы Ассамблеясы бізден үш жыл бұрын құрылған еді. Біз одан көп нәрсе үйрендік, бірақ әлі күнге дейін Қазақстанның деңгейіне жете алмай келеміз. Мен сіздерге қызығамын. Өйткені, сіздердің Ассамблеяларыңызды Президенттің өзі басқарады. Сондықтан сіздерде барлық жағынан мүмкіндік жоғары”, дегенді айтып еді. Шынында да, сөзінің жаны бар» - деп өз ойын мақаласы арқау еткен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, республикалық қоғамдық-саяси “Ұйғур авазы” газетінің бас редакторы Юлдаш Азаматов. Қазақстанның барша ізгі қадамдарының бел ортасында жүр. [3]

«Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде ең алдымен қазаққа керек. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес» - деді ХХ сессияда елбасы Н. Назарбаев. [2]

Мемлекет дамуының басты негізі - халық арасындағы бірлік пен келісім толеранттылық өзара сенім. Ассамблеяны құрудың арқасында біздің ел дүниежүзінде ешкімге ұқсамайтын, саяси, әлеуметтік, экономикалық және ұлттық дамудың қазақстандық моделін қалыптастырды.

Еуразиялық интеграцияның негізі – қоғамдық келісім мен толеранттылық. Минскіде өткен халықаралық конференцияға осы тақырып арқау болды. Шараны Беларусь Ұлттық ғылым академиясының философия институты мен Қазақстан елшілігі бірлесіп өткізді. Жиынға келгендер еуразиялық кеңістіктегі халықтың мүддесі, қоғамдық келісім және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы сынды ауқымды мәселелерді қаузады. 2015 жылдың 1 қаңтарынан іске кірісетін Еуразиялық экономикалық одақ келісімінің алдында бұл жиынның маңызы арта түсті. Шараға қатысушылар татулық пен рухани келісімнің үлгісі Қазақстаннан бастау алғанын айтты. Олар әлемде баламасы жоқ Қазақстан халқы ассамблеясы институтының ең алғаш біздің елімізде қалыптасқанына тәнті. Сондықтан өзге елдер де қазақстандық үлгіні үйреніп, тәжірибие жинақтауға мүдделі. Ерғали Бөлегенов, ҚР Беларусь Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі: - Қазақстан халқы ассамблеясының тәжірибесі ТМД кеңістігінде ғана емес, әлем алдында ауадай қажет. Қазақстан кезкелген мемлекетке қонақжайлылық танытады. Ал Белоурсь пен Қазақстан елдері бір-бірімен бауырлас қарым-қатынаста. Тараптар арасындағы сенімді серіктестік екі ел Президенттерінің

арқасында стратегиялық маңызға ие болды. Анатолий Лазаревич, Беларусь ҰҒА философия институтының директоры: - Ел дамуында экономика маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Алайда ұлттар арасындағы рухани байланыс, келісім, мәдениет болмаған жерде ел арасындағы байланыста болмайды. Түптеп келгенде Қазақстан, Ресей, Беларусь халықтарының достығы біздің ортақ әріптестігіміз бен байланысымызды жалғайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Базарбаев А. Сила страны - в единстве // Индустриальная Караганда. 2008.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская правда. — 2010. — № 278.
3. Ақпарат көзі: <http://www.24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/32727-zyzy-tyruda>

МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСУЫ ЖӘНЕ МУЛЬТИМӘДЕНИЕТ

Аликенова К.Н.

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ ф.ғ.к., доцент, Талдықорған қ.

Жаһандану үрдісі қазіргі әлеуметтік әлемнің маңызды да өзекті мәселесі болып табылатындығы анық. Ол жан-жақты қарастыруды қажет етеді, өйткені жаһандану көптеген қайшылықтарға толы үрдіс.

Қазіргі жаһандану үрдістері және олардың ұлттық мәдениеттерге тигізетін әсері соңғы жылдары ғалымдар болсын, қызу талқыланатын мәселеге айналды. Француз философы Жан Аттали ХХІ ғасырда «жаңа көшпелілердің дәуірі басталады дейді. Жаңа көшпелі тамырсыз ризома келбетті, магниттік карточка оның түгел тұлғалық көрсеткіштерін ауыстыратын, әмбебап нарыққа жол ашатын, «Меннің протезі» болып табылады дейді.

Метамәдениет пен ұлттық мәдениеттердің арақатынасында үлгі-модельдерді таңдауда үш жол бар екендігін зерттеушілер атап өтеді.

Бірінші үлгіні дамудың (немесе стагнацияның) этнократиялық моделі деп атауға болады. Мұнда көп этникалық қоғам бір этностың басымдылығын мойындау арқылы тұрақтанады. Сыртқы ықпалдар мен инновациялар шектеліп отырады.

Екінші үлгіде мемлекет жаһандық орталықтарға тәуелді шеткі кеңістік ретінде әрекет етеді. Бұл жағдайда мәдениеттің «вестернизациясы», «макдональдизациясы» жүзеге асады. Ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу басты мәселеге айналып кетеді.

Тартымды және үйлесімді үлгіге үшіншісі жатады, бұл жағдайда мемлекет дүниежүзілік мәдени процеске оның теңқұқылы мүшесі ретінде қатысады. Бұл жағдайда этномәдениет жаңа сатыға көтерілу үшін өзінің бүкіл шығармашылық қабілеттілігін шұғыл арттыруы қажет.

Соңғы позицияны кейде мультикультуризм деп те атайды. Оның мәнісі басым этномәдениет өркендеуіне жағдай туғызу. Бұл мәселе тіпті АҚШ сияқты дамыған елдерде де әлі шешімін күтіп тұр. Айталық АҚШ-тағы «вамп»-тер (ақ нәсілді еркек протестант американдықтар) үстемдігі туралы ділдік құбылыс анда-санда өз нобайын көрсетіп қояды. Мультикультурализмге, біздің ойымызша, ұтымды анықтаманы қазақстандық философ Г. Нарбекова береді.

«Мультикультурализм – это прежде всего взаимосвязь и взаимообогащение национальных культур, признание и приобщение к духовным ценностям, нормам, сущность которых состоит в уважении статуса и свободы самореализации каждого этнокультурного субъекта. Способность народов к восприятию другой национальной культуры предполагает наличие в воспринимаемой культуре общечеловеческого содержания» [1, 33 б.].

ХХ ғасырдың аяғына қарай ахуал едәуір өзгерді, дәлірек айтқанда "екіге жарылды". Бір жағынан, барлық жерде дерлік ұлтшылдықтың, әсіресе этникалық және діни сананың өсуі ұлттың мән-маңызының ұлғая түскенінен хабар береді. Екінші жағынан, ұлттық бөліністер

мен құндылықтар күмән мен қайта қарауға ұшырауда және көпшіліктің көзіне олар архаизм болып көрінеді.

Этникалық пен ұлттың маңызы туралы сұрақтың жауабы, біз айтып өткендей, дәстүршілдік пен одан туындайтын барлық феномендерді қалай түсінуге байланысты болып келеді. Дәстүрлі институттар ретіндегі этникалық, ұлт немесе ұлттық мемлекет туралы айтқанда, біз дәстүрді әлеуметтік ұйымдасу нормалары мен институттарының бір түрлерін игеріп және жаңасын түзудің ұдайы үдерісін ұғынамыз. Тарихи дамудың барысында сол заманғы функцияларды атқаратын институттар бірте-бірте өз функцияларын жоғалтып, дәстүрмен шайыла отырып, кейінгі орынға шегінеді және "жаңа заманауимен" алмаса отырып, ақыры соңында ығыстырылып, дәстүрге айналады.

